

2018 ЖЫЛҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

# Ұзақ мерзімді орнықты дамуды қамтамасыз ете отырып





Eurasian Resources Group S.à r.l.



ERG

**ERG негізінен Қазақстан мен Африкада орналасқан тау-кен, металлургия, өңдеу, энергетика, логистика және маркетинг салаларындағы кіріктірілген кәсіпорындарды қамтиды. Топ кәсіпорындары өз қызметін 15 елде жүзеге асырады. Біздің кәсіпорындардың қызметкерлерінің жалпы саны шамамен 70 мыңға жуықтайды.** [1]

ERG Қазақстан Республикасы тау-кен және металлургия секторының үштен бір бөлігін қамтиды, хром үлесі бойынша жоғары көміртекті феррохромның әлемдегі жетекші өндірушісі болып табылады, ТМД елдерінде темір кенінің, алюминийдің және глиноземның негізгі жеткізушісі, сондай-ақ электр энергиясын өндіруші және теміржол операторы болып табылады.

Африкадағы ERG кәсіпорындары кобальт пен мыстың ірі өндірушілері қатарына кіреді, сондай-ақ осы өңірдегі марганец және платина кені, боксит, флюорит және көмір кен орындарын дамыту жөніндегі жобарларды іске асыруда. Бразилияда біз темір кенін өндіру және логистика саласындағы жобаларды дамытып жатырмыз.




## ОСЫ ЕСЕП ТУРАЛЫ

Осы есепте Eurasian Resources Group (әрі қарай – ERG) компаниясының 2018 жылғы орнықты даму саласындағы қызметі қарастырылады[2]. Есеп ERG-дің пайдалы қазбаларды өндіру, өңдеу, энергетика, сондай-ақ жобалау мен көлік саласындағы қызметін қамтиды.

Есептің мазмұны Жаһандық есеп беру бастамасы стандарттарының (GRI) талаптарын ескере отырып қалыптастырылды. Есепте ERG-дің орнықты даму көзқарасы тұрғысынан аса маңызды болып табылатын аспектілер қарастырылады (хх бет). Есептің мазмұны ішкі валидация үдерісі барысында тексерілді. Есеп үшінші тараптардың куәландыруын қажет еткен жоқ. Осы есеппен байланысты барлық сұрақтарды sdreport@erg.net мекенжайына жолдауға болады.

Бұл есеп ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде дайындалды (сондай-ақ басқа тілдерде қысқаша шолулар жасалды). Қандай да бір сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, есептің ағылшын тіліндегі нұсқасы басымдық беріледі.

### Есепке қатысты ескертулер

«ERG» немесе «Топ» ретінде Eurasian Resources Group S.à r.l компаниясы және / немесе оның еншілес кәсіпорындары аталады.

1 Мердігерлерді есепке алмағанда.

2 Бұл есеп 2018 жылы жарияланған, 2017 күнтізбелік жылдағы Орнықты даму жөніндегі есептен кейін жасалған есеп болып табылады.



## Кіріспе


2 Әлемдегі біздің орнымыз
4 Бас атқарушы директордың үндеуі
6 Біздің бизнес-үлгіміз
10 Қызмет нәтижелері
12 Біздегі 2025 Стратегиясы
14 Сыртқы орта
16 Тәуекелдерді басқару
18 Маңызды мәселелер

**1 Біздің бизнесті болашаққа дайындау**
23 Трансформация
25 Активтер портфелін дамыту
29 Операциялық тиімділік және инновациялар

**2 Адамдарымыздың өркендеуіне жәрдемдесе отырып**
35 Өндірістік қауіпсіздік
41 Қызметкерлерді дамыту
44 Еңбек қатынастары

**3 Жергілікті қоғамдастықтардың дамуы және олардың әл-ауқаты**
51 Жергілікті қоғамдастықтарға ықпал ету
54 Әлеуметтік инвестициялар
60 Артельдік және шағын ауқымды өндіруге қатысты біздің тәсілдемеміз

**4 Экология саласындағы тиімді басқару**
68 Қоршаған ортаның ластануын болдырмау
70 Энергия және климаттың өзгеруі
73 Қалдықтарды басқару

**5 Қоғаммен өзара әрекеттестігіміз**
78 Құндылықтарды қалыптастыру және үлестіру
84 Комплаенс
90 Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестік және заңнама


## Қосымша


92 Корпоративтік басқару жүйесіне шолу
94 Басқаруға қатысты тәсілдемелер
96 ERG үшін қандай мәселелер аса маңызды болып табылады және неліктен?
98 Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестікке шолу
100 GRI көрсеткіштерінің кестесі

# ERG – табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу саласындағы әртараптандырылған жетекші топ

## Негізгі көрсеткіштер

| ОРНАЛАСҚАН ЕЛДЕР (БАРЛАУДЫ ҚОСА АЛҒАНДА) | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАУ-КЕН ЖӘНЕ МЕТАЛЛУРГИЯ СЕКТОРЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ[1] | ТОП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САНЫ[2] |
|---|---|---|
| 15 | 1/3 | 69,253 |
| LTIFR ДИНАМИКАСЫ (ТЕК ЖҰМЫСШЫЛАР)[3] | ҚОҒАМДАСТЫҚТАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР | «Таза Кобальт» бағдарламасын жүзеге асыру |
| -15,9% | $115млн | |




## Біздің басқалардан ерекшелігіміз неде?

- Жаһандық операциялық қатысумен Қазақстандағы көпжылдық қызмет
- Шығындарының деңгейі төмен және өсу әлеуеті жоғары кәсіпорындарды қамтитын әртараптандырылған портфелі
- Ықпалдастырылған тау-кен және металлургия, өңдеу, энергетика, логистика және маркетинг саласындағы кәсіпорындар
- Еуразияның төрінде стратегиялық орналасуының арқасында, Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасының қатысушысы
- Бүкіл әлем бойынша әртараптандырылған және көпжылдық клиенттер қоры
- ERG кобальтты жауапты өндіру саласындағы көшбасшылардың біріне айналады

## Негізгі өнімдер

**Дивизион**

**Операциялық активтер саны**

**Орналасқан елдері**

1 Жұмыскерлердің өліміне әкелген жағдайларды қоса алғанда.
2 Өндіріс көлемі бойынша.
3 Мердігерлерді қоспағанда.




| Ферроқорыт-палар | Темір кені | Алюминий және глинозем | Өзге түсті металдар | Энергетика | Логистика[1] |
|---|---|---|---|---|---|
|  |  |  |  |  |  |
| **4** | **1** | **4** | **4** | **4** | **1** |
| Қазақстан | Қазақстан | Қазақстан | КДР және Замбия | Қазақстан | Қазақстан |

1 Sabot логистикалық кәсіпорны өзге түсті металдарға қосылды, өйткені ең алдымен Африкадағы кәсіпорындарымыз үшін қолдаушы бизнес болып табылады.

# БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ



**Біздің негізгі басымдығымыз – қауіпсіздік және залалды мүлдем болдырмау**

**ERG үшін орнықты даму – біздің қызметіміздің сыртқы стейкхолдерлерге әсерін басқарумен шектелместен, біздің бизнесіміздің ұзақ мерзімді келешекте құндылық құру қабілетін және акционерден бастап, жергілікті қоғамдастықтарға дейінгі стейкхолдерлеріміз үшін тұрақты пайданы қамтамасыз ету қабілетін білдіреді. Осылайша, жалпы бизнесті орнықты дамытуға талпыну – біздің қызметіміздің негізі болып табылады.**

## 2025 Стратегиясы

Біздің орнықты дамуға деген талпынысымыз жаңа ықпалдандырылған 2025-Стратегиясының негізі болып табылады. Бұл стратегия өз Пайымдарымызды іске асыру барысында басшылыққа алатын басымдықтарымызды анықтайды. Стратегиялық басымдықтарға қол жеткізу мен қысқа мерзімді коммерциялық және операциялық міндеттерді орындаудың арасындағы теңгерімді қолдап отыру – бизнесіміздің болашақта табысқа жетуінің алғышарты болып табылады деп есептейміз.

Жаңа стратегияны іске асыру – Қазақстандағы бизнесіміздің 25 – жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Стратегияның іске асырылуы бізге кейінгі 25 жылда қызметімізді сәтті жүргізуге мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Қазіргі таңда біз стратегиялық міндеттерге, бастамаларға және тиімділіктің негізгі көрсеткіштеріне арқа сүйей отырып, 2025 Стратегиясын орындауға күш-жігер салудамыз.

Бұл – басым көпшілігі әзірлеу кезеңінен өтіп жатқан, келісілген атқарымдық стратегияларды іске асыруды, сондай-ақ ERG Академиясы арқылы біздің кропоративтік мәдениетіміздің трансформациясын қолдауды қарастырады.

Осы үдеріс кезінде біз барлық кәсіпорындарымызда белсенді түрде енгізіліп жатқан ERG корпоративтік құндылықтарын басшылыққа аламыз.

## Қаржылық тұрақтылық

2018 жылдың маңызды жетістігі – Standard & Poor's және Moody's агенттіктерінің ERG-дің кредиттік рейтингін көтеруі. Бұл – 2017 жылы ERG-дің қаржылық жағдайының тұрақталуын мойындау болды, соның ішінде борышкерлік жүктеме көрсеткіштері мен қаржы көрсеткіштерінің жақсаруын, сондай-ақ өтімділіктің адекватты деңгейін қолдауды қоса алғанда.

2019 жылы екі рейтинг агенттігі Топтың рейтингтерін растай отырып, болжамды «оң» деңгейден «тұрақты» деңгейге қайта қарады. Бұл өзгеріс ең алдымен бағалардың төмендеуімен және Metalkol RTR жобасын іске қосудың кідіруімен байланысты болды.

Біз өзіміздің кредит төлеу қабілетімізді әрі қарай жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастырамыз, бұл – бізге болашақта бизнесімізді дамыту үшін қаржыландыру тартуға, сондай-ақ ұзақ мерзімді келешекте оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## Қазақстандағы операциялық қызметтің нәтижелері

Қазақстанда біз өндірістік қызметімізді жақсартуды әрі қарай жақсартудамыз, оған өзгелерімен қатар бизнесті трансформациялау, операциялық тиімділік және активтер портфелін дамыту жөніндегі бастамалар қолайлы әсер етуде.

2018 жылы қолайлы баға мәнмәтінімен қатар, біз Ақтөбе ферроқорытпа зауытының № 4 Цехындағы операциялық жақсартулардың арқасында, сондай-ақ басқа өндіріс алаңдарындағы оңтайландыру жөніндегі бастамалардың арқасында ферроқорытпалар өндірісін 7,8%-ға ұлғайттық. Сондай-ақ темір кені концентраты мен шекемтастар өндірісін 16,1%-ға ұлғайтуға қол жеткізілді (ішінара – бұрын жұмысы тоқтатылған өндірістік қуатын пайдалану есебінен). Көмір өндірісінің 4,6%-ға ұлғаюы – Еуропаға жаңа клиенттерге экспорттаудың басталуымен, сондай-ақ жаңа жабдықты пайдаланумен байланысты болды.

## Metalkol RTR және кобальтті жауапты өндіру

2018 жылдың маңызды оқиғасы – КДР-дегі кобальт және мыс өндіру бойынша біздің стратегиялық жобамыз болып табылатын Metalkol RTR жобасын іске қосу. Жобалық қуатына шыққаннан кейін ол ERG компаниясына әлемдік кобальт нарығында жетекші орын иеленуіне мүмкіндік береді. ERG үшін бұл – жаңа кезеңнің басталуын білдіреді және экологиялық тұрғыда таза аккумуляторлық технологияларға жаппай өтудегі компанияның негізгі рөлінің арқасында қолайлы мүмкіндіктерге жол ашады.

Бұл ретте халықаралық ұйымдар кобальт пен басқа да пайдалы қазбаларды өндіру жағдайларына баса назар аударуда. Бұл – адам құқығының бұзылуымен байланысты мәселелерді және өзге де мәселелік аспектілерді қамтиды.

Осыған байланысты, Metalkol RTR жобасында «Таза кобальт» бағдарламасын іске асыру басталды (хх бет), ол серіктестерімізге сенімді кепілдіктер беруге мүмкіндік береді, сондай-ақ жергілікті

## Қауіпсіздік басты назарда

Жұмыскерлердің, мердігерлердің және жергілікті қоғамдастықтардың қауіпсіздігі ERG үшін басты басымдық болып табылады. 2018 жылы Топ кәсіпорындарында бес адамның қайтыс болғанын үлкен өкінішпен хабарлауға мәжбүрмін (2017 жылы өлімге әкелген 6 жазатайым оқиға тіркелген). Мен қайтыс болғандардың отбасыларына көңіл айтқым келеді. Осы оқиғалардың әрқайсысына қатысты кәсіпорын басшылығының қолға алған шараларымен қатар, біз Қазақстандағы кәсіпорындарымызда өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесіне тәуелсіз аудит жүргізілуін ұйымдастырдық және өзіміз қолданатын мердігерлерді басқару тәжірибелерінің тиімділігін арттыру бағытында даа жұмыс атқардық. Әйтсе де, жалпы Топта еңбекке жарамды күндерін жоғалтумен жарақаттану жиілігінің коэффициенті (LTIFR) 2017 жылғы 0,69 мәнімен салыстырғанда, 0,58 мәніне төмендегені анықталды, мұндай қайғылы оқиғалар – нөлдік залалға қол жеткізу үшін осы бағытқа ерекше назар аудару қажет екенін көрсетеді. Сонымен қатар, біз қалдық қоймаларымыздың қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз етуде белсенді жұмысты жалғастырып жатырмыз. 2019 жылы Топтың барлық кәсіпорындарында тиісті тәуекелдерге бағалау жүргізілді. Осы бағалаудың нәтижелері бойынша қажетті бақылауларды енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

## БІЗДІҢ ПАЙЫМЫМЫЗ

**Табиғи ресурстар саласындағы әлеуметтік жауапкершілігі бар, халықаралық тұрғыда орнықты, тиімді компания болу**

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

**Өзіміз атқаратын істе үздік болу. Өз құндылықтарымызға адал бола отырып, әлеммен бірге даму. Жер мен адамзат әлеуетін ұқыпты пайдалана отырып, бізге сенім артқандардың өркендеуін қамтамасыз ету.**

## БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Қауіпсіздік**
Қауіпсіздік – ERG үшін басты басымдық

**Бірлік**
Командалық жұмыс қағидатын басшылыққа ала отырып, ERG Бірлікті өзінің негіз қалаушы құндылықтарының бірі ретінде қарастырады

**Тиімділік**
Біз мақсаттарға қол жеткізу жолында Тиімділік көрсетеміз

**Даму**
ERG даму мәнмәтінінде өз қызметкерлеріне оқу мен тұлғалық даму үшін көптеген мүмкіндіктерді ұсынады

**Жауапкершілік**
Жауапкершілік – ERG өз міндеттерін орындау бойынша ұдайы жұмыс жүргізетінін білдіреді

қоғамдастықтардың өмір сүру жағдайын жақсартуға және алтынгерлік қауымдарда балалар еңбегін пайдаланудың алдын алуға негіз болады.

Сонымен қатар, біз көпжақты серіктестік бастамаларына қатысамыз. Мысалы, ERG Аккумуляторлық батареялар секторындағы халықаралық альянстың негізін қалаушылардың бірі болып табылады, онда мен тең төраға қызметін атқарамын. Бұл бастама Дүниежүзілік экономикалық форум қамқорлығымен іске асырылуда.

### Қытайға қатысты стратегиялық позиция

Біздің бизнесіміздің өсуіне жәрдемдесіп жатқан факторлардың бірі – біздің Қытаймен арадағы стратегиялық қарым-қатынастарымыз болып табылады. Осы елдің үлесіне біздің өнім жеткізілімдерінің жалпы көлемінің 20%-дан астам бөлігі тиеді, соның ішінде жоғары сапалы феррохромды, мысты және кобальтты қоса алғанда. Алдағы жылдарда біз осы серіктестікті нығайту жөніндегі жұмыстарды жалғастыруға ниеттіміз. Мысалы, Metalkol RTR жобалық қуатына шыққаннан кейін біз Қытай нарығына кобальттің аса ірі жеткізушісі бола аламыз.

Сонымен қатар, ERG осы елде іске асырылып жатқан «Бір белдеу, бір жол» ауқымды бағдарламасының қатысушысы болып табылады. Бұл бағдарлама келешекте біздің бизнесіміздің өсуіне елеулі үлес қосады деп күтілуде. Осы мәнмәтінде, 2018 жылы Қытай тарапы Қытай Metalkol RTR секілді біздің негізгі жобаларымызды іске асыру үшін қаржылық және техникалық қолдау ұсынды.

### Ықпалды басқару және құндылықтарды бөлу

Ұзақ мерзімді келешекте орнықты дамуды қамтамасыз ету – үздіксіз үдеріс болып табылады және бізге бұл бағытта елеулі жұмыс атқаруға тура келеді.

Бұл – бәрінен бұрын өндірістік қауіпсіздік саласындағы көрсеткіштерімізді жақсартуға қатысты (жоғарыдан қараңыз).

Біз сондай-ақ біздің жұмысымыздың тиімділігін әрі қарай арттыруға бағытталған, қоршаған ортаны қорғау басқару саласындағы бірқатар маңызды шараларды іске асырдық.

Атап айтқанда, бұл – ластағыш заттардың атмосфералық ауаға шығарылуын төмендету бойынша ұзақ мерзімді стратегияның әзірленуін, сондай-ақ Қазақстандағы тиісті кәсіпорындарда заманауи газ тазарту құрылғыларын орнату жөніндегі жұмыстардың басталуын қамтиды. Сонымен қатар, біз энергиялық тиімділікті арттыру жөніндегі бағдарламаны іске асыруды ұсындық әрі қарай жалғастырдық және ол бізге Қазақстандағы энергия тұтынуды 2 000 тераджоульден астам шамаға қысқартуға мүмкіндік берді. Бұл ретте, энергия өндірудің мардымсыз ұлғаюы – парниктік газдар шығарындыларының тиісінше ұлғаюына себеп болды. Біз оларды төмендетудің мүмкіндіктерін іздеуді әрі қарай жалғастырамыз.

Біз өз стейкхолдерлерімізге едәуір оң ықпал етуді жалғастырдық. Мысалы, 2018 жылы мемлекеттік салықтар мен өзге де міндетті төлемдер бойынша төленген сома 827 млн. АҚШ доллары көлемінде. Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде және олардан тыс жерлерде әлеуметтік-экономикалық дамытуды қолдауға Топ қоғамдастықтарына әлеуметтік инвестициялар 115 млн. АҚШ доллары мөлшерінде (2017 жыл: 111 млн. АҚШ доллары). Қолдаудың негізгі бағыттарының бірі – жергілікті қоғамдастықтардың ERG-ге тәуелділігін төмендетуге және тәуелсіз кәсіпкерліктің дамуын қолдауға бағытталған бастамалар болып табылады. Басты мысал – Қазақстандағы студенттік кәсіпкерлік экожүйесін құру жөніндегі бағдарламаға біздің қолдау көрсетуіміз болып табылады, оның мақсаты – аймақтық жоғары оқу орындарын кәсіпкерлікті дамыту орталықтарына түрлендіру болып табылады (57-бет).

### Қызметкерлерді басқару

2018 жылы операциялық қызметпен байланысты себептермен біздің Африкадағы кәсіпорындарымызда елеулі өзгерістер болды. Бұл – Boss Mining, Comide, Congo Cobalt Corporation, Chambishi Metals кәсіпорындарында және Йоханнесбургтегі корпоративтік кеңседе қызметкерлерді қысқартуды қамтыды. Біз осындай өзгерістердің нәтижесінде қызметкерлерімізге кері ықпал тигеніне өкінеміз.

2018 жылы біз Қазақстанда (қызметкерлердің басым бөлігі осында тұрады) қызметкерлерді басқаруға қатысты ашық және біріздi тәсілдемені қалыптастыру тұрғысынан елеулі нәтижелерге қол жеткіздік. Бұл жұмыс ұйымдық құрылымдарды қайта қарауды, лауазымдық міндеттердің сипаттамаларын бірегейлендіруді және қызметкерлердің құзыретіне бағалау жүргізуді қамтыды.

Біз сондай-ақ жалақы мөлшерін талдау мен салыстырмалы бағалау жүргіздік және бұл – Қазақстандағы бүкіл өндірістік қызметкерлердің жалақысын арттыруға негіз болды. Сонымен қатар, біз дарындарды басқаруға қатысты тұтас тәсілдемені қолдануды жалғастырудамыз, ол Топқа жасы, санаты және мамандығы әртүрлі қажетті мамандарды табуға мүмкіндік береді.

Тұтас алғанда, аталған шаралар қызметкерлерді тиімді басқаруға, сондай-ақ келешекте ERG-ді білікті мамандармен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

Біз сондай-ақ, Қазақстандағы барлық кәсіпорындарымыздағы еңбек жағдайларын жақсарту және стандарттау жөніндегі жұмысты жалғастырдық, соның ішінде санитарлық-тұрмыстық үй-жайларды қайта жаңартуды, қоғамдық тамақтанудың, медициналық қызмет көрсетудің және жұмыскерлерді көлікпен қамтамасыз етудің сапасын арттыруды қоса алғанда.

Осы шаралардың арқасында, сондай-ақ біздің моно-қалаларымыздағы өмір сүру жағдайларын жақсарту бойынша ағымдағы жұмыстың арқасында ERG жергілікті тұрғындардың арасынан жоғары білікті жұмыскерлер үшін өзінің тартымдылығын сақтап отыр.

### Жаһандық шарт және БҰҰ орнықты даму мақсаттары

2019 жылы ERG тобы БҰҰ Жаһандық шартына қосылды, бұл – орнықты дамуға қатысты біздің жеке тәсілдемеміздің негізін қалаушы элементі болып табылатын Орнықты даму мақсаттарын қоса алғанда, БҰҰ-ның барынша жаһандық мақсаттары мен бастамаларын іске асыруға арналған бастама.

Бұл бастама корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы әлемнің ең ірі ерікті халықаралық бастамаларының бірі болып табылады. Оған қосыла отырып, біз жетекші компаниялармен бірге БҰҰ Жаһандық шартының он қағидатын сақтау жөніндегі міндеттемелерді өз мойнымызға алдық. Бұл қағидаттар 2025 Стратегиясымен бірге 2019 жылы және одан кейін Топтың бизнесін басқаруға қатысты тәсілдемеміздің әзірлеу барысында анықтаушы рөл атқаратын болады.

**Бенедикт Соботка**
**Бас атқарушы директор**

# Біз құндылықты қалай қалыптастырамыз

## Кіріспе

### ҚАРЖЫ
Біз өз қызметіміздің немесе инвестицияларымыздың нәтижесінде сыртқы қаржыландыру көздерінен алынған қаржы ресурстарымызды тиімді пайдалануға талпынамыз.

### АДАМДАР
Құндылықтарды қалыптастыруда біз жұмыскерлеріміздің, мердігерлеріміздің және қызметтерді жеткізушілердің біліктілігіне, әл-ауқатына және ынтасына арқа сүйейміз.

### ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР
Біз барлық стейкхолдерлерімізбен өзара құрметке, айқындыққа және сенімге негізделген сындарлы қарым-қатынас құруға талпынамыз.

### ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
Өз қызметіміз барысында табиғи ресурстармен жауапты жұмыс жасау – олардың қайта жаңармауын ескерер болсақ, аса маңызды болып табылады.

### НЕГІЗГІ АКТИВТЕР
Негізгі құралдарды сатып алуға, дамытуға және ұстауға жұмсалатын елеулі инвестициялар бізге ұзақ мерзімді келешекте пайда алуға мүмкіндік береді.

## Негізгі процестер




**ЛОГИСТИКА**
Көлік-логистикалық қызметтер топтың ішкі өндірісін және басқа компаниялардың қызметін қолдап отырады

## Негізгі өнімдер

**ФЕРРОҚОРЫТПАЛАР**
Тот баспайтын болат

**КОБАЛЬТ**
Литий-иондық батареялар
Қорытпалар
Магниттер

**МЫС**
Инфрақұрылым және құрылыс
Көлік
Электр техникасы және электроника

## Негізгі нарықтар







**СЫРТҚЫ ОРТА**
Толығырақ 14-бетте

**ТӘУЕКЕЛДЕР**
Толығырақ 16-бетте

**МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР**
Толығырақ 18-бетте




**ЭНЕРГЕТИКА**
Өз кәсіпорындарымыздың қызметі үшін энергия өндіру



**АЛЮМИНИЙ**
Көлік
Инфрақұрылым
және Құрылыс



**ТЕМІР КЕНІ**
Болат



**КӨМІР**
Электр энергиясы
Жылу энергиясы







**СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР**
Толығырақ 98-бетте

**2025 СТРАТЕГИЯСЫ**
Толығырақ 12-бетте

**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
Толығырақ 92-бетте

# Нәтиже

## Әлеуметтік көрсеткіштер

**LTIFR**
0,58

**ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚ**
$827 млн

**ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА ҚҰЙЫЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР**
$115 млн

## Экологиялық көрсеткіштер

**ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ**
24,7Мт $CO_2e$

**ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ТҰТЫНУ**
275 596 ТДж

**СУ ТҰТЫНУ**
2 029 млн $м^3$

## Қаржылық көрсеткіштер

**БАЗАЛЫҚ EBITDA**
$1 913 млн

**ТҮСІМ**
$5 353 млн

**ЕРКІН АҚША АҒЫНЫ**
$659 млн

# Болашақтың жасыл экономикасын шикізатпен қамтамасыз ету

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бастамаларымызға қосымша ретінде, біз ферроқорытпалар, кобальт, алюминий және мыс өндіру арқылы жаһандық жасыл экономиканың дамуын қамтамасыз етудегі елеулі рөлімізді мақтан тұтамыз. Дүниежүзілік банк атап өткендей[1], бұл металдар экологиялық тұрғыда таза технологияларды қамтамасыз етуге маңызды үлес қосады.

## Ферроқорытпалар

Ферроқорытпалар энергиялық тиімді көмір электр станцияларын (соның ішінде қазандар мен құбырларды қоса алғанда) салу үшін, сондай-ақ газ турбиналарын өндіру үшін қажетті тот баспайтын болатты өндірудің маңызды компоненті болып табылады.  Тот баспайтын болат сондай-ақ ядролық энергия өндірісінде маңызды компонент болып табылады.

## Кобальт

Кобальт электромобильдерде пайдаланылатын литий-ионды батареялардағы негізгі компонент болып табылады. Электромобильдер өндірісінің өсуі кобальтқа деген сұраныстың едәуір артуына әкеледі. Бұл мәнмәтінде кобальт өндірудегі біздің үлесіміз көмірсутек отынымен жұмыс істейтін автомобильдерден бірте-бірте бас тартуға едәуір әсер етуі мүмкін.

1 Дүниежүзілік банк, «Төмен көміртекті келешекті қамтамасыз етуде минералды ресурстар мен металдардың маңыздылығының артуы», http://documents.worldbank.org/curated/en/207371500386458722/pdf/117581-WP-P159838-PUBLIC-ClimateSmartMiningJuly.pdf



## Алюминий

Алюминий фотоэлектрлік қондырғылар, жел генерациялау жабдықтары және литий-ионды батареялар өндірісінде пайдаланылады. Келешекте бұл  энергиялық тиімді көлік құралдары және/немесе электромобильдер салмағының едәуір төмендеуіне жәрдемдесуі мүмкін. Дүниежүзілік банктің болжамы бойынша, басқа металдармен салыстырғанда осы металға деген сұраныс алдағы жүзжылдықта өседі деп күтілуде.

## Мыс

Мыс жаңғыртымды энергия көздері мен электромобильдерді өндіру үшін аса маңызды шикізат болып табылады. Мысалы, дәстүрлі іштен жанатын қозғалтқыштармен салыстырғанда, электромобильдер қозғалтқыштарында мыс шамамен төрт есе көп пайдаланылады. Сонымен қатар, мыс (сондай-ақ кобальт) литий-ионды батареяларды, электронды инверторларды және зарядтау құрылғыларын өндіру барысында негізгі компонент болып табылады. Бұған қоса, Дүниежүзілік банк атап өткеніндей, «электр энергиясын өндіру көлемдерінің өсуі және электр қуатына қолжетімділіктің артуы келешекте электр кабельдеріне деген сұранысты арттыра түсуі мүмкін», ал бұл – мыс пен алюминийге деген сұраныстың артуына әкеледі.

# Ақшалай түсімнің оң динамикасы және кредит рейтингтерінің жақсаруы

**АҚШАЛАЙ ТҮСІМ**

**$5 353 млн**

+6%





**КҮРДЕЛІ ҚАРЖЫ ШЫҒЫНЫ**

**$752 млн**

+10%

**БАЗАЛЫҚ EBITDA**

**$1 913 млн**

-8%

**КРЕДИТ РЕЙТИНГТЕРІНІҢ ЖАҚСАРУЫ STANDARD & POOR'S ЖӘНЕ MOODY'S[1]**

**B/B** (Тұрақты)

**B2** (Тұрақты)



1 2019 жылғы маусым айындағы жағдай бойынша. Мұнда және әрі қарай – алдыңғы жылмен салыстыру.

**ФЕРРОҚОРЫТПАЛАР ӨНДІРІСІ**

**+7,8%**



## КДР-ДАҒЫ METALKOL ЖОБАСЫНДА КАТОДТЫ МЫС ПЕН КОБАЛЬТ ГИДРОКСИДІНІҢ АЛҒАШҚЫ ТОПТАМАСЫ ӨНДІРІЛДІ

**ТЕМІР КЕНІ КОНЦЕНТРАТЫ МЕН ШЕКЕМТАС ӨНДІРІСІ**

**+16,1%**

**Топтың өндірістік нәтижелері**

| Өнім | 2018 (мың тонна) | 2017 (мың тонна) | Өзгеріс |
|---|---|---|---|
| Тауарлық ферроқорытпалар[1] | **1 613** | 1 496 | 7,8% |
| Тауарлық темір кені концентраты және шекемтас | **12 292** | 10 585 | 16,1% |
| Глинозем | **1 481** | 1 509 | -1,9% |
| Алюминий | **258** | 257 | 0,4% |
| Тауарлық мыс (металда және концентратта) | **139,5** | 142,7 | -2,1% |
| Тауарлық кобальт | **1,6** | 2,5 | -36,1% |
| Көмір | **28 724** | 27 472 | 4,6% |

2018 жылы сатудың орташа құнының өсуі мен сату көлемінің ұлғаюы нәтижесінде Топтың ақшалай түсімі 6%-ға, 5 353 млн. АҚШ долларына ұлғайды (2017 жыл: 5 048 млн. АҚШ доллары).

Ферроқорытпаларды, темір кенін, көмірді және алюминийді сату өсімінің ұлғаюы кобальт пен мыс концентраты жеткізілімдерінің қысқаруымен теңгерілді.

Сонымен қатар, Ферроқорытпалар бағасының орташа жылдық деңгейінің 5%-ға төмендеуі (жоғары көміртекті ферроқорытпалардың орташа жылдық бағасының 6%-ға төмендеуі нәтижесінде) ақшалай түсімнің 102 млн. АҚШ долларына қысқаруына әкелді. Алайда бұл – Топ өнімдерінің басқа түрлерінің орташа жылдық бағасының өсуімен өтемделді (+194 млн. АҚШ доллары). Нәтижесінде бағалардың өзгеруінен 92 млн. АҚШ доллары мөлшерінде таза оң әсер тіркелді.

Кокстенген көмір, графитті электродтар, электродтық масса, жанар-жағармай материалдары, жарылғыш заттар және қопару құралдары, қосалқы бөлшектер секілді негізгі шикізат түрлері бағаларының өсуі нәтижесінде (олардың басым көпшілігі импортталады) шығындардың ұлғаюы, сондай-ақ демеушілік пен қайырымдылықты қолдауға жұмсалатын шығындардың өсуі, Қазақстандағы кәсіпорындарымызда жалақының біртe-бірте өсуі және қосымша жөндеу жұмыстарының жүргізілуі операциялық шығындардың өсуіне әкелді. Алайда шығындардың мұндай өсімі операциялық тиімділікті арттыру жөніндегі бастамалардың іске асырылуы мен Қазақстандық теңге бағамының төмендеуі арқасында ішінара өтелді.

Осы жағдайларда Топтың базалық EBITDA көрсеткіші, ең алдымен, операциялық шығындардың ұлғаюы нәтижесінде 8%-ға, 1 913 млн. АҚШ долларына дейін төмендеді (2017 жыл: 2 090 млн. АҚШ доллары). Бұл – ішінара бағалардың құбылуымен (біз пайдаланатын шикізат түрлерінің басым көпшілігі импортталатынын есерер болсақ), сондай-ақ Қазақстандағы және басқа да елдердегі инфляциямен байланысты болды. Келешекте біз елеулі ақша ағындарын генерациялайтын кәсіпорындарға инвестициялар жасау мен шығындарды оңтайландыруды қоса алғанда, бірқатар шараларды іске асыру жолымен операциялық шығындарды қысқартуды жоспарлап отырмыз.

Сонымен қатар, 2018 жылы Standard & Poor's және Moody's рейтинг агенттіктері Топтың кредит рейтингтерін (B- / B және B3 деңгейінен B / B және сәйкесінше B2 деңгейіне дейін), сондай-ақ рейтингтер бойынша болжамды тұрақты деңгейінен оң деңгейіне дейін көтерді. Бұл – қаржы көрсеткіштерінің оң динамикасын (атап айтқанда EBITDA) және өтімділіктің тиісті деңгейін қолдап отыруды қоса алғанда, 2017 жылғы қаржылық және операциялық нәтижелерінің жақсару көрсеткіші болды. Рейтинг агенттіктері сондай-ақ бәсекеге қабілетті жұмсалымдар құрылымын, Топтың өнімдері мен қызметін әртараптандырудың жоғары деңгейін және кең ауқымды клиенттік базаны атап өтті.

2019 жылы екі рейтинг агенттігі де болжамды «кері» деңгейінен «тұрақты» деңгейіне қайта ауыстыра отырып, Топтың рейтингтерін растады. Бұл өзгеріс ең алдымен бағалардың төмендеуімен және Metalkol RTR жобасын іске қосудың кідіруімен байланысты.

Қол жеткізілген жетістіктерге арқа сүйей отырып, біз өзіміздің кредит төлеу қабілетімізді жақсарту жөніндегі жұмысымызды әрі қарай жалғастырамыз. Бұл – бізге бизнесімізді дамыту үшін қажетті қаржыландыруды тарту және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету тұрғысынан болашақ қызметіміз үшін сенімді ірге құруға мүмкіндік береді.

1 Ферроқорытпалар өндірісі (нетто).

# Бизнестің орнықты дамуы үшін ықпалдастырылған стратегия

## ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА ҚАТЫСТЫ БІЗДІҢ ТӘСІЛДЕМЕМІЗ

ERG үшін орнықты даму – біздің қоршаған ортаға тигізетін әсеріміз тұрғысынан жауапты басқаруды, әлеуметтік дамуды және корпоративтік басқаруды ғана емес, сондай-ақ келесілерге қол жеткізуді білдіреді:

- Болашақ өзгерістерге және ұзақ мерзімді келешекте құндылықтарды қалыптастыру қабілетімізге бизнестің дайын болуын қамтамасыз ету жолымен, жалпы бизнестің орнықтылығына;
- Жұмыскерлерді, акционерлерді, клиенттерді, іскер серіктестерді, жергілікті қоғамдастықтарды және жалпы өзіміз орналасқан елді қоса алғанда, стейкхолдерлеріміз үшін артықшылықтарды қамтамасыз ететін орнықты және кірісі мол өсімге.

Осылайша, тұрақты даму – біздің бизнес-үлгіміздің ажырамас бөлігі болып табылады және негізгі бизнес-үдерістерге көбірек ықпалдасуда. Осы позицияның жарқын бейнеленуі – бизнестің орнықтылығына қол жеткізуді мақсат еткен біздегі 2025 Стратегиясы болып табылады.

Біз сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттарын (әрі қарай – БҰҰ ОДМ) қолдап отырамыз және қызметіміздің нәтижесінде кері әсерді төмендетуге және оң ықпалымызды арттыруға талпынамыз. Осыған байланысты, біз келесілердің ескерілуімен ERG үшін аса релевантты БҰҰ ОДМ анықтадық:

- ОДМ-ға қол жеткізудің болжалды синергиясы және бизнесіміздің қызметі;
- ОДМ-ға қол жеткізуге біздің оң және кері ықпалымыз;
- Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлер үшін ОДМ релеванттық деңгейлері.

Мұндай тәсілдеме бізге өз қызметімізді халықаралық стейкхолдерлердің күткен үмітімен барынша сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Бұл – біздің бизнесіміздің және жалпы қоғамның ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келеді. Тиісті ОДМ туралы толығырақ ақпарат xx-бетте, сондай-ақ төмендегі жекелеген тақырыптарға арналған тараулардың әрқайсысында берілген.

БҰҰ ОДМ-ға жасалған барлық сілтемелер біздің ықпалымызды, тәуекелдерді, мүмкіндіктерді және қызмет нәтижелерін қарастыру мәнмәтіні ретінде ғана келтірілгеніне және ERG-ның ресми қабылданған мақсаттары болып табылмайтынына назар аудартқымыз келеді.

**Стратегиялық басымдықтар**

| | |
|---|---|
| ТЕҢГЕРІМДІ ӨСЕТІН ПОРТФЕЛЬ | Қазақстандағы және шетелдегі активтер портфелін дамыту және тұрақты өсіру |
| БАҚЫТТЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҰЖЫМ | Қызметкерлердің құзыреттіліктерін дамыту және қауіпсіздігі мен әл-ауқатының қамын ойлау |
| БІЗДІҢ КӘСІПОРЫНДАР ОРНАЛАСҚАН ӨҢІРЛЕРДІ ОРНЫҚТЫ ДАМЫТУ | Біздің кәсіпорындар орналасқан өңірлерде жергілікті қоғамдастықтардың дамуы мен әл-ауқатына үлес қосу |
| БАРЛЫҚ ІСТЕГІ ТИІМДІЛІК | Жекелеген активтер мен корпоративтік кеңсе деңгейінде операциялық тиімділіктің толық ауқымды бағдарламасы |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ | Әрі қарай қаржылық тұрақтану және акционерлер үшін табыстылықты жайлы деңгейде қамтамасыз ету |

## Орнықты дамы қағидалары

НӨЛДІК ЗАЛАЛ | КӨШБАСШЫЛЫҚ | ЕСЕПТІЛІК | ТЕҢГЕРІМДІЛІК | ТҰТАСТЫҚ | ИННОВАЦИЯЛАР

| Стратегиялық мақсаттар | Стейкхолдерлер |
| --- | --- |
| » Қазақстандағы активтерді әрі қарай дамыту<br>» Халықаралық активтердің ағымдағы портфелінен қайтарымды ұлғайту<br>» Табиғи ресурстарды пайдаланудың жаңа мүмкіндіктері және/немесе активтерді сату есебінен портфелді оңтайландыру<br>» Топтың энергетикалық бизнесін әрі қарай дамыту | » Акционерлер<br>» Кәсіпорындар орналасқан елдердегі үкіметтер<br>» Жергілікті қоғамдастықтар<br>» Клиенттер<br>» Жеткізушілер / мердігерлер<br>» Кредиторлар |
| » Қауіпсіз еңбек жағдайларын құру<br>» Қызметкерлердің денсаулығын нығайту<br>» Өндірісте және кеңселерде жайлы еңбек жағдайларын құру<br>» Қызметкерлердің білімі мен құзыреттерін дамыту<br>» Жұмыскерлердің әл-ауқатын арттыру<br>» Жұмыс беруші ретінде ERG-дің тартымдылығын арттыру<br>» Корпоративтік мәдениетті дамыту<br>» Кадрлық резерв пен көшбасшылық әлеуетті дамыту | » Қызметкерлер<br>» Біздің кәсіпорындар орналасқан елдердің үкіметтері<br>» Реттеуші органдар<br>» Жергілікті қоғамдастықтар |
| » Біздің кәсіпорындар орналасқан өңірлердегі қоғамдастықтардың амандығы мен әл-ауқатын арттыру<br>» Біздің кәсіпорындар орналасқан өңірлердегі тұрғындардың өмір сүруі үшін жайлы қоршаған орта: таза су, ауа, топырақ<br>» Жергілікті кәсіпкерлікті дамыту және жергілікті бизнес-орталарды құру | » Жергілікті қоғамдастықтар<br>» Реттеуші органдар<br>» Аймақтық билік органдары<br>» Азаматтық қоғам ұйымдары |
| » Тар тұстарын тілу мен өнімділікті арттырудың есебінен Топтың үлесті шығындарды қысқартуы<br>» Ұйымдастырушылық тиімділікті арттыру<br>» Сатулардың тиімділігін арттыру<br>» Үздіксіз жақсарту құралдары мен мәдениетін қалыптастыру | » Акционерлер<br>» Клиенттер |
| » Акционерлер үшін жайлы дивиденттік табыстылықты қамтамасыз ету<br>» Салынған капиталға қайтарымның жоғары деңгейін қамтамасыз ету<br>» Сыртқы қаржыландыруды тарту үшін қолайлы борышқорлық жүктемені сақтау<br>» Нарықтық конъюктураға қарамастан операциялық қызметті сүйемелдеу үшін өтімділіктің жоғары деңгейін қолдап отыру | » Акционерлер<br>» Кредиторлар<br>» Қызметкерлер<br>» Жеткізушілер / мердігерлер<br>» Біз дайғасқан елдегі үкіметтер<br>» Жергілікті қоғамдастықтар |

# Жаһандық сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктерді түсіну және тиімді басқару

## Металдарға деген жаһандық сұраныс және баға трендтері



- 2018 жылдың бірінші жарты жылдығында металдардың басым көпшілігінің бағалары оң динамика көрсетті, алайда екінші жарты жылдықта бағалардың едәуір түзетілуі орын алды.
- Бағалар динамикасының нашарлауы – әлемдегі геосаяси және экономикалық үрдістердің көрінісі болды, соның ішінде АҚШ пен Қытайдың арасындағы сауда жанжалын, АҚШ-тағы пайыздық мөлшерлемелердің өсуін және АҚШ долларының нығаюын, сондай-ақ Қытай мен Еуропадағы экономикалық өсудің баяулау белгілерін қоса алғанда.
- Әйтсе де, ERG өндіретін көптеген металл бағаларының орташа жылдық деңгейі жылдық көрінісінде өсті.

**Маңызы және тиісті шаралар**

Металл нарықтарының жан-жаққа таралған динамикасы 2018 жылы бизнесімізді оңтайландыру қажеттілігінің қосымша растамасы болды. Осы саладағы жүргізіп отырған жұмысымыз төмендегілерді қамтиды:

- Трансформация: Қазақстанда ERG Өндірістік жүйесін енгізу және ERG Бизнес-жүйесін енгізу (29-бет);
- Операциялық тиімділік: Қазақстандағы операциялық тиімділікті арттыру бойынша қолда бар бағдарламаларды іске асыруды жалғастыру (30-бет), сондай-ақ кәсіпорындарымыздың қызметкерлері мен басшылары ұсынған жаңа бастамаларды іске асыру (24-бет);
- Инновациялар: Инновациялық цифрлық технологияларды енгізу мақсатында Топтың жаңа Цифрлық стратегиясын іске асыру (31-бет).

Біз бірқатар өсу және жаңару жобаларына инвестициялар құюды жалғастырамыз, олар Топқа әлемдік ауқымда жасыл экономикаға өтумен байланысты металға деген сұраныстың ұзақ мерзімді өзгеруінен пайда алуға мүмкіндік береді (8-бет).

## «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы



- Қытайдың сыртқы сауда саясатының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі – осы елде іске асырылып жатқан ауқымды «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы (BRI) болды.
- Бұл бағдарлама Еуразия арқылы Жібек жолын (Қазақстанды қоса алғанда) және Оңтүстік-Шығыс Азияны, Шығыс Африканы және Еуропа Одағын жалғайтын теңіз жолын қамтиды.
- Дүниежүзілік банктің деректері бойынша, BRI-ға қатысушылардың үлесіне ЖІӨ мен әлемдік сауда көлемінің үштен бір бөлігі, сондай-ақ әлем халқының 60%-ы тиеді[1].

**Маңызы және тиісті шаралар**

Қытай ERG өндіретін шикізаттың аса ірі сатып алушысы болып табылады – қазіргі таңда біздің сатылымдардың шамамен 20%-ы осы елдің үлесіне тиеді. BRI BRI бағдарламасы сұранысты ұлғайту тұрғысынан, сондай-ақ келешекте бизнесімізді өсіру тұрғысынан елеулі рөл атқарады деп күтілуде. 2018 жылы Қытай тарапы біздің активтер портфелін дамыту үшін қаржылық және техникалық ресурстарды, мысалы: КДР-дағы Metalkol RTR кобальт және мыс өндіру жобамыздың құрылысын қаржыландыру мен қолдауды ұсынды (26-бет).

Қазақстанда ҚЭЗ-2 жобасы іске асырылған жағдайда да Қытай тарапынан қаржылық және техникалық қолдау іске қосылуы мүмкін (27-бет).

2018 жылы біз Бейжіңде жаңа және аса ірі кеңсе аша отырып, Қытайдағы қызметімізді кеңіттік. Бұл – осы елдегі стратегиямызды іске асырудың жаңа кезеңінің басталғанын білдірді.

1 Дүниежүзілік банк: worldbank.org/en/topic/regional-integration/brief/belt-and-road-initiative

## Жаңа технологиялар және аккумуляторлық батареяларға арналған сұраныс



- Электромобильді революция жаңа энергия көздерімен қозғалатын автомобильдер сатылымының әлемдік көлемінің ұлғаюы жағдайында[1] кобальтқа деген сұраныстың 2017 жылғы 1,3 млн. бірліктен 2018 жылы 2,1 млн. бірлікке дейін өсуіне әкелді[2].
- 2020 жылға қарай электромобильдерде пайдаланылатын аккумуляторлық батареялар үшін кобальтқа деген сұраныс екі еседен артық шамаға (2018 жылмен салыстырғанда), ал 2025 жылға қарай – төрт есеге өседі деп күтілуде[3].
- Жел және күн электр станцияларында пайдаланылатын энергия жинақтау жүйелерінде литий-ионды аккумуляторлардың кеңінен пайдаланылуы да кобальтқа деген сұраныстың өсуіне жағдай жасауда. Бұл ретте, литий-ионды аккумуляторлардың белгіленген қуаты 2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша 286 ГВт*с дейін өсті (2017 жылдың соңында: 161,8 ГВт*с )[4].

### Маңызы және тиісті шаралар

ERG өзінің КДР мен Замбиядағы кәсіпорындарының арқасында «аккумуляторлар дәуіріне» толығымен дайын. Олардың арасында біздің Metalkol RTR жобасын ерекше атап кеткен жөн, ол жобалық қуатына шыққаннан кейін 2020 жылдың соңына қарай жылына 20 мың тонна кобальт гидроксидін өндіретін болады. Бұл өнімнің едәуір бөлігі Қытайда қайта өңделеді және әлемнің әртүрлі елдеріндегі тұтынушылармен пайдаланылады, осылайша батарея өндірушілерді қолдай отырып, іштен жанатын қозғалтқыштарды бірте-бірте ығыстырады.

## Климаттың өзгеруі және төмен көміртекті экономикаға өту



- Климаттың өзгеруі туралы Париж келісіміне сәйкес (Қазақстан да оның қатысушысы болып табылады) әлемдік экономикада көміртексіздендірудің маңызы артқаны байқалуда.
- Тау-кен өндірісі және металлургия салаларының кәсіпорындарында және әсіресе көмір өнеркәсібінде өз шығарындыларын қысқарту мүмкіндіктерін зерттеу бойынша жауапкершілік артты
- Төмен көміртекті экономикаға өту – аталған салаларда өсу үшін жаңа мүмкіндіктер тудырады. Атап айтқанда, кобальтқа деген сұраныстың өсуі болжануда.

### Маңызы және тиісті шаралар

2018 жылы қызметіміздегі көміртек іздерін төмендету жөніндегі шаралар төмендегіні қамтыды (өзге бастамалармен қатар)

- Энергиялық тиімділік: 2016-2020 жылдарға арналған Энергиялық тиімділікті арттыру жөніндегі бағдарламамыз аясында Қазақстанда электр энергиясын тұтыну 2 000 тераджоульден артық шамаға қысқарды (71-бет);
- Жаңғыртылмалы энергетика: біз Қазақстандағы жел электр станциялары үшін әлеуетті аландарға бағалау жүргізіп жатырмыз (72-бет);
- Көміртек іздерін бағалау: біз Қазақстандағы өзіміздің алюминий және феррохром өнімдеріндегі көміртек іздеріне бағалау жүргіздік.

Бұған қоса – алюминий, мыс, кобальт және ферроқорытпалар өндіруші ретінде ERG төмен көміртекті экономикаға өтуді қолдау үшін елеулі әлеуетке ие (8-бет).

1 Яғни, электрлену деңгейі жоғары электрмобильдер мен желіге қосылатын гибридті автомобильдер.
2 EV-Volumes: ev-volumes.com.
3 Ішкі зерттеудің негізінде.
4 Benchmark Mineral Intelligence: benchmarkminerals.com.

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Біздегі тәуекелдерді басқару жүйесі бізге бизнесіміздің тұрақтылығы үшін әлеуетті қауіптерді, және сәйкесінше, орнықты дамудың аса маңызды мәселелерін түсінуге мүмкіндік береді (толығырақ 18-бетте)

2018 жылы біз тәуекелдерді басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды қолға алдық, соның ішінде:

» Біздегі Тәуекелдерді басқару саясатын, Күрделі жобалардың тәуекелдерін басқару жөніндегі нұсқаулық пен нұсқауларды қайта қарау және өзекті ету;
» 2019 жылдың басында бекітілген Топтың ішкі бақылау жөніндегі нұсқаулығы мен нұсқауларын әзірлеу;
» Әртүрлі үдерістік салалар бойынша Топ үшін қолайлы тәуекел тәбетінің деңгейін анықтау

**Орнықты дамумен байланысты негізгі тәуекелдер және оларды төмендету жөніндегі шаралар**

| ТӘУЕКЕЛ САНАТЫ | ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТӨМЕНДЕТУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ШАРАЛАР |
|---|---|
| Саяси тәуекелдер | » Топтың кәсіпорындары орналасқан өңірлердегі саяси және макроэкономикалық трендтерді талдау және мониторинг жасау. |
| Реттеушілік тәуекелдер | » Топтың кәсіпорындары орналасқан өңірлердің заңнамалық базасындағы өзгерістерге мониторинг жасау;<br>» Өз мүдделерін барынша тиімді өкілдеу үшін кәсіби ұйымдарға / қауымдастықтарға қатысу;<br>» Алынған лицензиялар мен рұқсаттармен қарастырылған міндеттемелердің сақталуын бақылау және мониторинг жасау;<br>» Мемлекеттік органдармен өзара әректтесу стратегияларын әзірлеу және іске асыру. |
| Баға тәуекелдері | » Микроэкономикалық жағдай мен нарықтық конъюнктураға мониторинг жасау;<br>» Ұзақ мерзімді сату шарттарын жасау;<br>» Негізгі сату шарттары бойынша формулалық баға белгілеуді пайдалану;<br>» Шикізат тауарларының бағаларын хеджирлеу, «табиғи» хеджирлеуді қолдану. |
| Өндірістік және операциялық тәуекелдер | » Тәуекелдерді бағалауды ескеріп машиналар мен жабдықтардың сенімділігін және оларға техникалық қызмет көрсетілуін жоспарлау;<br>» Машиналар мен жабдықтарға техникалық диагностика жүргізу;<br>» Энергиямен жабдықтаудың тұрақты жүйесін / электр энергиясына арналған ұзақ мерзімді келісімшарттарды қолдап отыру;<br>» Шикізатты бақылау (сапа және параметрлер тұрғысынан);<br>» Пайдаланушылық және жөндеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі нұсқаулықтардың сақталуын бақылау;<br>» Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үдерісін енгізу;<br>» Мүлікке залал келтіру және өндірісті тоқтату тәуекелдерінен сақтандыру. |
| Жеткізу тізбектерімен және логистикаға байланысты тәуекелдер | » Жеткізілімдерді жоспарлау және бақылау жүйесін жетілдіру;<br>» ТМҚ мен жабдықтардың сапасын / айрықшаламасын бақылау;<br>» Шикізат сатып алған кезде формулалық баға белгілеуді пайдалану;<br>» Негізгі шикізат түрлерін жеткізуге / вагондарды жалдауға арналған ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау;<br>» Қосымша локомотивтер мен вагондар сатып алу. |
| Күрделі жобалардың орындалмау тәуекелдері | » Жобаларды іске асырудың жүйелік және кезеңдік үдерісін енгізу;<br>» Жобаларға сараптама жасау үдерісін жетілдіру;<br>» Ірі жобаларды іске асыру кезінде тәуекелдерді басқару стандарттарын қолдану;<br>» Жобаларды қаржыландырудың сенімді механизмін енгізу, сондай-ақ шарттасудың тиімді жүйелерін пайдалану;<br>» Жобаның бюджеті мен іске асыру мерзімдерінің сақталуын бақылау;<br>» Жобаларды іске асыру кезінде туындайтын тәуекелдерді сақтандырудың тиісті саясаттарын қолдану. |

| ТӘУЕКЕЛ САНАТЫ | ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТӨМЕНДЕТУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ШАРАЛАР |
|---|---|
| **Қаржы тәуекелдері** | » Топ кредиторларының қоржынын кеңейту, борышкерлік міндеттемелер портфелін қайта құрылымдау;<br>» Кредит шарттарында белгіленген ковенанттардың сақталуын бақылау;<br>» Топтың ақшалай қаражатының қозғалу жоспарын ұдайы өзекті етіп отыру, Топтың өтімділік деңгейін бақылау;<br>» Қаржы тәуекелдерін (валюталық, кредиттік, пайыздық, өтімділік тәуекелі және басқ) басқару жөніндегі саясаттар мен рәсімдерді енгізу және олардың орындалуын бақылау;<br>» Топтың валюталық позицияларын бақылау. |
| **Адам ресурстарын басқарумен байланысты тәуекелдер** | » Қызметкерлердің бәсекеге қабілетті жалақысын қолдап отыру;<br>» Қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларын енгізу;<br>» Кадрларды іріктеу және ұстап қалу рәсімдерін жетілдіру;<br>» Қызметкерлерді уәждеудің тиімді жүйесін енгізу. |
| **Әлеуметтік тәуекелдер** | » Қызметкерлерге (біздің жайғасқан өңірлеріміздегі тұрғындардың едәуір бөлігін құрайды) әлеуметтік жеңілдіктерді қамтамасыз ету;<br>» Жергілікті қоғамдастықтарға әлеуметтік инвестициялар құю;<br>» Қызметкерлердің қанағаттану және бейілдік көрсеткіштерін талдау;<br>» Топтың кәсіпорындары орналасқан өңірлердегі қоғамдық пікірге мониторинг жасау;<br>» Топ қызметкерлерінің шағымдарын жүйелі түрде қарау. |
| **Өндірістік қауіпсіздікпен байланысты тәуекелдер** | » OHSAS 18001 стандартына сәйкес келетін немесе сертификаттаудан өткен өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйелерін енгізу және қолдап отыру;<br>» Өндірістік қауіпсіздік саласындағы негізгі тәуекелдерге қатысты нөлдік төзушілік қағидатын іске асыру;<br>» Қауіпсіздік саласындағы жергілікті нормативтік талаптардың сақталуын бақылау. |
| **Экологиямен және климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдер** | » Қоршаған ортаға шығарындылардың нормативтерін қамтамасыз ету жөніндегі саясаттар мен рәсімдерді енгізу және сақталуын бақылау;<br>» Жобалар кезеңінде экологиялық критерийлерді есепке алу;<br>» Жаңғыртымды энергетиканы дамыту жобаларын іске асыру;<br>» Көміртек ізін бағалау;<br>» ISO 14001 стандартына сәйкес келетін немесе сертификаттаудан өткен басқару жүйелерін енгізу;<br>» Қазақстанда ISO 50001 стандарты бойынша сертификатаудан өткен энергетикалық менеджмент жүйесін енгізу. |
| **Комплаенс тәуекелдері** | » Комплаенс тәуекелдерін жүйелі түрде бағалау және оларды төмендету жөніндегі шараларды әзірлеу;<br>» Топтың комплаенс саласындағы саясаттарының сақталуын бақылау және осы саладағы қызметтің нәтижелері туралы басшылықты жүйелі түрде ақпараттандыру;<br>» Комплаенс тәуекелдерін тиісінше басқаруға арналған тренингтер мен коммуникациялардың қарқынды бағдарламасы;<br>» Контрагенттерді кешенді түрде тексеру;<br>» Адам құқығы саласындағы стандарттардың сақталуына мониторинг жасау;<br>» Қолданыстағы халықаралық санкцияларға мониторинг жасау;<br>» Топ жайғасымындағы барлық хүкіметтерде ЕО Деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламенті (GDPR) талаптарының және дербес деректерді қорғау саласындағы өзге де қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаны іске асыру;<br>» Топтың тәулік бойы жұмыс істейтін «Жедел желісінің» жасырын және құпия қызметінің жұмыс істеуін қолдау. |
| **Ақпараттық технологиялармен (АТ) және ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты тәуекелдер** | » Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы саясаттар мен рәсімдерді енгізу және сақталуын бақылау;<br>» Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке қатысты АТ жүйелеріне аудит жүргізу;<br>» АТ-сервистердің жұмысындағы шалыстықтарға орай жедел әрекет ету;<br>» Бағдарламалық жасақтамаға арналған лицензиялық шарттардың сақталуына мониторинг жасау. |

# Маңызды жағдай-ларды ескере отырып

Осы есеп маңызды мәселелерді бағалау нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Бірінші кезең (ішкі бағалау) релевантты тақырыптарды зерттеуді (БҰҰ ОДМ қоса алғанда), сондай-ақ тәуекелдерді анықтаудың ішкі үдерісі нәтижелерінің талдауын және стейкхолдерлермен өзара әрекеттестікті қамтыды.

Осы үдерістің қорытынды кезеңінде 2019 жылы сыртқы стейкхолдерлермен талқылаулар жүргізілді (төменнен қараңыз).

Біздің орнықты даму жөніндегі есебімізде көрсетілуімен қатар, маңызды мәселелерді бағалау нәтижелері басқаруға қатысты тәсілдемелерді қалыптастыру барысында да ескеріледі. Егер мәселе маңызды деп анықталмаған болса, бұл – оның релевантты емес екенін және басқаруға жатпайтынын білдірмейді. Бұл – мәселенің маңыздылығы осы есепте толық ұсыну үшін аса жоғары емес екенін білдіреді. Маңызды мәселелер келесі критерийлер негізінде скрининг жүйесінің пайдаланылуымен басымдыққа ие болды:

- » Стейкхолдерлер мен олардың мүдделеріне ERG-дің әлеуетті/қолданыстағы ықпалы
- » ERG-дің бизнес-мақсаттарға қол жеткізуіне стейкхолдерлердің әлеуетті/қолданыстағы ықпалы.

Толығырақ ақпарат 96-бетте ұсынылған.

## Сыртқы мүдделі тараптармен қарым-қатынас

2019 жылы біз маңызды мәселелерді бағалауға қатысты пікірлер мен ұсыныстар алу үшін сыртқы мүдделі тараптармен талқылау өткіздік. Осы процеске біздің саланы, серіктестерімізді, азаматтық қоғамды, несие берушілерді, мемлекеттік органдар мен кәсіподақтарды ұсынатын 25-тен астам ұйымның (ұлттық және халықаралық) өкілдері қатысты.

Осы мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл екіжақты сұхбат форматында жүргізілді, оның барысында қатысушылар маңызды мәселелердің алғашқы тізіміне қатысты түсініктеме беріп, қажет болған жағдайда оны өзгертуге қатысты ұсыныстарын берді.

## Талқылаулардың нәтижелері

Стейкхолдерлердің басым көпшілігі біз жүргізген маңыздылықтың ішкі бағалауының нәтижелерімен жалпы келіседі. Әйтсе де, стейкхолдерлер келесі мәселелердің басымдылық деңгейін арттыруды ұсынды:

- » «Энергия және климаттың өзгеруі» (өйткені бұл мәселе жалпы үлкен алаңдаушылық тудыруда, соның ішінде біздің клиенттер мен өнімдерімізді ақырғы тұтынушылардың арасында, сондай-ақ төмен көміртекті экономикаға өтумен байланысты ERG үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктердің ескерілуімен);
- » «Жергілікті қоғамдастықтарға ықпал ету» (КДР мәнмәтінінде);
- » «Адам құқығы» (стейкхолдерлердің осы мәселеге жоғары деңгейде қызығушылық танытуын ескере отырып, сондай-ақ адам құқығы саласындағы ERG-дің ішкі және сыртқы міндеттемелері);
- » «Биоалуантүрлілік» (тау-кен және металлургия қызметінің экожүйеге тигізетін әсерімен байланысты жалпы алаңдаушылықты ескеру);
- » «Нысандарды жауапты жабу және табыстау» (Жұмыскерлер мен жергілікті қоғамдастықтарға болжалды әлеуметтік-экономикалық ықпалын ерекше назарға ала отырып).

Бұл ұсыныстар ERG-дің маңыздылықты қорытынды бағалауында тиісті жолмен ескерілді

## Трендтер және жаңа мәселелер

Біз сондай-ақ сұхбатқа қатысушылардан ERG үшін және / немесе жалпы тау-кен және металлургия секторы үшін өзекті болып табылатын орнықты даму саласындағы трендтер мен жаңа мәселелерге қатысты өз ойларын айтуын өтіндік. Талқылауға арналған негізгі тақырыптар тізіміне келесілер кірді:

- » Тұрақты қаржыландыруды дамыту;
- » Пайдалы қазбаларды өндіру саласындағы өндіріс тізбегін бақылауға деген қажеттіліктің артуы (mineral value chain assurance);
- » Циркулярлық экономиканың дамуы және өнімнің тіршілік циклін басқаруға ерекше назар аударылуы;
- » Автоматтандырудың және революциялы жаңа технологиялардың пайда болуының әлеуетті ықпалы;
- » Геосаяси және санкциялық тәртіптердің өзгеруі.

### 2017 / 2018 жылдардағы маңыздылықты бағалау үдерісі

**1. Қамтуды анықтау**

ERG компаниясына және / немесе ERG стейкхолдерлеріне әсер ететін орнықты дамудың әлеуетті маңызды мәселелерінің бастапқы тізбесін анықтау.

**2. Бастапқы ішкі бағалау**

Сандық скоринг жүйесінің қолданылуымен әлеуетті маңызды мәселелерді басымдыққа шығару.

**3. Ішкі қарау және түсініктемелер ұсыну**

Алынған кері байланысқа сәйкес баллдардың кейіннен түзетілуімен, алдын ала нәтижелерді атқарымдық басшыларға/әртүрлі салалардағы сарапшыларға таныстыру және маңызды мәселелер картасын жасау.

**4. Орнықты дамудың басым мәселелері тізбесін**

ақтық рәсімдеу және ERG-дің 2017 жылғы Орнықты даму жөніндегі есебін дайындау аясында ақпарат ашу бойынша GRI талаптарына сәйкес маңызды мәселелер картасын жасау.

### 2018 / 2019 жылдар

**5. Құжаттық талдау нәтижелері бойынша бағалауды жаңарту**

Ішкі бағалаудың нәтижелерін өзекті ету, мысалы, Топ басымдықтарының өзгеруін, тәуекелдерді бағалау нәтижелерін, стейкхолдерлердің алаңдаушылығын тудыратын мәселелерді, операциялық қызметтің сыртқы жағдайларын және басқа факторларды ескере отырып жаңарту.

**6. Ішкі стейкхолдерлердің қосымша түсініктемелері**

Құжаттық талдаудың қорытындысы бойынша бағалауды жаңарту нәтижелерін верификациялау үшін басшылардың арасында ішкі стейкхолделерді тарту.

**7. Сыртқы стейкхолдерлердің түсініктемелері**

Маңыздылықты бағалаудың жаңартылған нәтижелерін 25-тен астам сыртқы стейкхолдерлердің қарауына ұсыну.

**8. Қорытынды бағалау нәтижелерін ақтық рәсімдеу және маңызды мәселелер картасын жасау**

Орнықты дамудың басымдықты мәселелері тізбесін ақтық рәсімдеу және ERG-дің 2018 жылғы Орнықты даму жөніндегі есебін дайындау аясында ақпарат ашу бойынша GRI талаптарына сәйкес маңызды мәселелер картасын жасау.

| МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР | МӘСЕЛЕ | СИПАТТАМАСЫ |
|---|---|---|
| **Біздің бизнесті болашаққа дайындау**<br>● Трансформация<br>● Операциялық тиімділік және инновациялар<br>● Корпоративтік басқару<br>● Тәуекел менеджменті | **Трансформация** | » Активтердің тұтастығын арттыру, жаңа серіктестіктер құру және басқарудың озық тәжірибелерін енгізу, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті трансформациялау жолымен тұрақты өсуді және шығындарды қысқартуды қамтамасыз ету. |
| | **Операциялық тиімділік және инновациялар** | » Үдерістер мен технологияларды жетілдіру арқылы, сондай-ақ инновацияларды енгізу жолымен операциялық тиімділікті арттыру. |
| **Адамдарымыздың өркендеуіне жәрдемдесе отырып**<br>● Өндірістік қауіпсіздік<br>● Қызметкерлерді дамыту<br>● Еңбек қатынастары<br>● Алуан түрлілік және инклюзивтік | **Өндірістік қауіпсіздік** | » Қауіпсіз және дұрыс жұмыс ортасын қамтамасыз Ету |
| | **Қызметкерлерді дамыту** | » Қызметкерлеріміздің машықтары мен құзыреттерінің деңгейін арттыру |
| | **Еңбек қатынастары** | » Негізгі жұмыс мәселелері бойынша және жұмысты орындаумен байланысты емес мәселелер бойынша қызметкерлерімізбен және олардың заңды өкілдерімен өзара әрекеттесу (мысалы, отбасының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасы және т. б.) |
| **Жергілікті қоғамдастықтардың дамуы және олардың әл-ауқаты**<br>● Жергілікті қоғамдастықтарға ықпал ету<br>● Қоғамдастықтарға инвестициялар құю<br>● Артельдік және шағын ауқымды өндіру<br>● Байырғы және дәстүрлі халықтар | **Жергілікті қоғамдастықтарға ықпал ету** | » ERG-дің Жергілікті қоғамдастықтарға оң және кері ықпалы (соның ішінде қоғамдастықтарға мақсатты әлеуметтік инвестициялар және жабу, өйткені бұл аспектілер бөлек қаралады) |
| | **Әлеуметтік инвестициялар** | » Кәсіпорындар орналасқан елдердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартуға бағытталған ерікті және / немесе міндетті шығындар[1] |
| | **Артельдік және шағын ауқымды өндіру** | » ERG-дің Африкадағы өндіріс жүргізу аймақтарында және оларға тікелей жақын жерлерде артельдік және шағын ауқымды өндірумен айналысатын қоғамдастықтардың болуы, соның ішінде олармен өзара әрекеттесу |
| **Экология саласындағы тиімді басқару**<br>● ҚО ластануының алдын алу<br>● Энергия және климаттың өзгеруі<br>● Қалдықтарды басқару<br>● Судың қолжетімділігі<br>● Жауаптылықпен жабу және табыстау<br>● Биоалуантүрлілік | **Қоршаған ортаның ластануын болдырмау** | » Әлеуетті зиянды заттардың қоршаған ортаға шығарылуын жауаптылықпен басқару[2] |
| | **Энергия және климаттың өзгеруі** | » Қайта жаңғыртылмайтын көздерден энергияны пайдалану және / немесе өндіру, сондай-ақ климат өзгерісінің компанияға және басқа стейкхолдерлерге ықпал етуі |
| | **Қалдықтарды басқару** | » Қалдықтардың түзілуіне, олармен жұмыс жасауға және оларды пайдаға асыруға қатысты жауапты тәсілдеме (соның ішінде, мысалы, аршылым, қалдықтар, қож, жалпы өнеркәсіптік қалдықтар және т. б.) |
| **Қоғаммен өзара әрекеттестігіміз**<br>● Құндылықтарды қалыптастыру және бөлу (жергілікті қамтуды қосқанда)<br>● Комплаенс<br>● Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу және заңнама<br>● Адам құқығы[3] | **Құндылықтарды қалыптастыру және бөлу (жергілікті құрамды қосқанда)** | » Экономикалық құндылықтарды қалыптастыру және оларды ERG стейкхолдерлерінің арасында бөлу |
| | **Комплаенс** | » Топ пен оның қызметкерлері тарапынан заңнама талаптарының және комплаенс міндеттемелерінің сақталуын қамтамасыз ету |
| | **Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестік және заңнама** | » ERG мен кәсіпорындар орналасқан елдердің және басқа елдердің үкіметтері арасындағы қатынастар, соның ішінде оң және кері өзара ықпал |

● Маңызды ● Релевантты

1 Жұмыскерлерімізге бағытталған әлеуметтік инвестициялар «Еңбек қатынастары» бөлімінде қарастырылады.
2 Көмірқышқыл газ шығарындыларын қоспағанда, олар «Энергия және климаттың өзгеруі» бөлімінде бөлек қарастырылған.
3 «Адам құқығы» біздің бизнес пен басқару жүйесі үшін маңызды мәселе болып табылатынын атап өткен жөн. Бұл мәселе сондай-ақ ҚДР үшін аса маңызды болып табылады. Бұл мәселенің маңызды болып белгіленуінің негізгі себебі – оның негізгі тақырыптары, мысалы, «Артельдік және шағын ауқымды өндіру» және «Комплаенс» секілді өзге маңызды мәселелер аясында қамтылған.



1-БӨЛІМ

# Біздің бизнесті болашаққа дайындау

**МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

## Трансформация

Толығырақ 23-бетте

## Активтер портфелін дамыту[1]

Толығырақ 25-бетте

## Операциялық тиімділік және инновациялар

Толығырақ 29-бетте

1 Біздің активтер портфеліміздің дамуы туралы ақпарат маңыздылықты бағлау үдерісімен қамтылмайтынына және ақпараттың толықтығын қамтамасыз ету мақсатында есепте ұсынылғанына назарыңызды аударғымыз келеді.

**2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ**

**Топтың жаңа 2025 Стратегиясы әзірленіп,** оны іске асыру басталды;




**КДР-дағы Metalkol RTR жобасында катодты мыс пен кобальт гидроксидінің алғашқы топтамасы өндірілді**

Жобаларды тиімді басқару үшін **ERG Capital Projects компаниясыны** құрылуы

Қазақстандағы операциялық тиімділікті арттыру жөніндегі бастаманың нәтижесінде

**$91,7 млн**

АҚШ доллары үнемделді

# 1-БӨЛІМ: БІЗДІҢ БИЗНЕСТІ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ

Біздегі 2025 Стратегиясының басым бағыттарының бірі – Топтың **қаржылық тұрақтылығын** қамтамасыз ету. Бұл – атап айтқанда, қолайлы борышкерлік жүктемені, сондай-ақ нарықтың болжалды ауытқуларына төзімділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті өтімділік деңгейін қолдап отыруды білдіреді. Бұл сондай-ақ акционерлерімізге дивидендтер төлеуді және салынған капиталға қатысты жоғары қайтарым деңгейін қолдауды қоса алғанда, барынша дұрыс әрекеттерді қарастырады. Біздегі 2025 Стратегиясының барлық бағыттары ақыр соңында біздің бизнесіміздің тұрақтылығын қамтамасыз етуге үлес қосады, бұл ретте Топтың екі басым міндеті аса маңызды болып табылады:

- Үлесті шығындарды қысқарту (мысалы, өнімділікті арттыру және өндірісті үдету жөніндегі шаралар нәтижесінде), ұйымдастырушылық тиімділікті арттыру және сату үдерісін жетілдіру, сондай-ақ үздіксіз жақсарту мәдениетін қалыптастыру жолымен Барлық істе тиімділікке қол жеткізу;
- Қазақстандағы қолда бар активтерімізді әрі қарай дамыту, халықаралық активтерден қайтарымды ұлғайту және Топтың энергетикалық бизнесін әрі қарай дамыту арқылы Портфелдің теңгерімді өсуін қолдап отыру.



## Тратрансформация кезеңдері

**ДАҒДАРЫСТЫҚ БАСҚАРУ** — 2014 – 2015

- Өндіріс көлемдері мен жұмыс орындарын сақтау
- Қаржы жағдайын тұрақтандыру
- Трансформациялау, орталықтандыру және бақылауды күшейту

**ТҰРАҚТАНДЫРУ** — 2016 – 2017

- Берешекті қайта құрылымдау және қаржы жағдайын нығайту
- Инновациялық жобаларды іске асыру
- Ағымдағы өсу және жаңару жобаларын іске асыруды жалғастыру

**ДАМУ ЖӘНЕ ӨСУ** — 2018 >

- Активтер портфелін оңтайландыру»
- Өсу мен жаңарудың жаңа жобаларына инвестициялар»
- Операциялық тиімділікті ауқымды түрде арттыру
- Басқарушы жүйелер мен құзыреттерді әрі қарай жетілдіру

# Трансформация

## Стратегиялық мәнмәтін

**Барлық істегі тиімділік:**
Біздегі 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі – жекелеген активтер мен жалпы Топ деңгейінде тиімділікті арттыру. Бұл жұмыс тиісті басқару құралдары мен үдерістерге сүйенетін үздіксіз жақсартуларды қалыптастыру мен ұйымдастырушылық тиімділікті арттыруды қамтиды.



**БҰҰ релевантты Орнықты Даму Мақсаттары**

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ-мен анықталған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
| 8 | 8.2 | Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, соның ішінде қосылған құны жоғары және еңбекті көп қажетсінетін секторларға ерекше назар аудару жолымен экономикадағы өнімділікті арттыруға қол жеткізу |

Біз 2014 жылы басталған өз бизнесімізді трансформациялау үдерісі аясында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жүйелерді, тәжірибелерді және ұйымдық құрылымдарды енгізуді жалғастырудамыз. Бұл – бізге бизнесіміздің орнықтылығын, сондай-ақ ұзақ мерзімді келешекте оның құндылықтарды қалыптастыру қабілетін арттыруға мүмкіндік береді

Біздің трансформациямыздың негізгі бағыттары келесілерді қамтиды (өзгерелерімен қосқанда):

- Бизнес-үдерістерді стандарттау, жоспарлауды жетілдіру, капиталды тиімді бөлу, сондай-ақ өнімділікті арттыру, ал бұл – шығындардың қысқаруына әкеледі;
- Өндірістік және басқарушылық қызметте инновациялық тәсілдемелерді қолдану;
- Корпоративтік басқарудың тиімділігі мен айқындығын арттыру;
- Жұмыскерлердің қатысуын қамтамасыз ету, корпоративтік құндылықтарды енгізу және тиімділікті басқару.

2014 жылдан бастап біз бизнесті трансформациялау бойынша бірқатар бастамаларды ойдағыдай іске асырып жатырмыз. 2018 жылы біз осындай қолда бар бағдарламаларды бизнесіміздің барынша стратегиялық маңызды аспектілерімен байланысты бірқатар жаңа бастамалармен, сондай-ақ стейкхолдерлердің күткен үмітімен толықтырдық.

### 2025 Стратегиясын әзірлеу

Трансформация саласындағы аса маңызды жобалардың бірі – 2018 жылғы маусым айында ERG Менеджерлер кеңесімен бекітілген 2025 Стратегиясының (12-бет) әзірленуі және енгізілуі болды.

Біз келесі бағыттарды қамтитын атқарымдық стратегиялардың бірінші толқынын әзірлеуді бастадық:

- Инвестициялық жоспарлау;
- Күрделі жобалар;
- Қаржы;
- Қызметкерлерді басқару;
- АТ;
- Техникалық қызмет көрсету;
- Өндіріс және операциялық тиімділік;
- Сатып алулар;
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік мәселелер.

Сонымен қатар, біз:

- Біздің жұмысымыздың бағыттары біздің стратегиялық міндеттерімізге сәйкес келуі үшін және оларды орындауға жәрдемдесуі үшін жобаларды/бастамаларды қарастыру үдерісін жетілдірдік;
- Жобалар қоржынын басқару жөніндегі стратегияны әзірлеудеміз;
- 2025 Стратегиясына сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін жекелеген активтер үшін стратегияларды қайта қараудамыз.

Жалпы алғанда осы шаралардың барлығы біздің 2025 Стратегиясын іске асыру үшін негіз болады.

# 1-БӨЛІМ: БІЗДІҢ БИЗНЕСТІ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ

## **Трансформация** жалғасы

### Қазақстандағы ERG академиясының транформациялаудағы рөлі

Біздегі 2025 Стратегиясын іске асырудың маңызды алғышарты – Копоративтік мәдениетті үздіксіз трансформациялау. Бұл үдерісте ERG академиясы маңызды рөл атқаратын болады, оның функциясы өндірістік оқытумен шектелмей, барынша стратегиялық сипатқа ие және Қазақстандағы кәсіпорындарымыздың мәдениетін трансформациялауды көздейді. Бұл жұмыс мыналарды қамтиды:

- » Топтың кәсіпорындарында жаңа 2025 Стратегиясын ілгерілету (хх-бет);
- » Топтың 2025 Стратегиясы (хх-бет) аясында атқарымдық стратегияларды әзірлеуге жәрдемдесу және қатысу;
- » Инноваторлар форумы секілді (29-бет) Топ деңгейіндегі іс-шараларды өткізу;
- » ERG Өндірістік жүйесін енгізуге жәрдемдесу үшін мамандандырылған оқытуды ұйымдастыру (төменнен қараңыз) – 2019 жылдың сәуір айында Ақсу ферроқорытпалар зауытында оқыту өткізіле басталды.

### Қазақстандағы ERG өндірістік жүйесі

2025 Стратегиясын іске асыру мәнмәтінінде біз жаңа, аса тиімді және нәтижелі өндірістік мәдениетті қалыптастыруға талпынамыз. Ол үшін Қазақстанда (біздің активтеріміз бен жұмыскерлеріміздің негізгі бөлігі шоғырланған жерде) біз жаңа бастаманы – ERG Өндірістік жүйесін әзірледік, ол өнімнің бүкіл өмірлік циклі барысында тиімділікті қамтамасыз етеді, соның ішінде үнемшіл өндіріс қағидаттарын қолдану жолымен.

ERG Өндірістік жүйесінің негізгі мақсаттары келесілерді қамтиды:

- » Өндірістің тиімділігін ұдайы арттыру, бұл ретте жабдықтың өнімділігін қолдап отыруға және шығындарды тұрақты түрде төмендетуге ерекше назар аударылады;
- » Жекелеген қызметкерлердің арасындағы, сондай-ақ жалпы бөлімшелердің арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті арттырудың және бірыңғай басқару қағидаттарын қолданудың арқасында кәсіпорындар деңгейінде басқарудың тиімділігін арттыру;
- » Жалпы міндеттерді орындаудың жаңа әдістерін анықтау және жұмыскерлердің қатысу деңгейін көтеру жолымен тиімділікті арттыру үдерістеріне жұмыскерлерді тарту (соның ішінде шешімдер қабылдауға қатысуды қоса алғанда);
- » Өндірістік үдеріс аясында өзгерістерді жүйелі түрде басқаруды қолдау, соның ішінде бірінші кезекте оқыту арқылы және әртүрлі функциялардың арасындағы ынтымақтастық арқылы жұмыскерлердің мүмкіндіктері ауқымын кеңейту.

Біз Қазақстандағы аса ірі кәсіпорындарымызда осы тәсілдемені пилоттық тұрғыда қолдануды жоспарлап отырмыз. Кейіннен ол цех бастықтарынан бастап, актив басшыларына дейін – әртүрлі деңгейдегі қызметкерлер үшін мамандандырылған оқытуды өткізу жолымен Қазақстандағы қызметіміздің бағыттары мен барлық активтер бойынша бойынша тираждалады (төменнен қараңыз).

### Қазақстандағы ERG Бизнес-жүйесі

2018 жылы біз жаңа бағдарламаны іске асыруды бастадық, оның мақсаты – Қазақстандағы бизнес-үдерістерімізді арттыру және үздіксіз жақсартуларды қолдау болып табылады. Бұл бағдарлама барлық істе тиімділікке қол жеткізу бойынша жұмысымызға үлес қосады және келесідей негізгі бағыттарды қамтиды:

- » Ұйымдастырушылық тиімділікті арттыру үшін барлық деңгейлердегі менеджерлердің қатысун арттыру және өкілеттіктерінің ауқымын кеңейту;
- » Басқарушылық үдерістерді оңайлату және олардың тиімділігін арттыру, соның ішінде бірыңғай стандарттар мен үдерістерді әзірлеу, барлық деңгейлерде әртүрлі функциялардың арасындағы ынтымақтастықты кеңейту, автоматтандыру, бюрократиясыздандыру жолымен және т. б. жолдармен.

### Атқарымды трансформация бағдарламалары

Сонымен қатар, Топтың бастамаларын іске асыруға жәрдемдесу үшін біз атқарымдық бағыттарды трансформациялаудың бірқатар бағдарламаларын іске асырдық. Олар келесі бағыттарды қамтыды:

- » Стратегиялық жобалардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету үшін арнайы компания – ERG Capital Projects компаниясын құру (хх-бет);
- » Топ деңгейінде қаржылық бақылауды орталықтандыру және қазынашылық, бюджеттеу және жоспарлау, салықтар және есеп салаларындағы жаңа саясаттарды бекіту;
- » Техникалық қызмет көрсету үдерістері мен жөндеулердің тиімділігін арттыру жөніндегі бағдарламаны іске асыру;
- » Тәуекелдерді басқару бойынша жаңа корпоративтік әдістемені бекіту.

### Экологиялық және әлеуметтік ықпалды басқару үшін бағдарламалық жасақтама пайдалану

Біз сондай-ақ бірқатар атқарымдық салалардағы шешімдерді қабылдау мен үдерістердің және басқарушылық бақылаудың тиімділігін арттыру үшін бірқатар бағдарламалық платформаларды енгізуді ұсындық. Атап айтқанда, біз Африкада өндірістік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік мәселелер саласындағы қызметімізді басқару үшін ықпалдастырылған бағдарламалық жасақтаманы (Isometrix) пайдалануды бастадық. Келешекте біз сондай-ақ осындай жүйелерді Қазақстанда қолдану мүмкіндіктерін қарастыратын боламыз.

## Болашаққа жоспарлар

2025 Стратегиясын іске асыру аясында біз 2019 жылы төмендегіні жоспарлап отырмыз:

- » 2025 Стратегиясының іске асырылуын қамтамасыз ететін негізгі атқарымдық стратегияларды әзірлеуді аяқтау;
- » 2025 Стратегиясының мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосатын бизнесті дамытудың жаңа мүмкіндіктерін анықтау.

Сонымен қатар біз Қазақстанда ERG Өндірістік жүйесі мен Бизнес-жүйені әрі қарай енгізу мен дамытуды жоспарлап отырмыз. Біз сондай-ақ Африкадағы кәсіпорындарымызда осы қағидаттар мен үдерістерді енгізу мүмкіндіктерін зерттейтін боламыз.

Сонымен қатар, біз басқарушылық командамыз бен функциялардың тиімділігін қамтамасыз ету үшін Африкада ұйымдастырушылық дамыту жөніндегі бағдарламаны іске асыруды жоспарлап отырмыз.



# Активтер портфелін дамыту

## Стратегиялық мәнмәтін

**Теңгерімді өсетін портфель:** біздегі 2025 Стратегиясы аясында басым міндеттердің бірі – тұрақты дамуды және біздің активтер қоржынының дамуын қамтамасыз ету. Бұл – біздің Қазақстандағы қолда бар активтеріміздің дамуын және халықаралық активтердің ағымдағы портфелінен қайтарымның ұлғаюын қарастырады. Сонымен қатар, біз табиғи ресурстарды пайдаланудың жаңа мүмкіндіктері есебінен және / немесе активтерді сатудың есебінен портфелді оңтайландыруға ерекше назар аударамыз, сондай-ақ Топтың энергетикалық бизнесінің әрі қарай дамуын қамтамасыз етуге талпынамыз.



### БҰҰ релевантты Орнықты Даму Мақсаттары

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ анықтаған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
| 8 | 8.2 | Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, соның ішінде қосылған құны жоғары және еңбекті көп қажетсінетін секторларға ерекше назар аудару жолымен экономикадағы өнімділікті арттыруға қол жеткізу |
| 9 | 9.2 | Ауқымды және тұрақты индустрияландыруға жәрдемдесу және 2030 жылға қарай ұлттық шарттарға сәйкес жалпы ішкі өнімдегі өнеркәсіп өндірісінің үлесі мен өнеркәсіптегі жұмыспен қамту деңгейін едәуір арттыру және нашар дамыған елдердегі тиісті көрсеткіштерді екі есеге арттыру |
| | 9.4 | Жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің қатысуымен 2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғырту және өнеркәсіп кәсіпорындарын түрлендіру, бұл ретте ресурстарды пайдалану тиімділігін арттырудың және таза әрі экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік үдерістерді барынша кеңінен қолданудың есебінен өнеркәсіптік кәсіпорындарды тұрақты ете отырып, оларды түрлендіру |

2025 Стратегиясына сәйкес, біз активтеріміздің портфелін дамытуға баса назар аударамыз. Бұл жұмыс келесілерді қамтиды:

» Қазақстандағы активтерді дамыту (олардың қатарына жаңғырту мен қайта жарақтандыруды қажет ететін жұмыс істеп тұрған активтер жатады);
» Қазақстаннан тыс жерлердегі активтердің пайдаланымын арттыру және халықаралық активтер портфелінің салымын Топтың EBITDA көрсеткішіне өсіру;
» Активтер портфелін оңтайландыру, соның ішінде капитал салымдарын тәртіпті бөлу жолымен;
» Топтың энергетикалық бизнесін әрі қарай дамыту және активтер портфелі аясындағы оның рөлін арттыру.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін біз осы саладағы ұйымдастырушылық құзыреттерді дамыту бойынша бірқатар шараларды қолға алдық. Осы жұмыс аясында басқарудың жаңа үлгісін және жобаларды басқару қағидаттарын белгілейтін жаңа Күрделі шығындарды басқару саясаты әзірленді.

Бұл – бізге инвестициялық шешімдерді қабылдау үдерісін оңтайландыруға, сондай-ақ олардың тиімді орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, 2019 жылы жеке ERG Capital Projects компаниясы құрылды, онда жобаларды басқару саласындағы біздің құзыреттеріміз шоғырландырылады және күшейтіледі. Бұл – бізге стратегиялық жобаларымызды іске асыруға тиісті жолмен баса назар аударуға мүмкіндік береді.

# 1-БӨЛІМ: БІЗДІҢ БИЗНЕСТІ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ
## Активтер портфелін дамыту жалғасы

### Кобальт және мыс

**Біздегі Metalkol RTR жобасы**

2018 жылы біз Metalkol RTR кобальт және мыс өндіру бойынша стратегиялық жобамызды іске қостық және бірінші кезегінің жобалық қуатына шығаруды бастадық. 4-тоқсанда мыстың алғашқы топтамасы өндірілді.

Metalkol RTR жобасы Колвези ауданын басқа компаниялардың ондаған жылдар бойы игеруі салдарынан Колвезидегі қалдық қоймада жиналған ескі мыс-кобальт үйінділерін қайта өңдеуді қарастырады. Осы қалдықтарды қайта өңдеу мен тиісінше сақтауды жүзеге асыра отырып, біз:

» Жауапты тәжірибелерге сәйкес өндірілетін кобальттың жаңа стратегиялық көзіне қол жеткіземіз. Осылайша біз электромобильдер секторының дамуына үлес қосамыз, сондай-ақ серіктестерімізге біздегі «Таза кобальт» бағдарламасы аясындағы (62-бет) жауапты жеткізілімдер тізбегіне кепілдік береміз;

» 1950 жылдардан бастап алдыңғы операторлармен қоршаған ортаға (соның ішінде Мусоной өзеніне) тасталған қалдықтарды жою бойынша белсенді жұмыс жүргіземіз. Олай болмаған жағдайда, бұл қалдықтар осы төңіректегі су мен атмосфералық ауаның ластану көзі болып қалар еді.

Осы кәсіпорындағы мыстың алғашқы топтамасын алғаннан кейін бір айдан соң кобальт гидроксидін өндіру басталды. Кейіннен біз өз өнімдеріміздің нарықтық ерекшелігіне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында және экспорттық жеткізілімдерді жүзеге асыру үшін қажетті рұқсаттарды алу мақсатында технологиялық шектердің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге баса назар аудардық.

Жобалық қуатына шыққаннан кейін Metalkol RTR жобасы аясындағы өндіріс көлемі жылына 15 мың тонна кобальтты және 77 мың тонна мысты болмақ.

Сонымен қатар, біз кобальт пен мыс өндірісін жылына 5 мың тоннаға және сәйкесінше 28 мың тоннаға ұлғайту мақсатында жобаның 2-ші кезеңінің құрылысын бастадық.

**Boss Mining**

2019 жылдың ақпан айында біз Boss Mining кәсіпорнын консервацияға шығару туралы жарияладық. Қазіргі таңда біз Boss Mining кәсіпорнының қызметін қайта жалғастыру мен тиімділігін арттырудың экономикалық тұрғыда қисынды мүмкіндіктерін қарастырып жатырмыз.

**Frontier кәсіпорнындағы Контур-3 жобасы**

Біз карьерді кеңейту бойынша Контур-3 жобасын іске асыруды қоса алғанда, КДР-дағы Frontier мыс кен орнын игеруге қаражат салуды жалғастырдық. Бұл жоба аршылымның әрі қарай шығарып алынуын тұспалдайды, бұл – Контур-3 жобасының аяқталу сәтіне қарай 364 мың тонна мыс концентратын қосымша өндіруге мүмкіндік береді. Кәсіпорынның қоймаларында жиналған мыс қорларын қайта өңдеумен бірге, бұл шаралар кеніштің игеру мерзімін 2024 жылға дейін ұзартуға мүмкіндік береді.

Біз Контур-4 жобасын қоса алғанда, кен орнын әрі қарай игерудің болжалды нұсқаларын қарастыруды жалғастырып жатырмыз, ол аса елеулі өндірістік әлеуетті иемденетін болады және Frontier кен орнын игеру мерзімін 10 жылдан астам мерзімге қосымша ұзартуға мүмкіндік береді.

### Metalkol RTR: нарыққа шығуға дайындық

Біз келесі кепілдіктерді беру үшін нарыққа қатысушылармен жұмыс жүргіземіз:

» Қазіргі таңда 15 жылдан асатын қорлармен (екінші кезек аясындағы болжанған өндіріс көлемдерін ескере отырып) Metalkol RTR жобасының қамтамасыз етілуінің арқасында кобальтті ұзақ мерзімді жеткізуші ретіндегі біздің кобальт жеткізуші ретіндегі сенімділігіміз;

» Қайта өңдеудің пайдаланылып жатқан үлгісіне тән шығындардың төмен деңгейімен түсіндірілетін, бағалардың құбылуына Metalkol RTR төзімділігі;

» Біздің өнімдеріміздің орнықты даму талаптарына сәйкес келуі, соның ішінде:
- Біздегі кобальт гидроксиді өндірісінде басқа көздерден алынған кобальт шикізаты пайдаланылмайтынын көрнекі түрде растау мүмкіндігі (соның ішінде артельдік және шағын ауқымды өндіруді қоса алғанда);
- Сатып алушыға табыстауға дейін, жауапты тәжірибелерге сәйкес біздің кәсіпорындарымызда өндірілген кобальт гидроксидінің қозғалысын тиімді қадағалап отыру бойынша қабілетіміз (62-бет).

### ERG және «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы

ERG Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиялық бағдарламасының (BRI) қатысушысы болып табылады[1]. Бағдарлама құрлықтағы және теңіздегі сауда байланыстарын жақсартуға және шамамен 65 елде, ең алдымен Еуразияда (Қазақстанды қоса алғанда), сондай-ақ Африкада экономикалық өсуге жәрдемдесуге бағытталған.

Топ Қытай инвестицияларының арқасында, сондай-ақ құрылыс және жобалау саласындағы Қытайдың сарапшылық әлеуетінің арқасында даму жобаларын іске асыруда бірқатар артықшылықтарды иемденеді. Ұзақ мерзімді келешекте BRI бағдарламасы Қытай тарапынан Топтың өнімдеріне деген сұранысты қолдауда маңызды рөл атқарады. Осылайша, BRI бағдарламасын өзіміздің келешек өсуіміздің негізгі стратегиялық драйвері ретінде қарастырамыз.



1 Belt and Road Initiative (ағыл.) – «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы.

## Алюминий

### Қазақстандағы ҚЭЗ-2 жобасын іске асыру жолымен құндылықты арттыру

Қазақстан электролиз зауыты базасында ҚЭЗ-2 ірі жобасы іске асырылған жағдайда ERG келесі мүмкіндіктерге қол жеткізеді:

- Алюминий бойынша жалпы қуатты екі еседен артық шамаға арттыру;
- Алюминий қорытпаларын өндіру мүмкіндігін қоса алғанда, өндіріс тізбегінің келесі кезеңдерін ықпалдастырудың арқасында глинозем мен энергия генерациялайтын қуаттардың өз қорларының құндылығын арттыру.

Бұл – әсіресе біздің глинозем және алюминий өнімдерімізге қатысты күтілген жоғары сұраныстың ескерілуімен өзекті болып табылады. Осыған байланысты, біздің жаңартылған стратегиялық жоспарымыз алдағы он жылдың ішінде глинозем өндірісін жылына 1,5 млн. тонна деңгейінде қолдап отыруды қарастырады.

Ол үшін 2018 жылы біз «инжиниринг – сатып алулар – құрылыс» (ЕРС) сұлбасы бойынша іске асырылуымен, құны 1,5 млрд. АҚШ долларын құрайтын әлеуетті жобаның банктік техникалық-экономикалық негіздемесін қатар дайындауды бастадық[1]. ТЭН әзірленуі 2019 жылы аяқталады деп күтілуде, одан кейін жоба үшін үздік серіктес іріктелетін болады.

Қазіргі таңда бұл жоба ҚХР Үкіметінің «Бір белдеу, бір жол» (BRI) бағдарламасы аясында іске асырылатын жобалардың тізбесіне енгізілді, бұл – қаржыландыруға, атап айтқанда Қытай Мемлекеттік даму банкінен қаржыландыруға қол жеткізуді жақсартады. Қазіргі сәтте құрылысы 2020 жылға жоспарланған.

### Қазақстан алюминийі кәсіпорнындағы глинозем өндірісін қолдау

2018 жылы біз алдыңғы стратегиялық сценарийге сәйкес бұрын жоспарланған 2021 жылға қарай жылына 1,023 млн тоннаға дейін өндірісті қысқартудан бас тарта отырып, Қазақстан алюминийі кәсіпорнындағы глинозем өндірісін жылына 1,5 млн тонна деңгейінде қолдау туралы шешім қабылдадық. Бұл шешім Қытай тарапынан глиноземге деген күтілген сұраныспен, сондай-ақ ҚЭЗ-2 жобасы аяқталғаннан кейін жеке қажеттіліктер үшін глинозем тұтынудың болжалды өсуімен байланысты болды.

Осыған байланысты, біз үлесті шығындарды қысқартуға мүмкіндік беретін бірқатар шағын күрделі салымдарды жасауға шешім қабылдадық. Олар келесідей бағыттарды қамтиды:

- Жүк көліктері паркін кеңейту;
- Жаңа карьерлерді игеру;
- Қазақстан алюминийі кәсіпорнының зауытындағы жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және алмастыру.

### Қазақстан алюминийі кәсіпорнындағы шығарындыларды төмендету үшін озық сүзгілерді орнату

Атмосфералық ауаға шығарындыларды төмендету жөніндегі жаңа стратегиямыз аясында іске асырылып жатқан бұл бастама Павлодар облысындағы ауыр өнеркәсіп пен тау-кен өндіру өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарының қызметі мәнмәтінінде кәсіпорындағы (сондай-ақ тұрмыстық қажеттіліктер үшін көмір тұтынушылардың) қатты бөлшектердің шығарындыларын, және сәйкесінше, қоршаған ортаға шығарындылар бойынша біздің үлесімізді едәуір қысқартуға мүмкіндік береді (69-бет).

### Жобаларды кешенді бағалауға және тау-кен жұмыстарын жоспарлауға жетілдірілген ыңғай

2018 жылы біз активтерімізді жан-жақты бағалауға, сондай-ақ Африка мен Қазақстанда тиісті тау-кен жоспарларын әзірлеуге және бекітуге деген ыңғайды жақсарттық. Атап айтқанда, тәуелсіз бағалау жүргізу үшін тау-кен ісі саласындағы әлемдік деңгейдегі сарапшылар тартылды. Осы іс-шаралар біз қолданған тәсілдерді жалғастырып, толықтырады, оның аясында жобалардың орындылығы мен тартымдылығын бағалау барысында инфрақұрылым мен жабдықтың болуы, жобалық-техникалық шешімдер мен Топтың түрлі кәсіпорындарының арасындағы синергия ескеріледі.

Жобаларды тәуелсіз жан-жақты бағалау бізге ағымдағы шектеулердің салдарынан кен орындарын игерудің ықтимал нұсқаларынан бас тарту немесе бұрын қолданылған жобалық-техникалық шешімдерді білместен көшіру қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Осы жаңа ыңғайдың аясында біз:

- Оны жүзеге асыру үшін жаңа жобалық топ құрдық;
- Игерілудегі кен орындар бойынша барлық қол жетімді деректерді жинап, реттедік;
- Кен орындарының қолданыстағы үлгілеріне сүйене отырып кен орындарын игерудің жаңа нұсқаларын анықтау жөніндегі жұмысты бастадық.
- Біз кен орындарын игерудің жаңа нұсқаларын цифрландыруды бастадық.

2019 жылы біз жаңа / қолданыстағы кен орындарының үлгілерін ары қарай игеру және пайдалы қазбалар ресурстарын бағалау үшін қосымша барлау арқылы жаңа кен орындарын игеру мүмкіндіктеріне әсер ететін мәліметтердегі / талдаудағы олқылықтардың орнын толтыруды жоспарлап отырмыз. Осы процесс Топ кәсіпорындары жасаған кен орындарының үлгілерін кеңейтеді және жаңартады, бұл:

- Кен орнының әлеуеті туралы дәлірек түсінік алуға;
- Кен орындарын игеру үшін қаржыландыруды тарту мүмкіндіктерін кеңейтуге;
- Кен орнын игеруде икемділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осындай тәсіл қазірдің өзінде Қазақстан Тәуелсіздігінің Онжылдығында (Қазхром) (28-бет), Қашар карьерінде (ССГПО) (28-бет) және КДР-дегі Frontier кенішінде қолданылуда (26-бет).



1 Engineering, Procurement and Construction (ағыл.) – инжиниринг, сатып алулар және құрылыс

# 1-БӨЛІМ: БІЗДІҢ БИЗНЕСТІ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ
## Активтер портфелін дамыту жалғасы

### Ферроқорытпалар

#### Қазақстандағы ҚТО шахталарын игеру

2018 жылы біз Қазақстан Тәуелсіздігінің Онжылдығы Шахтасының (ҚТОШ) екінші кезегінің құрылысын жалғастырдық. Бұл жоба ферроқорытпалар өндіретін зауыттарымыздың қажеттілігі үшін хром кені жеткізілетін басқа шахталардағы өндірудің күтілген қысқаруын өтеуге бағытталған. ҚТОШ-тың екінші кезегі өндірудің төмендеп жатқан көлемін алмастыруға мүмкіндік береді, бұл – Қазхром өндірісін ұлғайтуға тікелей үлес қосады. Бір жылдың ішінде біз әлемдік деңгейдегі осы хром кен орнында өндіруді ұлғайту үшін алдын ала техникалық-экономикалық негіздемені әзірлей бастадық. Бұл – қазіргі таңда пайдаланылатын өнімділігі төмен өндіру әдістерінен блоктық опыру әдісімен кең ауқымды және өнімділігі жоғары өндіруге өтуді қарастырады. Біз алдын ала ТЭН-ді дайындауды – 2019 жылдың соңына қарай аяқтауды жоспарлап отырмыз, ал екінші кезектегі алғашқы кенді өндіру 2024 жылға белгіленген.

Сонымен қатар, біз ферроқорытпалар өндіретін зауыттарымызға хром шикізатын жеткізу көлемдерін толықтыруға арналған бірқатар шағын ауқымды жобаларымызды іске асыруды бастадық.

#### Қазақстандағы Ақсу ферроқорытпа зауытында өндірісті кеңейту

№6 цехты қайта жаңарту жобасының бірінші кезеңі шеңберінде біз Ақсу ферроқорытпа зауытындағы №64 қорыту пешін күрделі жөндеуді жалғастырдық. Атап айтқанда, пешті газ өткізбейтін нығыздауышпен жабдықтау жұмыстары жүргізілді, бұл – беру кезінде шихтаны қыздыру барысында ішінара пайдалану үшін ферроқорытпа газының қармалуын қамтамасыз етеді. Бұл – келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді деп күтілуде:

- Пештің өнімділігін 50%-ға арттыру;
- Электр энергиясын тұтынуды 20%-ға төмендету;
- Үлесті шығындарды қысқарту;
- Атмосфераға ластағыш заттардың шығарылу көлемін төмендету (екі заманауи газ тазарту қондырғысының орнатылуын ескере отырып).

Бірінші кезеңнің нәтижелері бойынша №6 цехты қайта жаңарту жөніндегі жобаны әзірлеу басталады, ол № 61, 62 және 63 қорыту пештерін қайта жаңартуды қамтиды.

### Өзге жобалар

Бизнесіміздің орнықтылығын қамтамасыз ету үшін өсуге және жаңаруға бағытталған өзге жобалардың қатарына мыналар кіреді:

#### Бразилиядағы Bahia Mineração (BAMIN) жобасын дамыту

2018 жылы біз BAMIN стратегиялық жобасын іске асыруды жалғастырдық, ол кен орнын игеруді және темір жол мен порттың құрылысын салуды қарастырады. Атап айтқанда, 2018 жылғы жұмыс бірлескен кәсіпкерлік бойынша әлеуетті серіктестермен өзара әрекеттесуді қамтыды. Мұндай өзара әрекеттестік 2019 жылы жалғасын табады деп күтілуде.

2018 жылы біз:

- Құрылыстың осы кезеңіне дайындық аясында жобаның басқарушылық және өндірістік командасын нығайту жөніндегі жұмысты жүргіздік;
- Құрылысты бастауға арналған қажетті жағдайларды жасау үшін жаңа стратегиялық жоспарды, басқару үлгісін және мәдени трансформация бағдарламасын әзірлеуді бастадық;
- Қазіргі таңда Бразилия Үкіметінің басшылығымен құрылысы жүргізіліп жатқан Ferrovia de Integracão Oeste-Leste (FIOL) темір жолын пайдалануға арналған тендерге қатысуға дайындалдық;

Сонымен қатар, Қытайдағы темір кені шикізатының импорты құрылымында негізгі орынды жоғары сұрыпты кен иемденетінін атап өткен жөн. Бұл – елде өткізіліп жатқан, қара металлургия кәсіпорындарының парниктік газдары мен ластағыш газдарды шығаруын төмендету жөніндегі жұмыспен байланысты болды. Бұл жағдай BAMIN-нің коммерциялық тартымдылығын қамтамасыз етеді, өйткені жобаның ағымдағы конфигурациясы – қоспаларының мөлшері төмен жоғары сұрыпты кен өндіруді қарастырады. Осының арқасында ERG кенін сыйақымен сата алады, бұл ретте атмосфералық ауаға шығарындыларды төмендету бойынша Қытай Үкіметінің жұмысына үлес қосады. Бұл фактор Австралиядан Қытайға ТКШ жеткізетін экспортшыларға қатысты BAMIN-ның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Біз әрі қарай BAMIN командасын қалыптастыру жөніндегі жұмысты және әлеуетті бизнес-серіктестермен өзара әрекеттестікті жалғастырамыз. Жобаны іске асырудың басталуы 2019 жылға белгіленген.

#### ССКӨБ Қашар карьерінде жаңа байыту фабрикасының құрылысын салу

Өнімділігі жылына 18 млн. тонна темір кен концентраты мен 9 млн. тонна шекемтасты құрайтын Рудный қаласындағы жұмыс істеп тұрған байыту фабрикамыздың қызмет ету мерзімі бітуге жақын қалды. Біздің темір кен қорларымыздың негізгі бөлігі Қашар карьерінде шоғырланғандықтан, біз жаңа байыту фабрикасын құру мүмкіндігін зерттеп жатырмыз, онда кенді уатудың, ұсақтаудың және байытудың ең жаңа технологиялары пайдаланылады, бұл – шығындарды төмендетуге және өндірілетін өнімнің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бұнымен қатар біз Рудныйдағы қолда бар фабрика кешенін жаңғырту бойынша әлеуетке бағалау жүргіземіз. Екі нұсқасы да алдын ала техникалық-экономикалық негізде сынақтан өтеді, ол 2020 жылы аяқталады.

#### Шұбаркөл көмір кәсіпорнындағы арнайы кокс өндіретін жаңа зауыт

2018 жылы біз қуаты жылына 400 мың тонналық арнайы кокс өндіретін жаңа зауыттың құрылысын салу мүмкіндігін және ағымдағы қуаты жылына 210 мың тоннаны құрайтын жартылай кокс өндіру бойынша жұмыс істеп тұрған зауытты қайта құру мүмкіндігін қарастырдық. Бұл – қорыту барысында пайдаланылатын, өзіндік төмен қалпына келтіргіштерге деген топ ішіндегі сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ бөтен ұйымдарға өнімнің осындай түрін сату үшін мүмкіндік жасайды. Біз осы жоба бойынша техникалық-экономикалық негіздеме дайындадық және осы уақытта EPC -мердігерлермен жасалған шарттарды қайта қарап жатырмыз.

#### Қазақстандағы Ақсу электр станциясын қайта құру

№5 энергия блогын қайта құру жалғастырылды, оны пайдалануға беру 2019 жылға жоспарланған. Энергиялық блоктың негізгі технологиялық жабдықтарын (қазан агрегаттарын, турбиналық агрегаттарды және генераторларды) алмастыру – оның қуатын ағымдағы 300 МВт шегінен 325 МВт-қа ұлғайтуға мүмкіндік береді және осылайша Топтың ішіндегі электр энергиясы тапшылығының болжалды туындауына жол бермейді. Сонымен қатар, бұл сондай-ақ энергиялық блок жұмысының қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыруға жәрдемдесуі мүмкін, бұл ретте ескірген электр сүзгілерін алмастыру – атмосфералық ауаға эмиссияларды қысқартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, біз Ақсу электр станциясының №7 энергиялық блогын қайта құрудың алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді аяқтадық және техникалық-экономикалық негіздеме мен жан-жақты инжинирингті дайындауға өттік.

#### «3-Энергоорталық» АҚ қуатын кеңейтудің мүмкіндіктерін қарастыру

2018 жылы ERG Шымкентте (Қазақстан) жұмыс істеп тұрған электр станциясын («3-Энергоорталық» АҚ) сатып алды. Қазіргі сәтте біз осы газ электр станциясының өндірістік қуатын кеңейтумүмкіндіктерін алдын ала қарастырып  жатырмыз.

1-БӨЛІМ: БІЗДІҢ БИЗНЕСТІ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ

# Операциялық тиімділік және инновациялар

## Стратегиялық мәнмәтін

**Барлық істегі тиімділік:** біздегі 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі – жекелеген активтер деңгейінде және жалпы Топта тиімділікті арттыру. Бұл – атап айтқанда, «тар тұстарды» жамаудың және өнімділікті арттырудың есебінен үлесті шығындарды қысқартуды қарастырады.




**Релевантты БҰҰ Орнықты даму мақсаттары**

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ-мен анықталған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
|  | 8.2 | Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, соның ішінде қосылған құны жоғары және еңбекті көп қажетсінетін секторларға ерекше назар аудару жолымен экономикадағы өнімділікті арттыруға қол жеткізу |
|  | 9.5 | Барлық елдердегі, әсіресе дамушы елдердегі өнеркәсіптік секторлардың технологиялық әлеуетін өрістету, ғылыми зерттеулерді белсеедендіру, соның ішінде 2030 жылға қарай инновациялық қызметті ынталандыру және 1 млн. адамға есептегенде ҒЗТКЖ саласындағы жұмыскерлер санын, сондай-ақ ҒЗТКЖ-ға мемлекеттік және жекеше шығындарды едәуір ұлғайту жолымен |

Барлық істе тиімділікке қол жеткізу – біздегі 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі. Оған «дәстүрлі» әдістермен, мысалы, қолда бар кен орындарының игерілуін және инфрақұрылым мен жабдықтардың пайдаланылуын оңтайландыра отырып, сондай-ақ ескірген негізгі қорларды алмастыра отырып («Активтер портфелін дамыту» бөлімін қараңыз) қол жеткізуге болады.

Сонымен қатар, біз инновациялық технологиялық шешімдерді белсенді түрде енгізудеміз, олар бізге шығындарды қысқартып, өнімділікті артттыруға және қызметіміздің тұрақтылығын қамтамасыз етуге септеседі.

## Операциялық тиімділік

2018 жылы Қазастандағы операциялық тиімділік бөлімшесі елеулі әсер беретін жекелеген ірі жобаларды іске асырудан – шағын болса да, тұрақты жақсаруларды қамтамасыз ететін барынша жүйелі тәсілдемелерді қолдануға өту туралы шешім қабылдады. Бұл тәсілдеме трансформация жөніндегі бастамаларымыздың бір бөлігі (23-бет) және үнемді өндіріс қағидаттарына негізделген. Бұл қағидаттар жақсартуларды енгізу бойынша үздіксіз жұмысты қарастырады, оған барлық қызметкерлер – қатардағы жұмыскерлерден бастап, жоғары буынды басшыларға дейін қатысады. Осы жүйе шеңберінде ай сайын, апта сайын және жыл сайын жақсартулар бойынша ең үздік ұсыныстар іріктеледі және оларды тапсырғаны үшін қызметкерлерге жүлделер табысталады.

Осында ұсыныстардың коммуникациясы үшін әртүрлі құралдар пайдаланылады, соның ішінде:

- » Идеялар фабрикасы: ССКӨБ-те ойдағыдай енгізудің қорытындысы бойынша бұл бастама Қазақстан алюминийі, Қазхром, ЕЭК және Шұбаркөл көмір кәсіпорындарында да іске асырылды және енді стандартты тәсілдеме ретінде пайдаланылады. 2018 жылы Идеялар фабрикасы арқылы қызметкерлердің 3 000-нан астам идеясы ұсынылды, соның ішінде 1 600-ден астам идея іске асыруға қабылданды. Олар шығындарды 25 млн. АҚШ долларына қысқартуға мүмкіндік береді деп күтілуде;
- » Инноваторлар форумы: үшінші рет өткен осы іс-шараның қатысушылары өндірісті цифрландырумен байланысты мүмкіндіктерді қарастырды және бірқатар ірі халықаралық компаниялардың өкілдерімен тәжірибе алмасты.

# 1-БӨЛІМ: БІЗДІҢ БИЗНЕСТІ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ
## Операциялық тиімділік және инновациялар жалғасы

2018 жыл бойына Қазақстанда бұл тәсілдеме 91,7 млн. АҚШ доллары мөлшерінде (2017 жыл: 114,5 млн. АҚШ доллары) экономикалық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік берді.

### Ағымдағы бағдарламалар

2018 жылы іске асырылуы жалғастырылған бағдарламалардың үлгілері төмендегіні қамтиды:

- » **ССКӨБ карьерінің көлік сұлбасын қайта қараудың әрі қарай жалғасуы:** біз карьердің периметрі бойынша көлік инфрақұрылымына тиісті өзгерістер енгізе отырып, ССКӨБ-дегі Қашар карьерін игеруді жалғастырдық – нәтижесінде 2019 жылы шамамен 10 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қосымша пайдаға қол жеткізілді;
- » **Қазхромның операциялық тиімділігін арттыру жөніндегі бағдарлама:** 2017 жылы бұл бағдарламаның іске асырылуы ірі күрделі салым жасамастан Қазхромдағы жоғары көміртекті феррохром өндірісін 3-4%-ға ұлғайтуға мүмкіндік берді;
- » **Болжау негізінде жабдықтың сенімділігін басқару:** осы бағдарлама аясында ССКӨБ кәсіпорнында құрал-жабдықтың 55 бірлігі қашықтан мониторинг жасау датчиктерімен жабдықталды. Бұл жұмыс датчиктерді, контроллерлерді және бағдарламалық жасақтаманы орнатуды, сондай-ақ қызметкерлерді оқытуды қамтыды. Іске асырылуы басталғаннан кейін екі айдан соң бұл бағдарлама бізге 500 мың АҚШ долларынан астам шамада жоспардан тыс тоқтап қалудан туындайтын шығындардың алдын алуға мүмкіндік берді. 2019 жылы біз бұл бағдарламаны Қазхром, Қазақстан алюминийі және ЕЭК кәсіпорындарында іске асыруды жоспарлап отырмыз.

## Инновациялар

### Операциялық қызметтегі инновациялар

Қызметті жүзеге асырудың жаңа әдістері, соның ішінде озық технологиялардың қолданылуымен – инновацияларды енгізудің маңызды тәсілдемесі болуы мүмкін. 70-тен астам адамнан тұратын біздің Қазақстандағы ғылыми-зерттеу инжиниринг орталығындағы (ҒЗИО) командамыз өндірістегі инновацияларды дамытуға жәрдемдеседі.

2018 жылы ҒЗИО қызметкерлері айналысқан және осы есептің басқа бөлімдерінде толығырақ сипатталған бастамалар төмендегіні қамтиды:

- » **ДТКБК-дағы «Шламдар-2» жобасы:** осы жоба аясында ДТКБК-да құрамында хром оксиді бар 8 млн. тоннадай тұрып қалған шлам қалдықтарын байытуға арналған жаңа өңдеу кешенінің құрылысы салынады, бұл – бізге хром концентратын өндіру көлемін арттыруға (хх-бет), сондай-ақ кәсіпорында жиналған шлам қалдықтарын барынша қысқартуға мүмкіндік береді;
- » **ССКӨБ технологиялық автопаркінде табиғи газды қолдану:** Қазіргі таңда біз ССКӨБ дизельді жүк автомобилдері паркін сұйылтылған газға көшіру мүмкіндігін қарастырып жатырмыз, бұл – отынға жұмсалатын шығындарды қысқартып қана қоймай, сонымен қатар атмосфераға ластағыш затардың шығарылуын төмендетуге мүмкіндік береді (71-бет);
- » **ЕЭК-те парниктік газдарды қармау:** біз ЕЭК электр станциясындағы парниктік газдарды қармаудың және оларды тауарлық шикізатқа қайта өңдеудің болжалды әдістерін зерттейміз (72-бет);
- » **Қазақстан алюминийі үшін синтез-газ өндіру:** қазіргі таңда біздегі кальцийлеу пештерінде пайдаланылатын мазутты біздің көмірден өндірілетін синтетикалық газға алмастыру мүмкіндігі зерттелуде. Бұл шара шығындармен шығарындыларды төмендетуге бағытталған.

### Өзге бастамалар

2018 жылы біз Қазақстанда келесідей жаңа бастамаларды бастадық және/немесе іске асырдық.

**Қазақстандағы операциялық тиімділікті арттыру бойынша Топ-5 бастама**

| Кәсіпорын | Күтілген жылдық экономикалық әсер | Бастамалардың үлгілері |
|---|---|---|
| ССКӨБ | 10,9 млн. АҚШ доллары | Темір жол тасымалдарын оңтайландыру (Қашар – Рудный) |
| ҚЭЗ | 2,9 млн. АҚШ доллары | Жергілікті өндірістегі қыздырылған мұнай коксын пайдалану үлесін ұлғайту (50%-ға дейін) |
| Қазхром | 2,5 млн. АҚШ доллары | Көтеру ыдыстарының арқандарына магниттік дефектоскопия жасау |
| Шұбаркөл көмір | 1,6 млн. АҚШ доллары | Тиеу техникасының өнімділігін арттыру |
| ЕЭК | 1,4 млн. АҚШ доллары | Аршылымды темір жолмен тасымалдаудан автокөлікпен тасымалдауға өту |





САП ТМД фотосуреті

Сонымен қатар, біз Павлодар облысындағы ЕЭК күл үйіндісінде және Ақтөбедегі Қазхром шлак үйінділерінде шаңды басудың жаңа әдістерін қолдана бастадық. Олар еркін нысандағы реагенттері бар полимерлі шаң басқыштардың пайдаланылуын қарастырады. Қазіргі таңда аталған технологияларды енгізу үшін компоненттер сатып алынуда.

### Цифрлық инновациялар

Біз шешімдер қабылдаудың тиімділігін арттыру, бәсекелі артықшылықтарға қол жеткізу және бизнес-үлгіміздің құндылығын арттыру мақсатында өз қызметімізде цифрлық технологияларды белсенді қолданудың мүмкіндіктерін қарастырып жатырмыз.

Осы мәнмәтінде біз жекелеген функциялардың бір-бірімен келісілген цифрлық стратегияларына негізделген Топтың жаңа Цифрлық стратегиясын әзерлейміз. Біз сондай-ақ үлкен көлемді деректер саласындағы маманды тағайындау және роботтау жөніндегі команданы құру арқылы осы бағыттағы құзыретімізді кеңейттік.

Сонымен қатар, біз тәуелсіз орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін өзіміз жайғасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың жаңа цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндігін қарастырып жатырмыз, соның ішінде жергілікті кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау жолымен.

### MES жүйесі негізінде 4.0 Индустрияға өту

Біз өз өндірістеріміздің 4.0 Индустрия қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша құрылымдық жұмысты жалғастырудамыз, соны ішінде үлкен ауқымды деректерді талдау әдістерін қолдануды, сондай-ақ өндірістік қызметті цифрландыруды қоса алғанда. 2018 жылы біз өндірістік үдерістерді басқарудың бірыңғай жүйесін (Manufacturing Execution System, MES) қалыптастыруды аяқтадық, ол кәсіпорындардың өндірістік үдерістері мен кәсіпорындардың (ERP) ресурстарын жоспарлау саласындағы қолда бар бірыңғай шешімінің арасында аралық буын қызметін атқарады. Бұл – біздің өндірістік үдерістерімізді пайдалану үшін машиналық оқыту мен үлкен көлемді деректерді зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Біз Дөң ТКБК-да (Қазхром) MES жүйесінің алғашқы өндірістік модулін енгіздік. Бұл платформа кәсіпорынның өндірістік қызметкерлеріне (барлық деңгейлерде, цехтан бастап – бас кеңсеге дейін) өндірістік циклдің барлық кезеңдерінде металдардың теңгерімін қадағалап отыруына мүмкіндік береді.

### «Ақылды карьер» бастамасы

2018 жылы біз «Ақылды карьер» атты бастамамызды іске асыруды жалғастырдық, ол алғаш рет біздің Қашар карьерінде (ССКӨБ темір кені өндірісінің бір бөлігі) енгізілді. Бастама тау-кен көлік кешенін басқаруды оңтайландыру үшін арнайы құрал-жабдық пен бағдарламалық жасақтама негізінде диспетчерлеу жүйелерін пайдалануды қамтиды (карьерлік экскаваторлар және автотүсіргіштер). 2018 жыл ішінде бастама Қашар карьеріндегі өндіру мен тасымалдаудың өнімділігін шамамен 10%-ға арттырды.

Бұл бастама ССКӨБ-тің өзге ашық карьерлерінде, сондай-ақ Шұбаркөл көмір, Қазақстан алюминийі және ЕЭК кәсіпорындарында өрістетіледі. Бастапқы аяқтау күні деректер беру желісін құрудың кідіріуіне және жеткізушінің жұмыстарды орындау кестесін өзгертуіне байланысты 2021 жылға ауыстырылды (бастапқыда 2019 жыл болып жоспарланған).

### Блокчейн технологияларын қолдану

Біз сондай-ақ КДР-дағы Metalkol RTR өндіретін кобальттің қозғалысын бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында блокчейн технологиясын қолдану мүмкіндіктерін зерттеп жатырмыз. Бұл – құндылықтар қалыптастыру тізбегінің басқа қатысушыларына жеткізілімдерді жауаптылықпен ұйымдастырудың сенімді кепілдіктерін ұсыну арқылы «Таза кобальт» атты бағдарламамызды іске асыруға жәрдемдесуі мүмкін (толығырақ ақпарат 62-бетте берілген).

## Болашаққа жоспар

Операциялық тиімділікті арттыру жөніндегі жұмыс аясында біз мынаны жоспарлап отырмыз:

» Біздің бизнесімізді жақсартуға көмектесе алатын жаңа техникалық шешімдерді анықтау, дамыту және енгізу мақсатында ҒЗТКЖ және инновацияларды басқару жүйесін жақсарту.

Цифрландыру саласында біз 2019 жылы төмендегіні жоспарлап отырмыз:

» Біздің бизнесіміз үшін релевантты мүмкіндіктерді анықтау, зерттеу және іске асыру үшін цифрлық құзыреттердің визуалдық орталығын құру
» Қазақстандағы кәсіпорындарда металдардың теңгерімі бөлігінде MES жүйесін тираждауды бастау

Біз сондай-ақ жаңа бизнестердің дамуына жәрдемдесу үшін Астана халықаралық қаржы орталығы базасында венчурлық қор құруды жоспарлап отырмыз[1]. Осы бастама аясында біз өз бизнесімізге арналған жаңа технологиялық шешімдерді құру және оларға қол жеткізу үшін технологиялы стартаптармен ынтымақтасуды жоспарлаудамыз.

1 Астана халықаралық қаржы орталығы, https://aifc.kz/



2-БӨЛІМ

# Адамдарымыздың өркендеуіне жәрдемдесе отырып

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

## Өндірістік қауіпсіздік

Толығырақ 35- бетте

## Қызметкерлерді дамыту

Толығырақ 41- бетте

## Еңбек қатынастары

Толығырақ 44-бетте

2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

**LTIFR динамикасы** (тек жұмыскерлер)[1]

**–15,9%**

1 Өлімге әкелген жазатайым оқиғаларды қоса алғанда.



Metalkol RTR жобасында еңбекке жарамды күндерін жоғалтумен болатын жарақаттанусыз

**13,2 млн. сағат**

жұмыс атқарылды

**Қазақстандағы бүкіл өндірістік қызметкерлердің жалақысының** сараланған түрде көтерілуі

# 2-БӨЛІМ: АДАМДАРЫМЫЗДЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ЖӘРДЕМДЕСЕ ОТЫРЫП

**Жұмыскерлер туралы статистика**

2018 жылдың соңына қарай жұмыскерлердің саны[1]

**69 253**

адамды құрады(2017 жыл: 69 090 адам), соның ішінде 90%-дан астам бөлігі – Қазақстанда

Топ қызметкерлері санының

**24%-ын**

әйелдер құрайды

Топ жұмыскерлерінің

**>90%-дан**

астам бөлігі кәсіподақ ұйымдарының мүшелері болып табылады

2025 Стратегиясына сәйкес, біз **бақытты және кәсіби ұжымды** қалыптастыруға және қолдауға баса назар аударамыз. Бұл – өз қызметкерлеріміздің құзыретін дамытуды және олардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатының қамын ойлауды қамтиды.

Біз қауіпсіз және салауатты жұмыс ортасын қамтамасыз етуге талпынамыз. Ол үшін біз өзіміздегі қауіпсіздікті басқару жүйелерін жетілдіру бойынша ұдайы жұмыс жүргіземіз және мәдениетті дамытамыз және мұндағы басты мақсат – өз қызметкерлеріміздің өмірі мен денсаулығын қорғау болып табылады. Бұл дұрыс болып қана қоймай, сонымен қатар өз жұмыскерлеріміздің операциялық қызметінің, тиімділігінің және өнімділігінің үздіксіздігін қамтамасыз етудің алғышарты болып табылады. Міне, сондықтан біз нөлдік залалға қол жеткізу ісіне толығымен берілгенбіз.

Біздің қызметіміздің қазіргі және келешектегі табыстылығы сондай-ақ әлемнің әртүрлі елдеріндегі біліктілігі жоғары мамандарды тарту, дамыту, уәждеу және ұстап қалу жөніндегі қабілетімізге байланысты. Біз өз қызметкерлеріміздің стратегиялық машықтары мен құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ кадрлық резервті қалыптастыруға және көшбасшылық әлеуетті дамытуға баса назар аударамыз. Сонымен қатар, біздегі активтер портфелінің, операциялық тиімділіктің және қаржылық тұрақтылықтың өсуін қамтамасыз ету үшін сондай-ақ біздің корпоративтік мәдениетімізді тұрақты дамыту қажет етіледі.

Біз 69 мың адам жұмыс істейтін, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу саласындағы әртараптандырылған компания болып табылғандықтан, еңбек қатынастары біздің өнімділігімізге, тиімділігімізге және пайдалылығымызға тікелей әсер етеді. Біз өз қызметкерлеріміз бен Қазақстандағы жергілікті қоғамдастықтардың елеулі өзара әрекеттестігі мен өзара байланысын ескере отырып, осы саладағы тұтастық тәсілдемені ұстанамыз. Осы мәнмәтінде біз өз жұмыскерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға және өмір сүру деңгейін арттыруға, сондай-ақ жұмыскерлерімізге ұсынылатын әлеуметтік жеңілдіктер пакетінің ауқымын кеңейтуге және жайлы еңбек жағдайларын құруға ерекше назар аударамыз. Африкадағы кәсіпорындарымыздың қызметіндегі елеулі өзгерістердің нәтижесінде біз Boss Mining, Comide, Congo Cobalt Corporation (CCC) және Chambishi Metals қызметкерлерінің, сондай-ақ Йоханнесбургтегі корпоративтік кеңсе қызметкерлерінің санын қысқартуға мәжбүр болдық (47-бет)

**Подробнее**

Қызметкерлерді басқаруға қатысты біздің тәсілдememіз туралы толығырақ ақпарат 94-бетте берілген.

### Қызметкерлердің өңірлер бойынша саны

| Өңір | 2018 жыл | 2017 жыл |
|---|---|---|
| Қазақстан | 62 422 | 62 100 |
| Африка | 6 446 | 6 651 |
| Бразилия | 99 | 103 |
| Корпоративтік кеңселер[2,3] | 286 | 236 |

### Санаттары бойынша Metalkol RTR қызметкерлерінің саны

| Категория | 2018 | 2017 |
|---|---|---|
| Санаты | 738 | 40 |
| КДР азаматтары – тұрақты қызметкерлер | 16 | 13 |
| КДР азаматтары – белгілен-ген мерзімі бар келісімшарт-тар | 2 212 | 1 818 |
| Мердігерлер | 72 | 62 |
| Шетелдік мамандар | | |

1 Есепті кезеңнің соңғы күніндегі жағдай бойынша, яғни 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ERG-мен жасалған жазбаша еңбек шарты бар қызметкерлердің саны. Бұл көрсеткіш мердігерлерді қамтымайды.

2 Бұл көрсеткіш Еуропадағы, Ресейдегі, БАӘ-дегі және Қытайдағы кеңселерді қамтиды.

3 Қазақстандағы, Африкадағы және Бразилиядағы корпоративтік кеңселердің қызметкерлерінің саны тиісті өңірге арналған көрсеткіш құрамында ескерілген.



# Өндірістік қауіпсіздік

## Стратегиялық мәнмәтін

**Бақытты және кәсіби ұжым:** біздегі 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі – қызметкерлеріміздің қауіпсіздігі мен әл-ауқатының қамын ойлау. Бұл – өзгелермен қатар, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауды, қызметкерлердің денсаулығын нығайтуды және салауатты өмір салтын қолдауды көздейді.



### БҰҰ-ның релевантты Орнықты Даму Мақсаттары

| БҰҰ ОДМ | | БҰҰ-мен анықталған тиісті міндеттер |
|---|---|---|
| 8 | 8.8 | Барлық еңбеккерлерге, соның ішінде еңбек мигранттарына, әсіресе мигрант әйелдерге және тұрақты жұмыспен қамтылмаған тұлғаларға сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу және еңбек құқықтарын қорғау |

**Біз залалды мүлдем болдырмауға қол жеткізу қағидатын толық ұстанамыз**

Біз барлық жұмыскерлеріміз бен мердігерлеріміз үшін қауіпсіз, тартымды, өнімді және тұрақты жұмыс ортасын қамтамасыз етуге және нөлдік залалға қол жеткізуге талпынамыз. Осы мақсатта 2018 жылы біз қауіпсіздік көрсеткіштерінің үздіксіз жоғарылауын қамтамасыз ету үшін бірқатар шараларды қолға алдық.

Біздің Қазақстандағы өндірістік кәсіпорындарымыздың барлығы OHSAS 18001 – Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы басқару жүйесі стандартына сәйкес сертификатталған. Африкада біздің кәсіпорындарымызда қолданылатын қауіпсіздікті, еңбекті қорғауды және тұрақты дамуды басқару жүйесі OHSAS 18001 стандартына сәйкес құрылған.

## Негізгі мәселелер және бастамалар

### Қазақстандағы жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

#### Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (ЕҚжЕҚ) саласындағы басқару тиімділігін арттыру

2018 жылы біз Қазақстандағы қолданылатын еңбекті қорғауды басқару жүйесіне (ЕҚБЖ) кешенді диагностика жүргізу үшін тәуелсіз ұйымды тарттық. Бұл жұмыс 2019 жылы басталды және ол төмендегіні қамтитын болады:

- Олқылықтарды талдау: дамыту мен жақсартуды қажет ететін жүйе элементтерін, сондай-ақ ӨҚ бақылау үдерістері мен механизмдеріндегі олқылықтарды анықтау мақсатында корпоративтік деңгейде және кәсіпорындарда қолданыстағы ЕҚБЖ-ға кешенді диагностика мен талдау жүргізу;
- Тәуекелдерді бағалау: Ақтөбе ферроқорытпалар зауытында (Қазхром) және Ақсу электр станциясында (ЕЭК) қауіптерді анықтаудың жетілдірілген үдерістерін (HAZID)[1] пилоттық енгізу.

Диагностика нәтижелері келесілерге негіз болады:

- Нәтижелілікті ұдайы жақсарту мақсатында ӨҚ бойынша ұзақ мерзімді стратегияны әзірлеу және енгізу;
- ӨҚ басқарудың ықпалдастырылған, тәуекелге бағдарланған жүйесін енгізу;
- Қазақстандағы басқа кәсіпорындарда HAZID тәуекелдерін бағалау әдістемелерін енгізу;
- ӨҚ қамтамасыз етуге арналған шығындарды барынша тиімді жоспарлау.

1 Hazard Identification (англ.) – қауіптерді сәйкестендіру.

### Қауіпсіздік деңгейін арттырудың корпоративтік бағдарламасы

Біз жұмыстың негізгі бағыттарын, орта мерзімді мақсаттарды және жаңа бастамаларды анықтайтын ӨҚ деңгейін арттырудың корпоративтік бағдарламасын іске асыруды жалғастырдық. Біз сондай-ақ осы бағдарламаны жақсарту бойынша бірқатар шараларды қолға алдық, соның ішінде ӨҚ саласындағы бірқатар жаңа бастамаларды енгізуді қоса алғанда. Жұмыстың негізгі бағыттары төмендегілерді қамтыды:

***Қазақстан алюминийі:***

» Жабық монтаждау ойықтары секілді, жұмыскерлердің биіктіктен құлауын алдын алу үшін заңнама талаптарын артығымен орындайтын шаралар енгізілді;

» ӨҚ саласындағы үздік идеялар мен ұсыныстарды алмасудың жетілдірілген механизмі енгізілді;

» Сілтімен жұмыс жасау үшін жақсартылған және заманауи жеке қорғану құралдары берілді.

***ССКӨБ:***

» 24 экскаваторда «соқыр аймақтарды» бақылау жүйелері орнатылды және ауыр жүк автотүсіргіштеріне арналған 115 жиынтық сатып алынды;

» Қолда бар 2 ұшқышсыз басқарылатын аппаратқа қосымша ретінде 2018 жылы шалғайдағы және жетуге жолы қиын жерлердегі қауіпсіздік ережелеріне мониторинг жасау үшін тағы 2 ұшқышсыз басқарылатын аппарат сатып алынып, іске қосылды.

***Қазхром:***

» Жарылғыш заттарды сақтау үшін қосымша сейфтер орнатылды;

» Бұрғылау-қопару жұмыстарын жүргізу телімдерінде күшейтілген бақылау шаралары енгізілді;

» ДТКБК шахтасында өрт кезінде адамдарды құтқару үшін 15 адамға арналған құтқару контейнері пайдалануға берілді.

***Қазақстандағы кәсіпорындардың барлығында орындалған іс-шаралар:***

Атап өткен шараларға қосымша ретінде біз Қазақстандағы кәсіпорындарымыздың барлығында қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін келесі бастамаларды іске асырдық:

» Биіктіктегі жұмыстарға арналған бағдарлама жетілдірілді (енгізілуі 2019 жыл), сондай-ақ Павлодар алюминий зауытында жаңа жаттығу полигоны құрылды (полигондарды енгізу Қазақстандағы барлық кәсіпорындарда жоспарлануда);

» Жұмыскерлерді 2021 жылға дейін жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету бағдарламасы әзірленді. Бағдарламаның іске асырылуы – қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындайтын жұмыскерлердің қауіпсіздігін жақсартуды қамтамасыз етеді (мысалы, металлургтар, дәнекерлеушілер және электршілер және т. б.).

### Уәждемені, құзыреттілікті және хабардарлықты арттыру

ӨҚ басқару жөніндегі стратегиямыздың маңызды элементтерінің бірі – «қауіпсіздік бәрінен маңызды» қағидатына негізделген мәдениетті қалыптастыру. 2018 жылы біз өз кәсіпорындарымыздағы қауіпсіздік мәдениетін дамыту және нығайту жөніндегі жұмысты әрі қарай жалғастырдық. Ол үшін біз оқыту, ақпараттандыру және коммуникациялардың тиімділігін арттыру саласындағы бірқатар бастамаларды іске асырдық. Бұл шаралар келесілерді қамтыды:

» **Жүргізушілердің құзыретін арттыру:** Шұбаркөл көмірде, Краснооктябрь боксит кен басқармасында және Шығыс көмір разрезінде көліктегі жарақаттану мен ЖКО болдырмау мақсатында көлік құралдарының жүргізушілері үшін «Қорғаныстық көлік жүргізу» тренингі өткізілді. Бұл курс RoSPA (UK) – Жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі британ корольдік қоғамымен аккредитацияланған. Оқытудың қорытындысы бойынша, теориялық және практикалық курстан өткен жүргізушілердің барлығы сертификаттар алды. Тренинг Көлік қауіпсіздігі бағдарламасының бір бөлігі болып табылады, оның аясында көлік құралдарына бақылау құрылғыларын орнату басталды;

» **ӨҚ бойынша коммуникацияларды жақсарту:** «Бригадирлер слеті» және «Кәсіби мамандар лигасы» корпоративтік іс-шараларының (xx-бет) корпоративтік іс-шаралары аясында кәсіпорындардың топ-менеджерлері, қатардағы супервайзерлері және жұмыскерлері арасында тікелей диалог орнатылды. Бұл іс-шараның мақсаты – қызметкерлер мен менеджментке ӨҚ саласындағы ұсыныстарды, нәтижелілікті және мақсаттарды талқылау мүмкіндігін ұсыну болып табылады;

» **Оқиғалар туралы құлақтандыру:** дереу шешімдер қабылдау үшін барынша толық ақпарат алу мақсатында оқиғалар туралы құлақтандыру үдерісін жақсарту;

» **Кәсіпорындар деңгейіндегі ТНК:** кәсіпорындардың бірінші басшыларының ТНК-і мен Топ деңгейіндегі ТНК ретінде еңбекке жарамдылықты жоғалтар жарақаттанулардың жиілік коэффициентінің төмендеуін анықтау (LTIFR);

» **Ішкі есептілік:** корпоративтік интранет-желісінде ақпараттық қауіпсіздік панелі құрылған, ол жарақаттану статистикасын онлайн тәртіпбінде көруге мүмкіндік береді.

Осы бағдарламаларды іске асырған кезде 2015 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңдегі жарақаттанудың толық талдауының нәтижелері ескерілді.

Сондай-ақ ӨҚ басқару саласында қосымша шаралар қолға алынды, соның ішінде:

» **Мониторингтің тиімділігін арттыру:** бейнебақылау тәжірибелерін жақсарту. Бұл – стационарлық бейнебақылау камераларынан, қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындайтын жұмыскерлерге арналған жеке бейнежүйелерге өтуді қамтыды. ДӨҢ ТКБК-да (Қазхром) қопарғыштар мен тау-кен шеберлері үшін осындай 256 жүйе сатып алынды. Кейін ССКӨБ қопарғыштары үшін тағы 296 бейнежүйе сатып алу жоспарлануда.

» **Қауіпсіздік стандарттары:** жаңа корпоративтік қауіпсіздік стандарттарын әзірлеу және қолданыстағы стандарттарды қайта қарау/жетілдіру (қажет тұстарында). Келесілерге ерекше назар аударылды:
- Өндірістік бақылау;
- Қауіптілігі жоғары жұмыстар;
- Биіктіктегі жұмыстар;
- Өрт қауіпсіздігі;

» **ӨҚ деректерін басқару:** біздің кәсіпорындарымызда жазатайым оқиғалардың мониторингі мен есепке алынуын бірегейлендіру және тиімділігін арттыру үшін деректерді басқарудың және есептілікті ұсынудың автоматтандырылған жүйесі әзірленді және енгізілді. Бұл жүйе сондай-ақ мемлекеттік бақылаушы органдардың ұйғарымдарының орындалуын қамтамасыз ететін модульді қамтиды;

» **Бақылау тиімділігін арттыру:** Павлодар алюминий зауытында пилоттық тәртіпте бақылау карталарының пайдаланылуымен өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі жоба енгізілді[1];

» **Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік (ЕҚжӨҚ) қызметтерінің ұйымдық құрылымдарының тиімділігін арттыру:** үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес Қазақстандағы кәсіпорындар деңгейінде ЕҚжӨҚ қызметтерінің есептілігі мен басқарушылық құрылымын бірегейлендіру және қайта құрылымдау жүргізілді. Біз сондай-ақ Нұр-Сұлтандағы корпоративтік кеңсе деңгейінде ЕҚжӨҚ жөніндегі командамызды күшейтуді және қайта құрылымдауды жүргіздік;

» **Қауіпті өндіріс нысандарының (ҚӨН) қауіпсіздік деңгейін арттыру:** құрал-жабдықтың, ғимараттардың және құрылыстардың сенімділігін бағалау үшін ҚӨН-ке кешенді талдау жүргізу. Біз сондай-ақ қадағалау мен бақылауды жақсарту үшін ҚӨН деректер қорын әзірлеуді бастадық. Біз оны келешек басқару жоспарларын қалыптастыру үшін және қауіпсіздік көрсеткіштеріндегі олқылықтарды жою үшін ҚӨН-ді жан-жақты талдауға негіз ретінде пайдалануды жоспарлап отырмыз.

1 Бақылау карталары – тексеру қорытындылары бойынша есептік құжат және чек-лист. Бақылау карталары бақылаудың әрбір қатысушысын, сондай-ақ оның жұмысының нәтижелерін дербестендіреді.

**Африкадағы және Бразилиядағы жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Африкада біз ықпалдастырылған Өндірістік қауіпсіздікті және орнықты дамуды басқару жүйесінің (SHS) тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырдық. Осы жұмыс аясында:

- Өлім жағдайларының алдын алу жөніндегі рәсімдердің орындалуы басшылардың тиімділігін бағалау жүйесіне ықпалдастырылды. Бұл шара бізге 2018 жылы жүргізілген қайталама аудиттің нәтижелері бойынша кәсіпорындарымыздағы қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсартуға қол жеткізуімізге мүмкіндік берді;
- ӨҚ және еңбек гигиенасы саласындағы жетілдірілген рәсімдер және аудит жүргізудің тиісті рәсімдері енгізілді.

Біз сондай-ақ өзіміздің Африкадағы кәсіпорындарымызда Isometrix ықпалдастырылған бағдарламалық жасақтамасын енгіздік, соның ішінде өндірістік гигиена бойынша жаңа модульді енгізуді қоса алғанда. Бағдарламалық жасақтама тексерулердің стандарттарын, рәсімдерді және есептілікті орталықтандыруға және бірегейлендіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ ӨҚ саласындағы талдау деректерінің сапасы мен орталықтандырылған түрде бақылау деңгейін арттырады. Тиісті жұмыс біздің Африкадағы кәсіпорындарымыздың барлығында аяқталған, бірақ Metalkol RTR қоспағанда, онда бағдарлама 2019 жылдың соңына қарай толығымен енгізіледі.

Metlakol RTR кәсіпорнында біз өлім жағдайларының алдын алу бойынша жетілдірілген рәсімдерді енгізу жолымен ӨҚ бақылау тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырдық. Аталған рәсімдер 2018 жылы жүргізілген ӨҚ аудиті барысында анықталған қауіпі жоғары жұмыстардың 15 түрі үшін енгізілген. Біз сондай-ақ кәсіпорында қауіпсіздік техникасы талаптары бойынша жұмыскерлерге нұсқамалық өткізуге арналған оқу орталығын құрдық, соның ішінде келесілерге қойылатын талаптарды қоса алғанда:

- Биіктіктегі жұмыстар;
- Отқа қауіпті жұмыстар;
- Тұйық кеңістіктердегі жұмыс.

Бұл орталықта сондай-ақ ӨҚ жалпы стандарттарын сақтауды қамтамасыз ету үшін біздің кәсіпорындар мен мердігер ұйымдардың жұмыскерлеріне оқыту жүргізіледі.

Бразилияда біз Bahia Mineração (BAMIN) темір кені жобасының қауіпсіз іске асырылуын қамтамасыз ететін бірқатар іс-шараларды жүзеге асырдық. Олар барлық жұмыскерлер мен мердігерлер үшін ӨҚ бойынша жүйелі кешенді тренингтерді, сондай-ақ қауіпті кәсіптің жұмыскерлері үшін қосымша мамандандырылған нұсқамалықтарды қамтиды. 2018 жылы біз сондай-ақ басшылық пен өндірістік қызметкерлердің қатысуымен қауіпсіздік туралы апта сайынғы диалогтарды жалғастырдық, олар тиімді коммуникацияға және оқиғалар туралы құлақтандыруға жәрдемдеседі.

**Мердігер ұйымдармен жұмыс**

2018 жылы мердігерлермен орын алған, өлімге әкелген жазатайым оқиғалар осы салада әрі қарай жұмыс жасау қажет екенін дәлелдей түсті. Атап айтқанда, ӨҚ стандарттарының арасындағы әлеуетті айырмашылықтарға және / немесе мердігерлер мен жұмыскерлердің жосығына талдау жүргізу қажет.

Қазақстанда келесідей негізгі шаралар қолға алынды:

- **Мердігерлерді бағалау:** біз мердігер ұйымдардағы ӨҚ стандарттарының сәйкестігіне бағалау жүргіздік; осы бағалаудың нәтижелері келешекте мердігерлердің ӨҚ басқару бойынша жаңа стандартты әзірлеу барысында назарға алынатын болады. Ерекше назар аударуды қажет ететін бірқатар салалар анықталды, соның ішінде мердігерлерді біліктілік алдындағы іріктеу мен мердігерлерді өндірістік алаңдарға жіберуді қоса алғанда;
- **Мердігерлердің жұмыс кестелері:** жұмыстардың аталған түрлерін орындау кезінде ERG мамандарының болуын қамтамасыз ету үшін тәуекелі жоғары жұмыстарды мердігерлердің орындау кестесіне өзгертулер енгізілді (мысалы, демалыс күндері қауіпі жоғары жұмыстарды шектеу жолымен);
- **Қадағалауды күшейту:** Ақсу электр станциясындағы №5 және №7 энергия блоктарын қайта жаңырту барысында мердігерлердің жұмыстарды орындауына бақылау жасауды күшейту үшін қосымша мамандар жалданды;
- **Қаржылық санкциялар:** 2019 жылы енгізілетін, біздегі ӨҚ стандарттары мердігерлермен сақталмаған жағдайда қаржылық санкциялар жүйесі әзірленді.

Біз сондай-ақ мердігерлермен байланысты өлім жағдайларынан кейін Ақсу электр станциясында және Ақтөбе ферроқорытпа зауытында, сондай-ақ мердігермен байланысты ауыр жазатайым оқиғадан кейін Ақсу ферроқорытпа зауытында мердігер ұйымдардың жұмыстарды орындауын уақытша тоқтаттық. Жұмыстар қауіпсіздік талаптарының барлық анықталған бұзылулары жойылғаннан кейін ғана әрі қарай жалғастырылды, мысалы, тиісті рәсімдерді қайта қарау және оқыту жолымен.

2018 жылы біз Қазақстандағы кәсіпорындарымыздың барлығында мердігерлердің форумдарын өткізуді жалғастырдық. Бұл форумдар біздегі корпоративтік қауіпсіздік стандарттарын талқылауға, біздің мердігерлеріміздің кері байланыс алуға және мердігер ұйымдардың ӨҚ-ын қалай жақсартуға болатындығы туралы түсіністікті қалыптастыруға арналған алаң болып табылады.

Африкадағы мердігерлерді ӨҚ басқару үдерістеріне әрі қарай тарту жөніндегі іс-шаралар осы өңірдегі жұмысымыздың негізгі бағыттарының бірі болып қалады.



# 2-БӨЛІМ: АДАМДАРЫМЫЗДЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ЖӘРДЕМДЕСЕ ОТЫРЫП

## Өндірістік қауіпсіздік жалғасы

### Жұмыскерлердің денсаулығын қорғау

#### Өндірістегі денсаулықты қорғау

Жұмыстардың кейбір түрлері егер де біз оларды алдын ала басқармайтын болсақ жұмыскерлеріміздің денсаулығы үшін жасырын қауіптер тудыруы мүмкін. Оларға қатты бөлшектердің, шуылдың, дірілдің және жылудың әлеуетті әсері жатады. Осыған байланысты, біз өз жұмыскерлеріміз үшін кәсіби ауруларға профилактика жасаудың кешенді бағдарламасын іске асырып жатырмыз.

Қазақстанда бұл төмендегіні қамтиды:

» Міндетті жыл сайынғы медициналық тексерулер;

» Кәсіпорындардағы жекелеген жұмыскерлерге медициналық тексерулер жүргізу;

» Жұмыс орындарында денсаулыққа төнетін қауіптерді бағалау;

» Тиісті медициналық жәрдемді қамтамасыз ету.

Африкада Boss Mining, CCC, Frontier және Chambishi кәсіпорындарында біз жұмыскерлердің денсаулығын қорғау, нормативтік талаптарды қадағалау және сақтау, сондай-ақ денсаулықпен байланысты негізгі тәуекелдерді басқару мақсатында өнеркәсіптік гигиена бағдарламасын іске асыруды жалғастырдық. 2018 жылы осы бағдарлама аясындағы жұмыстың негізгі бағыттары ауадағы кристалды кремноземнің мөлшеріне, ішке тартып демалатын шаң мен күкірт қышқылы буларына мониторинг жасауды, сондай-ақ шуыл деңгейін бақылауды қамтыды.

Сонымен қатар, Metalkol RTR кәсіпорнында біз заманауи медициналық құралдармен жабдықталған медициналық қосын жұмысын ұйымдастырдық. Бір жылдың ішінде жұмыскерлерді медициналық тексерудің сапасын арттыру мақсатында медициналық пункт қызметкерлері ОАР-дағы медициналық орталықтарында біліктілігін арттырды.

Бразилиядағы BAMIN темір кені жобасы аясында барлық жұмыскерлерді жыл сайынғы медициналық тексеру ұйымдастырылды. Біз сондай-ақ кәсіби аурулар мен зиянды өндірістік факторлардың тәуекелдеріне бағалау жүргіземіз, соның ішінде эргономикалық талдауды қоса алғанда.

#### Жеке денсаулық

Біз өз жұмыскерлеріміздің денсаулық жағдайына әсер етуі мүмкін кәсіби емес ауруларды анықтау бойынша белсенді жұмыс жүргізудеміз. Біз Қазақстандағы кәсіпорындардың шамамен 8 400 жұмыскеріне кардиоскрининг жүргіздік (2017 жыл: шамамен 10 000 адам)[1]. Кардиологиялық диагноздармен диспансерлік есепте тұрған 1 800 жұмыскер жүйелі түрде ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өтуі тиіс топқа енгізілді.

Біз Қазақстандағы жұмыскерлеріміз үшін медициналық қызметтердің шығындарын жабуға заңнамалармен көзделген көлемдерден тыс қосымша қаражат бөлеміз. Бұл – стоматологиялық қызмет көрсетуді, дәрілік препараттарды сатып алуды және бірқатар ауруларға профилактика жасауды қамтиды. 2018 жылы біз осы бағдарламаны іске асыруға шамамен 10 млн. АҚШ долларын бөлдік.

Африкада біз жұмыскерлерге және олардың отбасы мүшелеріне тегін медициналық жәрдемді қамтамасыз етеміз. Бұған қоса, біз:

» Вакциналау, АИТВ-мен/ЖИТС-пен және туберкулезбен күресу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысамыз;

» Frontier Mine және Metalkol RTR жұмыскерлері үшін безгекке профилактика жасау бағдарламасын іске асырамыз;

» Африкада ERG қолдау көрсететін бірқатар клиникаларда босануға дейінгі медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеміз.

Бразилияда біз маусымдық тұмау мен H1N1 вирусына қарсы жұмыскерлерге вакцина жасауды жалғастырдық. Біз сондай-ақ жұмыскерлер үшін медициналық сақтандырудың ақысын ішінара төлейміз және жұмыскерлер мен олардың отбасыларының стоматологиялық қызмет көрсетуге жұмсайтын шығындарын толығымен өтеп береміз. Сонымен қатар, біз денсаулықты қорғау бағдарламасын (Saúde de Ferro) іске асырамыз, оның аясында барлық жұмыскерлер үшін фитнес-клубтарға баруды ұйымдастырамыз.

### Нәтижелілік көрсеткіштері

Өкінішке орай, есепті жылы өлімге әкелген бес жазатайым оқиға тіркелді (2017 жыл: 6). Өлімге әкелген бір жазатайым оқиға біздің жұмыскермен (2017 жыл: 3) және тағы төрт оқиға – мердігер ұйымдардың жұмыскерлерімен орын алды (2017 жыл: 3).

Біз опат болғандардың барлығының отбасыларына шын жүректен көңіл айтамыз. Әрбір жағдайға мұқият тергеу жасалды. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін келешекте әрбір тергеудің қорытындысы бойынша тиісті шаралар қолға алынды.

Қазақстандағы тергеулердің нәтижелері көрсеткеніндей, кейбір өлімге әкелетін жазатайым оқиғалардың себептері төмендегідей:

» Мердігер ұйымдардың инженерлік-техникалық басшылары құзыретінің төмен деңгейде болуы;

» Мердігер ұйымдардың басшылары тарапынан қызметкерлердің жұмыстарды қауіпсіз орындауына бақылаудың жасалмауы;

» ERG мердігерлері мен жұмыскерлері орындайтын, қауіпі жоғары жұмыстарға бақылаудың жасалмауы.

Осыған байланысты біз келесі шараларды қолға алдық:

» Доң ТКБК-да бақылауды жақсарту үшін жаңа шаралар енгіздік, соның ішінде қауіпі жоғары жұмыстарды орындайтын жұмыскерлерді дербес бейнетіркеуіштермен қамтамасыз ету, сондай-ақ басшылық тарапынан қосымша байқылаудың енгізілуін қоса алғанда (36-бет);

» ДӨН ТКБК-да бұрғылау-қопару жұмыстарын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарымен сәйкестікке келтіру бағдарламасы енгізілді. Бұл төмендегіні қамтыды:

- Қопарғыштарды даярлауды жүзеге асыратын сыртқы ұйымдарға аудит жасау;
- Қопарғыштарды даярлау бағдарламаларын қайта қарау және жақсарту;

» Қазақстан алюминийі кәсіпорнында бақылау карталарын енгізуді қоса алғанда, бақылаудың жетілдірілген шараларын енгізу (36-бет).




1 2018 жылы кардиоскринингтен өткен адамдар санының төмендеуі – мақсатты топқа кіретін 40 жастан асқан жұмыскерлер санының азаюымен байланысты болды.

Африкадағы кәсіпорындарда біз жүргізген тергеулердің нәтижелері көрсеткеніндей, өлімге әкелген екі жазатайым оқиғаға бірқатар факторлар себеп болды, соның ішінде:

- Ішкі қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтамау (соның ішінде қозғалып тұрған жабдықта жұмыстарды орындауға қатысты тыйым);
- Түнгі ауысымда жұмыстардың орындалуын жеткілікті деңгейде мұқият қадағаламау және жұмыскерлер арасындағы өзара әрекеттестіктің жеткілікті деңгейде тиімді болмауы;
- Құрал-жабдықтың орналасуы;
- Қауіптерді анықтау үдерісінің тиімді болмауы;
- Бөтен мердігерлермен байланысты жағдайларда – қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалықтың жеткілікті деңгейде тиімді болмауы, сондай-ақ шарттардың орындалуына бақылау жасау механизмдерінің, сондай-ақ мердігерлерді бағалау мен таңдау нәтижелерін растауға бағытталған қолданылатын рәсімдердің жеткілікті деңгейде тиімді болмауы.

Осы тергеулердің нәтижелері бойынша біз (өзгерелерімен қатар):

- Қолданылатын рәсімдердің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды қолға алдық (соның ішінде, тиеу жұмыстарын орындау тәртібін қоса алғанда);
- Төтенше жағдайларға орай әрекет етудің тиімділігін арттыруға арналған шараларды қолға алдық (атап айтқанда, нысандарда тиісінше даярлықтан өткен шұғыл медициналық жәрдем көрсету бригадалары және қажетті апаттық-құтқару жабдықтары бар);
- Көлік жабдықтарының операторлары үшін қайталама нұсқаулықтардың жүйелі түрде өткізілуін, сондай-ақ қайта өңдеу зауытындағы жұмысшылар үшін алғашқы жәрдем көрсету бойынша қосымша оқытудың өткізілуін ұйымдастырдық;
- Түнгі ауысымдағы жұмыстардың орындалуын қадағалаудың тиімділігін арттыруға арналған шараларды қолға алдық және түнгі ауысым жұмыскерлері үшін жұмыс орнындағы шаршауды басқару жоспарын қайта қарадық;
- Нысандардағы қызметкерлердің өзара әрекеттесу тиімділігін арттыру үшін жұмыскерлерді қосымша рациялармен жабдықтадық.

| Жылдар бойынша еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың негізгі көрсеткіштері | 2018 | 2017 | 2016 | 2015 |
|---|---|---|---|---|
| Өлімге әкелген жазатайым оқиғалар (жұмыскерлер және мердігерлер) | **5** | 6 | 15 | 10 |
| Өлімге әкелген жазатайым оқиғалар (тек жұмыскерлер) | **1** | 3 | 10 | 9 |
| Өлімге әкелген жазатайым оқиғалар (тек мердігерлер) | **4** | 3 | 5 | 1 |
| Еңбекке жарамдылық күндерін уақытша жоғалтқан жарақаттану-лар (тек жұмыскерлер) | **70** | 83 | 84 | 86 |
| Еңбекке жарамдылықты уақытша жоғалтқан жарақаттанулар және өлім жағдайлары (тек жұмыскерлер) | **71** | 86 | 94 | 95 |
| Еңбекке жарамдылық күндерін уақытша жоғалтқан жарақаттану-лардың саны (тек жұмыскерлер) | **0,58** | 0,69 | 0,76 | 0,74 |

| Өңірлер бойынша бойынша еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың негізгі көрсеткіштері | Қазақстан | Африка | Бразилия |
|---|---|---|---|
| Өлімге әкелген жазатайым оқиғалар (жұмыскерлер және мердігерлер) | 3 | 2 | 0 |
| Өлімге әкелген жазатайым оқиғалар (тек жұмыскерлер) | 0 | 1 | 0 |
| Өлімге әкелген жазатайым оқиғалар (тек мердігерлер) | 3 | 1 | 0 |
| Еңбекке жарамды күндерін уақытша жоғалтқан жарақаттанулар (тек жұмыс-керлер) | 66 | 3 | 1 |
| Еңбекке жарамды күндерін уақытша жоғалтқан жарақаттанулар (тек мердігерлер) | 66 | 4 | 1 |
| Еңбекке жарамды күндерін уақытша жоғалтқан жарақаттанулардың саны | 0,65 | 0,20 | 4,89[1] |

Сонымен қатар, мердігерлермен өзара әрекеттесу тиімділігін арттыруға арналған шараларды қолға алдық (37-бет).

2018 жылы еңбекке жарамдылық күндерін жоғалтумен 71 өндірістік жарақаттану тіркелді (LTI) (2017 жыл: 86), бұл ретте еңбекке жарамдылық күндерін жоғалтқан жарақаттанулардың жиілігі (LTIFR) 0,58 шамасында (2017 жыл: 0,69)[1]. Бұл деректер өлімге әкелген жағдайларды қамтиды. Көрсеткіштержақсарғанына қарамастан, біз елеулі жұмыс атқарылуы тиіс екенін түсінеміз.

## Metalkol RTR кәсіпорнында еңбекке жарамды күндерді жоғалтар жарақаттанусыз 13 млн.-нан астам атқарылған сағаттар

2018 жылы КДР-дағы Metalkol RTR кәсіпорнындағы жұмыс еңбекке жарамды күндерді жоғалтар жарақаттанусыз 13,2 млн. сағат үздіксіз атқарылды. Бұған – жобаны іске асырудың әуел басынан өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірыңғай стандарттарын біріздiлікпен қолданудың арқасында қол жеткізілді. Нысанда әртүрлі мәдениет және әртүрлі тілде сөйлейтін (соның ішінде суахили, француз, қытай және ағылшын) жұмыскерлердің көп саны жұмыс істейтінін ескерер болсақ, бұл – ерекше жетістік болып табылады. Сонымен қатар, бұл көрсеткішке – әдетте жұмыскерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне жоғары қауіп төнуімен байланысты болатын құрылыс кезеңінде қол жеткізілді. Өкінішке орай, 2018 жылдың қараша айында еңбекке жарамдылықты жоғалтумен өндірістік жарақаттану тіркелді.

1 Тек жұмыскерлер. Бұл көрсеткіш өлімге әкелген жазатайым оқиғаларды қамтиды.
2 2018 жылы BAMIN жобасы аясында атқарылған сағаттар саны шектеулі болғанына назар аудартқымыз келеді.

# Өндірістік қауіпсіздік жалғасы

## Болашаққа жоспарлар

### Қазақстан

Біз жұмыскерлеріміздің денсаулығына залал келтіру тәуекелін төмендету жөніндегі жұмысты жалғастыруды жоспарлап отырмыз, соның ішінде келесілерді қоса алғанда:

» Кәсіпорындардағы аудиттің нәтижелерін ескере отырып ӨҚ басқару бойынша жаңа жүйе әзірлеу және енгізу;

» Деректерді басқару мен есептілікті ұсынудың автоматтандырылған жүйесін жетілдіру, соның ішінде еңбек стандарттарының сақталуын, өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін, ӨҚ саласындағы тәуекелдерді бағалауды және көлік қауіпсіздігі көрсеткіштерін айқындайтын жаңа көрсеткіштерді енгізу;

» 2019 жылы биіктіктегі жұмыстардың қауіпсіздігіне кешенді аудит жүргізуді аяқтау;

» Мониторингтің тиімділігін арттыру үшін қосымша дербес бейнебақылау жүйелерін орнату;

» Жұмыскерлерімізді жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету бағдарламасын іске асыруды 2021 жылға дейін жалғастыру;

» Жол-көлік оқиғаларының саны мен ауырлығын төмендету мақсатында көлікті жерсеріктік бақылау, талдау және басқару жүйесін тәжірибелік енгізу. Бұл – көлік қауіпсіздігі көрсеткіштеріне мониторинг жасау мақсатында көліктің қозғалуын жерсеріктік бақылау жүйесін енгізуді қамтиды;

» Қазақстан алюминийі кәсіпорнындағы жазатайым оқиғалардың себептерін жою үшін қосымша шараларды іске асыру, соның ішінде ернемекті қосылыстарды бөлшектеуге арналған заманауи жабдық сатып алу.

Сонымен қатар, 2019 жылы біз мердігер ұйымдардың жұмысын бақылау мен қадағалаудың тиімділігін арттыру үшін бірқатар қосымша шараларды қолға алуды жоспарлап отырмыз. Бұл – мердігерлердің ӨҚ басқару жөніндегі стандартын қайта карауды және ЕҚжӨҚ ережелерін бұзғаны үшін айыппұл санкцияларының бірыңғай жүйесін енгізуді қамтиды.

### Африка және Бразилия

Африкада біз келесі жолмен қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсартуды жоспарлап отырмыз:

» SHS басқару жүйесі аясында өндірістік қауіпсіздіктің жаңа рәсімдеріне ішкі аудит жүргізу;

» ISO 45001 – Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы басқару жүйесі стандартына сәйкестікке қатысты Metalkol RTR кәсіпорнындағы ӨҚ басқару жүйесіне ішкі аудит жүргізу – сертификаттауға қол жеткізу ниетімен;

» Boss Mining, CCC, Frontier және Chambishi кәсіпорындарында өнеркәсіптік гигиена бағдарламаларының қамту өрісін кеңейту, соның ішінде қатты заттарға мониторинг жасауды, эргономикалық талдауды және діріл деңгейіне мониторинг жасауды қоса алғанда;

» Metalkol RTR кәсіпорнында ӨҚ саласындағы тәуекелдерді бағалау мен әрі қарай оқытуды жүргізу.

BAMIN жобасы аясында біз Бразилияда мердігер ұйымдар үшін өндірістік қауіпсіздік стандарттарын көтеруді жоспарлап отырмыз, соның ішінде кіріспе нұсқамалық бағдарламасына қауіпсіздік техникасы бойынша тереңдетілген нұсқамалықты енгізу жолымен.



# Қызметкерлерді дамыту

## Стратегиялық мәнмәтін

**Бақытты және кәсіби ұжым:** біздегі 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі – қызметкерлерімізді дамыту. Осы саладағы жұмыс қызметкерлердің стратегиялық машықтары мен құзыреттерін дамытуды, корпоративтік мәдениетті дамытуды, сондай-ақ кадрлық  резервті қалыптастыруды және көшбасшылық әлеуетті дамытуды қамтиды.



**БҰҰ-ның Релевантты Орнықты Даму Мақсаттары**

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ-мен анықталған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
| 4 | 4.4 | 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу үшін, лайықты жұмысқа қол жеткізу үшін және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті машықтары, соның ішінде кәсіби-техникалық машықтары бар жас және ересек адамдардың санын едәуір арттыру |
| 8 | 8.6 | 2020 жылға қарай жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби машықтарға қол жеткізбейтін жастардың санын едәуір қысқарту |

Біз Топтың барлық деңгейлерінде жұмыстың инновациялық әдістерін енгізуге, сондай-ақ корпоративтік мәдениетімізді үздіксіз дамытуға баса назар аударамыз. Біздің стратегиялық басымдықтарымызға сәйкес, біз жұмыскерлеріміздің стратегиялық машықтары мен құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ кадрлық резервті қалыптастыруға және көшбасшылық әлеуетті дамытуға ерекше мән береміз. Біз сондай-ақ дарындарды басқаруға қатысты тұстастық тәсілдемесін ұстанамыз және кәсіпорындарымыздың ағымдағы және келешек қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін әртүрлі тәжірибесі бар, жасы мен кәсібі әртүрлі білікті мамандар базасын қалыптастырамыз. Бұл – тау-кен өндіру саласындағы жас мамандардың тапшы болуы, біздің кәсіпорындар орналасқан өңірлерден халықтың көешуі және бизнесімізді трансформациялау бойынша үздіксіз жұмыстың жасалуы жағдайында аса маңызды.

## Негізгі мәселелер және бастамалар

### Қазақстандағы қызметкерлерді басқару

2018 жылы біздің осы саладағы жұмысымыздың негізгі бағыттары төмендегіні қамтыды:

- Компаниямыздың ағымдағы және келешек қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдық құрылымдар мен басқару жүйелерін қалыптастыру;
- Біздің барлық кәсіпорындарымызда қызметкерлерді басқаруға қатысты тәсілдемені бірегейлендіру (соның ішінде қызметкерлерді жалдауды, оқытуды және дарындарды басқаруды қоса алғанда);
- Жұмыскерлердің ынтасын арттыру және оларды ұстап қалу үшін біліктілікті арттырудың, сыйақы берудің және мансаптық өсудің нақты бағдарламасын әзірлеу;
- Стратегиялық басымдықтарымыздың іске асырылуын қамтамасыз ету үшін нәтижеге бағдарланған бірыңғай мәдениетті енгізу.

2019 жылы біздегі корпоративтік 2025 Стратегия аясында біз қызметкерлерді басқару саласындағы атқарымдық стратегияны әзірлеуді жоспарлап отырмыз және ол жоғарыда аталған элементтердің басым көпшілігін қамтиды.

### Ұйымдық құрылымды әзірлеу және ресурстарды жоспарлау

Қызметкерлерді басқаруға қатысты тәсілдеміз айқын және бірізді ұйымдық құрылымның қалыптастырылуын көздейді. Осыған байланысты, 2018 жылы біз:

- Кәсіпорындардың ұйымдық құрылымын қайта қарадық және барынша бірізді және нақты бағынушылық тәртібін, лауазымдық санаттар мен басқару деңгейлері жүйесін енгіздік;
- Тиімділік көрсеткіштерін салыстырмалы түрде талдауға арналған айқын тәсілдемені қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорындарда лауазымдық санаттар жүйесі мен лауазымдардың сипаттамаларын бірегейлендірдік.

# 2-БӨЛІМ: АДАМДАРЫМЫЗДЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ЖӘРДЕМДЕСЕ ОТЫРЫП

## Қызметкерлерді дамыту жалғасы

Біз сондай-ақ кадрлық жоспарлау үдерістерінің тиімділігін арттырдық. Ол үшін біз өзге жұмыстармен қатар:

- Қызметкерлерге арналған шығындарды барынша тиімді жоспарлау мақсатында лауазымдарды категориялауды өзекті ету жөніндегі жұмысты жүргіздік;
- Қызметкерлерге деген қажеттілікті ұзақ мерзімді жоспарлау үлгісін өзекті еттік;
- Қызметкерлердің санына қатысты ақпаратты жинау және талдау үдерісін жақсарту мақсатында бірқатар негізгі үдерістерді автоматтандыруды жүзеге асырдық.

### Дарындарды басқаруға қатысты тұтастық тәсілдеме

Біз Топтың қазіргі уақытта және келешекте әртүрлі тәжірибесі бар, жасы мен кәсібі әртүрлі мамандармен қамтамасыз етілуі үшін ұдайы жұмыс жасаймыз. Мұндай тұтастық тәсілдеме біздің стратегиялық басымдықтарымызды орындау үшін қажет болатын білікті мамандарды жалдау, біліктілігін арттыру, уәждеу және ұстап қалу бойынша біз атқарып жатқан жұмысқа негіз болып табылады (12-бет).

2018 жылы келесідей негізгі бастамалар іске асырылды:

***Мектептер:***

- Оқушыларды тау-кен саласындағы әртүрлі кәсіптермен таныстыру үшін жергілікті мектептерде ERG қызметкерлерінің дәрістерін өткізу;
- Біздегі Ашық есік күні бағдарламасы аясында ERG кәсіпорындарында жыл сайынғы таныстыру экскурсиялары өткізілді;
- Шамамен 72 мың АҚШ долларын құрайтын сомаға кәсіпорындар орналасқан өңірлерде орта мектептерді қайта жаңарту және жаңғырту үшін қаржыландыру ұсынылды.

***Колледждер және жоғары оқу орындары:***

- Біз кәсіптік-техникалық училищелер мен университеттерді қоса алғанда, жоғары оқу орындарына (және олардың студенттеріне) қаржылай қолдау көрсетуді жалғастырдық (57-бет);
- 18 бос орындар жәрмеңкесі аясында ERG-дің әлеуетті жас жұмыскерлерімен өзара әрекеттесу;
- Жоғары оқу орындарының студенттері Топтың кәсіпорындарында өндірістік тәжірибеден өтті, сондай-ақ колледждердің оқытушыларын техникалық даярлау тағылымдамалары ұйымдастырылды.

***Жас мамандар:***

- Біз алғашқы үш күндік «ERG жас көшбасшылары» форумын өткіздік, оның аясында шамамен 200 жас қызметкер біздің корпоративтік мәдениетімізді, көшбасшылық машықтарды дамытуға және ұжымның ауызбіршілігін арттыруға бағытталған іс-шараларға қатысты.

***Тәжірибелі мамандар:***

- Біздің өндірістік мамандарымызды кәсіби дамытуға арналған «Кәсіби мамандар лигасы» бағдарламасын іске асыру жалғастырылды. 2018 жылы осы бағдарлама аясында жобаларды басқару саласындағы машықтарды дамытуға, Топ басшылығымен өзара әрекеттестіктің тиімділігін арттыруға және ERG Өндірістік жүйесін дамыту мен енгізуге жәрдемдесудің мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталған екі ауқымды тренинг өткізілді (24-бет);
- Аса тиімді жұмыскерлер үшін қол жеткізілген нәтижелерге негізделген ынталандыру жүйесін енгізу (46-бет).

Сонымен қатар, біз келесі санаттар бойынша стратегиялық «дарындардың пулдарын» қалыптастыруға қатысты тәсілдемелерді әзірледік:

- Бизнес-көшбасшылар (яғни кәсіпорындардың бірінші басшылары лауазымдарына резервте тұрған қызметкерлер);
- Кәсіпорындардың көшбасшылары (яғни кәсіпорындардың ірі бөлімшелері мен филиалдарының басшылары лауазымдарына резервте тұрған қызметкерлер);
- Орта буындағы басшылар (яғни корпоративтік деңгейде және кәсіпорындар деңгейінде орта буынды басшылар лауазымдарына резервте тұрған қызметкерлер);
- HiPro (яғни басқарушылық әлеуеті жоғары жас қызметкерлер).

Біз жұмыскерлерді жыл сайынғы бағалау бағдарламасы аясында, сондай-ақ «ERG жас көшбасшылары», «Кәсіби мамандар лигасы», Инноваторлар форумы секілді әртүрлі іс-шаралар мен басқарушылық және көшбасшылық машықтарды дамыту жөніндегі басқа бағдарламалар барысында дарындардың пулдарына енгізу үшін кандидаттарды үздіксіз іздейміз (43-бет).

### Оқыту және біліктілікті арттыру

2018 жылы біз Топтың барлық деңгейлеріндегі қызметкерлер үшін инновациялық жұмыс әдістерін енгізуге баса назар аудара отырып, біліктілікті арттыру жөніндегі бағдарламамызды жәеілдіруді және іске асыруды әрі қарай жалғастырдық. Бұл жұмыс төмендегіні қамтыды:

- Оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларының қамтылуын, сондай-ақ оларды іске асыру барысында күтілетін нәтижелерді бірегейлендіру мақсатында оқыту саласындағы жаңа Саясатты енгізу;
- Қызметкерлер үшін тренингтер өткізу, мысалы:
  - Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндетті тренингтер;
  - Жекелеген функцияларды атқаратын қызметкерлер үшін мамандандырылған тренингтер (мысалы, операциялық тиімділік қызметтері, қызметкерлерді басқару және бухгалтерия үшін);
  - Оқытудың өзге түрлері, соның ішінде сертификаттаудан өтуге даярлықты, жоғары оқу орнынан кейінгі дайындықты және жеке дамытуды қоса алғанда;
- Топтың өндірістік қауіпсіздік саласындағы стандарттары бойынша тренингтерді қоса алғанда, жаңа қызметкерлер үшін кіріспе нұсқамалық бағдарламаларын қайта қарау және бірегейлендіру.

Біз сондай-ақ ERG академиясы арқылы біліктілікті арттыру жөніндегі бағдарламамыздың стратегиялық бағыттарын іске асыруды жалғастырдық. Топтың 2025 Стратегиясын іске асыруға жәрдемдесу мақсатында біздегі корпоративтік мәдениетті дамытуға баса назар аударылды (12-бет).

Және ақыр соңында, біз ішкі және сыртқы оқыту стандарттарын арттыру бойынша жұмыс атқардық. Мысалы, біз 75 ішкі нұсқаушыларды даярладық, олар кейіннен өзге салалармен қатар өндірістік қауіпсіздік және үнемді өндіріс саласында өз әріптестері үшін оқыту жүргізетін болады. Біз сондай-ақ сапалы білім беру қызметтерін ұсынатын 200 шақты ұйымдардан деректер қорын құрдық. Бұл ұйымдар жұмыскерлердің кәсіби біліктілігіне қойылатын ERG талаптарына және оқыту стандарттарына сәйкестікке қатысты талдаудың нәтижесінде анықталды.




## Қызметкерлердің құзыреттерін жақсартылған бағалау

Біз қызметкерлердің құзыретін бағалау бағдарламасын іске асыруды жалғастырдық, оның аясында бір жылдың ішінде 3 мыңнан астам қызметкер сынақтан өтті.

Бұл бағдарлама келесілерге жәрдемдесуге арналған:

» Корпоративтік және жеке оқыту мен біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ қызметкерлердің негізгі құзыреттеріндегі олқылықтарды жою (42-бет);
» Дарындар пулына енгізу үшін кандидаттарды анықтау.

Қосымша ретінде, біз Қазақстандағы барлық жаңа қызметкерлерге кешенді бағалау жүргіземіз.

### Африкадағы және Бразилиядағы қызметкерлерді басқару

#### Африка

Африкадағы кәсіпорындарымыздың операциялық қызметіндегі елеулі өзгерістер бірқатар біліктілікті арттыру бағдарламаларының уақытша тоқтатылуына әкелді.

Metalkol RTR кәсіпорнында біздің осы бағыттағы жұмысымыз құрылысты аяқтап, жобаны пайдалануға беруге өтумен анықталды. Осыған байланысты, біз қызметкерлерді жалдау бойынша ауқымды науқан өткіздік, соның ішінде жақын жерде орналасқан кенттердің және Колвези қаласының тұрғындарын төмен біліктілікті қажет ететін қызметтерге жалдауды, сондай-ақ Конго азаматтары мен басқа елдердің азаматтарын жоғары біліктілікті қажет ететін лауазымдарға жалдауды қоса алғанда.

Осы жұмыс аясында біз жаңа және қолда бар жұмыскерлердің техникалық біліктілігіне бағалау жүргіздік. Нәтижесінде, анықталған олқылықтарды жою үшін мамандандырылған оқыту ұйымдастырылды.

Metalkol RTR кәсіпорнындағы оқу орталығы аккредитацияланған оқу модульдерінің пайдаланылуымен, сертификатталған ұйым ретінде тәуелсіз аккредитациялаудан өтуге дайындалуда. Бұл – біздің оқыту бағдарламаларымыздың озық халықаралық тәжірибелерге сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша ағымдағы жұмысымызға үлес қосады.

#### Бразилия

Бразилияда біз 2017 жылы ойдағыдай басталған барлық деңгейдегі жұмыскерлердің тиімділігін бағалау бағдарламасын іске асыруды жалғастырдық. Бағалаудың нәтижелері бойынша біліктілікті арттырудың жеке жоспарлары әзірленді. Біз сондай-ақ BAMIN жобасы аясындағы құрылыстың алдағы кезеңін іске асыруды қолдау мақсатында мәдени тарнсформация бағдарламасын әзірлеуді бастадық (сыртқы білім беру қызметтерін жеткізушінің қолдауымен).

## Нәтижелілік көрсеткіштері

Қазақстанда біз өз қызметкерлерімізді оқыту мен біліктілігін арттыруға шамамен 5 млн. АҚШ долларын инвестицияладық (2017 жыл: 4,2 млн. АҚШ доллары). Бұл сома жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар аясындағы міндетті оқытуды және «Кәсіби мамандар лигасы», «Өсім порталы» және т.б. секілді қызметкерлерді дамыту жөніндегі өзге де ауқымды іс-шараларды қамтиды.

Африкада қызметкерлерді оқыту мен біліктілігін арттыруға арналған шығындар шамамен 295 мың АҚШ доллары мөлшерінде(2017 жыл: 340 мың АҚШ доллары).

## Болашаққа жоспарлар

Қазақстанда біз төмендегіні жоспарлап отырмыз:

» 2025 Стратегиясын іске асыруды қолдау мақсатында қызметкерлерді басқару саласындағы атқарымдық стратегияны әзірлеуді аяқтау;
» Басқару саласындағы бастамаларды іске асыруға жәрдемдесу үшін АТ-шешімдерді енгізу, соның ішінде:
  • Қызметкерлерге деген қажеттіліктер бойынша деректерді тереңдеп талдау үшін ықпалдастырылған бағдарламалық платформа және дэшборд;
  • Қызметкерлерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі;
  • Барлық қызметкерлер үшін қолжетімді интранет желісі базасында оқу материалдары кітапханасы мен қашықтан оқыту жүйесі.
» Жоғарғы және орта буынды менеджерлерін дамыту мақсатында жаңа « ERG Көшбасшылары» бағдарламасын іске асыруды бастау;
» Ағымдағы және әлеуетті (яғни оқып жатқан) жас жұмыскерлерді дамытудың жаңа бағдарламаларын іске асыруды бастау. Бұл – «ERG жас көшбасшылары» бағдарламасын, сондай-ақ оқу орындарымен өзара әрекеттесу жөніндегі іс-шараларды қамтиды;
» Жас қызметкерлердің арасындағы коммуникацияларды жақсарту және оларға компанияның ішінде даму мүмкіндіктеріне қол жеткізуді ұсыну үшін аймақтық Жастар кеңесін құру;
» Жұмыскерлердің әртүрлі топтарының сарапшылық машықтарын дамыту мақсатында «Кәсіби мамандар лигасы» бағдарламасын іске асыруды жалғастыру;
» Қысқа, орта және ұзақ мерзімді келешекте Қазақстандағы экономикалық өсуді қамтамасыз етуге қажет болатын негізгі мамандықтар мен машықтарды анықтау бойынша бірлескен бастаманы – «Жаңа кәсіптер атласын» құруға қатысу. Осы бастаманы іске асырудың нәтижесінде жастар стратегиялық жоспарлау құралына қол жеткізе алады және бұл – оларға еңбек нарығындағы сұраныс динамикасы мен келешек трендтердің ескерілуімен кәсіпті таңдауына көмектеседі.

2019 жылы (және одан кейінгі жылдары) біз сондай-ақ барлық деңгейлердегі қызметкерлер үшін 2025 Стратегиясының талаптарын коммуникациялау мақсатында оқыту сессияларын өткізуге ERG академиясының қатысу ауқымын кеңейтуді жоспарлап отырмыз.

ҚДР-дағы Metalkol RTR кәсіпорнында біз көшбасшылық және техникалық машықтар мен құзыреттерді дамытуға бағытталған бірқатар оқыту бағдарламаларын әзірледік. Оларды іске асыру 2019 жылға жоспарланған. Бұл бағдарламалар өндірісті жергіліктендіруге, басқарушылық кадрлық резервті қалыптастыруға және жұмыскерлеріміздің әлеуетін дамытуға жәрдемдеседі.

# Еңбек қатынастары

## Стратегиялық мәнмәтін

**Бақытты және кәсіби ұжым:** біздегі 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі – қызметкерлеріміздің құзыретерін дамыду және олардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатының қамын ойлау. Бұл – жұмыскерлердің денсаулығын нығайту мен салауатты өмір салтын қолдауды ғана емес, сонымен қатар жайлы еңбек жағдайларын жасауды, кеңейтілген әлеуметтік жеңілдіктер ұсынуды және ERG-дің жұмыс беруші ретіндегі тартымдылығын арттыруды көздейді.




### БҰШ-ның релевантты Орнықты Даму Мақсаттары

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ-мен анықталған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
|  | 8.8 | Барлық еңбекшілерге, соның ішінде еңбекші мигранттарға, әсіресе мигрант әйелдерге және тұрақты жұмыспен қамтылмаған тұлғаларға сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу және еңбек құқықтарын қорғау |
|  | 11.1 | 2030 жылға қарай жеткілікті, қауіпсіз және қымбат емес тұрғын үйге және негізгі қызметтерге жалпының қол жеткізуін қамтамасыз ету және қараңғы түкпірлерді абаттандыру |

Қазақстандағы еңбек қатынастарына біздің тұтастық тәсілдememіз жұмыскерлер мен жергілікті қоғамдастықтардың елеулі өзара әрекеттестігімен және өзара байланысымен түсіндіріледі. Сондықтан біз басым көпшілігі географиялық шалғай жерлер болып табылатын және ERG қызметіне аса тәуелді өңірлерде жұмыскерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға баса назар аударамыз. Бұл тәсілдеме уәжделген, қорғалған, өнімді, тұрақты және бейілді жұмыс күшінің дамуын қолдауға, сондай-ақ жалпы біздің кәсіпорындар орналасқан өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Топтағы еңбек қатынастарына біздің тәсілдememіздің негізгі компоненті – жалақы, әлеуметтік жеңілдіктер және өндірістік қауіпсіздік секілді әртүрлі мәселелер бойынша жұмыскерлердің бірлестіктерімен сындарлы өзара әрекеттесу болып табылады. Біз өз жұмыскерлеріміздің кәсіподақтарға кіру және ұжымдық шарттарды жасауға еркін қатысу құқығын құрметтейміз. Топ жұмыскерлерінің 90%-дан астамы – кәсіподақ мүшелері. Ұжымдық шарттар біздің кәсіпорындардың басым көпшілігінде жасалған.

Сонымен қатар, біз кемсітусіз әділ жұмыс орнын құру және жұмысқа орналасу кезінде теңдей мүмкіндіктер беру қағидаттарын толық ұстанамыз. Біз жұмыскерлеріміздің жынысына, нәсіліне, жасына, еңбекке қабілеттілігіне немесе жыныстық бағытына қарамастан олармен әділ түрде, теңдей және жалған сенімсіз қатынасамыз.

## Негізгі мәселелер және бастамалар

### Қазақстандағы еңбек қатынастары

Жоғарыда аталып өткендей, еңбек қатынастарына біздің тұтастық тәсілдемеміз жұмыс орындарында және одан тыс жерлерде бастамаларды іске асыруды қарастырады. Бұл саладағы жұмыстың басымдықты бағыттары:

» Жұмыскерлеріміздің жұмыс жағдайларын жақсарту және стандарттау, сондай-ақ қызметкерлерге ұсынылатын әлеуметтік жеңілдіктер пакетін ұдайы жетілдіру;
» Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде жұмыскерлеріміздің және олардың отбасыларының өмір сүру деңгейін арттыру.

Жұмыстың бұл бағыттары кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде өткізілген әлеуметтік-экономикалық жағдайдың кешенді базалық зерттеулерінің нәтижелері бойынша басымдық болып белгіленген.

Және ақыр соңында, дарындарды басқаруға қатысты пайдаланатын тұтастық тәсілдемеміз жұмыскерлердің мансаптық жолының барлық кезеңдерінде оларды мамандандырылған оқыту мен біліктілігін арттыруды ұйымдастыруды тұспалдайды (42-бет).

### Жұмыс жағдайларын стандарттау

Бір жылдың ішінде біз барлық кәсіпорындарымыздың Топ стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін жұмыс жағдайларын жақсарту және стандарттау жөніндегі жұмысты жалғастырдық. 2018 жылы бұл бағыттағы бастамалар төмендегіні қамтыды:

» Санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар: барлық кәсіпорындарымыздағы санитарлық-тұрмыстық үй-жайларды (мысалы, асханалар, әжетханалар, вахталық жұмыскерлерге арналған жатақханалар) қайта жаңарту және оларды бірыңғай стандартқа келтіру жөніндегі бағдарламаны іске асырудың жалғасы ретінде шамамен 13 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестициялар;
» Тамақтандыру: жұмыскерлерімізге арналған 73 қоғамдық тамақтану нысандарында 2017 жылғы аудит барысында берілген ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізілді. Бұл мониторинг нәтижелеріне сәйкес Қазақстандағы кәсіпорындардың барлығында тамақтандыруды ұйымдастырудың бірыңғай стандартына сәйкес жағдайлардың жақсарғаны байқалды;
» Медициналық қамсыздандыру: Павлодар және Қостанай облыстарындағы кәсіпорындарда медициналық қызметтердің бірыңғай жеткізушісімен жұмыс басталды; кәсіпорынның 55 медициналық пунктіне аудиттер мен стандарттау жүргізілді; Қазақстандағы кәсіпорындардың барлығында барынша құрылымдалған медициналық қызмет көрсету енгізілді;
» Көлік: біз жұмыскерлерді көлікпен қамтамасыз етуді бірыңғай стандартқа келтіруді іске асыруды жалғастырдық. 2018 жылғы негізгі бастамалар келесілерді қамтыды:
  - Меншікті және тартылған автобус паркін кезең-кезеңмен жаңарту, соның ішінде 31 жаңа автобус сатып алу;
  - Қазақстандағы кәсіпорындардың барлығында ERG жұмыскерлерін тасымалдауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтайтын стандартты бекіту және енгізу.

Біз сондай-ақ біздің жұмыскерлер пайдаланатын қоғамдық көлікті жаңарту және сапасын арттыру мақсатында Ақтөбе, Қостанай және Павлодар облыстарындағы жергілікті атқарушы билік органдарымен ынтымақтаса жұмыс істейміз.

### Жұмыскерлердің өмір сүру сапасын арттыру

2018 жылы біз өзіміз жайғасқан өңірлерде жұмыскерлеріміздің өмір сүру сапасын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырдық. Бұл – келесіні қамтыды:

» Тұрғын үймен қамтамасыз ету: мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы аясында қолжетімді заманауи тұрғын үй құрылысын салу және оны жеңілдік шарттарымен жұмыскерлерге ұсыну. Осы бағдарлама аясында Павлодар және Ақтөбе облыстарында үш көпқабатты тұрғын үй салынды. 2015 жылы іске асыру басталған сәтінен бері бұл бағдарлама ERG-дің 600-ден астам жұмыскеріне, соның ішінде 2018 жылы ERG-дің 186 жұмыскері мен олардың отбасыларына тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мүмкіндік берді. Бағдарлама сыртқы қаржы мекемелерімен серіктесе отырып іске асырылуда;
» Әлеуметтік инфрақұрылым: Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына инвестициялар, соның ішінде медициналық орталықтар, спорттық және мәдени-тынығу нысандарын қоса алғанда (57-бет). Бұл нысандарға біздің жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелері бара алады, ал зейнеткерлерге және әлеуметтік тұрғыда қорғалмаған және/немесе көп балалы отбасыларға жеңілдіктер ұсынылады;
» Білім алу және кәсіпкерлік: оқыту бағдарламаларының кең ауқымына, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтар үшін (соның ішінде жұмыскерлеріміздің балалары үшін) жұмысқа орналасу келешегін қамтамасыз етуге және әлеуметтік-экономикалық дамуға жәрдемдесу мақсатында кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бағдарламаларға инвестициялар. Бұл – STEM-зертханалар құру (56-бет), Студенттік кәсіпкерлік экожүйесін құру жөніндегі бағдарламаның іске асырылуы (57-бет) және кәсіби училищелер мен университеттерге инвестициялар салуды қамтиды (57-бет)



### Қазақстандағы жұмыскерлер үшін артықшылықтар

Біз өз жұмыскерлерімізге бірқатар артықшылықтарды ұсынамыз. Олар келесілерді қамтиды:

» Бәсекелі жалақы және өндірістік мақсаттарға қол жеткізгені үшін сыйлықақылар;
» Жұмыскерлер үшін медициналық қызметтердің шығындарын жабу (заңнамамен қарастырылған көлемнен тыс). 2018 жылы біз бұл мақсаттарға шамамен 10 млн. АҚШ долларын бөлдік;
» Зейнеткерлерге, көп балалы отбасыларға және мүгедек балалары бар отбасыларға қосымша қолдау көрсету;
» Қызметкер әйелдер үшін балаға күтім жасау бойынша ұзағырақ демалыс (заңнамамен қарастырылған мерзімнен тыс);
» Асханаларда жеңілдікпен тамақтану;
» Жұмыскерлердің көлік шығындарын өтемдеу.

Сонымен қатар, біз спорттық және мәдени-тынығу іс-шараларын ұйымдастырамыз, сондай-ақ өзіміз жайғасқан өңірлердегі жұмыскерлер пайдаланатын әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын қолдап отырамыз (57-бет).




## Қазақстандағы жұмыскерлердің саламатты өмір салтын қолдау

2018 жылы біз Қазақстандағы жұмыскерлеріміздің саламатты өмір салтын қолдауға қатысты тұтастық тәсілдемені ұстануды жалғастырдық. Бұл тәсілдеме аясында қызметкерлеріміздің спортқа тартылуын арттыруға және өмір салтын жақсартуға баса назар аударылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін ERG Спорт клубының негізі қаланды.

Бір жылдың ішінде осы бағдарлама аясында әртүрлі іс-шаралар өткізіліп, оларға бірнеше мың адам қатысты (соның ішіде ERG қызметкерлері мен жергілікті тұрғындарды қоса алғанда). Соның ішінде:

- Топтың екінші спартакиадасы өткізілді және бұл спорттық жарысқа ERG кәсіпорындарының шамамен 700 қызметкері қатысты;
- Ақтөбе, Павлодар және Қостанай облыстарында сол уақытта ауқымды жүгіру фестивалі – ERG Run Fest болып өтті, оған шамамен Топтың 3 мың қызметкері мен жергілікті қоғамдастықтардың басқа өкілдері қатысты;
- Біздің кәсіпорындардың қызметкерлері үшін жүзден астам басқа спорттық іс-шаралар өткізілді.

Сонымен қатар, біз Қазақстандағы спорттық нысандарымызды жаңғырту және стандарттау жөніндегі бағдарламаны іске асыра бастадық. Атап айтқанда, Дөң ТКБК-да жаттығу залдары мен спорт залдарын қайта жаңғырту бойынша, сондай-ақ спортпен айналысатын жұмыскерлердің санын арттыруға жәрдемдесу үшін аталған нысандардың тиімділігін арттыру бойынша пилоттық жоба іске асырылды. Бағдарламаның ақырғы мақсаты – барлық жұмыскерлеріміз үшін спорттық нысандарға теңдей қолжетімділік пен жабдықталу деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Пилоттық жоба аяқталғаннан кейін 2019 жылы біз сондай-ақ Қазақстандағы басқа кәсіпорындарда осы бастаманы іске асыруды жоспарлап отырмыз.

### Жұмыскерлерді ынталандыру

2018 жылы біз Қазақстанда нәтижеге бағдарланған мәдениетті әрі қарай енгізу мақсатында жұмыскерлерді ынталандырудың жаңа жүйесін қолдана бастадық. Атап айтқанда, әкімшілік-басқарушылық қызметкерлерге жататын 1 500-ден асатын жұмыскердің тиімділігін құрылымдалған түрде бағалау жүзеге асырылды. Бұл бағалау жұмыс нәтижелерімен байланыстырылған айқын сыйақы беру жүйесін әзірлеуге негіз болды. Ол белгіленген тиімділіктің негізгі көрсеткіштеріне (ТНК) арқа сүйейді, соның ішінде корпоративтік және жеке мақсатты көрсеткіштерді қоса алғанда.

Сонымен қатар, біз өзіміздегі сыйақы беру жүйесін әрі қарай жетілдіру бойынша келесі шараларды қолға алдық:

- бизнес үшін құндылықтарына қарай иерархия құруға, әрбір маманның еңбегін объективті және әділ бағалауға және әрі қарай мансаптық өсіру мақсатында үздік мамандарды ұстап қалуға мүмкіндік беретін, грейдтерге негізделген айқын және құрылымдалған еңбекақы төлеу жүйесін енгізу;
- Кәсіпорындарымыздағы қызметкерлердің жалақысының мөлшерін тереңдеп талдау, сондай-ақ басқа компаниялардың көрсеткіштерімен салыстырмалы талдау. Нәтижесінде бүкіл өндірістік қызметкерлердің жалақысын сараланған түрде көтеру жүргізілді.

### Африкадағы және Бразилиядағы еңбек қатынастары

#### Африка

КДР-дағы Metalkol RTR кәсіпорнында жобаны пайдаға беру жұмысының басталуына байланысты қызметкерлердің саны едәуір өзгерді. Атап айтқанда, штаттағы қызметкерлердің саны өсті. Нәтижесінде біз қызметкерлердің жалпы санындағы КДР азаматтарының үлесін, сондай-ақ осы елдің азаматтары қатарынан қызметкерлердің санын едәуір ұлғайттық. Бұл – жергілікті қамтуға қойылатын талаптардан босату бойынша бізге берілген мерзімнің бітуіне орай біздің белсенді дайындығымыздың көрінісі болды (бұл мерзім құрылыс кезеңінде қолданыста болды). Осыған байланысты, біз сондай-ақ мирасқорлықты / жергіліктендіруді қамтамасыз етудің кешенді жоспарын іске асырудамыз және бірыңғай корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қамтамасыз етуге баса назар аудара отырып, кіріспе нұсқамалық өткізіп жатырмыз.

Metalkol RTR кәсіпорнында біз сондай-ақ Pamoja tuta Weza (суахили тілінен аударғанда – «Командада жұмыс жасай отырып бірігеміз») жаңа бағдарламасын іске асыруды бастадық. Ол өндіріс кезеңінде жобаның ойдағыдай іске асырылуын қамтамасыз ету үшін «төменнен жоғарыға» қағидаты бойынша ұйымдастырылған бірыңғай корпоративтік мәдениетті қалыптастыру бойынша біздің белсенді жұмысымызды көрсетеді. Бұл бағдарлама ынтымақтастыққа негізделген міндеттерді шешуге қатысты тәсілдемені, бірыңғай түсінушілікті және командалық жұмыс машықтарын қалыптастыруға арналған семинарлар мен тренингтер топтамасын қамтиды. Бағдарламаны әзірлеуде негізгі рөлді біздің қызметкерлеріміздің арасынан шыққан «жасырын көшбасшылар» атқарды (мысалы, жергілікті қоғамдастықтардың ақсақалдары және / немесе басшылық қатарынан шыққан құрметті қызметкерлер).

Біздің Африкадағы басқа кәсіпорындарымыздағы еңбек қатынастарына негізгі ықпалды келесі өзгерістер жасады және олар қызметкерлерді қысқартуға әкелді:

» Boss Mining: Boss Mining кәсіпорнын консервациялау;
» Comide: Comide шығындарын әрі қарай қысқарту (бұрын бұл кәсіпорын консервацияланған болатын);
» CCC: Boss Mining кәсіпорнының консервациялануына байланысты CCC операциялық үлгісінің өзгеруі;
» Chambishi Metals: ішінара өндірістің қысқаруын қамтитын операциялық өзгерістер;
» Йоханнесбургтегі Бас кеңсе: біздің кәсіпорындарымыздың қызметіне әрі қарай тиімді қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған, Йоханнесбургтегі кеңсеміздің ұйымдық құрылымының қайта қаралуы (жоғарыда аталған операциялық өзгерістер мәнмәтінінде).

Кәсіпорындардың операциялық қызметіндегі осы өзгерістердің барлығы жергілікті еңбек заңнамаларына, сондай-ақ бізбен жасалған ұжымдық еңбек шарттарына толық сәйкестікпен жүзеге асырылды.

### Бразилия

BAMIN темір кені жобасының аясында біз құрылыс жұмыстарының басталуы қарсаңында бірыңғай корпоративтік мәдениетті қалыптастыру үшін басшылық пен қызметкерлердің арасында екіжақты өзара әрекеттестікті орнатуға баса назар аудардық. Атап айтқанда, қызметкерлермен қозғалған мәселелерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің тоқсан сайынғы отырыстарын өткізу ұйымдастырылды.

## Нәтижелілік көрсеткіші

2018 жылы Топтың Қазақстандағы кәсіпорындарында жұмыскерлердің ереуілдері байқалған жоқ. Бұл – кәсіподақтармен оң және сындарлы өзара әрекеттестіктің, сондай-ақ жұмыскерлерімізді алаңдататын әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған біздің белсенді жұмысымыздың нәтижесі болып табылады. Біз кәсіподақтармен қатынастарды нығайту жөніндегі жұмысты жалғастырдық; атап айтқанда, кәсіподақ өкілдерінің делдалдығымен қызметкерлеріміздің назарына жеткізілетін мәселелерді шешу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

2018 жылы ERG-дің Африкадағы кәсіпорындарында да жұмыскерлердің ереуілдері байқалған жоқ. Frontier Mine және Metalkol RTR кәсіпорындарында кәсіподақтардың жаңа құрамын сайлау ойдағыдай өтті. Бұдан бұрын, 2017 жылы Frontier Mine кәсіпорнында заңсыз ереуіл өткізілді және оның нәтижесінде, жергілікті еңбек заңнамасына сәйкес, кәсіподақтың алдыңғы басшылығымен арадағы шарттық қатынастарымыз бұзылды. Қазіргі таңда біз кәсіподақтардың жаңа басшыларымен сындарлы қатынастарды қолдап отырмыз. Metalkol RTR кәсіпорнында біз кәсіподақ өкілдерімен апта сайынғы мәжілістерді, сондай-ақ тоқсан сайынғы ресми мәжілістерді өткізіп тұрамыз. Біз сондай-ақ заңнамалық ұжымдық шарттар аясында жұмыспен қамту шарттарымен байланысты мәселелер бойынша КДР-дағы кәсіпорындарымызда кәсіподақтармен белсенді түрде өзара әрекеттесеміз.

Есепті кезеңде Бразилияда еңбек қатынастары саласында елеулі мәселелер байқалған жоқ.

Сонымен қатар, 2018 жылы:

» Біздің кәсіпорындарымыздың қандай да бірі тарапынан жұмыскерлердің бірлестіктерге қатысу және ұжымдық шарттар жасау еркіндігіне қатысты құқықтарына шектеу қойылу дерегі анықталған жоқ;
» Біздің кәсіпорындарда кемсіту жағдайлары анықталған жоқ

## Болашаққа жоспарлар

Қазақстанда біз келесідей негізгі жұмыстарға баса назар аударуды жоспарлап отырмыз:

» Жұмыскерлердің денсаулығы және саламатты өмір салтын қолдау: пилоттық жоба аясында Топтың 3 мың қызметкері Virgin Pulse Global Challenge[1] бағдарламасына қатысады. Бұл бастаманың аясында Топтың қызметкерлеріне саламатты өмір салтын жүргізуге жәрдемдесу үшін веб-платформа және мобильді қосымша пайдаланылады, сондай-ақ спорттық жүрістен командалық жарыс ұйымдастырылады. Бұған қоса, денсаулық көрсеткіштері (мысалы күретамырлық қысым және қандағы қант деңгейі секілді) бойынша тұлғасыздандырылған деректерді жинау жүзеге асырылады және олар саламатты өмір салтын қолдау бойынша басқа бастамаларды әзірлеу кезінде назарға алынады;
» Ынталандыру жүйесі: Кәсіпорындардағы басшыларды ынталандыру жүйемізді каскадтау;
» Тұрғын үй шарттарын жақсарту: Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы аясындағы ERG Тұрғын үй бағдарламасын іске асыруды жалғастыру. Атап айтқанда, тағы 7 үйдің құрылысын аяқтау жоспарлануда, ал бұл – 500-ден астам жұмыскер мен олардың отбасылары үшін тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді;
» Көлік: Меншікті және кәсіпорынның жұмылдырылған көлігін сатылап бірыңғай стандартқа келтіруді жалғастыру. Сонымен қатар, біз Ақтөбе, Рудный, Ақсу қалаларының Әкімдіктермен серіктестікте көлікті жақсартуға бағытталған тиісті бағдарламаларды іске асыруды жоспарлап отырмыз (45-бет)

1 Virgin Pulse, virginpulse.com.



3-БӨЛІМ

# Жергілікті қоғамдастықтардың дамуы және олардың әл-ауқаты

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

## Жергілікті қоғамдастықтарға ықпал ету

Толығырақ 51-бетте

## Әлеуметтік инвестициялар

Толығырақ 54-бетте

## Артельдік және шағын ауқымды өндіруге қатысты біздің тәсілдememіз

Толығырақ 60-бетте

2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

Қоғамдастықтағы әлеуметтік инвестицияларға

**$115 млн**

жұмсалды



Қазақстандағы Студентттер кәсіпкерлігінің экожүйесін құру жөніндегі бағдарламаға

**5 000**

адам қатысты.



**«Таза кобальт»** бастамасын іске асыру басталды

# 3-БӨЛІМ: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

Біздегі 2025 Стратегиясына сәйкес біз **өзіміз жайғасқан өңірлердің орнықты дамуына жәрдемдесуге талпынамыз.** Бұл – ERG үшін аса маңызды, өйткені біздің Қазақстандағы кәсіпорындарымыз жергілікті қоғамдастықтардың өмірінде негізгі рөл атқарады. Осыған байланысты, біз жұмыстан тыс кезде қызметкерлеріміз бен олардың отбасы мүшелерінің (яғни жергілікті қоғамдастықтардың мүшелері ретінде) өмір сүру деңгейін жақсартуға, сондай-ақ бідің қызметімізге жергілікті қоғамдастықтардың тәуелділігін бірте-бірте азайту үшін өңірлердің экономикалық дамуын қолдауға баса назар аударамыз.

Біздің КДР-дағы кәсіпорындарымыз – тұрғындарының ресми жұмысқа орналасу мүмкіндіктері аз, әлеуметтік тұрғыда қорғалмаған ауыл қауымдарының арасында орналасқан. Бұл ретте, біздің өндірістердің сипатымен түсіндірілетін шектеулерді, сондай-ақ біздің кәсіпорындарда жұмыс істеу үшін қажетті техникалық біліктілік деңгейін ескерер болсақ, жергілікті тұрғындардың көп бөлігін жұмысқа орналастыру бойынша біздің мүмкіндігіміз шектеулі болып отыр (біздің саламыздағы көптеген басқа компанияларда да осылай). Осыған байланысты, біз жергілікті тұрғындар қатысатын әлеуметтік-экономикалық бастамаларды қолдауға бірінші кезекте назар аударамыз.

Осы мәнмәтінде біз жергілікті қоғамдастықтарға тигізетін оң және кері ықпалымызды тиімді басқаруға тырысамыз. Бұл – біздің қоғамдастықтармен тығыз өзара әрекеттестігімізбен қатар, қызметімізді жүргізудің әлеуметтік лицензиясын сақтау және әрі қарай дамудың жаңа мүмкіндіктеріне қол жеткізу тұрғысынан аса маңызды болып табылады.

Ақыр соңында, құндылықтар құрудың халықаралық тізбегінің қатысушылары (әсіресе аккумуляторлар мен электрмобильдерді өндірушілер) келесілерге қатысты қатты алаңдаушылық білдіреді:

- Пайдалы қазбаларды заңсыз артельдік және шағын ауқымды өндірумен байланысты әлеуетті кері салдар, соның ішінде балалардың еңбегін пайдалануды қоса алғанда;
- КДР-да пайдалы қазбаларды өндірумен және оларды саудалаумен байланысты барынша жалпы сипаттағы этикалық мәселелер.

Біз өз өнімдерімізді өндіру барысында артельдік және шағын ауқымды өндірумен байланысты көздерден алынған шикізатты пайдаланбайтынымызға қарамастан, біз жергілікті қоғамдастықтар үшін қолайлы жадайлар жасай отырып, кобальтті жауапты өндіруге қатысты кепілдіктердің аса жоғары деңгейін қамтамасыз етуге талпынамыз. Біз сондай-ақ  өз стейкхолдерлерімізге КДР-дағы қызметіміздің барлығы аса жоғары этикалық стандарттардың сақталуымен жүзеге асырылады деген сенімділікті сыйлауға ниеттіміз.

**Толығырақ**

Жергілікті қоғамдастықтармен қатынастарды басқаруға қатысты біздің тәсілдемеміз туралы толығырақ ақпарат 94-бетте берілген.



# Жергілікті қоғамдастықтарға ықпал ету

## Стратегиялық мәнмәтін

**Өзіміз жайғасқан өңірлердің орнықты дамуы:** Біздегі 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі – кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына және әл-ауқатына үлес қосу болып табылады. Бұл – атап айтқанда, халықаралық экологиялық стандарттарды сақтауды, сондай-ақ кәсіпкерлікке қолдау көрсетуді және кәсіпорындарымыз орналасқан елдердегі бизнес-ортаны дамытуды тұспалдайды.



**БҰҰ-ның релевантты Орнықты Даму Мақсаттары**

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ-мен анықталған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
| 3 | 3.9 | 2030-жылға қарай қауіпті химиялық заттардың әсері және ауаның, судың және топырақтың ластануы мен уулануы нәтижесінде өлім және ауру жағдайларының санын едәуір қысқарту. |
| 6 | 6.3 | 2030-жылға қарай ластауды азайту, қалдықтардың тасталуын жою және қауіпті химиялық заттар мен материалдардың шығарылуын барынша азайту, тазартылмаған ағын сулардың үлесін екі есеге қысқарту және бүкіл әлемдегі ағын сулардың қайта айналу мен қауіпсіз қайта пайдалану ауқымдарын едәуір ұлғайту жолымен судың сапасын арттыру |
| 11 | 11.4 | Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау және сақтау бойынша күш-жігерді белсендендіру |
| 12 | 12.4 | 2020 жылға қарай халықаралық қағидаттарға сәйкес бүкіл өмірлік циклі барысында химиялық заттар мен қалдықтардың барлығын экологиялық тұрғыда оңтайлы пайдалануға қол жеткізу және адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға кері әсерін барынша азайту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа түсуін едәуір қысқарту. |

Біздің әлеуетті кері ықпалымызды жауаптылықпен басқару дұрыс болып қана қоймай, сонымен қатар стейкхолдерлерімізбен сындарлы қатынастарды қолдауға жәрдемдеседі. Сонымен қатар, біз жұмыс орындарын құрудан бастап, жергілікті жеткізушілерден сатып алуға дейін – қызмет етудің әртүрлі аспектілерінде өз қызметіміздің оң әсерін арттыруға талпынамыз (79-бет). Бұл жұмыс жергілікті тұрғындармен ұдайы өзара әрекеттестікпен нығая түседі, бұл – олардың мәселелеріне, қажеттіліктеріне және жоспарларына орай тиісті жолмен әрекет етуімізге мүмкіндік береді.

## Негізгі мәселелер және бастамалар

### Өз әсерімізді басқару – Қазақстан

**Жергілікті қоғамдастықтармен кеңесу**

Біз ірі жобаларды іске асырудың басталуына дейін немесе өндірістегі өзгерістерге дейін жергілікті заңнамаға және қолданыстағы халықаралық стандарттарға сәйкес қоғамдық тыңдаулар мен ықпалдың кешенді бағалауын жүргіземіз. Мысалы, 2018 жылы жобалардағы өзгерістермен байланысты қоғамдық тыңдаулар өткізілді, соның ішінде:

- Павлодардағы Қазақстан алюминийі кәсіпорнында ҚТҚ полигонының құрылысын салу;
- №7 Ақсу МАЭС-інің №7 энергия блогын қайта құру;
- ССКӨБ-де Сарыбай карьерінің құрылысын салу.

# 3-БӨЛІМ: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

## Жергілікті қоғамдастықтарға ықпал ету жалғасы

Біз сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтардың өкілдері арасында (ERG жұмыскерлерін қоса алғанда) ауқымды сауалнамалар жүргіземіз, сондай-ақ Қазақстандағы моно-қалаларымызда әлеуметтік-экономикалық жағдайларға салыстырмалы талдау жасаймыз. Бұл – бізге стейкхолдерлеріміздің басымдықтарын дер кезінде анықтауға және аймақтық даму жөніндегі стратегиямызды тиісті жолмен қалыптастыруға мүмкіндік береді (56-бет).

### Арқалықтағы кеніште жоспарланған жабудың нәтижесіндегі ықпалды басқару

Біз 2021 жылы Торғай боксит кенішин (ТБКБ) игере қазудың алдағы аяқталуына байланысты, Қостанай облысы Арқалық қаласының жергілікті тұрғындары мен өз жұмыскерлерімізге әлеуетті ықпалды төмендету жөніндегі шараларды қолға аламыз. Кеніш шамамен 700 жергілікті тұрғынды жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отыр.

Мысалы, 2018 жылы біз кәсіпорынды жабуды ұйымдастыру кезінде өз жұмыскерлеріміздің және олардың отбасыларының қажеттіліктерін тиісті жолмен назарға алу үшін жұмыскерлердің арасында кешенді сауалнама жүргіздік. Біз сондай-ақ жаңа кәсіпорындар үшін коммерциялық мүмкіндіктерді анықтау мақсатында Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен ынтымақтаса отырып осы өңірде кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларын, сондай-ақ жұмысқа орналасудың баламалы мүмкіндіктерін тереңдеп зерттеуді жүргіздік. Осы зерттеулердің нәтижесінде біз келесілерді жоспарлап отырмыз:

- ERG-дегі басқа қызметке өткен кезде жұмыскерлерге қолдау көрсету;
- Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірге Арқалықта қызметкерлерімізге Топтан тыс жерде жұмысқа тұруына жәрдемдесу және Қазақстанның басқа өңірлерінде немесе шетелде жұмыс іздеу туралы шешім қабылдағандарды қолдау;
- Жергілікті кәсіпкерлер палатасымен ынтымақтаса отырып шағын және орта бизнес субъектілерін дамытуға жәрдемдесу жөніндегі бірлескен бағдарламаны іске асыру, соны ішінде жұмыскерлерді қайта даярлауды қоса алғанда, сондай-ақ жеңілдік шарттарымен қарыздар ұсыну.

### Біздің ықпалымызды басқару – Африка

Африкада біз өзіміздің басқару жүйелерін жетілдіруді жалғастырдық. Мысалы, біз 2017 жылы біздің КДР-дағы кәсіпорындарымызда, сондай-ақ Замбиядағы Chambishi Metals кәсіпорнында жүргізілген ішкі тексерулер барысында анықталған кемшіліктерді жоя отырып, өндірістік қауіпсіздік пен орнықты дамуды басқару жөніндегі жүйемізді жақсарттық. Осы жұмыс аясында біз адам құқығы саласындағы, сондай-ақ пайдалы қазбаларды артелдік және шағын ауқымды өндіру саласындағы басқарудың жаңа модульдерін енгіздік (61-бет). Біз сондай-ақ өндірістік қауіпсіздік және орнықты даму саласында деректерді басқарудың орталықтандырылған платформасын құру үшін, сондай-ақ ықпал етуді барынша тиімді басқару мен кінәрат-талаптарды реттеуге жәрдемдесу үшін Isometrix бағдарламалық жасақтамасын енгізуді жалғастырдық.

КДР-дағы эологиялық және әлеуметтік ықпалды бағалауымызды (әрі қарай – «бағалау») жаңарту барысында, 2017 жылы жүргізілген ішкі тексерулердің нәтижелері де назарға алынды. Нәтижесінде 2018 жылы:

- 2017 жылы ұсынылған Frontier Mine жаңартылған бағалауы үкіметпен бекітілді;
- Metalkol бағалауын өзекті ету аяқталып, жаңартылған бағалауы үкіметпен бекітілді; қазіргі таңда біз осы бағалаудың нәтижелері бойынша тиісті шараларды қолға алу үшін экологиялық және әлеуметтік ықпалдарды басқару бағдарламаларын әзірлеп жатырмыз.

2017 жылы үкіметпен бекітілген Boss Mining жаңартылған бағалауының нәтижелері бойынша тиісті шаралар қолға алынуда. Comide бағалауы ақтық мәресіне жетіп, басшылықтың қарауында жатыр.

### Біздің ықпалымызды басқару – Бразилия

Бразилияда 2019 жылы BAMIN экологиялық және әлеуметтік ықпалын бағалау аяқталып, үкіметпен қабылданды. Сонымен қатар, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт аясында біз BAMIN Порту-Сул салынып жатқан портының жанында орналасқан өңірлердегі су фаунасы мен балық аулау кәсіпшілігін терең ұғынуға бағытталған зерттеуді қаржыландырып жатырмыз. Мониторинг 2013 жылдан бері BAMIN мамандар командасының, мемлекеттік университеттің, қоғамдастық өкілдерінің және жергілікті балық кәсіпшілігі қоғамдастығының басшылығымен жүзеге асырылуда. 2018 жылы BAMIN кәсіпорны осы жобаны іске асыруға шамамен 142 мың АҚШ долларын инвестициялады (2017 жыл: шамамен 200 мың АҚШ доллары).



### Metalkol RTR жобасын іске асырумен байланысты көшіру

2018 жылы біз КДР-дағы Metalkol RTR жобасы алаңына жақын орналасқан Самуконга кентінен 16 отбасын көшіруді ойдағыдай аяқтадық. Есепті жылы біз көшіруге 1,1 млн. АҚШ долларын бөлдік. Көшірудің қажеттілігі – біз жүргізген экологиялық және әлеуметтік ықпалын бағалаудың нәтижелері бойынша анықталды, оның барысында кентке жақын жерде жаңа қалдыққойманың орналасуымен байланысты денсаулық пен қауіпсіздік үшін тәуекелдер анықталды. Көшіру Конго заңнамасына және ХҚК қызметінің стандарттарына сәйкес жүзеге асырылды. Біз кез-келген болжалды шағымдар мен мәселелерді анықтау үшін үздіксіз өзара әрекеттесу жоспары мен тиісті механизмді енгіздік.

Бұл отбасылар сумен жабдықтау жүйесі мен күн электр станциясы бар, тұрғын жағдайы жақсартылған жаңа деревняға көшірілді. 2018 жылы біз сондай-ақ:

- Сумен жабдықтау, су бұру және гигиена саласындағы озық тәжірибелер бойынша оқытуды ұйымдастыру мақсатында жергілікті үкіметтік емес ұйыммен ынтымақтаса жұмыс істедік;
- Деревня тұрғындары үшін аумағы 35 гектар қосымша жер телімдерін сатып алдық, олар 2019 жылы күнелтуге керек қаржыны қамтамасыз ету бағдарламасын іске асыру үшін пайдаланылады.

Сонымен қатар, біз Metalkol RTR кәсіпорнына жақын жерде тұратын, ауылшаруашылық жерлері мен егіні қалдыққойма құрылысының салынуы нәтижесінде әсерге ұшыраған 972 жергілікті тұрғынға өтемақы төледік. 2018 жылы өтемақы сомасы 582 530 АҚШ долларынан астам соманы құрады. Жергілікті қоғамдастықтардың өкілдері де әлеуетті дамыту жөніндегі бастамалар мен баламалы табыс көздерін қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларымызға қатысу арқылы өмір сүру жағдайларын жақсарту мүмкіндігін иемденеді (58-бет).

### Шағымдарды басқару

Біздің Африкадағы кәсіпорындарымызда шағымдарды беру және қарау механизмі енгізілген. Бұл – бізге өз қызметіміздің нәтижесінде іс жүзіндегі және әлеуетті ықпал ету жағдайларын тұрақты негізде анықтауға мүмкіндік береді. 2018 жылы біз жергілікті қоғамдастықтардың шағымдарына орай тиісінше әрекет етуді қамтамасыз ету үшін осы механизмнің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды қолға алдық.

Бұл шаралар төмендегілерді қамтыды:

- » Мониторинг пен басқарудың тиімділігін арттыру үшін біздегі шағымдарды беру және қарау механизмін Isometrix бағдарламалық платформасына ықпалдастыру (37-бет);
- » Сауалдарға, оқиғаларға және жергілікті тұрғындардың шағымдарына орай әрекет етуіміздің тиімділігі мен жылдамдығын арттыру үшін Comide және Metalkol RTR кәсіпорындарына өндірістік қауіпсіздік және орнықты даму жөніндегі маманды жалдау;
- » Comide кәсіпорнында тату қарым-қатынастар жөніндегі комитеттерді құру (кәсіпорын жұмыскерлерінен, күзет ұйымдарының қызметкерлерінен және жергілікті тұрғындардан тұратын). Бұл комитеттер – мәселелер ресми шағымдар ретінде берілмей тұрған кезде оларды дер кезінде анықтау және жою үшін қосымша арна болып табылады;
- » Жергілікті қағамдастықтардың өкілдері тарапынан Metalkol RTR кәсіпорнында құрылған шағымдар беру механизмі туралы (сондай-ақ адам құқығын сақтаудағы біздің тәсілдемеміз бен «Таза кобальт» бағдарламасы туралы) барынша белсенді ақпараттандырылуы (62-бет, 85).

Біздің Бразилиядағы BAMIN темір рудасы кен орнында арнайы телефон желісі құрылған, ол бойынша жергілікті тұрғындар шағымдар бере алады. Сонымен қатар, біз BAMIN-нің, жергілікті қала әкімшілігінің, қоршаған ортаны қорғау саласындағы реттеуші органның және жергілікті қоғамдастықтардың өкілдерінен тұратын жұмыс тобын құрдық. Тоқсан сайын өткізілетін осы топтың отырыстарында кен орнын игерумен байланысты әлеуетті мәселелер талқыланады.

### ENRC компаниясының әрекеттеріне қатысты наразылық-талап

2018 жылғы сәуір айында Ұлыбританияның Ұлттық үйлестіру бюросы (ҰҮБ) көпұлтты кәсіпорындарға арналған ЭЫДҰ Басшылық қағидаттары аясында ENRC компаниясына бағытталған наразылық-талабын қараудың нәтижелері бойынша қосымша мәлімдеме жариялады. Бастапқыда наразылық-талап 2013 жылы Comide концессиялық телімдері төңірегіндегі Кисанкала және Ленге деревняларының көсемдері мен тұрғындары атынан берілген. Қосымша мәлімдемеде 2016 жылғы наурыз айында наразылық-талапты қараудың нәтижелері бойынша ақырғы мәлімдемесінде берілген ұсынымдарды орындау үшін қолға алынған шаралар бойынша ҰҮБ тұжырымы баяндалған (тараптардың жауаптары негізінде).

Наразылық-талап ENRC компаниясына ұсынылғанына қарамастан, біз әрдайым жергілікті қоғамдастықтарымызда туындайтын сұрақтарға жауап беруге тырысамыз. Сондықтан 2018 жылы біз ҰҮБ ұсынымдарын әрі қарай орындау үшін біз бірқатар шараларды қолға алдық, соның ішінде:

***Наразылық-талаптарын өңдеу рәсімі мен коммуникациялардың арналары:***

- » Біз жергілікті қоғамдастықтармен жиі өзара әрекеттесе бастадық: ERG өкілдерінің, қауым басшыларының және Ленге мен Кисанкаледегі қоғамдастықтарды тұрақты дамыту бойынша сайланған комитеттердің арасындағы кездесулер айына екі рет өткізіле бастады;
- » Біз сондай-ақ екі кенттегі тұрғындардың қамтылған топтарымен (мысалы, фермелердің бірлестіктерімен) жүйелі түрде өзара әрекеттесеміз.

***Қызметкерлер мен мердігер күзетші ұйымдар үшін тәртіп стандарттары және игере қазу кестесі:***

- » Біз Comide кәсіпорнында жұмыс істейтін мемлекеттік және жеке күзет ұйымдарының барлық қызметкерлері үшін адам құқығы саласында оқыту жүргізуді жалғастырдық. Бұл жұмыс БҰҰ қауіпсіздік пен адам құқығына қатысты Ерікті қағидаттар негізінде әзірленген, күзет ұйымдарының қызметкерлеріне арналған Корпоративтік тәртіп кодексі бойынша оқыту жүргізуді қамтыды;
- » Біз сондай-ақ Корпоративтік тәртіп қағидаларымен және осы қағидалар бұзылған жағдайда шағым беру рәсімімен таныстыру мақсатында жергілікті қоғамдастықтың өкілдерімен қоғамдық кеңесулер өткіздік.

***2007–2008 жылдарда ұйымдастырылған сумен жабдықтау жүйелеріне қоғамдастықтардың ұдайы шексіз қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін ықпал ету:***

- » Жергілікті қоғамдастықтар Кисанкала мен Ленгеде ERG салған, күн батареяларынан қуат алатын сорғы құрылғыларының көмегімен жеткізілетін таза суды пайдалануды жалғастырды. Бір жылдың ішінде біз бұл қондырғыларды – судың пайдаланылуын бақылау бойынша екі қауымдық комитеттің бақылауына табыстадық.

***Әлеуметтік мақсаттағы нысандардағы дайындық жұмыстары:***

- » Бұл мәселе жергілікті халықтың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау және іс-шаралар жоспарын әзірлеу үдерістеріне сәйкес шешіледі. Бұл – олардың қоғамдастығын дамытуға бағытталған шараларды іске асыруға Кисанкала өкілдерінің толығымен тартылуын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, 2018 жылы: сообщества. В частности, в 2018 году:
  - Жергілікті қоғамдастықтардан тұратын фермерлік комитеттер құрылды және Ленге мен Кисанкалада тиісті ауыл шаруашылық бағдарламалары әзірленді;
  - Кисанкалада мектептің үш жаңа сыныбының құрылысын салу аяқталды (59-бет).

## Нәтижелілік көрсеткіштері

Қазақстанда біз жобалардағы өзгерістермен байланысты 31 қоғамдық тыңдау өткіздік. Тыңдаулар кезінде немесе кез-келген басқа қолжетімді арна арқылы ешбір елеулі шағым ұсынылған жоқ.

КДР-да жергілікті қоғамдастықтардың өкілдері жалпы алғанда 85 шағым берді, олар бірінші кезекте өтемақы төлемдерімен байланысты шағымдарға, жерлердегі жұмысқа орналасу мүмкіндігіне және мүліктің бүлінуіне қатысты болды. Нәтижесінде 73 шағым реттелді, ал қалған 12 шағым бойынша қосымша іс-шаралар қолға алынады.

КДР-дағы Metalkol RTR маңындағы Самуконга кентінен көшкендер үшін деревняда енгізілген шағымдарды қарау механизмі аясында бірде-бір елеулі шағым берілген жоқ (біздің назарымызға жеткізілген мәселелердің барлығы жаңа кентте салынған нысандарға қатысты оңай шешілетін әкімшілік мәселелермен байланысты болды).

Және ақыр соңында, Бразилиядағы BAMIN темір кені жобамыздың аясында ұйымдастырылған, жергілікті қоғамдастыққа арналған әлеуметтік телефон желісі арқылы бірде-бір елеулі шағым берілген жоқ.

## Болашаққа жоспарлар

Жоғарыда айтылып кеткендей, Қазақстанда біз Арқалық қаласындағы ТБКБ кенішінің жоспарланған жабылуының ықпалын төмендету үшін тиісті шараларды қолға алуды жоспарлап отырмыз. Бұл шаралар қыметкерлерді ERG-дің басқа кәсіпорындарына ауыстыруды немесе оларға Топтан тыс жерлерде жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді, сондай-ақ шағын және орта бизнестің жергілікті субъектілерін дамытуды (және нәтижесінде, баламалы табыс көзін құруды) қамтиды.

Африкада біз 2019 жылы жергілікті қоғамдастыққа біздің ықпалымызды тиімді басқаруды арттыруға бағытталған келесі шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз:

- » КДР-дағы Самуконга кентінен көшкендер үшін деревня тұрғындарын материалдық қамтамасыз етуге бағытталған баламалы табыс көздерін қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеу;
- » Comide кәсіпорнында осы бағдарламаны ойдағыдай іске асырудың қорытындысы бойынша КДР-дағы Frontier және Boss Mining кәсіпорындарын қоса отырып, «тату қатынастар жөніндегі комитеттердің» жұмыс бағдарламасының қамтылуын кеңейту.

## 3-БӨЛІМ: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

# Әлеуметтік инвестициялар

### Стратегиялық мәнмәтін

**Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі орнықты даму:** біздегі 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі – кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әл-ауқатына үлес қосу. Бұл – осы өңірлердегі қоғамдастықтың әл-ауқатын арттыруды, сондай-ақ жергілікті кәсіпкерлікті дамыту мен жергілікті бизнес-ортаны құруды тұспалдайды.



**БҰҰ-ның релевантты Орнықты Даму Мақсаттары**

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ-мен анықталған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
| 1 | 1.1 | 2030-жылға қарай бүкіл әлемдегі барлық адамдар үшін төтенше кедейлікті жою (қазіргі таңда төтенше кедейлік күніне 1,25 АҚШ долларынан кем сомаға тіршілік ету ретінде анықталады) |
| | 1.2 | 2030-жылға қарай ұлттық анықтамаларға сәйкес барлық көріністерінде кедейлікте тұрып жатқан барлық жастағы ерлердің, әйелдердің және балалардың үлесінің ең болмағанда жартысын қысқарту |
| 2 | 2.3 | 2030-жылға қарай ауыл шаруашылығының өнімділігі мен ұсақ азық-түлік өндірушілердің, атап айтқанда әйелдердің, байырғы халық өкілдерінің, отбасылық фермер шаруашылықтарының, мал өсірушілер мен балықшылардың табысын екі есеге өсіру, соның ішінде жерге, басқа да өндірістік ресурстарға және ауыл шаруашылық өндірісі факторларына, білімге, қаржы қызметтеріне, нарықтарға, сондай-ақ қосылған құн салығын ұлғайту және ауыл шаруашылығына жатпайтын секторларды жұмыспен қамту мүмкіндіктеріне кепілдікті және теңдей қол жеткізуді қамтамасыз ету жолымен |
| 4 | 4.4 | 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу үшін, лайықты жұмысқа қол жеткізу үшін және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті машықтары, соның ішінде кәсіби-техникалық машықтары бар жас және ересек адамдардың санын едәуір арттыру |
| 6 | 6.1 | 2030-жылға қарай барлығы үшін қауіпсіз және қымбат емес ауыз суға жалпы және теңдей қол жеткізуін қамтамасыз ету |
| | 6.B | Су шаруашылығы мен санитарияны жақсартуға жергілікті қауымдардың қатысуын қолдау және нығайту |
| 8 | 8.3 | Өндірушілік қызметке, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновациялық қызметке жағдай жасайтын, дамуға бағдарланған саясаттың жүргізілуіне жәрдемдесу және микро-, шағын және орта кәсіпорындардың ресми мойындалуын ынталандыру, соның ішінде оларға қаржы қызметтеріне қол жеткізуді ұсыну жолымен |
| 10 | 10.2 | 2030-жылға қарай жасына, жынысына, мүгедектігіне, нәсіліне, этникалық, шығу тегіне, дініне және экономикалық немесе өзге мәртебесіне қарамастан барлық адамдардың әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірге белсенді түрде қатысуын қолдау және жәрдемдесу |
| 11 | 11.1 | 2030 жылға қарай жеткілікті, қауіпсіз және қымбат емес тұрғын үйге және негізгі қызметтерге жалпының қол жеткізуін қамтамасыз ету және қараңғы түкпірлерді абаттандыру |

Қазақстандағы қоғамдастықтарға әлеуметтік инвестициялар саласындағы біздің бастамалар ERG кәсіпорындары орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтармен тығыз әрі ұзақ қатынастарымен байланысты. Біз жұмыстан тыс жерде өз жұмыскерлеріміз бен олардың отбасыларының өмірін жақсартуға ерекше назар аударамыз (яғни, жергілікті қоғамдастықтың мүшелері ретінде). Біз сондай-ақ ұзақ мерзімді келешекте біздің кәсіпорындарға жергілікті қоғамдастықтардың тәуелділігін төмендету үшін аймақтық экономиканы әртараптандыруды және жастарды (соның ішінде өз қызметкерлеріміздің балаларын) жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін жобаларға инвестициялар саламыз.

Африкада кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі көптеген қоғамдастықтар кедейлік деңгейінен төмен өмір сүреді. Сондықтан біздің әлеуметтік инвестицияларымыз бірінші кезекте аса маңызды күрделі мәселелерді шешуге бағытталады.

Біз жергілікті қоғамдастықтарға даму саласындағы жеке басымдықтарын анықтауына, сондай-ақ басым міндеттерін шешуге бағытталған жергілікті қоғамдастықтардың бастамаларын іске асыруына қолдау көрсетеміз. Осы мәнмәтіне әлеуметті инвестициялар бойынша басым бағыттарымыз ауыл шаруашылығын дамыту және баламалы табыс көздерін қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды қамтиды. Бұл бағдарламалардың мақсаты – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындарды таза сумен жабдықтау және оқу орындарының жабдықталуын жақсарту болып табылады.

Біз сондай-ақ артельдік және шағын ауқымды өндіруде балалардың еңбегін пайдаланудың себептері болып табылатын әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге баса назар аударамыз.

## Негізгі мәселелер және бастамалар – Қазақстан

### Қазақстандағы әлеуметтік инвестицияларға қатысты тәсілдемеміз

Қазақстандағы әлеуметтік инвестицияларға қатысты біздің тұтастық тәсілдемеміз төменде берілген кестеде сипатталған негізгі төрт элементпен байланысты. Төменде біздің жергілікті қоғамдастықтарымызға бағдарланған жобалар қарастырылады (соның ішінде, релевантты тұстарында біздің жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда). Тек жұмыскерлерге бағдарланған жобалар «Еңбек қатынастары» бөлімінде қарастырылған (44-бет).

**ҚАЗАҚСТАНДА БІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ТӘСІЛДЕМЕМІЗ КЕЛЕСІ ФАКТОРЛАРДЫҢ ЕСКЕРІЛУМЕН ҚАЛЫПТАСАДЫ:**



**ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ТАРИХИ ТҰРҒЫДА ОРНАҒАН ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАР**

Жергілікті қоғамдастықтардың басым көпшілігі біздің кәсіпорынның операциялық қызметінің нәтижесінде құрылды. Бұл ретте біз қоғамдастықтардың ERG-ге тәуелділігін төмендету қажеттілігін түсінеміз, мысалы, аймақтық экономиканы әртараптандыруға стратегиялық инвестициялар жасау және жастарды кәсіби дамыту жолымен.

Табиғи ресурстардың шектеулі болуын, қарқынды автоматтандыруды және өзіміз жайғасқан өңірлерде табыс алудың баламалы мүмкіндіктерінің жетіспеуін ескерер болсақ, бұл – маңызды болып табылады



**ЖҰМЫСКЕРЛЕР ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР**

Бірыңғай әлеуметтік мәнмәтін бізге әлеуметтік инвестициялардың бір бөлігін жұмыстан тыс жерде жұмыскерлеріміздің және олардың отбасы мүшелерінің өмір сүру сапасын арттыруға бағыттауға мүмкіндік береді (яғни, жергілікті қоғамдастықтың мүшелері ретінде). Біздің осы саладағы бастамаларымыз – біздің жұмыскерлеріміз бен олардың отбасы мүшелерінің көптеген буындары ұзақ мерзімді келешекте өмір сүру мен жұмыс істеу үшін біз жайғасқан өңірлерді таңдауына бағытталған.

Осы тұрғыда біз жайғасқан өңірлердегі экономикалық әртараптандыруға жәрдемдесу аса маңызды болып табылады.



**АЙМАҚТЫҚ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

Біздің әлеуметтік инвестицияларымыздың едәуір бөлігі аймақтық атқарушы билік органдарымен жыл сайын жасалатын стратегиялық серіктестік туралы келісімдер (немесе өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар) аясында жүзеге асырылады. Мұндай серіктестіктер жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Ерекше назар инфрақұрылымды дамытуға, білім беруге, жастарды дамытуға, спортты дамытуға, денсаулық сақтауға және әлеуметтік бірлікке аударылады.



**ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

Біз Қазақстандағы қызметімізді бірнеше жыл бойы жүргізіп келе жатқанымызды мақтан тұтамыз және экономикалық дамуға біздің оң ықпалымыз өзіміздің жайғасқан өңірлеріміздің аумағынан тыс жерлерге тарайды (82-бет). Осы мәнмәтінде біз сондай-ақ әлеуметтік инвестицияларды – республикалық деңгейдегі әлеуметтік жобаларды іске асыруға жұмсаймыз.

Бұл – Қазақстандағы аса маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ ұлттық мәдени мұраны сақтауға бағытталған жобаларды қамтиды.

# 3-БӨЛІМ: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

## Әлеуметтік инвестициялар жалғасы




### Қазақстандағы өңірлік даму стратегиясы

2018 жылы біз кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі жаңа стратегияны әзірлеуді аяқтадық.

Жаңа стратегия кәсіпорындарымыз орналасқан әрбір өңірдегі даму жағдалайларын жан-жақты талдаудың нәтижелеріне негізделген, бұл – «төменнен-жоғарыға» барынша атаулы тәсілдемесін пайдалана отырып даму саласындағы негізгі басымдықты міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл талдау кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде жүргізілген кешенді социологиялық зерттеулер аясында орындалды. Атап айтқанда, 2018 жылы жергілікті қоғамдастықтың шамамен 9 мың өкілі арасында сауалнама жүргізілді (соның ішінде ERG-дің 5 мың қызметкерін қоса алғанда), сондай-ақ қала құрылысы саласындағы мемлекеттік нормативтермен және тиісті БҰҰ стандарттарымен салыстырғанда жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына салыстырмалы талдау жүргізілді.

Даму саласындағы осы басым міндеттердің көпшілігі өзара ынтымақтастық туралы аймақтық меморандумдар аясында орындалуда. Бағыттар төмендегілерді қамтиды:

- Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымы;
- Қоғамдық көлік;
- Қала кеңістігін абаттандыру;
- Жастардың кәсіби біліктілігін арттыру және білім беру;
- Медициналық мекемелерді қайта жаңғырту және дәрігерлердің медициналық біліктілігін арттыру;
- Спорт пен саламатты өмір салтын дәріптеу, соның ішінде жергілікті спорттық инфрақұрылымды және жастардың спорт лигаларын дамыту.

Жаңа стратегияны іске асыру 2019 жылы басталады. Стратегия өзара ынтымақтастық туралы аймақтық меморандумдар үшін негіз болып табылады.

### Өмір сүру деңгейін арттыру

Біз кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің барлығында өмір сүру деңгейін жақсартуға инвестициялар саламыз. Осы жобалардың елеулі бөлігі әкімдіктермен (аймақтық атқарушы билік органдарымен) жасалатын өзара ынтымақтастық туралы аймақтық меморандумдарымыз аясында іске асырылады.

2018 жылы өмір сүру деңгейін жоғарылату жөніндегі жобалар келесілерді қамтыды:

- Қостанай облысындағы Рудный қаласында жылумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғырту (693 мың АҚШ доллары);
- Электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау инфрақұрылымын қайта жаңғырту, сондай-ақ Ақтөбе облысындағы көпқабатты тұрғын үйдің жанында бағы бар үйді қайта құру (159 мың АҚШ доллары);
- Қостанай облысындағы Горняцкий кентінде сумен жабдықтау жүйесін қайта құру және жетілдіру (179 мың АҚШ доллары);
- Павлодар облысындағы Ақсу қаласының орталық жағалауын қайта құруды жалғастыру (596 мың АҚШ доллары).

Сонымен қатар, біз мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы аясында Павлодар және Ақтөбе облыстарында жергілікті тұрғындар мен олардың отбасылары үшін қолжетімді заманауи тұрғын үй құрылысын қаржыландырдық (45-бет).

### Кәсіпкерлікті дамыту және бизнес-инкубаторлар

Біз кәсіпкерліктің, бизнес-инкубаторлардың және машықтар мен құзыреттерді дамыту мен нығайту жөніндегі бағдарламаның дамуын қолдай отырып, жергілікті қоғамдастықтардың болашағына инвестиция құямыз.

Осыған байланысты, біз жастарға арналған бастамаларға баса назар аударамыз, олар арқылы біз болашақ буын үшін баламалы экономикалық мүмкіндіктердің құрылуына жағдай жасаймыз (яғни өндірістік қызметіміздің аясынан тыс).

### Білім беру

Біз ғылыми, цифрлық және техникалық әлеуетті құруға бағытталған аймақтық деңгейдегі білім беру бағдарламаларының іске асырылуын қолдаймыз және мұндай жағдайда біздің мақсатымыз – болашақта жастардың жұмысқа орналасуына мүмкіндік жасау және аймақтық экономиканың әртараптандырылуын қамтамасыз ету. Бұл бағдарламалар сондай-ақ ERG үшін болашақта мамандардың жеке пулын дамытуда үлкен маңызға ие, сондай-ақ қазіргі және келешек жұмыскерлерге өздерінің туған қалаларында балалары үшін жарқын келешекке деген сенімділік сыйлайды.

Мысалы, 2018 жылы біз 2017 жылы аталған бағдарламаны ойдағыдай іске қосқаннан кейін, кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде STEM[1] -зертханалардың құрылуын қаржыландыруға 235 мың АҚШ долларын қосымша бөлдік. Бағдарлама мемлекеттік білім беру мекемелерімен және «Болашақ Инжиниринг» қайырымдылық білім беру ұйымымен серіктесе отырып жүзеге асырылуда. Зертхана болашақта аса маңызды болатын машықтарға қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады. Бұл – мысалы, инженерлік ісі, компьютерлік бағдарламалауды, робот техникасын және 3D-үлгілеуді қамтиды. Біз бөлген қаражат Павлодар, Ақтөбе, Қарағанды және Нұр-Сұлтан мектептерінде алғашқы 11 зертхананың құрылысына бағытталды, олардың құрылысы 2018 жылы аяқталды. Жаңа зертханаларда 9 мыңнан астам оқушы оқи алады.

1 Наука, Технологии, Инжиниринг, Математика.

Сондай-ақ біз Қазақстандағы бірқатар білім беру мекемелерін (және олардың студенттерін) қолдап отырмыз, соның ішінде тау-кен ісі бойынша оқу орталықтары мен кәсіптік-техникалық училищелерді қоса алғанда. 2018 жылы бұл келесілерді қамтыды:

» Лисаковск техникалық колледжіне құрал-жабдық сатып алуға қолдау көрсету (11 мың АҚШ доллары);
» Ақсу қара металлургия колледжі (42 мың АҚШ доллары), соның ішінде шәкіртақылар мен оқу жабдықтарын сатып алуды қосқанда;
» V Қазақстан жас геологтар олимпиадасына демеушілік қолдау көрсету (30 мың АҚШ доллары).

### Денсаулық сақтау

Біз кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде қазіргі таңда жұмыс атқарып жатқан және зейнет жасына шыққан жұмыскерлеріміздің, олардың отбасы мен жалпы қоғамнденсаулығын жақсарту мақсатында заманауи денсаулық сақтау инфрақұрылымын қаржыландырамыз. Мысалы, 2018 жылы Қарағандыдағы сал аурына шалдыққан балаларға арналған оңалту орталығына мамандандырылған медициналық жабдық сатып алуға қаражат (74 мың АҚШ доллары) бөлдік.

Денсаулық сақтау біздің жаңа өңірлік даму стратегиямыздың басты назарында болады (56-шы бет). Мысалы, біз Ақтөбе облысындағы қалалық ауруханаға заманауи медициналық жабдық сатып алуға 800 мың АҚШ доллары, сондай-ақ сол ауруханада жұмыс істейтін жас дәрігерлерді қолдау үшін 27 мың АҚШ долларын бөлуді жоспарлап отырмыз.

### Спорт, мәдениет және саламатты өмір салты

Қоғамдастықтың шын мәніндегі әл-ауқаты экономикалық дамуымен шектелмейді. Біз осыны түсіне отырып жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік саласының дамуына стратегиялық әлеуметтік инвестициялар салуды жүзеге асырамыз. Өңірлік спортты қолдаудың негізгі бағыттары (өзара серіктестік туралы меморандумдардың шеңберінде) келесілерді қамтыды

» Ақтөбе тұрғындарына арналған жеңіл атлетика манежі (2,08 млн АҚШ доллары);
» Ақтөбе (1,08 млн. АҚШ доллары) және Павлодарда (1,20 млн. АҚШ доллары) өңірлік волейболдың дамуын қолдау;
» Павлодарда мұз сарайының құрылысы (2,98 млн АҚШ доллары);
» Павлодарда өңірлік футболдың дамуын қолдауға (3,87 млн АҚШ доллары).

Өзара ынтымақтастық туралы меморандумдардың шеңберінде инфрақұрылымды дамыту және мәдени іс-қимылдарды қолдаудың негізгі бағыттары:

» Қостанайда ұлттық мәдениет орталығының құрылысы (4,77 млн. АҚШ доллары);
» Павлодардағы мұражайды жөндеу (936 мың АҚШ доллары);
» Нұр-Сұлтанда «Бейбітшілік қабырғасы» монументін бірлесе қаржыландыру (596 мың АҚШ доллары).

### Қазақстандағы «ақылды қалалар»

ERG стратегиялық серіктестерімен ынтымақтаса отырып Қазақстандағы «ақылды қалалардың» дамуына қолдау көрсетеді. Бұл жоба жергілікті тұрғындардың ықпалдандырылған коммуникациялар арнасына қолжетімділік алатын платформаны әзірлеуді көздейді. Жоба шеңберіндегі жұмыстардың негізгі бағыты Интернет желісі арқылы қосылған құрылғылардың көмегімен әртүрлі стейкхолдерлер (азаматтарды, кәсіпорындарды, биліктің жергілікті атқарушы органдары және ұлттық үкіметті қоса алғанда) арасында олардың өзара пайдасы үшін байланыстар қалыптастыру болып табылады.




### Қазақстанда студенттік кәсіпкерлік эко жүйесін құру жөніндегі бағдарлама шеңберінде инновацияларды қолдау және жаңа жұмыс орындарын құру

Өнеркәсіптің жоғары технологиялық салаларында тұрақты өсімді қамтамасыз ету жолымен жыл сайын көбейіп келе жатқан жастар буынына жаңа мүмкіндіктер жасау Қазақстанның алдында тұрған көкейтесті әлеуметтік-экономикалық міндеттердің бірі болып табылады. Бұл мәселе біз жайғасқан шалғайдағы өңірлерде барынша өршіп тұр, өйткені көптеген жастар Қазақстанның ірі қалаларында немесе шетелде жұмыс істеуді жөн көреді.

Біз бұл мәселені шешу үшін Студенттік кәсіпкерлік экожүйесін құру жөніндегі бағдарламаны іске асыруды қолға алдық. Аталған Бағдарламаның шеңберінде Топ өңірлік университеттерді кәсіпкерлікті дамыту орталықтарына айналдыруға көмек көрсетуде. Ұзақ мерзімді келешекте біз жайғасқан өңірлерде жаңа кәсіпорындардың дамуына ықпал етеді.

Бұл бағдарлама алғаш рет Тель-Авив университетінің Қазақстандағы Достары қауымдастығының көмегімен 2016 жылы Павлодар мемлекеттік университетінде жүзеге асырылды. 2018 жылы Бағдарламаны іске асыру үшін қосымша қаражат бөлдік, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды өткізу үшін студенттерге өзіміздің үй-жайларымызды ұсындық, сондай-ақ студенттердің идеяларын коммерцияландыруға қолдау көрсету мақсатында бизнес саласындағы жетекші сарапшыларды тарттық.

Қазіргі таңда Бағдарлама Қазақстанның сегіз жоғарғы оқу орны мен бір колледжінде, сондай-ақ біздің өндірістік өңірлерімізде орналасқан колледжерде, соның ішінде Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар және Қостанай облыстарында жүзеге асырылып жатыр. Бағдарлама шеңберінде бір жылдың ішінде 5 мың студент қатысып, әлеуетті стартаптар үшін 1 200-ден аса жаңа идеяларды жүзеге асырды. Бұдан бөлек, университеттердің 200 –ден аса ұстазы Бағдарламаның негізгі модульдері бойынша оқудан өтті.

# 3-БӨЛІМ: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

## Әлеуметтік инвестициялар жалғасы

### Негізгі мәселелер мен бастамалар – Африка және Бразилия

#### Африкадағы жергілікті халықтың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау

Біз жергілікті қоғамдастықтар белсенді рөлге шығып өздерінің орнықты дамуы үшін өздеріне жауапкершілік алуы тиіс деп есептейміз. Сондықтан, біз КДР[1] -да жергілікті халықтың қатысуымен 19 жергілікті қоғамдастықтарда әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағаладық (олардың барлығы 2017 жылы сәтті аяқталды). Бұл үдеріс шеңберінде жергілікті қоғамдастықтарға олардың жеке даму басымдықтарын анықтауға және аталған қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін іс-шаралардың жоспарларын әзірлеуге қолдау көрсетіледі. Іс-шаралардың әрбір жоспарының іске асырылуын жергілікті қоғамдастықтардың өкілдерінен тұратын комитет (және оған деген қажеттілік туындаған жағдайда ERG қолдауымен) бақылап отырады.

Біз 2018 жылы әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау барысында анықталған кейбір негізгі басым міндеттерді шешуде жергілікті халыққа қолдау көрсетуді жүзеге асырдық. Атап айтқанда, келесідей бағыттарды қамтиды:

» Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жергілікті фермерлік шаруашылықтарды қолдау;
» Ауыз сумен қамту;
» Білім беруге қолжетімділікті арттыру;
» Денсаулық сақтау.

Әрі қарай осы тарауда бұл салалардағы қоғамдастықтарды қалай қолдайтынымыз толық сипатталған

#### Табыстың балама көздері және азық-түлік қауіпсіздігі

КДР-да жергілікті қоғамдастықтар жұмысқа орналасуға қатысты үлкен үміттерін арқалайды, біз оны өз кезегімізде өндірісіміздің сипатына байланысты толыққанды қанағаттандыра алмаймыз. Дегенмен, ұлттық заңнаманың талаптарына сәйкес КДР азаматтары біздің қызметкерлердің жалпы санының 90%-дан астамын құрайды. 2018 жылы жергілікті халықты тікелей жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі біздің мүмкіндіктеріміз Африкадағы кәсіпорындарымыздағы қайта құрылымдауға және сонымен байланысты штаттың қысқаруы (47 бет) себебінен тағыда шектеле түсті (болмағанда, қысқа мерзімді келешекте).

Бұл мәнмәтінде біз тұрақты ауыл шаруашылығына ерекше назар аудара отырып, жергілікті қоғамдастықтар үшін балама табыс көздерін құруды қаржыландырамыз. Бұл шара азық-түліктің жетпеуі, ресми жұмысқа орналасу мүмкіндігінің жоқтығы мен заңсыз артельдік және шағын ауқымды пайдалы қазбаларды өндіру сияқты мәселелерді шешуге бағытталған. 2017 жылы өткізілген әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау нәтижелері бойынша азық-түлік қауіпсіздігі жергілікті қоғамдастықтардың негізгі үш басымдықтарының бірі ретінде анықталған. Бұл мәселе еңбек өнімділігінің төмендігімен және ауыл шаруашылығы өндірісінің жеткіліксіз көлемімен (ауыл шаруашылығын жүргізудің тиімсіз әдістерін пайдалану себебінен) түсіндіріледі. Аталған жағдай елдегі көлік инфрақұрылымының жеткіліксіз деңгейде дамымағаны салдарынан қосымша күшейе түседі.

#### Metalkol RTR маңын ауыз сумен қамту

Біз КДР-дағы Metalkol RTR маңындағы инфрақұрылымды жақсарту жөніндегі жобаларды іске асыруды қолдаймыз. Атап айтқанда, біз ауыз сумен қамтуды жақсарту үшін қаражат бөлеміз. Біздің жүргізген әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалаудың нәтижелері бойынша аталған бағыт жергілікті қоғамдастықтардың негізгі басымдықтарының бірі ретінде анықталды. Осыған орай, өзіміздің жеке жобаларымыздың әсерін ескере отырып (мысалы, Кингамьямбо қалдық қоймасы қоршалғаннан кейін кейбір жергілікті тұрғындардың ауыз суға қолжетімділігі шектелген болатын) 2017 жылы ERG күн энергиясынан жұмыс істейтін су үлестіру құрылыстарын және құдықтар салу жөніндегі бағдарламаны іске асыруды бастады. Бұл жұмыс Metalkol RTR маңындағы қоныстарда жүзеге асырылып, 2018 жылы бірінші кезеңі аяқталды. Жыл бойы аталған жобаға салынған инвестициялардың көлемі 582 мың АҚШ долларын құрады.



### КДР-да тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасы

2018 жылы бізге тиесілі Frontier, Comide және Boss Mining кәсіпорындарының маңында тұратын жергілікті тұрғындармен ынтымақтаса отырып тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламамызды іске асыруды бастадық. Жергілікті серіктестердің жәрдемімен іске асырылып жатқан аталған бағдарлама ауыл шаруашылығындағы жергілікті халықтың еңбек өнімділігін арттыруға және жиналған өнімнің артылғанын сатып пайда табуға жәрдемдесуге бағытталған. Ұзақ мерзімді келешекте біздің өндірістеріміз жабылғаннан кейін әрекет ететін өзін-өзі қамтамасыз ету бағдарламасын жасау жоспарлануда.

Жобаның бірінші кезеңінде біздің жергілікті серіктестерімізбен бірлесе отырып, біздің кәсіпорындарымыздың маңында орналасқан ауданы 500 гектар болатын жер телімдерінде жүгері егу үшін қоғамдастықтардың өкілдеріне (барлығы 500 адам) ұрық, жабдық беру және техникалық қолдау арқылы көмек көрсеттік. Әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау үдерісіне сәйкес жергілікті қоғамдастықтардың атынан аталған бағдарламаға қатысушылары ауыл шаруашылығы комитеттерінде жұмыс істейді және олардың қоғамдастықтарының қажеттілігі мен ауылшаруашылық әлеуетінің негізінде анықталған болатын.

Комитеттер жиналған өнімнің артылғандарын сатудан түскен пайданың бір бөлігін бағдарламаны іске асыруға қайта инвестициялап отырады. Қаражат тұқым қоры және келесі жылдары өнім өсіруге арналған жабдықтар сатып алуға, сондай-ақ құрғақшылық жылдары жергілікті қоғамдастықтардың тұрақтылығын арттыруға арналған қор құруға бағытталатын болады. Комитеттер жұмысының төртінші жылы олар бағдарламаны іске асыруды басқару жұмыстарын толықтай өз қолдарына алады деп топшылануда.

1 КДР кәсіпорындардың қызметіне байланысты 11 бағаны (ақпарат 2017 жылға арналған есепте ұсынылған), сондай-ақ Metalkol RTR жобасын іске асырумен байланысты тағы 8 жобаны қамтиды.

Жергілікті халықтың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау үдерісіне сәйкес аталған нысандар суды пайдалануды бақылау жөніндегі қауымдастық комитеттерінің қол астына берілген (біздің тұрақты қолдауымызбен). Жергілікті тұрғындар аталған нысандарды қолданғаны үшін аз ғана сома төлейді, ол сомаларды су пайдалануды бақылау жөніндегі комитеттер қайтадан сумен қамту жүйелерін пайдалануға және оларға техникалық қызмет көрсету үшін инвестициялайды. Сумен қамту біздің 2019 жылы және кейінгі жылдардағы КДР-дағы қызметіміздің негізгі басымдығы болып қалады (59 бет).

Бразилияда жергілікті халықтың таза ауыз суға қолжетімділігінің шектеулі мәселесімен жұмыс атқарып жатырмыз. 2018 жылы Фазенда-Лападағы жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктері үшін жақын жерде жатқан телімдерден таза ауыз су тартуды ұйымдастыру жобасын аяқтадық. Бұл жоба 2011 жылы көшірілген 15 отбасын ауыл шаруашылығы өндірісіне қажетті таза сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

### Білім алуға қолжетімділікті арттыру

КДР-дағы жергілікті қоғамдастықтар үшін тиісті ресми білім алуға қолжетімділік үлкен мәселелердің бірі болып табылады.

2018 жылы бізге тиесілі Comide кәсіпорынының маңындағы Кисанкаладағы мектепті қайта жаңартуды аяқтадық (құрылысы 2017 жылы басталған). Бұл жобаның қажеттілігі жергілікті халықтың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау барысында анықталған болатын, сол жерде жергілікті халық алтынгерлік қоғамдастықтарынан келетін балалардың саны есебінен мектептегі орындардың жеткіліксіздігіне алаңдаушылықтарын білдірген. Аталған жоба шеңберінде:

» Қосымша 150 оқушыны орналастыруға мүмкіндік беретін үш жаңа сынып салынды;
» Қосымша үш сынып қайта жаңартылды;
» Жаңа кеңсе ғимараты мен жаңа әжетханалар салынды.

Біз сондай-ақ 11 мектеп мұғалімінің жалақысын төлеуді субсидиялауды жалғастырып келеміз. Какандада білім беру саласын қолдау шеңберінде 7 000 астам оқушы мен 200-ден астам мұғалімге қолдау көрсетуді жалғастырудамыз.

### Денсаулық сақтау

КДР-дағы жергілікті қоғамдастықтардағы денсаулық сақтау саласының көбінесе төмен көрсеткіштері осы саладағы қызметтердің сапасын арттыруға және саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған жобаларды іске асыруға баса назар аударылуы керек екенін білдіреді. Бұл саладағы жұмыс АИТВ/ЖИТС, тырысқақ, полиомиелитпен күрестегі мемлекеттік бастамаларға қолдау көрсетуді қамтиды. Мысалы, біз 2018 жылы дәрі-дәрмектер мен жабдықтар сатып алуға, сондай-ақ тырысқақтың жайылуына қарсы үкіметтің жұмыстарына қолдау көрсету мақсатында халықты ақпараттандыруды жоғарылатуға қаражат бөлдік.

Бразилияда BAMIN елеулі түрде қаржыландыруы жеткіліксіз болып жатқан Ильеустегі São José – Santa Casa de Misericórdia ауруханасына жәрдем көрсетуде. Атап айтқанда, біздің қолдауымыз қызметкерлер, емделушілер мен келушілерге тамақ беруді ұйымдастыруға бағытталған. Осы мақсатта 2018 жылы 187 мың АҚШ доллары бөлінді.

## Нәтижелілік көрсеткіштері

2018 жылы ERG-дің қоғамдастықтарға әлеуметтік инвестициялары 115 млн. АҚШ доллары мөлшерінде (2017 жыл: 111 млн. АҚШ доллары). Соның ішінде шамамен 20,4 млн. АҚШ доллары Қазақстандағы аймақтық атқарушы билік органдарымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар аясындағы жобаларды іске асыруға бөлінді. Біз сондай-ақ республикалық маңызы бар әлеуметтік жобаларды іске асыруға жәрдемдесуді жалғастырдық.

Атап айтқанда, 59 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі қайырымдылық көмек Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорына (әрі қарай – Қор) бөлінді (2017 жыл: 61 млн. АҚШ доллары). Бұл қаражат негізінен денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет саласындағы жобаларды іске асыруға бағытталды.

**Жылдар бойынша әлеуметтік инвестициялардың жалпы көлемі** ($ млн)




## Болашаққа жоспарлар

Біз Қазақстандағы әлеуметтік инвестициялар жөніндегі бағдарламаларымызды келесі стратегиялық маңызы бар жобалардың негізінде жүзеге асырамыз деп жоспарлап отырмыз (бірақ олармен шектелмейді):

» Біздің амбицияға толы өңірлік дамудың үш жылдық стратегиясын іске асыру (56 бет). Бұл ретте кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі өмір сүру деңгейін айтарлықтай көтеруге, сондай-ақ жалпы өңірлердің дамуына бағытталған стратегиялық инвестицияларға ерекше назар аударылатын болады;
» Студенттік кәсіпкерлік эко жүйесін құру жөніндегі бағдарламаны әрі қарай кеңейту, соның ішінде кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жас әйел-кәсіпкерлерді қолдау туралы біздің жаңа бастамамызды қоса алғанда. Біз сондай-ақ университеттердің көптеген ұстаздарын бизнес-тәлімгерлікке оқытуды, шығармашылық кәсіпкерлік модульдерін енгізуде серіктес-университеттермен жұмыс істеуді және университеттер жанындағы кәсіпкерлік орталықтарының өңірлік хабтарға айналуына жәрдемдесеміз деп жоспарлаудамыз.

КДР-дағы жоспарлар:

» КДР-дағы артельдік және шағын ауқымды өндіру мәнмәтінінде әлеуметтік-экономикалық дамуға жәрдемдесуге бағытталған бір қатар бастамаларға қолдау көрсетуді жалғастыру, соның ішінде, «Мейірімді пастырь» халықаралық қоры және Pact-пен біздің ынтымақтастығымызды жалғастыруды қоса алғанда (65 бет);
» Metalkol RTR маңында орналасқан кенттердің тұрғындарының ауыз суға қолжетімділігін арттыру мақсатында күн батареяларынан қуат алатын қосымша сорғы қондырғылары және құдықтар салу (бұл ретте максималды тиімділікке қол жеткізу үшін тұрғындарының саны көбірек кенттерге артықшылықтар беріледі);
» Егіншілік шаруашылығын әртараптандыруға, сондай-ақ қатысушылар санын едәуір ұлғайтуға екпін бере отырып тұрақты ауыл шаруашылығы жөніндегі бағдарламамыздың екінші кезеңін іске асыру.

**Өңірлер бойынша әлеуметтік инвестициялар** ($ млн)

| | 2018 | 2017 |
|---|---|---|
| Қазақстан | 107,9 | 105,5 |
| Африка | 6,9 | 5,5 |
| Бразилия | 0,3 | 0,2 |

**Инвестициялардың типі бойынша Қазақстандағы әлеуметтік инвестициялар** ($ млн)

| | 2018 | 2017 |
|---|---|---|
| Тікелей инвестиция-лар | 87,5 | 87,7 |
| Әлеуметтік серіктестік жобала-ры | 20,4[2] | 17,8 |

1 2016 жыл мен 2017 жылдың аралығында әлеуметтік инвестицияларға жұмсалған жалпы шығындар көлемінің айтарлықтай ұлғаюы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті –Елбасы қорына (әрі қарай –«Қор») жалпы сомасы 61 млн. АҚШ долларына жасалған қайырымдылықпен байланысты. Қор аталған қаражатты бірінші кезекте Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларындағы тынығу және сауықтыру орталықтарын қайта құруға, сондай-ақ жастардың жобаларын іске асыру үшін пайдаланылатын Қордың Алматы қаласындағы ғимаратын қайта жөндеуге бағыттады.

2 Қазақстанда жұмыс істеп жатқан өндірістік өңірлерімізден тыс жерлердегі жобаларды қоса алғанда.

## 3-БӨЛІМ: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

# Артельдік және шағын ауқымды өндіруге қатысты біздің тәсілдемеміз

### Стратегиялық мәнмәтін

**Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің тұрақты дамуы:**
кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтың әл-ауқаты мен әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу біздегі 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі. КДР-де кобальтты жауапты өндіру, сондай-ақ пайдалы қазбаларды заңсыз артельдік өндірумен байланысты әлеуетті тәуекелдердің алдын алу бұл саладағы жұмыстың маңызды бағыты болып табылады. Бұдан бөлек, біз кобальт өнеркәсібінде құндылықтар құру тізбегінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мүмкіндіктерімізді іске асыруға талпынудамыз, соның ішінде басқа ұйымдармен ынтымақтастықтар шеңберінде.



Фотография предоставлена Международным фондом «Добрый Пастырь», Nyokabi Kahura

**БҰҰ-ның Орнықты Дамуының Релевантты мақсаттары**

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ анықтаған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
| 8 | 8.7 | Еріксіз еңбекті жоюға, заманауи құлдықты және адам саудасын болдырмауға, алдап-арбап тарту және бала-сарбаздарды пайдалануды қоса алғанда балалар еңбегінің ең нашар үлгілеріне тыйым салуға және жоюға, ал 2025 жылға қарай барлық нысандағы балалар еңбегін түп-тамырымен құртуға арналған шұғыл әрі тиімді шаралар қабылдау |
| | 8.8 | Еңбек құқықтарын қорғауға және барлық еңбек етушілер үшін сенімді және қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз етуге жәрдемдесу, соның ішінде мигрант еңбек етушілердің, әсіресе әйел-мигранттардың және тұрақты жұмысы жоқ тұлғалардың |
| 16 | 16.1 | Зорлық-зомбылықтың барлық үлгідегі таралуын айтарлықтай қысқарту және бүкіл әлемде осы құбылыстан болатын өлім көрсеткіштерін азайту |
| | 16.2 | Балаларға қатысты зорлық, жәбір көрсетудің барлық үлгілеріне, пайдалануға, саудалауға, қорлық көрсетуге жол бермеу |
| 17 | 17.16 | Орнықты даму саласындағы мақсаттардың жетістіктерін барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде қолдау үшін білімдерін, тәжірибелерін, технологиялар мен қаржылық ресурстарын таратып, жұмылдыратын көптеген стейкхолдерлердің қатысуымен толықтырылатын орнықты даму мүддесіндегі жаһандық серіктестікті нығайту, |
| | 17.17 | Серіктестердің тәжірибесі мен ресурстарды пайдалану стратегиясына сүйене отырып мемлекеттік ұйымдар арасындағы, мемлекеттік және жеке сектор арасындағы және азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тиімді серіктестікті ынталандыру және көтермелеу |

Топтың КДР-дағы Frontier басқа, барлық кәсіпорындарының маңдарында пайдалы қазбаларды артельдік және шағын ауқымдық өндіру бар. Біз ондай көздерден алынған шикізатты мыс пен кобальт өндірген кезде пайдаланбаймыз, өйткені біздің «Таза кобальт» атты Бағдарламамыздың (62 бет) мақсаты оның біздің өнімде толық жоқтығын қамтамасыз ету болып табылады. Әйтсе де, артельдік және шағын ауқымды өндіру КДР халқының маңызды табыс көзі екенін, сондай-ақ артельдік және шағын ауқымды өндіру оған қатысушыларға, жақын жердегі жергілікті қоғамдастықтарды қоса алғанда әлеуетті қатер көзі екенін жақсы ұғынамыз. Осыған орай біз келесілерді қолдаймыз:

- Заңсыз артельдік және шағын ауқымды өндіру негізінде жатқан, сондай-ақ оның теріс салдарларын жоюға, соның ішінде балалар еңбегін пайдалануды (65 бет) қоса алғандағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған бірқатар сыртқы бастамаларды;
- Біздің жеке өндірісіміздің шеңберінен тыс кобальт өнеркәсібінде құндылықтар құрудың жауапты тізбегін қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-ағартушылық қызметті (65 бет).

Электромобильді революция литий-ионды батареяларда пайдаланылатын кобальтке әлемдік сұраныстың артуына ықпал етті. Алайда, құндылықтар құру тізбегінің қатысушылары (аккумуляторлар мен электромобильдер өндірушілерді қоса алғанда), азаматтық қоғам, тұтынушылар мен мемлекеттік органдар КДР-дағы кобальт өндірумен, тасымалдау және сатумен байланысты әлеуетті әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерге айтарлықтай алаңдаушылықтарын білдіріп отыр.

Бұл заңсыз артельдік және шағын ауқымды өндірумен байланысты әлеуетті теріс салдармен, соның ішінде мысалы балалар еңбегін пайдаланумен түсіндіріледі. Бұл мәселе КДР-да әлемдік кобальт өндірісінің жартысынан көбі өндірілуімен және осы елде кобальттың әлемдік қорының шамамен жартысы шоғырланғанына байланысты әсіресе өзекті бола түседі[1]. Осыны ескере отырып біз «Таза кобальт» Бағдарламасының (62 бет) шеңберінде кобальттің жауапты өндірілуін қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс атқарудамыз, сондай-ақ баламалы табыс көздерін құру және пайдалы қазбаларды артельдік, шағын ауқымды өндіру кезінде балалар еңбегін түп-тамырымен құртуға бағытталған бастамаларға қолдау көрсетеміз.

## Негізгі мәселелер және бастамалар

### Біздің КДР-дағы кәсіпорындарымыздағы артельдік және шағын ауқымды өндіру мәселелерін шешу

Артельдік және шағын ауқымды өндіруді және онымен байланысты тәуекелдерді басқару, адамның құқықтарын сақтауды басқару жөніндегі жоспарларды және арнайы саясат пен рәсімдерді қамтитын біздің артельдік және шағын ауқымды өндіруді орнықты дамыту және өндірістік қауіпсіздікті басқарудың кешенді жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады. Біз сондай-ақ конструктивті қарым-қатынастарды сақтау мақсатында алтынгерлік қауымдардың өкілдерімен үнемі кездесіп отырамыз. Әлеуетті шағымдарды реттеу үшін кәсіпорынға енгізілген шағымдарды беру мен қарау механизмі пайдаланылады (53 бет). Дегенмен, 2018 жылы алтынгерлерден бірде бір шағым алмағанымызды айтып өтуіміз қажет.

Сонымен қатар, әлеуметтік инвестициялардың тиісті бағдарламаларын қолдаймыз. Мысалы, 2018 жылдың тамыз айында ERG, Boss Mining және Comide кәсіпорындарының маңында орналасқан Каканда және Кисанкала кенттерінің 200-ге жуық оқушысына (12-18 жастағы) жазғы мектеп ұйымдастырды. Аталған бастама жазғы демалыс кезінде балалардың артельдік және шағын ауқымды өндіруге қатысу тәуекелін төмендетуге, сондай-ақ планшеттік компьютерлер мен ноутбуктер сияқты заманауи технологияларды пайдалана отырып оқу мүмкіндіктерін ұсынуға бағытталған. Оқу сабақтары бір қатар тақырыптарды қамтыды, олардың ішінде гендерлік теңдік, ауыл шаруашылығын жүргізудің машықтары және жұмысқа орналасудың балама мүмкіндіктері секілді тақырыптар бар.

## Нәтижелілік көрсеткіштері

Халықаралық «Мейірімді пастырь» қорының бастамасына салынған біздің инвестициялар ( 65 бет) әлеуметтік осал топтардан шыққан балаларға бастауыш білім беру мен басқа да қызметтерге қолжетімділікті ұсынады (мысалы, психологтың кеңесі, денсаулық сақтау және физикалық зорлық-зомбылық туралы хабарлау жүйелеріне қолжетімділік).

2018 жылы және 2019 жылдың басында бастама шеңберінде тағы келесі топтарға қолдау көрсетілді:

- балалар еңбегін пайдаланудың ең нашар нысанынан, соның ішінде пайдалы қазбаларды артельдік және шағын ауқымды өндіруде пайдаланудан қорғалған 1 929 бала;
- оқу мүмкіндігін алған 182 қыз бен 64 әйел, нәтижесінде олар еңбек нарығына шығуға мүмкіндік алды;
- балама табыс көздерін қамтамасыз етуге және өздерінің табыстарын арттыруға қажетті машықтарға ие болған 281 әйелге.

## Болашаққа жоспарлар

КДР-да жоспарланып отырған жұмыстардың негізгі бағыттары:

- Әлеуетін дамытуға, сондай-ақ пайдалы қазбаларды артельдік және шағын ауқымды өндіруге тартылу тәуекеліне кіретін балаларға арналған кәсіби оқуды ұйымдастыруға бағытталған шараларды қарастыратын Pact (65 бет) ұйымының Children Out of Mining – Northern Kolwezi бағдарламасын іске асыруға жәрдемдесу;
- Кобальт жеткізу тізбегі шеңберінде балалар еңбегін түбегейлі жою үшін бірлестік құру (Аккумуляторлық батереялар секторының халықаралық альянсының септесуімен), сондай-ақ пайдалы қазбаларды артельдік және шағын ауқымды өндіру саласындағы ресми стандарттарды енгізу нұсқаулығының жобасын жариялау.



«Добрый пастырь» Халықаралық қорының фотосуреті/ Ниокаби Кахура

1 АҚШ-тың геологиялық қызметі, шикізат нарығына қысқаша шолу, кобальт, https://minerals.usgs.gov/minerals/pubs/commodity/cobalt/

# «Таза Кобальт» бағдарламасы

2018 жылдың желтоқсан айында КДР-дағы Metalkol RTR кәсіпорнында «Таза кобальт» Бағдарламасын іске асыра бастадық. Metalkol RTR әлемдегі негізгі кобальт көздерінің бірі атанады, тиісінше электромобильдік революция үшін жағдай жасау үшін негізгі рөлдердің бірін алады.

«Таза кобальт» Бағдарламасы біздің кобальттің этикалық шығу тегін, сондай-ақ жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға кепілдік береді.

**METALKOL RTR-ДАҒЫ «ТАЗА КОБАЛЬТ» БАҒДАРЛАМАСЫ**

Пайдалы қазбаларды жеткізудің жауапты тізбегінің тиісті тексерілуі жөніндегі ЭЫДҰ Нұсқаулығына сәйкес келеді

Өндірістік тізбектің келесі кезеңдерінде кәсіпорындарға және біздің өнімді сатып

**ERG-дің бақылауымен және бекітілген жеткізушілердің қатысуымен**

| 1. ӨНДІРУ | 2. ҚАЙТА ӨҢДЕУ | 3. БАСТАПҚЫ ТАСЫМАЛДАУ |
|---|---|---|
| Шикізаттың 100%-ы ERG-дің Metalkol RTR жобасында жиналған қож қалдықтарынан алынған | Metalkol RTR-да қождың қайта өңделуі кобальт гидрототығын өндіру мақсатында жүзеге асырылады (үшінші тараптар тартылмаған) | Рұқсат етілмеген пайдаланудан қорғалған және GPS белгілері бар кобальт гидрототығы орамдарын жолда тасымалдау |

| | |
|---|---|
| **САЛАДАҒЫ ЖЕТЕКШІЛІК** | » Кобальт жеткізу тізбегіндегі жауапкершілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету<br>» Халықаралық бастамаларды қолдау, қатысу және бастамашылық ету<br>» Білім алмасу және жауапкершілігі мол кобальт өнеркәсібін насихаттау |
| **ҚАДАҒАЛАНАТЫН КОБАЛЬТ** | » Өндіру, өңдеу және тасымалдау үдерістері бойы қадағалау жүйелерін енгізу<br>» Автоматты түрде тексеретін және хабар беретін жүйелері бар бақылауларды / IT жүйелерді енгізу |
| **АРТЕЛЬДІК ЖӘНЕ ШАҒЫН АУҚЫМДЫ ӨНДІРУ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН ШИКІЗАТТЫ АЛЫП ТАСТАУ** | » Жиналған қалдықтар қоймасынан жоғары сапалы материалдарды алу<br>» Біртұтас кәсіпорын шеңберінде айқын үдерістер арқылы материалдарды тексеру және келісу<br>» Артельдік және шағын ауқымды өндіру саласында саясаттарды, рәсімдер мен басқару жүйелерін енгізу |
| **БАЛАЛАР ЕҢБЕГІН ПАЙДАЛАНУДЫ ЖОЮ** | » Барлық саясаттар мен басқару жүйелеріне, соның ішінде мердігерлерді қоса алғанда балалар еңбегіне қатысты нөлдік төзімділікті енгізу<br>» Тиеу үдерісіне және қолжетімділік беруге қатаң бақылауды жүзеге асыру<br>» Жеткізулер тізбегінен артельдік және шағын ауқымды өндіру нәтижесінде алынған материалдарды алып тастау |
| **ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ** | » Мусонои өзенін және Кингамьямбо дамбасының маңындағы аумақтарды тазалау<br>» Ауыл шаруашылығына / аквадақылдарға тағайындалған жер және су ресурстарын үлгайту<br>» Биоалуантүрлілікті және қалдықтарды жауапты басқару жүйелерін жақсарту |
| **ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ӘРІПТЕСТІК** | » ҮЕҰ-мен бірлесе отырып жергілікті қоғамдастықтардың дамуын және көп жақты қатысу бастамаларын қолдау<br>» Стейкхолдерлермен қарым-қатынасқа басымдық беру және қоғамдастықтармен тікелей сұхбат |

## алушыларға сату құнын құру тізбегіне қатысты кепілдіктер беру

**Өндірістік тізбектің келесі кезеңдерінде клиенттердің және компаниялардың бақылауымен**

| 4. САТУ | 5. ЕКІНШІ ТАСЫМАЛДАУ | 6. БАЛҚЫТУ/ САТУ ӨҢДЕУ | 7. ӨНДІРІСТЕ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ |
|---|---|---|---|
| Жеке-меншік құқығын ERG клиентке қорғалған қоймада немесе тиеу-түсіру портында тапсырады | Кобальт гидрототығы тапсырыс берушімен немесе оның серіктестерімен қоймадан (жол бойынша) не болмаса тиеу-түсіру портынан (теңіз) тасымалданады | Ақырғы тұтынушыларға жеткізілместен бұрын кобальт гидрототығы қосымша тазалаудан өтеді | Кобальт өндірісте пайдаланылады: (1) ұялы телефондарда, электромобильдерде /гибридті автокөліктерде және басқа мақсаттарға пайдаланылатын батареялар өндірісінде, (2) Реактивті қозғалтқыштарда, газ турбиналарында пайдаланылатын суперқорытпаларда және басқа мақсаттарда пайдаланылады |

# 3-БӨЛІМ: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

## Жеткізулердің жауапкерты тізбектері: «Таза кобальт» бағдарламасы

Metalkol RTR-дағы «Таза кобальт» бағдарламасы сезімтал операциялық мәнмәтінде қызметті жауапты жүргізу тәсілдерін енгізуге мүмкіндік береді. Ол, сондай-ақ ЭЭДҰ-ның қақтығыстар аймақтары және қауіп-қатері жоғары аудандардан пайдалы қазбаларды жеткізу тізбегін жауапты басқаруға арналған сақтықтың тиісті басшылық қағидаттарының (әрі қарай – ЭЭДҰ басшылық қағидаттары) талаптарын артығымен орындау және ұстануды қамтамасыз ету бойынша біздің ағымдағы жұмыстарымызға өз үлесін тигізеді.

Бұл бізге құндылықтар құру тізбегінің қатысушылары арасындағы алаңдаушылықты, соның ішінде КДР-дағы кобальт өндірумен байланысты әлеуетті экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді, сондай-ақ қызметті тиісті емес жүргізу тәсілдерін пайдаланатындарға қатысты туындайтын мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл өз кезегінде жергілікті халықтың жағдайларын жақсарту үшін жәрдемдесетін болады.

### Metalkol RTR-да адам құқықтарын сақтау

Metalkol RTR-ға ЭЭДҰ басшылық қағидаттарын енгізу жөніндегі жұмыстардың шеңберінде Metalkol-дың адам құқықтары бойынша міндеттемелері туралы мәлімдеме әзірленді. Ол құжатта аталған кәсіпорын тап болатын негізгі тәуекелдер және оның адам құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуде пайдаланатын тәсілдемесі, соның ішінде тиісті басқару құрылымдары толық аталған.

2018 жылы «Таза кобальт» Бағдарламасын іске асыруды және Адам құқықтары бойынша міндеттемелер туралы мәлімдеменің орындалуына қадағалауды жүзеге асыратын Адам құқықтары туралы жұмыс тобы құрылды. Metalkol RTR Бас директоры Жұмыс тобының Төрағасы болып табылады; оның құрамына тиісті функционалдық бөлімшелер басшыларының өкілдері кіреді. Аталған орган адам құқықтары саласындағы тәуекелдерге бағалау жүргізуді, оның нәтижелерін өзектендіруді және тәуекелдер деңгейінің өзгеруіне, жаңа тәуекелдердің пайда болуына және оларды төмендету жөніндегі шаралардың орындалу барысына мониторинг жасауға жауап береді. Жұмыс тобы 2018 жылы 5 отырыс өткізді.

Metalkol RTR-да адам құқықтарына қатысты мәселелер бойынша кәсіпорынның қызметкерлерімен, оның мердігерлері және жеткізушілерімен, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтың өкілдерімен белсенді өзара әрекеттесуге бағытталған іс-шаралардың жоспары әзірленді. Ол стейкхолдерлермен жиналыстар өткізуді, барлық тиісті тілдердегі плакаттық науқанды ұйымдастыруды, сондай-ақ тиісті құжаттардың жөнелтілуін қарастырады. «Таза кобальт» Бағдарламасы Metalkol RTR-да комплаенс, рәсімдер және әдістемелік құжаттар саласындағы 40-тан астам жаңа функцияаралық саясаттарды әзірлеу және енгізумен, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және пайдалы қазбаларды жауапты өндіру жөніндегі бес жаңа маманды жұмысқа алу арқылы қолдау тапты.

PwC 2018 жылы өткізген алдын ала талдауы, мысалы стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу барысында көтерілген мәселелерді анықтау, тіркеу және әрі қарай қарастыру рәсімдерімен, сондай-ақ біздің шағымдарды қарастыру механизмдерімізбен байланысты әрі қарай кемелдену салаларын анықтауға көмектесті.

Metalkol RTR жеткізушілермен бизнес жасаудың тәсілдемелерін анықтайтын Жеткізушілердің әдеп кодексін әзірлеп, енгізді. Кодексті және тиісті саясаттарды ұстануды талап ететін шарттық жағдаяттар қолданылады. Сонымен қатар, жеткізушілерді кешенді тексеруден өткіземіз және оларды тиісті салада оқытамыз. 2019 жылы біздің жеткізушілеріміздің аудитін бастадық.

2019 жылы істелінген жұмыстардың нәтижелері туралы бірінші есеп жарияланып, PwC тәуелсіз қорытындысы алынды, онда (2019 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша) Metalkol RTR-да біздің «Таза кобальт» бағдарламасының қағидаттары мен мақсаттарына, сондай-ақ ЭЭДҰ басшылық қағидаттарына сәйкес келетін кобальт өндірісін бақылаудың рәсімдері мен механизмдері енгізілгені туралы айтылған.



### IBM Blockchain Platform технологиясын енгізу

2018 жылы біз өндіретін кобальт гидрототығы тасымалдануының бақылау тиімділігін арттыру мақсатында IBM Blockchain Platform технологиясының негізінде шешім қабылдауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны әзірлей бастадық. Metalkol RTR-да жүзеге асырылатын аталған пилоттық жоба «Таза кобальт» бағдарламасын іске асыруға қолдау көрсетуді көздейді.

### Сыртқы серіктестер

«Таза кобальт» бағдарламасының мақсаттарына сәйкес біз Metalkol RTR маңында тұратын жергілікті қоғамдастықтардың өмірін жақсарту мен дамытуға бағытталған бірқатар бастамаларды қолдаймыз. Бұл ретте балалар мен жасөспірімдердің еңбектерін артельдік және шағын ауқымды өндіруде пайдаланудың алдын алуға, сондай-ақ осы маңызды мәселені шешу үшін жергілікті қауымдастықтардың мүмкіндіктерін арттыруға назар аударамыз. 2018 жылы негізгі бастамалар келесілерді қамтыды:

» «Қайырымды Пастырь» халықаралық қоры: жергілікті қоғамдастықтардың, әсіресе әйелдер мен балалардың өмір деңгейлерін жақсартуға көмектесу мақсатындағы Қормен үш жылдық әріптестікті жалғастыру. 2017 жылы басталған бағдарламаны қолдау үшін 1 млн. АҚШ долларынан астам сома бөлінді. 2018 жылы ол мыналарды қамтыды:
   - Құрылысы 2019 жылы аяқталады деп жоспарланып отырған, Колвезидегі балаларды қорғау орталығының құрылысына қолдау көрсету мақсатында қаржыландыру ұсыну. Орталық осы өңірдегі бастауыш және орта мектеп оқушылары тегін білім алатын жалғыз мекеме болады;
   - Қор іске асырып жатқан Bon Pasteur Alternative Livelihood бағдарламасын қолдауды жалғастыру. Бағдарлама артельдік және шағын ауқымды өндіруде жұмыспен қамтылған балалардың білім алуын қолдауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ жас әйелдердің әлеуетінің дамуына ықпал жасайды.

» Тау-кен өндірісі саласындағы балалар еңбегін түбегейлі жоюға арналған Children Out of Mining – Northern Kolwezi бағдарламасы: 2018 жылғы желтоқсан айында ERG Аккумуляторлық батареялар секторының халықаралық альянсының (төменнен қараңыз) негізін қалаушылардың бірі болып табылатын, даму мәселелері бойынша халықаралық ұйым – Pact[1] әріптестікте іске асырылатын ауқымды бір жылдық бағдарлама туралы жариялады. Бағдарлама Metalkol RTR маңындағы кенттердегі балаларды қорғау мәселелеріне қоғамның назарын аударуға бағытталған. Сондай-ақ, бағдарлама оларға қызмет ету салаларын ауыстыруға көмектесу үшін қысқа мерзімді сыйақылар төлеумен жарты жылдық кәсіби білім беру бағдарламалары мен тағылымдамалар ұйымдастыру арқылы 15-тен 17 жасқа дейінгі жұмыскерлерге тікелей көмек көрсетуді көздейді.

### Кобальт өнеркәсібінде құндылықтар құру тізбегі шеңберіндегі ақпарттық қызмет пен серіктестік

2018 жылы біз сыртқы серіктестік шеңберінде кобальтті жеткізудің халықаралық жауапты тізбектерін қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндірме қызметті қолдауды жалғастырдық. Олардың қатарына мыналар кіреді

» Аккумуляторлық батареялар секторының халықаралық альянсы (әрі қарай – GBA[2]): ERG 2017 жылдан бастап Дүниежүзілік экономикалық форумның аясында іске асырылатын бастама - Аккумуляторлық батареялар секторының халықаралық альянсының құрылтайшысы және тең төрағаларының бірі. GBA қызметі аккумуляторлық батареялар секторында құндылықтар құруда әлеуметтік жауапкершілігі бар, инновациялық, экологиялық және экономикалық орнықты тізбектер құру жұмыстарының көлемін ұлғайтуға, үйлестіруге және кеңейтуге бағытталған.

» Кобальт институты: кобальт жеткізу тізбегіне қатысты нарық қатысушыларының алаңдаушылықтарының күшеюін ескере отырып, Кобальт институты[3] өзінің жұмысына қатысатын ұйымдармен бірлесе отырып (ERG қоса алғанда) Кобальт өнеркәсібіндегі тәуекелдерді бағалайтын бағдарлама әзірледі (CIRAF)[4]. 2019 жылдың қаңтар айында іске асырыла бастаған және Metalkol RTR өз жұмысына енгізген CIRAF бағдарламасы, қатысушы компаниялар мен жалпы кобальт өнеркәсібіне Пайдалы қазбаларды жауапты сатып алуға арналған халықаралық стандарттардың талаптарына (ЭЫДҰ басшылық қағидаттарын қоса алғанда) және алдыңғы қатарлы салалық тәжірибелерге сәйкес тәуекелдерді басқару үдерісін жетілдіруге мүмкіндік жасайды.

**«ERG Аккумуляторлық батареялар секторының халықаралық альянсының негізін қалаушылардың бірі және кобальтті жеткізудің тұрақты, жауапты және айқын тізбегін қалыптастыруда белсенді жұмыс атқаруда. Ол тау-кен өндірісі саласындағы балалар еңбегін түп-тамырымен құрту үшін әлдеқашан тексеруден өткен шешімдерді кең көлемде қолдануға және аталған өңірдегі балаларды үнемі қолдау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді».**

**Марк Визо, Pact-тің бұрынғы атқарушы директоры және президенті**

1 Pact: pactworld.org
2 Global Battery Alliance: weforum.org/projects/global-battery-alliance
3 Кобальт институты: cobaltinstitute.org
4 Cobalt Industry Responsible Assessment Framework (ағыл.) - Кобальт өнеркәсібіндегі тәуекелдерді бағалау бағдарламасы



4 ТАРАУ

# Экология саласындағы тиімді басқару

**МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

## Қоршаған ортаның ластануын болдырмау

Толығырақ 68 бетте

## Энергия және климаттың өзгеруі

Толығырақ 70 бетте

## Қалдықтарды басқару

Толығырақ 73 бетте

**2018 ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ**

Қазақстандағы энергия тұтынуды төмендету жөніндегі бастамаларды іске асыру нәтижесінде

**2 000 ТДж үнемделді**

Қазақстанда Атмосфералық ауаға шығарындыларды төмендету бойынша ұзақ мерзімді стратегия әзірленді

ҚДР-дағы Metalkol RTR-да

**1 328 мың т** жиналған қож қалдықтары өңделді



Біздегі 2025 Стратегиясы шеңберінде кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуына ерекше көңіл бөлеміз. Басқа тарауларда баяндалғанындай бұл аталған өңірлер (48 бет) халқының әлеуметтік әл-ауқаты мен саулық деңгейін арттыруға жағдай жасауды, сондай-ақ жергілікті экономиканы қолдауды (46 бет) білдіреді. Әйтсе де, қоршаған ортаға тигізер кез-келген болжалды теріс әсерді кеміту және біздің қызметіміздің нәтижесінде түзілген қалдықтарға жауапты қарау біздің жұмысымыздың маңызды бағыттарының бірі. Біздің шаруашылық қызметіміз – пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу, металдарды балқыту, электр энергиясын өндіру және оның логистикасы жергілікті қоршаған ортаға теріс ықпал етіп, климаттың өзгеруіне үлес қосуы мүмкін екендігін ескеретін болсақ ол ерекше өзекті.

Бұл мәселелерді тиісті жолмен шеше алмау, нормативтік талаптарды ұстану жөніндегі міндеттемелер, қызмет жүргізуге арналған әлеуметтік лицензия, қаржылық міндеттемелер мен абырой көзқарасынан алғанда Топ үшін елеулі салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін. Сондай-ақ, бұл экология саласындағы тиімді басқару және ресурстарды жауапты пайдалануға қатысты ұстанымдарымызға қайшы келетін болады.

Біздің Қазақстандағы өндірістік кәсіпорындарымыздың көпшілігі ISO 14001экологиялық менеджмент жүйелерінің халықаралық стандарттарына сәйкес сертификатталған. Біздің Африкадағы кәсіпорындарымыздағы өндірістік қауіпсіздік пен орнықты дамуды басқару жүйесі ISO 14001 стандартының талаптарын ескере отырып әзірленген.

**Подробнее**

Қоршаған ортаға әсерімізді басқару тәсілдеменіз туралы толығырақ ақпарат 95 бетте ұсынылған.

# Қоршаған ортаның ластануын болдырмау

## Стратегиялық мәнмәтін

**Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуының стратегиялық мәнмәтіні:** кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын жақсарту – біздегі 2025 Стратегиясының негізгі басымдықтарының бірі. Жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін, соның ішінде судың, атмосфералық ауаның және топырақтың сапасына қатысты халықаралық стандарттарды сақтау жолымен қоршаған ортаға теріс әсерін тигізуі мүмкін кез-келген әлеуетті әрекеттерді болдырмау және/немесе барынша азайту осы жұмыстың негізгі бағыттарының бірі.



**БҰҰ-ның Орнықты Дамуының Релевантты Мақсаттары**

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ айқындаған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
| 3 | 3.9 | 2030 жылға қарай қауіпті химиялық заттардың және ауаның, судың, топырақтың ластануы мен улануы нәтижесінде болатын өлім мен сырқат жағдайларын елеулі түрде қысқарту |
| 6 | 6.3 | 2030 жылға қарай ластануларды азайту, қалдықтар тасталуын жою және қауіпті химиялық заттар мен материал тастандыларын барынша азайту, тазартылмаған ағын сулардың үлесін екі есеге қысқарту және қайтадан айналу көлемдерін едәуір ұлғайту мен бүкіл әлемдегі ағын суларды қауіпсіз қайта пайдалану арқылы судың сапасын арттыру |
| 8 | 8.4 | 2030 жылдың соңына дейін Тұтыну мен өндірудің тиімді үлгілерін пайдалануға ауысу туралы әрекет етудің он жылдық стратегиясына сәйкес тұтыну және өндіру жүйелеріндегі ресурстарды пайдаланудың жаһандық тиімділігін біртіндеп арттыру және экономикалық өсімнің қоршаған ортаның жағдайына кері әсер етпеуіне талпыну қажет, бұл ретте осы мәселелермен бірінші кезекте дамыған елдер айналысуы тиіс |
| 9 | 9.4 | 2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғырту және өнеркәсіп кәсіпорындарын қайта жабдықтап, олардың дербес мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің қатысуымен ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза әрі экологиялық қауіпсіз технологиялар, өнеркәсіптік үдерістерді кеңінен қолдану арқылы оларды тұрақты ету |
| 12 | 12.4 | 2020 жылға қарай келісілген халықаралық қағидаттарға сәйкес химиялық заттар мен барлық қалдықтарды олардың барлық өмір циклі бойы экологиялық оңтайлы пайдаланылуына қол жеткізу және олардың адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға келтіретін теріс әсерін жоққа шығару үшін олардың ауаға, су және топыраққа түсуін елеулі түрде қысқарту |

Басқа да тау-кен өндіруші компаниялар және ауыр өнеркәсіптегі компаниялар сияқты біздің қызметіміз де қоршаған ортаның ластану тәуекелдерінің туындауына әкеп соқтыруы мүмкін, ол өз кезегінде превентивті басқаруды қажет етеді. Ол мыналарды қамтиды:

» Су ресурстарының ластануы;
» Атмосфераға түсетін ластаушы заттар шығарындыларының рұқсат етілген деңгейден асып кетуі.

Осыған орай, негізінде халықаралық стандарттар жататын біздің экологиялық менеджмент жүйелерінің негізгі міндеттерінің бірі осындай әсер етуді анықтау, болдырмау және/немесе барынша азайту болып табылады. Бақылаудың негізгі шараларының мысалы ретінде келесі іс-шараларды атап айтуға болады:

» Келесі ағызу кезіндегі су сапасының тиісті нормативтерін сақтау мақсатында техникалық суды тазалау;
» Ластаушы заттардың атмосфералық ауаға шығарындыларын тазалау (соның ішінде сүзгілеу жолымен);
» Өндірістік нысандар аумағындағы және олардан тыс жерлердегі атмосфералық ауа мен судың сапасын үнемі бақылап отыру;
» Топырақ пен судың ластану тәуекелін барынша азайту мақсатында бақылау жасаудың инженерлік-техникалық құралдары.

## Негізгі мәселелер және бастамалар

Қазақстанда ауаның сапасына индустриялық Павлодарда және оған жақын жатқан өңірлерде едәуір әсер етеміз. Павлодарда басқа бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындар өздерінің қызметтерін атқарады, соның ішінде мұнай өңдеу саласында, химиялық өнім және ауыр машина жасау өндірісі саласында. Бұдан бөлек, қалада біздің Қазақстан Алюминийі, ҚЭЗ және Павлодар машина жасау зауыты орналасқан. Жақын арадағы қалаларда ЕЭК және Ақсу ферроқорытпа зауыты бар. Біздің нысандардың атмосфераға шығарындыларының қолданыстағы нормативтік шектеулерге сәйкес келетініне қарамастан, біз осы аудандағы өнеркәсіптік кәсіпорындар, сондай-ақ тұрғын жайларды жылыту үшін көмірдің кеңінен қолданылуы барлығы жинала келе қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына теріс ықпалын тигізетінін ұғынамыз.

Бұл жалпы қоршаған ортаға әсердің айтарлықтай үлесін біз қосатындықтан (соның ішінде электр энергиясын өндіру және металлургиялық өндіріс нәтижесінде) біз кәсіпорындарымыздағы шығарындыларды қысқарту бойынша белсенді жұмыс атқарып жатырмыз. Бұл өзіміздің жеке әсерімізді төмендетумен бір қатарда, Қазақстанның жасыл экономикаға өтуіне жәрдемдеседі.

### Атмосфералық ауаға шығарындыларды төмендету жөніндегі ұзақ мерзімді стратегия

2018 жылы Қазақстандағы ERG кәсіпорындары қатты бөлшектердің болуына қатысты ЕО-да қабылданған ауа сапасының стандарттарын ұстануды қамтамасыз етуге бағытталған атмосфералық ауаға шығарындыларды төмендету жөніндегі жаңа ұзақ мерзімді стратегияны әзірлеп шықтық. Бұл жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің ауа сапасының еуропалық стандарттарын болжалды енгізуіне алдын ала әрекет етудің бір бөлігі. Стратегия шеңберінде барлығы жинала келе шығарындылардың жалпы көлеміне едәуір үлес қосатын ERG-дің энергетикалық және металлургиялық активтеріне ерекше назар аударылады.

Біз осы стратегияны іске асыру нәтижесінде 2030 жылға қарай атмосфераға шығарындыларды айтарлықтай қысқартамыз деп үміттенеміз. Бұл саладағы жұмыстардың келесі негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады (бұл ретте біздің Павлодардағы қызметіміз бірінші кезекте болады):

» Тиісті нысандарда алдыңғы қатарлы газ тазалау технологияларын енгізу, мысалы, Павлодар алюминий зауытының біріктіру цехында және біздің көмірмен жұмыс істейтін электр станцияларымызда. Бұл қатты бөлшектердің тұтылуын көтеріп ғана қоймай, осы кәсіпорындардың жалпы тиімділігін арттырады деп күтілуде;
» Біздегі электр станцияларының газға ауысуы (мүмкін болған жерлерде).

Осы жұмыстың шеңберінде 2018 жылы ССКӨБ Қашар жылу орталығын көмірден газға алмастыру басталады. Тиісті шешім техникалық-экономикалық бағалаудан кейін қабылданды. Аталған ауысу 2021 толықтай жүзеге асады деп күтілуде және келесілерге мүмкіндік береді:

» Жылу орталығының өнімділігі мен энергия тиімділігін ұлғайтады;
» Күкірт тотығы мен қатты қоспалар шығарындыларын қысқартады;
» Болашақта Қазақстанның табиғатты қорғау заңнамасын ұстануды қамтамасыз етеді.

Аталған ауысым аяқталғанға дейін Қашар жылу орталығына қатты бөлшектерді қармауға арналған уақытша шара ретінде қосымша газ тазалау қондырғысы орнатылатын болады.

### Атмосфералық ауаға мониторинг жасау технологилары

Қолданыстағы атмосфераға шығарындыларды бақылау бағдарламасының тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс шеңберінде біз Қазақстандағы ауа сапасына мониторинг жасаудың қосымша екі бағдарламасын іске асырдық:

» **Қазақстан Алюминийі кәсіпорнындағы (Павлодар) атмосфералық ауаның жағдайына автоматтандырылған мониторинг жасаудың пилоттық жобасы іске қосылды:** бұл үшін кәсіпорын нысандарының санитарлық-қорғаныс аймақтарының шекараларында атмосфералық ауаға қашықтан мониторинг жасау станциялары пайдаланылады. Бұл станциялар ERG-дің экологиялық қызметіне нақты уақыт тәртіптемесінде ауаның сапасы туралы деректер береді, ол атмосфералық ауаның ағымдағы жағдайын және тәуекелдің қысқа мерзімді деңгейлерін дәл әрі уақытылы бағалауға мүмкіндік береді.Ол өз кезегінде біздің өндірістік қызметімізден нормативтен тыс шығарындылар тәуекелін барынша азайта отырып түзету жұмыстарын өткізуге мүмкіндік береді;
» **Біздің барлық кәсіпорындарымызда жоғары технологиялық масс-спектрометрдің қолданылуы:** арнайы ERG үшін әзірленген аспап, атмосфераға шығарындылардың құрамын дәл анықтауға мүмкіндік береді, біз оларды тиімді бақылай аламыз.

## Нәтижелілік көрсеткіштері

2018 жылы Қазақстандағы кәсіпорындарымыздағы қатты бөлшектер мен газ шығарындылары қоршаған ортаға арналған эмиссиялардың қолданыстағы экологиялық рұқсаттарына сәйкес келді немесе рұқсат етілген шектердің айналасында болды. Бұл ретте эмиссиялар көлемінің ұлғаюы бақыланды. Ол Павлодар облысындағы эмиссия көлемінің ұлғаюына байланысты болды, негізгі шикізат материалы болып табылатын боксит сапасының өгеруін білдіреді.

## Болашаққа жоспарлар

Жоғарыда атап өткендей атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту жөніндегі біздің ұзақмерзімді стратегиямыздың негізгі бағыттары жаңа отын түрлеріне ауысуды (оған мүмкіндік бар жерлерде) және сүзгілеудің алдыңғы қатарлы технологияларын қолдануды қамтиды. Біз шығарындыларды төмендету жөніндегі болашақ қызметімізде осы тәсілді басшылыққа алатын боламыз. Мысалы, 2019 жылы Павлодар алюминий зауыты біріктіру цехындағы екі сүзгіні жаңғырту жұмыстарын бастайды.

Атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту жөніндегі стратегиямыз шеңберінде сынақ есебінде Шығыс көмір кенішінің қазандықтарының бірінде жаңа инновациялық газ тазалау жүйесін орнатуды жоспарлап отырмыз. Қазақстанда әзірленген бұл жүйе атмосфералық шығарындылардан азот және күкірт тотықтарын, парникті газдар сияқты ластаушы заттардың барлық түрлерін жояды көздейді.

# Энергия және климаттың өзгеруі

## Стратегиялық мәнмәтін

**Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуы:** кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын арттыру біздегі 2025 Стратегиясының негізгі басымдықтарының бірі. Жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында халықаралық стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі біздің жұмысымыз кәсіпорындарымыздан шығатын көмірқышқыл газы шығарындыларын бақылауды және жаңғыртылатын көздерден алынатын энергияны пайдалануды қамтиды.



### БҰҰ Орнықты Дамуының Релевантты Мақсаттары

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ айқындаған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
| 7 | 7.2 | 2030 жылға қарай әлемдік энергетикалық теңгерімдегі жаңғыртылатын энергия көздерінен алынатын энергияның үлесін едәуір ұлғайту |
| | 7.3 | 2030 жылға қарай энергия тиімділігін көтерудің жаһандық көрсеткішін екі еселеу |
| 8 | 8.4 | 2030 жылдың соңына дейін Тұтыну мен өндірудің тиімді үлгілерін пайдалануға ауысу туралы әрекет етудің он жылдық стратегиясына сәйкес тұтыну және өндіру жүйелеріндегі ресурстарды пайдаланудың жаһандық тиімділігін біртіндеп арттыру және экономикалық өсімнің қоршаған ортаның жағдайына кері әсер етпеуіне талпыну қажет, бұл ретте осы мәселелермен бірінші кезекте дамыған елдер айналысуы тиіс |
| 9 | 9.4 | 2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғырту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жабдықтап, олардың дербес мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің қатысуымен ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза әрі экологиялық қауіпсіз технологияларды, өнеркәсіптік үдерістерді кеңінен қолдану арқылы оларды тұрақтырақ ету |
| 12 | 12.2 | 2030 жылға қарай табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және оңтайлы игеруге қол жеткізу |
| 13 | 13.2 | Ұлттық деңгейде саясатқа, стратегияға және жоспарлауға климаттың өзгеруіне әрекет ету шараларын енгізу |
| | 13.3 | Ағартушылықты, ақпараттың таралуын және адамдар мен мекемелердің климаттың өзгеруінің салдарымен күресу және өткірлігін әлсіретудегі адамдардың мүмкіндіктерін жақсарту, оларға және ерте хабар беруге бейімдеу |

ERG – Қазақстандағы ірі энергия өндірушілерінің бірі. Біздің электр станцияларымыздың жалпы орнатылған қуаты – 3 362 МВт. 2018 жылы елде өндірілген электр энергиясының көлеміндегі ERG үлесі 18%[1] (2017 жылы: шамамен 19%). Өндірілетін электр энергиясының басым бөлігін біздің кәсіпорындар тұтынады.

Электр энергиясының 83%-ы (2017 жылы: 86,5%) біздің Шығыс кеніші (ЕЭК) көмірін жағу нәтижесінде өндіріледі. Осылайша, елдің деңгейінде біздің кәсіпорындар шығаратын парниктік газ шығарындыларының жалпы жиынтық көлемі елеулі. Осыған орай, біз Қазақстан Республикасы Үкіметінің жасыл экономикаға өту үшін салып жатқан күшін және оның климаттың өзгеруі туралы Париж келісімінде бекітілген міндеттемелерін орындауына қолдау көрсете алатын тәсілдерді іздеуді жалғастырудамыз.

Қазақстандағы электр энергиясын өндіретін біздің кәсіпорындардың барлығы (Казхром, ССКӨБ, ЕЭК және Қазақстан Алюминийі) ISO 50001/EN 16001 энергоменеджмент жүйелерінің стандарттарына сәйкес сертификатталған. Қазақстандағы қалған барлық кәсіпорындар аталған стандартқа сәйкес келетін энергоменеджмент жүйелерін қолданады. Есептік жылда біз тәуекелдерді басқару жөніндегі мамандар мен басшылар жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды қоса алғанда 2018 жылы қабылданған стандарттың жаңа нұсқасына сәйкес 2021 жылға дейін Қазақстандағы тиісті активтерді қайтадан сертификаттаудан өткізуге дайындықты бастап кеттік. Электр энергиясын өндіретін кәсіпорындарда 2014–2016 жылдар ішінде жүргізілген энергетикалық аудиттердің нәтижелері біздің 2016–2020 жылдарға арналған энергия тиімділігін жақсарту жөніндегі бағдарламамыздың негізі болды.

Конго Демократиялық Республикасындағы (КДР) кәсіпорындарымызда тұтынылатын электр энергиясының негізгі бөлігін су электр станциялары өндіреді. Бұл ретте аталған өңірдегі парниктік газдардың шығарындысы жанармайды жағу нәтижесінде жүзеге асырылады (өндіру және тиеу-түсіру операциялары кезінде, сондай-ақ логистикалық қызмет нәтижесінде).

## Негізгі мәселелер және бастамалар

### Заңнамалық мәнмәтін

Қазақстан Республикасы Климаттың өзгеруі туралы Париж келісімінің қатысушысы болып табылады. Оған қарамастан, 2017 жылы жарияланған Ұлттық жоспар және онымен байланысты парниктік газ шығарындыларымен саудалау сұлбасы бізден парниктік газ шығарындыларының деңгейін төмендетуді талап етпейді. Әйтсе де, 2030 жылға қарай парниктік газ шығарындыларын 15%-ға (шартсыз түрде) немесе 25%-ға (шартты түрде) қысқарту жоспарлануда. Осыған орай және болашақта шектеулер енгізілетінін күте отырып, біз алдын ала көміртекті ізімізді қысқарту жұмыстарын атқарып жатырмыз. Олай болмаған жағдайда, ол біздің кәсіпорындардың үзіліссіз қызмет етуіне, олардың капиталға деген қажеттіліктеріне және табыстылығына елеулі түрде әсер етуі мүмкін.

1 Шымкент ЖЭО қоспағанда (3-Энергоорталық АҚ)

## ССКӨБ-те жүк автокөліктерін сұйылтылған газға ауыстыру

Біздің Ғылыми-зерттеу инжинирингтік орталығымыз ССКӨБ дизельді жүк автокөліктерінің паркін сұйылтылған газға ауыстыру мүмкіндігін зерттеп жатыр. Бұл шара жанармайға кететін шығындарды 20-30%-ға азайтуға бағытталған, ол ақша баламасында жылына 5 млн. АҚШ долларына дейінгі соманы құрайды. Бұл ретте атмосфераға зиянды заттардың шығарындысы азаяды және қозғалтқыштардың қызмет ету мерзімі ұлғаяды. Аталған бағдарламаны Қоржынкөл карьеріндегі бір самосвалда қолданып көру жоспарлануда, содан кейін ғана парктің қалған бөлігін газға ауыстыру туралы шешім қабылданады.

### Энергия тиімділігі

#### Қазақстан

Қазақстанда 2016–2020 жылдарға арналған энергия тұтынуды жақсарту жөніндегі біздің бағдарламамыздың шеңберінде 2018 жылы біздің кәсіпорындарда энергия тиімділігін арттыруға бағытталған 122 шара іске асырылды (сондай-ақ, басқа бірқатар жобалар). Нәтижесінде электр энергиясын тұтынудың жалпы деңгейін 2 021 тераджоульге төмендетіп, шығындарды 2,2 млн. АҚШ долларына қысқарттық.

Ондай шаралардың мысалы ретінде, көбісі салыстырмалы түрде кішкентай ауқымымен айқындалатын келесілерді атауға болады:

- Біздің қазандықтарда конденсатты қайтарудың қосалқы жүйелерін орнатуды;
- Қолданыстағы сорғыларды тиімдірек үлгілеріне алмастыруды;
- Тұрғын жайлардың жылыту жүйелерін автоматтандыру және оларды тиімдірек жергілікті басқаруды ұйымдастыруды;
- Жүктеме жоқ кезінде трансформаторлардың өшірілуі.

Бұдан бөлек, біз жарықтандыру жүйелерімізді жаңғыртуды жалғастырдық. Атап, айтқанда ССКӨБ кәсіпорыны 12 мыңнан астам энергия көп тұтынатын шамдарын жоғары тиімді жарық диодты шамдарға алмастыруды көздейтін энергия сервистік келісім-шарт жасады (ертеректе осыған ұқсас бағдарлама Ақсуда жүзеге асырылған болатын). Бұл шаралар 2019 жылдың соңына қарай электр энергиясының шығынын жылына 120 тераджоульге қысқартуға мүмкіндік береді.

### Африкадағы энергиямен қамтамасыз ету

КДР-дағы Société Nationale d'Électricité (SNEL) компаниясының СЭС-да өндірілетін электр энергиясының жеткізілу деңгейі елдегі өнеркәсіптік кәсіпорындар тарапынан туындаған сұранысты қанағаттандыруға жеткіліксіз болды. Бұл өз кезегінде энергиямен қамтудағы үзілістерге және қымбат дизельдік генераторларға айтарлықтай дәрежеде тәуелділіктерге әкеп соқтырды. Сондықтан көптеген өндірушілер электр энергиясын Замбия мен Зимбабве арқылы импорттайды (оңтүстік африка ұлттық энерго жүйесінен электр энергиясын жеткізуді қоса алғанда).

Біз кәсіпорындарымыз үшін қолжетімді бағада электр энергиясын кепілді жеткізуді қамтамасыз ету және/немесе арттыру бойынша бірқатар шараларды қолға алдық. Бұл шаралар келесілерді қамтиды:

- Metalkol кәсіпорнына 10 жылдық мерзімге электр энергиясын жеткізуге арналған жаңа келісім-шартты жасау. Бұл аталған кәсіпорынның пайдалануға берілуіне жағдай жасайды, энергиямен қамтудың беріктілігін қамтамасыз етеді, және дизельдік генераторларды пайдалануға деген қажеттілікті азайтады;
- SNEL –ге тиесілі су электр станциясын жөндеуге (бұл үдеріс 2018 жылы аяқталды) 14 млн. АҚШ долларынан астам соманы инвестициялауға өтеу механизмін пайдалану. Бұл шара Boss Mining және басқа кәсіпорындардың энергиямен қамтылу сенімділігін арттыруға бағытталған. Біздің жеткізілген электр энергиясы үшін SNEL-ге төлемдеріміз алғашқы инвестицияларымыздың есебіне аналатын болады;
- Импортталатын электр энергиясын пайдалана отырып Frontier кәсіпорны үшін электр энергиясын жеткізуге арналған келісім-шартты жалғастыру

## Қазақстандағы алюминий мен феррохромның көміртекті ізін бағалау

Біз 2018 жылы тәуелсіз консалтингтік фирмамен серіктестікте Қазақстандағы алюминий және феррохром өнімiмiздiң (парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларын қоса алғанда) көміртекті iзiне бағалау жүргіздік.

Аталған жұмыстың нәтижелері бізге осы металдарды (және мүмкін басқаларын да) энергияны тиімдірек пайдалана отырып, көміртектілігі аз әдіспен өндіруге мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ, бізден алюминий мен феррохром сатып алатын сатып алушыларға олардың жеке өнімдерінің толық көміртекті ізі туралы дәл түсінік беретін болады.

### Жаңғыртылатын энергия көздері

Жасыл экономикаға көшу туралы 2013 жылғы Қазақстан Президентінің Жарлығында баламалы көздерден алынуға тиіс электр энергиясы үлесінің мынадай көрсеткіштері белгіленген:

- 2020 жылға қарай 3 % (күн және жел электр станцияларынан);
- 2030 жылға қарай 10 % (күн, жел және гидро электр станцияларынан);
- 2050 жылға қарай 50 % (күн, жел және гидро және атом электр станцияларынан).

Бұл көрсеткіштер электр энергиясын өндірушілерге, ЕЭК-ті қоса алғанда өздерінің энергетикалық портфельдері шеңберінде электр энергиясын жаңғыртылатын көздерден сатып алуға нұсқау беретін тиісті нормативтік актілерде белгіленген. Әдетте, мұндай жағдайларда дәстүрлі электр энергия көздеріне қарағанда жоғарырақ тариф таңдалады.

# 4 ТАРАУ: ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ

## Энергия және климаттың өзгеруі жалғасы

**Электр энергиясын тұтыну** (ТДж)

| Түрі | Энергия көзі | 2018 жыл | 2017 жыл | 2016 жыл |
|---|---|---|---|---|
| **ТІКЕЛЕЙ** | Көмір | **227 368** | 226 405 | 225 288 |
| | Бензин | **147** | 144 | 160 |
| | Мазут | **7 284** | 7 185 | 6 909 |
| | Дизель жанармайы | **8 606** | 8 038 | 8 079 |
| | Табиғи газ | **28 949** | 19 921 | 18 338 |
| | Керосин | **9** | 15 | 15 |
| | **БАРЛЫҒЫ** | **272 362** | 261 708 | 258 789 |
| **ЖАНАМА**[1] | Электр энергиясы | **2 943** | 2 537 | 2 377 |
| | Жылу энергиясы | **211** | 207 | 278 |
| | Бу | **80** | 69 | 77 |
| | **БАРЛЫҒЫ** | **3 234** | 2 813 | 2 732 |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ** | **275 596** | 264 521 | 261 521 |

**Парниктік газ шығарындылары** (тонна $CO_2$е)

| | 2018 жыл | 2017 жыл | 2016 жыл |
|---|---|---|---|
| Тікелей шығарындылар[2] | **24 672 108** | 24 014 808 | 23 768 926 |
| Жанам шығарындылар[3] | **59 026** | 55 572 | 365 746 |
| **Қорытынды** | **24 731 134** | 24 070 380 | 24 134 672 |

1 Компанияның кәсіпорындарында өндірілген электр энергиясын ішкі сатып алуларды ескерместен

2 Яғни, электр энергиясын, жылытуды/буды шығару үшін қолданылатын тікелей көздерден энергияны пайдалану нәтижесіндегі парниктік газдардың, сонымен қатар, ERG бақыланатын өндіруде, өндірісте және көлік қызметінде пайдаланылатын шығарындылары. Тек CO2, CH4 және N2O. Есеп коэффициенттері стационарлық және мобильдік көздермен іске асырылатын парниктік газдарды 2006 жылғы ұлттық есепке алу бойынша МКӨСК басқару қағидаттарынан алынған.

3 Яғни, ERG-ге тиесілі емесе және оның бақылауына жатпайтын сыртқы жеткізушілерден сатып алынған жанама көздерден алынған энергияны тұтыну нәтижесінде пайда болатын парниктік газ шығарындылары. Активтерді операциялық бақылау деректерінен алынды. Есептеу коэффициенттері: (1) Сатылып алынатын электр энергиясы – ел үшін Орнықты даму жөніндегі кәсіпкерлердің бүкіл әлемдік кеңесі және Әлемдік табиғи ресурстары институты анықтап берген деректер: Парниктік газ шығарындыларының хаттамасы – Сатылып алынатын электр энергиясының көлемдерін есептеу құралы, 4.3 нұсқа (2008 жылғы деректер); және (2) Сатылып алынатын жылу және бу энергиясы – стационарлық және шағын көздермен өндірілетін парниктік газ шығарындыларын ұлттық есепке алу жөніндегі 2006 жылғы КЖХСТ басшылық қағидаттарынан алынған жеткізушілердің деректері мен көрсеткіштер.

Біз қазіргі таңда 2021 жылдың соңына дейін қуаты 150-180 МВт дейінгі (белгіленген қуаттың пайдалану коэффициентіне байланысты) жеке жаңғыртылатын энергия көздерін салу мүмкіндігін қарастырып жатырмыз. Жел және су электр станциясынан тұратын жобалар портфелі капиталдық жұмсалымдарды оңтайландыруға, электр энергиясы өндірісінің маусымдық тербелісін теңгерімдеуге және біздің жобаларымызды ұлттық энергия жүйесіне ықпалдандыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, біз 2018 жылы Ақтөбе және Павлодар облыстарындағы – Доң ТКБК (Қазхром) және Шығыс көмір кеніші (ЕЭК) аумағындағы жел электр станцияларына арналған екі әлеуеттіауданның жарамдылығын анықтау үшін жел мониторингін бастадық. Мониторинг 12 ай бойы өткізілетін болады, ол уақыт жел турбиналарын орнатудың пайдалылығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл сыртқы инвесторлардың қаражатын тарту үшін қажетті шарт болып табылады.

Африкада шығарындылардың деңгейін төмендету мүмкіндіктерін зерттеуді жалғастырып жатырмыз, экологиялық және әлеуметтік ықпал етуді бағалау шеңберіндегі парниктік газ шығарындыларының деңгейін есептеу жұмысын қоса алғанда. Бұл дегеніміз жаңа жобаларды іске асыратын кезде біз көміртек деңгейі азырақ және /немесе жаңғыртылатын электр энергия көздерін және оны өндіру тәсілдерін қарастыратын боламыз.

### Нәтижелілік көрсеткіштері

Топтың кәсіпорындарындағы электр энергиясының тұтынуы 2018 жылы 275 596 тераджоуль (2017 жыл: 264 521 тераджоуль), бұл ретте электр энергиясының 83,5%-ы (2017 жыл: 86,5%) көмірді пайдалана отырып өндірілді. Электр энергиясының тұтынуының өсуі Қазақстандағы өндірістің өсуімен түсіндіріледі. Нәтижесінде біздің кәсіпорындардың парниктік газ шығарындыларының көлемі $CO_2$ баламасында 24,7 млн тоннаға дейін өсті $CO_2$ (2017 жыл: 24,1 млн тонна $CO_2$ баламасында).

### Болашаққа жоспарлар

2019 жылы Қазақстандағы парниктік газ шығарындыларын қысқарту мүмкіндіктерін зерттеуді жалғастыра беретін боламыз. Бұл шара бізге біздің өнімді сатып алушылар мен ақырғы қолданушыларға алдын ала тиісті кепілдіктер ұсынуға мүмкіндік береді, сондай-ақ болашақта Париж келісімімен шартталған 2020 жылдан кейінгі нормативтік реттеудің өзгеруімен байланысты қаржылық міндеттемелердің алдын алуға немесе ол міндеттемелердің өлшемін қысқартуға жағдай жасайды.

Парниктік газдарды қармау бойынша жаңа технологияны пилоттық енгізуге қосымша ретінде біздің энергия тиімділігімізді жақсартып, парниктік газ шығарындыларын төмендетуге мүмкіндік беретін бір қатар қосымша шараларды зерттеуді жалғастырудамыз.Олар келесілерді қамтиды:

- » Қолданыстағы электр станциялары мен металлургиялық кәсіпорындардағы тиімділікті арттыру;
- » Көмір қышқыл газын қармау және сақтау, сондай-ақ өнімнің ілеспе түрлерін іске асыру (төменнен қараңыз);
- » Жаңғыртылатын энергияның жаңа көздерін дамыту;
- » Жанармай көздерінің әлеуеттін әртараптандыру, энергия алу үшін ферроқорытпа және /немесе кокс газын пайдалануды қоса алғанда.

### ЕЭК-те парниктік газдарды қармау

Біз ЕЭК электр станцияларында түзілетін, шығарылатын газдардан парниктік газдарды оңтайлы қармау тәсілдерін және оларды құрғақ мұз, синтетикалық газ, метан және т.б. түрінде өнеркәсіпте пайдалану мүмкіндіктерін анықтау үшін жұмыс істеп жатырмыз. Әлеуетті тәсілдер келесілерді қамтиды:

- » Сұйық немесе физикалық сорбенттерді пайдалана отырып сіңіруді/десорбцияны (шығарылатын газдан парниктік газдарды қармаудың бұл технологиясы жақсы зерттелген);
- » Көмірқышқыл газын қармаудың болашағы бар технологиясы деп саналатын және әдеттегі химиялық абсорбцияға бәсекелес атана алатын біркітірілген мембраналық жүйелерді пайдалана отырып тазалау;
- » Сүзгілердің көмегімен көміртегінің қостотығын секвестрлеу.

Келесі қадамдар осы аталған тәсілдердің әрқайсысының экономикалық қырларын әрі қарай зерттеуді қамтиды, олармен байланысты шығындармен, сондай-ақ парниктік газдарды қармау кезінде жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалану мүмкіндіктерін қоса алғанда.

# Қалдықтарды басқару

## Стратегиялық мәнмәтін

**Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуы:**

Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуы: біздегі 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі өзіміз жайғасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын арттыру. Біздің су сапасына, атмосфералық ауаға және топыраққа қатысты қызметтің халықаралық стандарттарын сақтауды қамтамасыз ету жұмысымызға физикалық және экологиялық көзқарас тұрғысынан біздің қызметіміздің барысында қалыптасатын қалдықтарды басқарудың нормативтік талаптарын қатаң сақтау кіреді.



### БҰҰ-ның ре левантты Орнықты Даму Мақсаттары

| БҰҰ ОДМ | | БҰҰ айқындаған тиісті міндеттер |
|---|---|---|
| 9 | 9.4 | Жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің қатысуымен 2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғырту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды түрлендіру, бұл ретте ресурстарды пайдалану тиімділігін арттырудың және таза әрі экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік үдерістерді барынша кеңінен қолданудың есебінен өнеркәсіптік кәсіпорындарды тұрақты ете отырып, оларды түрлендіру |
| 12 | 12.2 | 2030 жылға қарай табиғи ресурстардың оңтайлы игерілуіне және тиімді қолданылуына жету |
| | 12.4 | 2020 жылға қарай халықаралық қағидаттарға сәйкес бүкіл өмірлік циклі барысында химиялық заттар мен қалдықтардың барлығын экологиялық тұрғыда оңтайлы пайдалануға қол жеткізу және адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға кері әсерін барынша азайту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа түсуін едәуір қысқарту. |
| | 12.5 | 2030 жылға қарай олардың пайда болуының алдын-алу, оларды қысқарту, қайта өңдеу және қайта пайдалану шараларын қабылдау жолымен қалдықтардың көлемін айтарлықтай азайту. |

### Қалдықтар және басқа көлемді қалдықтар

Кез-келген тау-кен өндіруші компаниялар сияқты, біздің қызметіміздің нәтижесінде бос жыныстар, қалдықтар мен қождар секілді қалдықтар түзіледі, ал электр энергиясын өндірген кезде біздің көмір электр станцияларымызда үлкен көлемдегі күлдер түзіледі.

Біздегі өндірістегі қалдықтарды басқару экологиялық менеджменттің қолданыстағы жүйелеріне және ұлттық заңнаманың тиісті талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Қалдықтар сақтау нысандарының физикалық тұтастығының аспектілеріне және жер асты суларының, өзендер және көлдердің ластану мүмкіндігін болдырмауға ерекше назар аударылады. 2019 жылы Топтың барлық кәсіпорындарында біздің қалдық қоймаларымызбен байланысты тәукелдерге қатысты бағалау жүргіздік. Жүргізілген бағалау шеңберінде іс-шаралар жоспары әзірленді, жете талдау жасау үшін сыртқы сараптама тартуды қоса алғанда.

Бразилиядағы BAMIN темір кені жобасы үшін жергілікті және халықаралық тәжірибеге сүйене отырып сумен үйілген бөгет типінен топырақ үйілген бөгет типіне ауыса отырып қалдыққойма бөгетінің техникалық жобасын қайта қарадық. Бұл өзгеріс 2019 жылдың наурыз айында жергілікті реттеу органдарымен бекітілді

### Басқа өнеркәсіптік қалдықтар

Біздің өндірістік қызметтің нәтижесінде ағаш қалдықтары, металл сынығы және басқа өзге бір қатар өндірістік қалдықтар түзіледі.

Қазақстанның заңнамасына сәйкес барлық қалдықтар қауіптіліктің үш деңгейіне сыныпталады: «жасыл», «кәріптас түсті» және «қызыл». Біздің қалдықтардың аз бөлігі «қызыл» немесе «кәріптас түсті» секілді сыныпталған (олардың әлеуетті қауіптілігін бағалау мақсаты үшін). Аталған қалдықтар тиісті арнайы рұқсаттары бар мамандандырылған ұйымдармен жиналады, тасымалданады, қайта өңделеді және / немесе жойылады.

# РАЗДЕЛ 4: ЭФФЕКТИВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ В ОБЛАСТИ ЭКОЛОГИИ

## Қалдықтарды басқару жалғасы

Барлық қалдықтар ұлттық заңнаманың талаптарына сәйкес пайдаға асырылады. Аталған үдеріс шеңберінде біз мыналарды тексереміз:

- Біздің мердігерлерімізде қалдықтарды қабылдау мен қайта өңдеуге арналған қажетті қайта өңдеу алаңдарының, жабдықтың, көлік пен білікті қызметкерлердің, сондай-ақ қолдарында тиісті экологиялық рұқсаттарының бар-жоқтығын тексереміз;
- Біздің мердігерлермен және қосалқы мердігерлермен жасаған шарттарымызда олар пайдалана алатын, қалдықтарды өңдеу немесе пайдаға асыру тәсілдері көрсетілген қағидалардың бар жоқтығын.

Африкада қара металл сынықтарын жинауды мемлекеттік ведомстваларымен бекітілген компания жүзеге асырады, ал пайдаланылған майларды біздің мердігер жинайды немесе (мемлекеттің рұқсатымен) жергілікті цемент зауыты пайдаланады.

## Негізгі мәселелер және бастамалар

### Metalkol RTR-да жиналып қалған қалдықтарды қайта өңдеу

КДР-дің оңтүстік бөлігіндегі Колвези маңындағы Metalkol RTR жобасының толық қуатта жұмыс істеуі бізге әлемдік кобальт нарығының жетекші қатысушыларының бірі атануға мүмкіндік береді (26 бет). Осылайша, біз қолжетімді және экологиялық таза аккумуляторлар технологиясын қолдануды кеңейтуге бағытталған халықаралық жұмысқа өз үлесімізді қосамыз (15 бет). Сонымен қатар, аталған жоба шеңберінде біз осы нысанды сатып алғанға дейін бірнеше онжылдықтар ішінде жиналып қалған өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу бағытында белсенді жұмыс атқаратын боламыз және жердің құнарлығын қалпына келтіреміз. Осыған дейін қож қалдықтары жергілікті бас өзеннің аңғарында қоймаланып келді, нәтижесінде аталған аудандағы судың сапасына және жалпы сумен қамту жүйесінің жағдайына теріс ықпалын тигізді. Сондай-ақ, қалдықтар Кингамьямбодағы құрғақ қалдыққоймасында қоймаланып, шаң-тозаңның түзілуіне әкеп соғын жатты.

2018 жылы қыркүйек айында Metalkol RTR-да Мусонои өзенінің аңғарында және оның төңіректерінде, сондай-ақ Кингамьямбо қалдыққоймасында жиналып қалған шлам қалдықтарын қайта өңдеу жұмыстары басталды. Қайта өңдеу нәтижесінде түзілген қалдықтар, заманауи қалдықтарды сақтау нысанында қоймаланады. Аталған нысанда, тексерулерді өткізуді, мониторинг және есеп беруді қамтитын мамандандырылған басқару жүйесі құрылады. Осылайша, аталған жоба шеңберінде жергілікті алаң толықтай тазартылатын болады, ол тек жергілікті фауна мен флораға ғана емес жергілікті тұрғындарға да қолайлы жағдай қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл жоба іске асырылуы аяқталған кезде қоршаған ортаның жағдайы жоба іске асырылуы басталғанға қарағанда едәуір жақсы болатын пайдалы қазбаларды өндіру жобасының сирек кездесетін мысалы болмақ.

Алдыңғы жылдар ішінде аталған ауданда туындаған экологиялық проблемаларды, сондай-ақ алтынгерлік қауымдардың және басқа да өнеркәсіптік тау-кен өндіру кәсіпорындарының бар екенін ескеретін болсақ, бізге өзен ағысының төменгі жағында тұратын жергілікті халыққа Metalkol RTR жобасы жергілікті сумен қамту жүйесі жағдайының нашарлауына әсер етіп жатпағанын көрсетуіміз қажет. Осы мақсатта нысаннан қарай жоғары және төмен ағысы бойы су және атмосфералық ауаның сапасына кешенді мониторинг жасау жүйесін пайдаланатын боламыз.

### Қазақстандағы қалдықтарымызды пайдаға асыру және коммерциялық пайдалану

Қазақстандағы тау-кен өндіру, металлургия және энергетика саласындағы қызметіміздің нәтижесінде түзілетін қалдықтарды қайта өңдеу және /сату бойынша мүмкіндіктерді анықтау жұмыстарын жалғастырудамыз. Ол біздің қоршаған ортаға әсерімізді төмендетуге (тиісінше біздің әлеуетті міндеттемелеріміздің төмендеуін), сондай-ақ табыстың толық қанды жаңа көздерін ашуға мүмкіндік береді. Бұл тек циркулярлық экономика тұжырымдамасына сәйкес келіп қана қоймай, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы Жасыл экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдама туралы Жарлығында және «Қазақстан-2050» Ұлттық даму стратегиясында баяндалған Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғатты қорғау бағдарламасын іске асыруға мүмкіндік береді.

### «Қалдықтарды табысқа айналдыру» бастамасы

«Қалдықтарды табысқа айналдыру» бастамасы шеңберінде Қазақстанда қалдықтардың келесі түрлерін сатуды жалғастырудамыз:

»» Шөміштердің, миксерлердің, электролизерлердің, индукциялық пештердің бұрын қолданылған отқа төзімді қаптамасы;

- Көміртекті көбік;
- Графит;
- Кокс шаңы;
- Алюминий өндірісінің қожы;

Мысалы, пайдаланылған аккумуляторлық батареялар секілді өзге өнеркәсіптік қалдықтар. Сонымен қатар, біз сирек кездесетін металдардан бастап цементке дейінгі өнімнің алуан түрлерін өндіру мен сату сияқты бір қатар қосымша мүмкіндіктерді зерделеудеміз («Болашаққа жоспарлар» қараңыз).

### Қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі бағдарлама

Қалдықтарды шеткері ұйымдарға сатқаннан бөлек, біз шикізаттың, жанама өнімдердің және қалдықтардың құндылығын арттыруға мүмкіндік беретін қалдықтарды қайта өңдеуге бағытталған бірқатар бағдарламаларды орындап жатырмыз. Бұл бағдарламалардың қатарында:

- **ДТКБК-дағы «Шламдар-2» жобасы:** біз құрамында хром тотығының үлесі жоғары (17–35%) 8 млн тонна болатын жатып қалған шлам қалдықтарды қайта өңдеу және байыту жобасын әзірледік (сыртқы мамандарды тарта отырып). Бұл ретте жиналған шламдардың көлемі жыл сайын 900 мың тоннаға ұлғаюда. Бұл жобаның мақсаты – пайдаланудың алғашқы сегіз жылында концентратты өндіру көлемін жылына 600 мың тоннаға арттыру. Ағымдағы жоспарға сәйкес аталған жоба 2022 жылы пайдалануға беріледі;
- **Ақтөбе ферроқорытпа зауытында брэкстер өндіру:** 2017 жылы, хромды қатты экструзия тәсілімен (брэкстер) қайта өңдеу нәтижесінде түзілетін байытылған қалдықтар мен шаң-тозаңнан хром брикеттерін өндіретін телімді пайдалануға бердік. Брекстер кейіннен бастапқы өндірісте қайтадан пайдаланылады. Нысанның әлеуетті өндірістік қуаты жылына 80 мың тонна брекс.

### Қалдықтардан пайда алудың қосымша мүмкіндіктерін анықтау

2018 жылы біздің қалдықтардан пайда алудың қосымша мүмкіндіктерін анықтау үшін халықаралық инжинирингтік компанияны жұмысқа тарттық. Аталған жоба шеңберінде 36 әртүрлі қалдық түрлеріне (қалдықтарды, шаңды, аршыманы, қожды және күлді қоса алғанда) тәуелсіз талдау жасалды және техникалық, коммерциялық пайдалылығы, сондай-ақ сату мүмкіндігі тұрғысынан олардың басымдықтары анықталды.

Зерттеу үдерісі кезінде бес басым бағыт анықталды, олар үшін әлеуеттерін нақтылау мақсатында тұжырымдамалық зерттеулер жүргізіледі:

- **Марганец шламының концентраты,** марганец концентратын өндіруге арналған гравитациялық байытуды пайдалануды қоса алғанда;
- **Саздан каолин алу,** ультрафлотация арқылы каолинді бөліп алуды қоса алғанда;
- **Шламдардан темір концентратын алу,** қатты магнит өрісін пайдалана отырып ылғалды ажыратуды қоса алғанда;
- **Күл мен қождан сазтопырақ алу,** натрий сілтісін пайдалану, сондай-ақ әктаспен күйдіруді қоса алғанда;
- **Темір кендерін байыту қалдықтарынан қажақты гранат алу,** соның ішінде осы өнеркәсіптік қажақты өндіру үшін қарқыны төмен магнитті сепарацияны пайдалану.

## Нәтижелілік көрсеткіштері

2018 жылы біз сыртқы ұйымдарға 9 млн. АҚШ долларына жуық сомаға (2017 жыл: 3,3 млн. АҚШ доллары) шамамен 158 мың тонна қалдық (2017 жылы: 151 077 тонна) саттық. Сатылған қалдықтардың жалпы құнындағы үлестің көбі қара және түсті металл сынықтарына (4,9 млн. АҚШ доллары), сондай-ақ (1 578 млн. АҚШ доллары) күлге тиесілі. Бұл өз кезегінде пайдаға асыруға кететін шығынды шамамен 0,8 млн. АҚШ долларына (2017 жыл: 1,1 млн. АҚШ доллары) қысқартуға мүмкіндік берді.

Африкада Metalkol RTR жобасы шеңберінде жалпы алғанда 1 328 мың тонна шламды қалдықтарды қайтадан өңдедік; қалған қалдықтар заманауи орталықтандырылған қалдыққоймада сақталуда.

## Болашаққа жоспарлар

2019 жылы қалдықтарды қайта өңдеу және пайдаға асырумен айналысатын мамандандырылған ERG Recycling компаниясын құруды жоспарлаудамыз. Ол Қазақстандағы қалдықтарды қайта өңдеу және сату қызметін бақылайтын және үйлестіретін болады. Сондай-ақ, біз жоғарыда атап өткен экономикалық әлеуеті бар бес болжалды нұсқалар үшін тұжырымдамалық зерттеулер өткізуді жалғастырамыз.

Сонымен қатар, келесі нысандар салу арқылы Қазақстандағы қалдықтарды қайта өңдеу қызметімізді кеңейте түсеміз:

» Ақсу ферроқорытпа зауытында қожды байыту;
» Ақтөбе ферроқорытпа зауытында ұсақ қожды қайта өңдеу.

Сондай-ақ, қалдықтардан жасалған өнімнің жаңа түрлерін өндіру және сату мүмкіндіктерімізді кеңейтуді жалғастырамыз, жаңа өнімдер:

» Цемент, минералдық ұнтақтар және қождан алынатын басқа да өнімдер; Қазхромда тазартылған феррохром алу;
» ЕЭК-тағы күл-қож үйінділерінен сирек жер металдары;
» Мұжілген көмірден тыңайтқыштар мен сорбенттер, сондай-ақ ілеспе шламнан сирек жер металдарын алу.





КІРІСПЕ
1 БІЗДІҢ БИЗНЕСТІ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ
2 АДАМДАРЫМЫЗДЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ЖӘРДЕМДЕСЕ ОТЫРЫП
3 ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ
4 ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ
5 ҚОҒАММЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІМІЗ

5 ТАРАУ

# Қоғаммен өзара әрекеттестігіміз




## МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

### Құндылықтарды қалыптастыру және үлестіру

Толығырақ 78-бетте

### Комплаенс

Толығырақ 84-бетте

### Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестік және заңнама

Толығырақ 90-бетте

## 2018 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ МЫСАЛДАРЫ

Менеджерлер кеңесі Топтың жаңартылған Салықтық саясатын бекітті

Салықтар және өзге міндетті төлемдер түрінде

**$827млн**

төленді




Біз өз қызметімізді атқаратын өңірлердегі қоғам үшін экономикалық құндылықты құру мен үлестіру айтарлықтай артықшылықтардың бірі болып табылады.

Аталған мәнмәтінде біздің акционерлерге лайықты дивидендтерді төлеуді қамтамасыз ету мақсатында қаржылық тұрақтылықты 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі ретінде анықтадық. Олардың қатарына ERG-дің 40% үлесін иемденетін Қазақстан Республикасының Үкіметі де кіреді. Біздің бизнестің коммерциялық тұрақтылығы, біздің мердігерлер, жеткізушілер, жұмыскерлер, жергілікті қоғамдастықтар және кредиторлар арасында құндылықтарды үлестіруге жәрдемдесетін болады.

Сонымен қатар, кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуын біздің стратегиялық басымдығымыз ретінде анықтадық. Бұл міндет тек әлеуметтік инвестициялар арқылы қоғамның әл-ауқаты мен саулығын нығайтуға арналған жағдайлар жасап ғана қоймай, сондай-ақ салықтар мен роялти төлеу, жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ашу жолымен де жағдайлар жасауды қамтиды. Бұл өңірлік жұмыспен қамтуды, кәсіпкерлікті дамыту мен әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ету үшін жергілікті қамтуды дамытуды қолдауды ескереді.

Аталған мәнмәтінде біз өз қызметімізді жүргізетін елдердің үкіметтерін қоса алғанда серіктестеріміз алдындағы барлық міндеттемелерімізді орындауға, сондай-ақ сенім мен құрмет негізіндегі қарым-қатынас құруға талпынудамыз.

## 5 ТАРАУ: ҚОҒАММЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІМІЗ

# Құндылықтарды қалыптастыру және үлестіру

### Стратегиялық мәнмәтін

**Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуы:**
біздегі 2025 Стратегиясының басымдықтарының бірі өзіміз жайғасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен саулығына үлес қосу болып табылады. Ол өзіне жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейде экономикалық құндылықты таратуды қосады.



**БҰҰ-ның релевантты Орнықты Даму Мақсаттары**

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ айқындаған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
|  | 1.2 | 2030 жылға қарай ұлттық анықтамаларға сәйкес барлық көріністерінде кедей тұрып жатқан барлық жастағы ерлердің, әйелдердің және балалардың үлесінің ең болмағанда жартысын қысқарту |
|  | 8.1 | Ұлттық шарттарға сәйкес халықтың жан басына шаққандағы экономикалық өсуді және, атап айтқанда, нашар дамыған елдердегі жалпы ішкі өнімнің жылына кемінде 7 пайыз деңгейге өсуін қолдап отыру |
| | 8.5 | 2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ер адамдарға толық және өнімді жұмысбастылықпен, лайықты жұмыспен қамтамасыз ету, соның ішінде жастар мен мүгедектерді, және тең құндылықтағы еңбеккке тең төлемді |
|  | 9.2 | Ауқымды және тұрақты индустрияландыруға жәрдемдесу және 2030 жылға қарай ұлттық шарттарға сәйкес жалпы ішкі өнімдегі өнеркәсіптік өндірістің үлесі мен өнеркәсіптегі жұмыспен қамту деңгейін едәуір арттыру және нашар дамыған елдердегі тиісті көрсеткіштерді екі есеге арттыру |
|  | 10.2 | 2030 жылға қарай жасына, жынысына, мүгедектігіне, нәсіліне, этникалық, шығу тегіне, дініне және экономикалық немесе өзге мәртебесіне қарамастан барлық адамдардың әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірге белсенді түрде қатысуын заңнамалық жолмен қолдау және жәрдемдесу |

Біздің акционерлер үшін ұзақ мерзімді келешекте құндылықтар қалыптастыра білудегі біздің қабілетіміз біздің стейкхолдерлерге экономикалық игіліктер жасай білуімізбен түсіндіріледі.

Оларға пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия ұсынатын кәсіпорындарымыз орналасқан елдердің үкіметтері жатады; қызметті жүргізуге әлеуметтік мақұлдауын беретін осы елдердің қоғамы жатады; біздің мердігерлер және тауар мен қызмет жеткізушілер, сондай-ақ біздің кәсіпорындардың қызметін жүргізетін біздің жұмыскерлер жатады.

Егер біздің бизнес-үлгіміз қалған стейкхолдерлерге зиянын тигізе отырып тек акционерлерге қысқа мерзімді табыс әкелуге ғана бағытталған әрі өзге стейкхолдерлерге зиянды болса, онда ол ұзақ мерзімді келешекте орнықты болмайды.

## Негізгі мәселелер және бастамалар

### Экономикалық дамуға жәрдемдесу

Біздің қызметіміз кәсіпорындарымыз орналасқан елдердегі және олардан тыс жерлердегі қоғам үшін артықшылық жасайды. Пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу, сондай-ақ жоғары сапалы өнімді (жауапкершілікпен өндірілген) Қытай, Ресей және Еуропа одағын қоса алғандағы әртүрлі әлем елдеріндегі өнеркәсіптік тұтынушыларға жеткізу оның маңызды мысалы. Ол өз кезегінде, басқа өндірушілер өнімінің өндірілуіне және сатылуына ықпалын тигізеді. Ол мыналарды қамтиды, мысалы инфрақұрылым құрылысында пайдаланылатын материалдар және электромобильдерге арналған аккумуляторлық батареялар өндірудің қолжетімді технологиясы (15 бет).

Сонымен қатар, біз өндіретін электр қуаты және Қазақстанда көрсететін көлік-логистикалық қызметтерімізді тек біздің кәсіпорындар ғана пайдаланбайды, сондай-ақ өнеркәсіптік және тұрмыстық тұтынушылар да пайдаланады.

Құндылықты тікелей тарату тұрғысынан алғанда, біз барынша көп ықпалды мыналар арқылы жасаймыз:

» Көпшілігі жергілікті қоғамдастықтардың өкілдері немесе оларға жақын жерлерде тұратын біздің жұмыскерлер мен мердігерлер үшін жалақы және экономикалық артықшылықтарды қамтамасыз етеміз;
» Көбі кәсіпорындарымыз орналасқан елдердегі біздің жеткізушілер мен мердігерлерден тауарлар мен қызметтер сатып алу;
» Кредиторлардан алынған қарыз пайыздарын төлеу және акционерлерге дивидендтер төлеу;
» Біз жайғасқан елдердің үкіметтеріне салықтар мен роялти төлеу;
» Біздің жергілікті қоғамдастықтарға және олардан тыс жерлерге әлеуметтік инвестицияларға қаражат бөлу.

### Жаңартылған салық саясаты

2018 жылы Менеджерлер кеңесі Топтың жаңа редакциядағы Салық саясатын бекітті. Ол халықаралық ұйымдардың салық базасын жырмалау және пайданы салық салудан шығару проблемасын (BEPS) көз жазбай бақылап отырғанын, сондай-ақ салық салу саласындағы халықаралық үрдістерді ескере отырып әзірленді.

Будан бөлек, аталған Саясат бізді келесілерге міндеттейді:

» Қолданыстағы барлық жергілікті заңнамалық және нормативтік актілердің талаптарын ұстануды;
» Тиісті салық заңдары мен нормативтік актілердің бір әрпін де бұлжытпай ұстануды;
» Трансферттік баға белгілеуге қатысты:
  - Топ компаниялары арасындағы барлық мәмілелерді нарықтық шарттарда жасау;
  - Әрбір компания атқаратын экономикалық функциялардың сипатына сәйкес баға белгілеу (капиталды пайдалануды қоса алғанда), сондай-ақ трансферттік баға белгілеу туралы ЭЫДҰ басшылық қағидаттарында және /немесе трансферттік баға белгілеу туралы жергілікті заңнамада баяндалған нақты тәсілдер мен қағидаттарды ұстану;
  - Мәміленің шарттарын белгілеуге және компанияның жоғарыда баяндалған трансферттік баға белгілеу қағидаттарын ұстануының дәлелі ретінде топ ішінде жасалған әрбір мәміле бойынша тиісті құжаттаманы сақтау.

### Төлемдердің айқындылығы

Кәсіпорындарымыз орналасқан елдердің мемлекеттік органдарына кез-келген төлемдерді жүзеге асыратын кезде айқындықты қамтамасыз етуге талпынамыз. Кәсіпорындарымыз орналасқан елдер – Қазақстанның, КДР-дың (қазіргі таңда EITI ратификациялау үдерісі жүргізіліп жатыр), және Замбияның Өндіру саласындағы айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі бастамаға (EITI) белсенді түрде қатысуды жалғастырып келеміз.

### Жергілікті қамту

Жергілікті қамту бойынша талаптарға, сондай-ақ тең мүмкіндіктер ұсыну жөніндегі біздің саясаттардың қағидаларына сәйкес біз жұмыскерлерді жергілікті халықтың қатарынан алып, дамытуға және тауарлар мен қызметтерді жергілікті өндірушілерден сатып алуға талпынамыз . Біз осындай тәсілдемені мердігер компаниялар қолданғанын да ынталандырамыз[2].

Қазіргі таңда Қазақстандағы жергілікті жеткізушілерден сатып алатын тауарлар мен қызметтердің негізгі санаттарына мыналар кіреді (сонымен қатар): жанар-жағармай материалдары; жарылғыш заттар және жару құралдары; рельстер; электрод массасы; технологиялық сүзгілеу маталары; аршу жұмыстары; геологиялық барлау жұмыстары; бұрғылап жару жұмыстары.

Жергілікті жеткізушілер мен мердігерлерді тартудағы біздің мүмкіндігіміз төмендегілер анықталады:

» Білікті жұмыс күшінің жергілікті қорының өлшемі және сапасымен;
» Жергілікті компаниялардың мүмкіндіктерімен – жалпы сипаттағы техникалық болсын сол сияқты коммерциялық мүмкіндіктерімен (мысалы, корпоративтік басқарумен байланысты, ұйымдастырушылық икемділік, баға белгілеумен және т.б.);
» Импорттық тауарлар мен қызметтер құнымен салыстырғанда жергілікті жеткізушілер ұсынатын тауарлар мен қызметтердің салыстырмалы құнымен.

Біз, жергілікті әлеуетті дамыту және жергілікті кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру (оны іске асыру мүмкін болған жағдайларда) жөніндегі міндеттемелерімізді мойындаймыз. Мысалы, 2018 жылы Қазақстандағы бір қатар тиісті бастамаларды іске асыруға бірінші кезекте назар аударуды жалғастырдық, соның ішінде:

» Біздің қызметімізге жәрдемдесуі мүмкін жергілікті жаңа кәсіпорындарды дамыту және инвестицияларды қолдау мақсатында Қазақстанның Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және Инвестициялар және даму министрлігімен (2019 жылдан бастап Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі) серіктестік орнату;
» Студенттік кәсіпкерліктің экожүйесін құру бағдарламасын іске асыруға қатысу (57 бет);
» Өңірлік атқарушы билік органдарымен өзара серіктестік туралы меморандумдардың шеңберінде кәсіпкерлікті қолдау мақсатында жергілікті қоғамдастықтарға әлеуметтік инвестициялар салу (56 бет);

### Кәсіпорындарымыз орналасқан елдердің EITI енгізу мәртебесі[1]

| Өзекті/әлеуетті елдер | EITI мәртебесі/бағалау |
|---|---|
| Бразилия | Қатысушы болып табылмайды |
| КДР | Қатыушы (ратификациялау 2018 жылғы 1 қазанда басталды) |
| Қазақстан | Қатыушы (елеулі нәтижелер) |
| Мали | Қатыушы (елеулі нәтижелер) |
| Мозамбик | Қатыушы (елеулі нәтижелер) |
| Замбия | Қатыушы (елеулі нәтижелер) |
| Зимбабве | Қатысушы болып табылмайды |

1 Өндіруші өнеркәсіптегі айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі бастамаға (EITI) қатысатын елдердің тізбесі, https://eiti.org/countries

2 Мысалы, Қазақстанда біздің нормативтік құжаттардың қағидалары отандық және шетелдік жеткізушілер (тең жағдайларда) арасынан таңдау жасаған кезде артықшылықты отандық жеткізушілерге беруді көздейді. Соынмен қатар, жергілікті заңнама тендерлер барысында отадық жеткізушілерді таңдаған кезде көтермелеу шараларын қарастырады, ал біздің жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиямыз да жергілікті қамтуға қатысты талапты қамтиды.

# Құндылықтарды қалыптастыру және үлестіру жалғасы

- » Біздің сатып алу рәсімдерімізді түсіндіру мақсатында жергілікті өндірушілер үшін «ашық есік күндерін», форумдар мен дөңгелек үстелдер форматындағы тақырыптық кездесулер өткізу;
- » ERG компаниясының сатып алуларына қатысатын жеткізушілерді, оның ішінде отандық өндірушілерді де аттестациялау рәсімін жеңілдету.

Сонымен қатар, біз Қазақстанда бір қатар жаңа бастамаларды іске асыруға қатыстық, соның ішінде түбінде біздің қызметімізге қолайлы жағдайлар жасайтын бастамаларға. Оларға ғылыми-техникалық қоғамдастықтар мен стартаптарға деректер саласында және жаңа ақпараттық қосымшалар әзірлеуді зерттеу кезінде пайдалануға біздің өндірістік деректерді ұсыну арқылы «Astana Hub»[1] IT-стартаптардың халықаралық технопаркімен серіктестікті жатқызуға болады.

Біз жергілікті технологиялық стартаптар үшін, соның ішінде АТ және цифрлық жобаларға инвестиция салу мақсатында «Астана» халықаралық қаржы орталығының базасында венчурлық қор құруды жоспарлап отырмыз.

## Нәтижелілік көрсеткіштері

2018 жылы Топтың табысы 5 353 млн. АҚШ долларын (2017 жыл: 5 048 млн. АҚШ доллары) . Жалпы алғанда 4 381 млн. АҚШ доллары (2017 жыл: 3 944 млн. АҚШ доллары) стейкхолдерлер арасында үлестірілді. Аталған көрсеткіштер құрамында:

- » Жеткізушілерге төлемдердің ұлғаюы +364 млн. АҚШ доллары;
- » Қызметкерлер жалақысының өсуі +103 млн. АҚШ доллары;
- » Капитал жеткізушілерге төлемдердің өсуі +37 млн. АҚШ доллары;
- » Мемлекеттік органдарға төлемдердің қысқаруы -71 млн. АҚШ доллары;
- » Жергілікті қоғамдастықтарға кеткен шығынның өсуі +4 млн. АҚШ доллары;
- » Үлестірілмеген экономикалық құндылықтың төмендеуі -132 млн. АҚШ доллары.

Бұл өзгерістер шикізат бағаларының өсуі мен сату көлемдерінің ұлғаюы нәтижесінде Қазақстандағы шығындардың ұлғаюы секілді факторлардың көрінісі болды. Біз сондай-ақ Қазақстандағы жалақының өсуі, Ресейдегі және ЕО-дағы қызметкерлер санының артуы, Boss Mining және Congo Cobalt Corporation (CCC) кәсіпорындарының жұмыстан шығарылған қызметкерлеріне жұмыстан шығу өтемақысының төленуі, сондай-ақ Metalkol RTR жобасын іске асырудың басталуы нәтижесінде еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығындардың өсуін тіркедік. Сонымен қатар қаржыландыруға арналған шығындарымыздың көлемі компания иелерінің дивидендтерінің ұлғаюына және бақыланбайтын үлеске әсер етті.

2018 жылы біз мемлекеттік органдарға салықтар мен өзге де міндетті төлемдер түрінде 827 млн. АҚШ долларын аудардық (2017 жыл: 883 млн. АҚШ доллары). ERG пайдасына салынатын салықтың тиімді мөлшерлемесі біз өндіру және қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және Топтың барлық салықтарының 93%-ын төлейтін елдердегі пайдаға салынатын салықтың қолданыстағы мөлшерлемесін бейнелейді (2017 жыл: 96%-дан артық).

**ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ БОЙЫНША РОЯЛТИ ЖӘНЕ САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ** (млн. АҚШ доллары)




**ТИПІ БОЙЫНША РОЯЛТИ ЖӘНЕ САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ** (млн. АҚШ доллары)




1 Astana Hub, astanahub.com.

**Созданная и распределенная экономическая стоимость** (млн долларов США)

| Типі | Түрі | 2018 жылғы сома (млн. АҚШ доллары) | | | | | 2017 жылғы сома (млн. АҚШ доллары) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Қазақстан** | **Аф-рика** | **Бра-зилия** | **Өзге-лері** | **Бар-лығы** | Барлығы |
| **Құрылған Құны** | Ақшалай түсім | **4 319** | **1 035** | **–** | **(1)** | **5 353** | 5 048 |
| **Бөлінген құны** | Жеткізушілерге төлемдер (операциялық шығындар) | **(1 474)** | **(643)** | **(1)** | **(37)** | **(2 155)** | (1 791) |
| | Жұмыскерлерге жалақылар мен жеңілдіктер | **(528)** | **(207)** | **–** | **(122)** | **(857)** | (754) |
| | Акционерлер мен кредиторларға төлемдер | **(389)** | **(3)** | **–** | **(273)** | **(665)** | (628) |
| | Салық төлеуге арналған шығындар[1] | **(450)** | **(110)** | **–** | **(29)** | **(589)** | (660) |
| | Әлеуметтік инвестициялар | **(108)** | **(6)** | **–** | **(1)** | **(115)** | (111) |
| | **ЖИЫНЫ** | **(2 949)** | **(969)** | **(1)** | **(462)** | **(4 381)** | (3 944) |
| **Бөлінбеген құны** | | **1 370** | **66** | **(1)** | **(463)** | **972** | 1 104 |

**Қазақстандағы жергілікті қамтуға арналған шығындар** (млн. АҚШ доллары)

| Сатып алуға арналған шығындардың типі | **2018 жыл** | 2017 жыл | Өсім, % |
|---|---|---|---|
| Жергілікті өндірушілерден сатып алудың жалпы көлемі (соның ішінде топ ішіндегі транзакциялар) | **1 559** | 1 183 | 32% |
| Жергілікті өндірушілерден сатып алудың жалпы көлемі (топ ішіндегі транзакцияларды қоспағанда) | **918** | 574 | 60% |
| Сатып алудың жалпы көлеміндегі жергілікті өндірушілерден сатып алудың үлесі | **47%** | 39% | 21% |

2018 жылы біздің Қазақстандағы кәсіпорындарымыз біздің моно-қалаларымыздағы жергілікті өндірушілерден тауарлар мен қызметтердің 15%-ын[1] сатып алды[2]. Мүмкін болған жерлерінде біз халықтың әлеуметтік осал топтарынан жергілікті өндірушілерді тартамыз. Мысалы, Қостанай, Ақтөбе және Павлодар облыстарында біз Қазақ зағиптар қоғамының кәсіпорындарымен жұмыс істейміз.

ҚДР мен Замбияда (сатып алуға арналған шығындарының негізгі көлемі біздің қытайлық мердігеріміз – NFC компаниясына тиесілі болып табылатын Metalkol RTR кәсіпорнын қоспағанда) жергілікті компаниялардан сатып алуға арналған шығындарымыз – сатып алуға арналған шығындардың жалпы көлемінің шамамен 50%. Оларға, мысалы, дизель отыны мен жағармай материалдарын, күкірт қышқылын, әктасты, электр энергиясын, сондай-ақ өндіру және бұрғылау қызметтерін жеткізуге арналған келісімшарттар жатады.

Бразилияда сатып алулардың 98%-ы жергілікті жеткізушілер мен мердігерлерден, соның ішінде шамамен 35%-ы – тікелей Баия штатында орналасқан кәсіпорындардан алынады.




## Болашаққа жоспарлар

Біздің тікелей және жанама экономикалық ықпалымыз компанияның өсуіне қарай арта түсетін болады. Біздегі жобалар қоржынының кеңеюі болашақта өзіміз өзара әрекеттесетін экономикалық субъектілердің барлығына қосымша табыс әкеледі. Осының жарқын мысалдарының бірі – 2018 жылы ҚДР-да Metalkol RTR кобальт және мыс өндіру жобасының бірінші кезегін пайдалануға берудің басталуы (26-бет). Сондай-ақ 2018 жылы Контур-3 жобасын іске асырудың (сондай-ақ қолда бар қоймалық кен қорларын қайта өңдеудің) нәтижесінде біздің Frontier кенішін игеру мерзімі ұзартылды (26-бет).

Осы жоспарға қосымша әсер етеді деп күтілген басқа жобалар келесілерді қамтиды:

» Metalkol RTR жобасының екінші кезеңінің құрылысын салу, оның нәтижесінде 2020-жылдың соңына қарай кобальт және мыс өндіру көлемі ұлғаяды деп күтілуде (26-бет);
» Қазхромдағы өндіріс көлемін ұлғайту бастамалары (26-бет);
» ҚЭЗ-2 жобасы аясында Қазақстанда жаңа алюминий зауытының құрылысын салу (27-бет);
» Бразилиядағы Bahia  Mineração темір кені жобасын дамыту (28-бет).

**Толығырақ**
Біздің активтер қоржынын дамыту жөніндегі осы және басқа жобалар туралы толығырақ ақпарат 25-бетте берілген.

1 Бұл бап капиталдандырылған шығындарды, сондай-ақ қызметкерлердің салық төлеуге жұмсаған шығындарын қамтымайды.
2 2017 жылғы ERG Орнықты даму жөніндегі есебіндегі тиісті көрсеткіш өз қызметін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар негізінде жүргізетін кәсіпорындарды ғана қамтыды. 2018 жылғы есепте келтірілген көрсеткіш барынша кең анықтаманың ескерілуімен жасалды.
3 Есептерге келесі моно-қалалар енгізілді: Ақсу, Екібастұз, Арқалық, Лисаковск, Рудный және Хромтау

# Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдай отырып

**Біздің Қазақстандағы қызметіміздің тарихы 80 жылдан асты. Осы уақыт ішінде біз құндылық қалыптастырдық, жергілікті халықты жұмыспен қамтыдық, мемлекеттік бюджетке төлемдер жасадық және кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерімізде әлеуметтік-экономикалық дамуға жағдай жасадық.**

**Біз осы мұрамызды, Қазақстан Республикасы Үкіметімен (ERG-дегі 40% үлесті иемденетін) арадағы қарым-қатынастарымызды және елдің тау-кен және металлургия саласындағы рөлімізді (біздің кәсіпорындар ТМК секторының үштен бір бөлігін қамтиды) мақтан тұтамыз. 2018 жылы біз жергілікті деңгейде, сондай-ақ ұлттық ауқымда қоғамды елеулі әлеуметтік артықшылықтармен қамтамасыз етуді жалғастырдық.**

### Қостанай облысы

**Негізгі өнімдер**
- Темір кені
- Боксит




| Төленген салық ($ млн) | Әлеуметтік инвестициялар ($ млн) | ERG қызметкерлерінің саны |
|---|---|---|
| 131 | 6,2 | 18 129 |




### Ақтөбе облысы

**Негізгі өнімдер**
- Хром кені
- Ферроқорытпа



| Төленген салық ($ млн) | Әлеуметтік инвестициялар ($ млн) | ERG қызметкерлерінің саны |
|---|---|---|
| 225 | 3,4 | 12 682 |

**2018 жылғы негізгі цифрлар**

**$606 млн**[1]
Төленген салық

**62 422**
Тұрақты жұмыскерлердің саны

**$918 млн**
Жергілікті өндірушілерден сатып алулар

**$19 млн -нан астам**
Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде әлеуметтік серіктестік аясындағы жобаларға жіберілді

**$77 млн**
Ұлттық деңгейдегі әлеуметтік даму жобаларына инвестициялар

**450 000**
ERG моно-қалаларындағы тұрғындардың болжалды саны

1 Нұр-Сұлтанда, Алматыда және Қазақстанның басқа өңірлерінде төленген салықтарды қоса алғанда.




## Павлодар облысы

**Негізгі өнімдер**

- Ферроқорытпа
- Алюминий
- Глинозем
- Электр қуаты
- Көмір



| Төленген салық ($ млн) | Әлеуметтік инвестициялар ($ млн) | ERG қызметкер-лерінің саны |
|---|---|---|
| 162 | 9,3 | 25 358 |

## Қарағанды облысы

**Негізгі өнімдер**

- Көмір
- Марганец кені



| Төленген салық ($ млн) | Әлеуметтік инвестициялар ($ млн) | ERG қызметкер-лерінің саны |
|---|---|---|
| 48 | 0,2 | 3 302 |

Негізгі жайғасқан өңірі | Моно-қала | Корпоративтік кеңсе | Өндіріс

Электр станциясы | Көлік-логистика кәсіпорындары

# Комплаенс

## Стратегиялық мәнмәтін:

» Кәсіпорындарымыз орналасқан елдердің заңнамасының талаптарын сақтау және жоғары этикалық стандарттарды қолдау - өзіміздің бүкіл қызметімізде басшылыққа алатын негізгі қағидатымыз. Осы талаптардың кез-келген орындалмауы елеулі заңды салдарға әкеліп қана қоймай, сонымен қатар ERG беделіне және оның іскерлік қарым-қатынастарына залал келтіруі мүмкін, сондай-ақ оның ұзақ мерзімді бизнес-мақсаттарға қол жеткізуіне кедергі келтіруі мүмкін. Сол себепті, сондай-ақ комплаенс талаптарына сәйкестік интегралдық сипатты болғандықтан, комплаенс бизнес тарапынан жоғары назар аудару аймағында орналасқан.




### БҰҰ-ның релевантты Орнықты Даму Мақсаттары

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ айқындаған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
| 10 | 10.2 | 2030 жылға қарай жасына, жынысына, мүгедектігіне, нәсіліне, этникалық, шығу тегіне, дініне және экономикалық немесе өзге мәртебесіне қарамастан барлық адамдардың әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірге белсенді түрде қатысуын заңнамалық жолмен қолдау және жәрдемдесу |
| 16 | 16.3 | Ұлттық және халықаралық деңгейлерде құқықтың төрелігіне жағдай жасау және әділ сотқа бәрінің теңдей қол жеткізуін қамтамасыз ету |
| | 16.5 | Кез-келген түрінде сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың ауқымын едәуір қысқарту |
| | 16.6 | Барлық деңгейлерде тиімді, есепті және айқын мекемелерді құру |

ERG өз қызметін қолданыстағы заңнамаға және бизнес жүргізудің жоғары этикалық стандарттарына толық сәйкес жүргізуге талпынады. ERG кез-келген түрінде парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты қолдамайды, мұндай әрекетке қатыспайды және олардың кез-келген көріністеріне төзбеушілік танытады. Топтың саясаттарымен кез-келген нысанда және кез-келген мақсатта пара ұсынуға, талап етуге, беруге немесе қабылдауға тыйым салынған.

Комплаенс саласындағы қызметімізге қадағалау жасауды – Менеджерлер кеңесі жанындағы Комплаенс жөніндегі комитет жүзеге асырады, оның құрамына Менеджерлер кеңесінің екі өкілі және тәуелсіз төраға кіреді. Комитет Топтың Комплаенс бағдарламаларын, комплаенс саласындағы саясатын, тиісті жүйелер мен бақылауларды қарайды, бақылайды және бекітеді, сондай-ақ комплаенс функциясы жұмысының тиімділігіне мониторинг жасайды. 2018 жылы Комплаенс жөніндегі комитет бес отырыс өткізді және оған Комитеттің барлық мүшелері қатысты.

Атқарушылық деңгейде 2016 жылы бөлек түрде Тәуекелдерді басқару және комплаенс жөніндегі комитет құрылды, ол өз қызметін 2017 жылы бастады.

### Нормативтік база және саясаттарды іске асыру

Біздің ішкі нормативтік база біздің құндылықтарды, Корпоративтік әдеп кодексін (әрі қарай – Кодекс), сондай-ақ белгілі тәуекелдерді басқаруға бағытталған және жүйелі түрде қайта қарауға жататын барлық саясаттарымыз бен рәсімдерімізді қамтиды. Топтың тиісті саясаттары келесі құжаттарды қамтиды:

- **Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат:** ERG жауапты, адал түрде және әдептілікпен әрекет етуге, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қатыспауға және олардың кез-келген түрде көрініс табуына жол бермеуге міндеттеме алады;
- **Агенттермен корпоративтік нормалар мен қағидалардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі саясат:** бұл саясат біздің атымыздан әрекет ететін агенттерді қолданыстағы заңдар мен өзге нормативтік актілерді, сондай-ақ Корпоративтік әдеп кодексін және ERG саясаттарын сақтауға міндеттейді;

» **Ақша қаражаттарының ізін жасыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат:** бұл саясат бізді қылмыстық жолмен алынған табыстың ізін жасырумен немесе терроризмді қаржыландырумен байланысты операцияларға қатыспауға міндеттейді;

» **Адам құқығын сақтау саясаты:** бұл саясат ERG-ден, оның қызметкерлерінен және жеткізушілерінен адам құқығын сақтауды талап етеді. Адам құқығы саласындағы қызметті басқаруға қатысты тәсілдememіз туралы, сондай-ақ «Таза кобальт» бағдарламасы туралы және аккумуляторлық батареялар саласындағы құндылықтарды қалыптастырудың жауапты тізбегін құру бағытындағы жұмысымыз туралы толымды ақпарат 94, 62 және 65 беттерде берілген;

» **Монополияға қарсы заңнама мен бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету саясаты:** бұл саясат бізді қолданыстағы монополияға қарсы заңнамаға және бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға қайшы келетін ешбір әрекеттерге қатыспауға және оларға жол бермеуге міндеттейді;

» **Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) және демеушілік қолдау саласындағы жобалар бойынша саясат:** бұл саясат әлеуметтік немесе демеушілік жобаларды іске асырған кезде келісімдеу үдерісін регламенттейді, критерийлері мен тәртібін белгілейді;

» **Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі саясат:** бұл саясат бізді тиісті үкіметтік, ұлттық немесе халықаралық ұйымдармен белгіленген экономикалық санкциялардың халықаралық тәртіптерін сақтауға міндеттейді.

Бұл саясаттар біздің барлық қызметкерлерімізбен, басшыларымызбен және Менеджерлер кеңесінің мүшелерімен қағидалары сақталуы міндетті болып табылатын Кодексімізді толықтырады. Ол келесі салаларда бірқатар міндеттемелерді белгілейді:

» Заңнамалық және нормативтік актілер мен ережелердің талаптарын сақтау;

» Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;

» Халықаралық сауда, сарапшылық бақылау, қаржылық және саяси санкциялар;

» Адам құқығы;

» ERG тарапынан саяси және өзге мақсаттарға жарналар, қайырымдылық жәрдем және демеушілік қолдау.

Топтың комплаенс саласындағы саясаттары мен басшылық құжаттары Топтың, аймақтық және жергілікті бөлімшелердің комплаенс жөніндегі менеджерлерімен енгізіледі; олардың іске асырылуын қадағалау – Топ деңгейінде жүзеге асырылады. Комплаенс жөніндегі менеджерлер дегеніміз – бизнеске комплаенс саласындағы мамандандырылған кәсіби қолдау көрсетілуіне жауап беретін, комплаенс функциясын атқаратын штаттағы қызметкерлер.

## Адам құқығы

Адам құқығын сақтау жөніндегі саясатымызға сәйкес, біз көпшілік мойындаған адам құқығы мен еңбек стандарттарын мүлтіксіз сақтаймыз (94-бет). Біз мәжбүрлі және еріксіз еңбекті, сондай-ақ балалар еңбегін пайдаланбаймыз. Біз тұрақты мониторинг жүргіземіз және осы тәжірибелердің кез-келген көріністерінің алдын алу үшін тиімді шаралар жоспарын әзірлейік.

Алайда, біз мұндай тәжірибелердің Африкадағы жеткізушілеріміз тарапынан пайдаланылуы мүмкін екенін ұғынамыз. Біз контрагенттерді кешенді тексеру үдерісі аясында жеткізушілерге бағалау жүргізу жолымен осы тәуекелге тұрақты бағалау жүргіземіз. Жеткізушілерді таңдау барысындағы критерийлердің бірі – біздегі Адам құқығын сақтау саясатының талаптарын олардың толығымен орындауы болып табылады. Біз сондай-ақ Саясатымыздың талаптарын олардың орындауын бағалау мақсатында жеткізушілердің тәуекелге бағдарланған мониторингін жүргіземіз.

Сонымен қатар, біздің аймақтық бөлімшелеріміздің комплаенс жөніндегі мамандары кеңселер мен кәсіпорындарда адам құқығы саласындағы тәуекелдерді бағалауды тиісті мерзімділікпен жүргізіп отырады; анықталған тәуекелдер (сондай-ақ тиісті бақылау механизмдері) Топтың және аймақтық бөлімшелердің комплаенс-тәуекелдер тізілімдерінде тіркеледі. Бұл бағалаулар бірінші кезекте Африкада жүргізіледі.

2018 жылы 500-ден астам қызметкер адам құқығын сақтау мәселелері бойынша мамандандырылған күндізгі оқудан өтті, соның ішінде күш қолдану, адамгершілікке жат немесе қорлайтын қатынас және кемсіту секілді мәселелерді қоса алғанда. Бұл – қызметкерлеріміздің адам құқығын сақтауға қатысты талаптарымызды түсінуі және үшінші тұлғалармен өзара әрекеттесу барысында тиісті әдеп сақтауын қамтамасыз етеді.



# 5 ТАРАУ: ҚОҒАММЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІМІЗ

## **Комплаенс** жалғасы

### Басқаруға қатысты тәуекелге бағдарланған тәсілдеме

Басқаруға қатысты тәуекелге бағдарланған тәсілдеме Топтың Комплаенс бағдарламасының негізінде жатыр және бізге өз саясаттарымыздың қағидаларының және заңнама талаптарының сақталуын, сондай-ақ стейкхолдерлердің күткен үмітіне сәйкестікті қамтамасыз етуге көмектеседі.

#### Тәуекелдерді бағалау

Комплаенс-тәуекелдерді бағалауға қатысты тәсілдememіз Топтың тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде жатқан қағидаттарға сәйкес келеді (16-бет). 2018 жылы біз Топтың кәсіпорындары орналасқан өңірінде әртүрлі юрисдикциялардағы релевантты комплаенс-тәуекелдерді анықтау және бағалау мақсатында, сондай-ақ тәуекелдерді төмендету бойынша тиісті шараларды әзірлеу және комплаенс-тәуекелдер тізілімін енгізу мақсатында комплаенс-тәуекелдерді басқару рәсімін өзекті ету мен нысандандыруды жүргіздік.

Топтың және аймақтық бөлімшелердің комплаенс жөніндегі мамандары Топтың тәуекелдерді басқару әдістемесіне сәйкес комплаенс-тәуекелдеріне жүйелі түрде бағалау жүргізіп отырады. Осы бағалау аясында Топтың кәсіпорындарында және олардан тыс жерлерде тәуекелдер туралы сауалнамалар және бизнес-үдерістердің талдауы жүргізіледі. Сондай-ақ біздің операциялық қызметімізге әсер ететін, комплаенс-тәуекел деңгейінің өзгеруіне әкелуі мүмкін факторлар қарастырылады. Біз комплаенс-тәуекелдерді анықтау және бағалау үшін және анықталған комплеанс-тәуекелдерді (соның ішінде сыбайлас жемқорлықпен байланысты) бақылау үшін Комплаенс-тәуекелдер тізілімін жүргіземіз (ол Топтың Тәуекелдер тізілімінің құрамдас бөлігі болып табылады). Бақылау механизмдерінде кемшіліктер анықталған жағдайда, біз түзету шараларын қолға аламыз немесе қажет болған жағдайда бақылаудың жаңа механизмдерін (мысалы, жаңа саясаттар және рәсімдер) енгіземіз. Мұндай бағалаудың нәтижелері тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмысымыздың тиімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар комплаенс саласындағы саясаттарды өзекті етуге мүмкіндік береді.

#### Тәуекелдерді талдау және бақылау

Біз Топтың комплаенс-тәуекелдері Реестрінің деректеріне сүйенетін комплаенс саласындағы тексеріс және мониторингтің кешенді бағдарламасын жүзеге асырдық. Осы бағдарлама шеңберінде тәуекелдерді басқару механизмдерінің тиімділігіне және түзету шараларына баға беріледі. Комплаенс қызметі осы үдерістің нәтижелері туралы есептерін Тәуекелдерді басқару және комплаенс жөніндегі комитетке (сонымен қатар, Менеджерлер кеңесінің қарауындағы комплаенс жөніндегі комитетке ұсынады.



### Негізгі мәселелер және бастамалар

#### Оқыту, ақпарат беру және ереже бұзушылықтар туралы хабарлау

Біз қызметіміз барысындағы саясатымыздың ережелерінің және басқару құжаттарының сақталуына, атап айтқанда, жаңа қызметкерлерді жалдау және бейімдеу кезінде ерекше мән береміз. Оған қоса, оқыту, ақпарат беру және тиімді басқару Топтың комплаенс бағдарламасының ең маңызды бөлігі. Олар қызметкерлердің біздің әдеп стандарттарымызды және күнделікті қызмет барысында және шешім қабылдау кезінде әрекеттің тиісті модельдерін түсінуін қамтамасыз етуге көмектеседі. Біздің оқыту және ақпараттандыру бағдарламамыз Топ тәуекелдерінің құрылымын ескере отырып құрастырылған және Топтың әр түрлі бөлімшелеріндегі арнайы аудиторияларға (мысалы, үлкен дәрежеде комплаенс-тәуекелдерге ұшырағыш қызметкерлерге) арналған.

Біз корпоративтік әдеп Кодексі мен комплаенс саласындағы саясаттар бойынша оқыту бағдарламасының шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша тренингтер жүргіземіз.

Біздің Қызметкерлер (сонымен қатар, іскерлік серіктестер) өздерінің күмәндері туралы хабарлап, этикалық жосық және комплаенс саласындағы тәуекелдерге қатысты сұрақ қоя алады. Атап айтқанда, олар анонимді тәртіпте тәулік бойы жұмыс істейтін (жұмысын тәуелсіз сырттай ұйым қамтамасыз ететін) Топтың құпия жедел желісіне, сонымен қатар, электронды пошта арқылы http://erg.ethicspoint.com сайтында көрсетілген мекенжайға хабарласа алады. Біз бұзушылықтар туралы адал ниетпен хабарлайтын қызметкерлерімізді қорғау саясатын сақтауға, сонымен қатар, қажет болған жағдайда құпияны сақтауға міндеттенеміз.

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет

Кәсіпорындарымыз орналасқан елдерде салыстырмалы жоғары жасырын жемқорлық тәуекелдері бар, сондықтан, қызметті жүргізудің жоғары әдеп стандарттарын сақтау ERG үшін аса маңызды мәселе. 2018 жылы Жоғары басшылықтың белсенді қолдауымен біз ERG саясатын және қызметін халықаралық озық практикаларға сәйкес келтіру жұмыстарын жалғастырдық.

Атап айтқанда, біз заңнама талаптарынан оза шешімдер қабылдауын және құндылықтарға сүйенетін іскерлік мәдениетті қалыптастыруды қалайтын аса проактивті кешенді тәуекелге-бағдарланған көзқарасты пайдалануға көшеміз. Бұл шаралар ERG-дің Дүниежүзілік экономикалық форумының «Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы» (PACI)[1] бастамысына қосылған 2017 жылғы біздің жасаған айтарлықтай жұмысымыздың жалғасы. PACI – сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, елдердің ең үлкен кәсіпкерлерімен, халықаралық ұйымдарымен және үкіметтерімен серіктестікте дамушы нарықтардағы тәуекелдердің ашықтығын және басқарылуын қамтамасыз ету саласындағы мақсаттар мен міндеттерді анықтайтын сала-аралық алаң.

#### 2018 жылы жүзеге асырылған іс-шаралар

2018 жылы біз жосықты, ұйымдастырушылық инновацияларды өзгерту және технологияларды енгізу жолымен сенім және әділдік деңгейін арттыру бойынша практикалық шешімдерді анықтауға және жасауға бағытталған PACI-ң «Сенім мен әділдік болашағы» (The Future of Trust and Integrity)[2] жобасына қатысуды жалғастырдық. 2018 жылы PACI іс-шараларына ERG бас атқарушы

1 Дүниежүзілік экономикалық форумның бастамасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы серіктестік» (PACI): weforum.org/communities/partnering-against-corruption-initiative
2 PACI, 'The Future of Trust and Integrity': weforum.org/projects/paci-the-future-of-trust-and-integrity

директоры мен Комплаенс жөніндегі комитет төрағасы қатысты. Бұл қатысу 2019 жылы да жалғасты.

Топтың комплаенс қызметі парақорлық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған шараларын іске асыруын жалғастырды:

» Менеджмент пен акционерлерге осы саладағы өзгерістер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа бастамаларды жасау туралы күнделікті ақпарат беретін қолданылатын заңнамасы мен реттеушілердің талаптарының мониторингі;
» Компанияның қабылданған міндеттемелеріне сәйкес Топтың Бас атқарушы директорының және аймақ басшыларының оның акционерлерімен, басшыларымен және қызметкерлерімен бизнесті жүргізу әдебі қағидаларын ұстану бойынша күнделікті коммуникациясы;
» 9 желтоқсанда келесі іс-шаралардан тұратын (Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне арналған) жыл сайынғы арнайы науқанды өткізу:
  - Бас атқарушы директор барлық қызметкерлерге ERG-дің жемқорлықпен күрес бағдарламасы туралы ақпарат береді;
  - PR қызметімен келісе отырып, комплаенс қызметті Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру және оның кез-келген көріністерін қабылдамау сұрақтарына қосымша назар аудару мақсатымен ақпараттық науқандар өткізеді.

Сонымен қатар, 2018 жылы келесі жаңа бастамалар қосымша іске асырылды:

» Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру Саясатын өзекті ету және  КӘЖ саласындағы Жобалар жөніндегі Саясатты және аймақтардың деңгейіне демеушілік қолдауды каскадтау;
» Қызметкерлерді кешенді қашықтықтан оқу бағдарламаларын жүзеге асыру;
» Өткізу барысында комплаенс саласындағы, атап айтқанда, Қазақстандағы «ERG-дің жас көшбасшылары» форумының шеңберіндегі сұрақтар талқыланған қызметкерлердің қосымша кеңестерін өткізу;
» Үшінші тұлғалармен өзара әрекеттесу мәнмәтініндегі  (комплаенс бақылауды қоса алғанда) Комплаенс диагностика бағдарламасын одан әрі дамыту.

Сонымен қатар, біз International Compliance Services (Ресей  және СНГ) ұйымымен – қызметтердің эксклюзивті провайдері және Халықаралық  комплаенс қоғамдастығының (International Compliance Association, ICA) аймақтық серіктесімен ISO 19600 «Комплаенс басқару жүйелері»[1] стандартына және  ISO 37001 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйелері»[2] стандартына сәйкестікке комплаенс саласындағы біздің бар практикаларымыз бен үдерістеріміздің талдауын жасадық.

Осы жұмыс нәтижелері Топ деңгейінде жүзеге асырылатын Комплаенс диагностиканың кешенді бағдарламасын одан әрі дамыту негізіне жатады.

## SFO өткізіп жатқан ENRC-ға қатысты тергеу

2013 жылдың 25 сәуірінде аса ірі көлемдегі алаяқтықпен күрес бюросы (SFO)  ENRC-ге (одан кейін – «Компания»)  қатысты тергеу бастады. Бұл ұйымның өкілдері хабарлағандай, тергеудің негізгі мазмұны Африкадағы пайдалы қазбаларды өндіруші активтерді иелену кезіндегі алаяқтыққа, парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа жол берілді деген айып. 2015 жылдың 14 мамырында SFO «қазіргі уақытта Қазақстандағы компанияға қатысты белсенді тергеу ісін жүргізбейтіндігін» растады; 2018 жылдың 23 қазанында SFO бұл өтінішті тағы бір растады. Тергеу барысында Компания SFO барлық міндетті талаптарын орындап, сонымен қатар, SFO сұрауы бойынша материалдардың айтарлықтай көлемін өз еркімен ұсынды.

SFO жүргізіп жатқан тергеулері бірнеше жыл жалғасады. SFO тергеуінің мүмкін деген қорытындыларының бірі оның тараптардың ешқайсысына кінә тағусыз аяқталуы мүмкін. Қазіргі сәтте ENRC қатысты SFO тергеу ұзақтығын және мүмкін деген нәтижелерін болжау қиын.

## Үшінші тараптармен қарым-қатынас

Сыртқы іскерлік ортаның күрделі сипатын ескере отырып, 2018 жылы біздің басым міндеттеріміздің бірі  біз пайдаланатын үшінші тараптардың  тәуекелдерін  басқару әдістерін жетілдіру болды. Атап айтқанда, біз озық практикалардағы өзгерістерді көрсетіп, оған контрагенттерді бағалаудың қосымша тәуекелге бағдарланған үдерістерін қосу үшін контрагенттердің кешенді тексерісін (ККТ) жасау регламентін өзектендірдік.

Біз сонымен қатар, келесі факторларды ескеретін комплаенс-тәуекелдерді бағалаудағы жаңа тәсілдемелерді енгіздік:

» Контрагенттің қызмет және олармен қарым-қатынас сипаты (мысалы, контрагент туралы мәліметтер, тауарлар, қызметтер немесе жұмыстар сипаты және т.б.);
» онда мұндай юрисдикцияда бұл контрагент (жасырын жемқорлық және санкциялық тәуекелдері тұрғысынан) өз қызметін жүргізеді;
» Келісім түрі (мысалы, келісім құрылымы, шарттың құны және т.б.).

ККТ рәсімдерін бүкіл Топтағы комплаенс бойынша дайындалған мамандар жүргізеді. Осы ретте, сенімді қайнар көздерден алынған ақпарат және комплаенс деректерінің кәсіби базалары қолданылады. Бұл бізге әрбір жағдайда  тәуекел рейтингін тағайындап, оны төмендету бағытында қажетті шараларды анықтауға мүмкіндік береді. ERG-де сонымен қатар ККТ талаптары бойынша оқыту ұйымдастырылған.




1 ISO 19600 «Комплаенс басқару жүйелері» стандарты: iso.org/standard/62342.html
2 ISO 37001 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйелері» стандарты: iso.org/publication/PUB100396.html




### Агенттер

Агенттердің корпоративтік нормалар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз ету бойынша біздің саясатымыз біздің атымыздан әрекет ететін барлық агенттердің (оның ішінде, сату бойынша агенттер, салық кеңесшілері, заңгерлер, кедендік агенттер, біріктіру келісімдері бойынша делдалдар және т.б.) кешенді құжаттандырылған тексерісімізден өтіп, біздің комплаенс саласындағы Кодексіміз бен саясатымызды сақтауын талап етеді. Оған қоса, олар жыл сайын жазбаша нысанда өздерінің ERG-дегі міндеттерін орындау кезіндегі қандай да бір заңсыз, сыбайлас жемқорлық немесе әдепсіз қызметке қатыспауын, сонымен қатар, Топтың барлық қолданыстағы заңнамалық нормаларын, ережелерін және саясаттарын сақтауын растауы қажет.

### Халықаралық санкциялар

2018 жылы сала халықаралық санкцияларға байланысты бірқатар мәселелерді кездестірді. Біздің алдымен комплаенс мәселелеріне назар аударатынымызды ескере отырып, біз (Топ бағдарламасының Комплаенсы) санкцияларға қатысты тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыруға арналған шараларды қабылдадық.

ERG біздің бизнесімізге және біздің орындайтын барлық келісімдерімізге қолданылатын санкциялық талаптарды мүлтіксіз орындайды. Халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын сақтауды қамтамасыз ету бойынша (Топтың комплаенс бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын) біздің саясатымыз біздің санкциялық тәуекелдерді басқарудағы тәсілдемемізді көрсетіп, осы мәселе бойынша барлық қызметкерлерге арналған нақты ережелер мен ұсыныстарды қамтиды. Біздің халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бағдарламамыздың негізгі элементтеріне төменде аталғандар кіреді:

- Қолданыстағы санкциялардың мониторингі, жаңа санкцияларды анықтау және талдау және Топ пен оның аймақтық бөлімшелерінің деңгейіндегі ағымдағы және келешек шартты қарым-қатынастары мен келісімдері шеңберіндегі санкциялық тәртіптің толық сақталуын қамтамасыз ету бойынша жаңа санкциялары мен шараларды анықтау және талдау;
- Топтың бизнес бөлімшелері мен басшылығына санкция тәуекелдері туралы ақпарат беру және тиісті санкциялық заңнаманы сақтау мақсаттарында тәуекелдерді басқарудың тиісті стратегияларын түзу;
- Санкцияларды сақтау және оның мониторингі мәселелері бойынша ауқымды коммуникациялар және оқытуды ұйымдастыру.

2018 жылдың сәуірінде АҚШ Қаржы министрлігі өзінің санкциялық тізіміне ресейлік алюминий өндірушілерінің бірін қоса алғанда, Ресеймен байланысты бірқатар компанияларды қосты. Біздің халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын сақтауға бейілдігіміз контрагенттердің кейбіреулерімен серіктестігімізді ішінара тоқтатудың сөзсіз екендігін білдірді, себебі, біз өзіміздің іскерлік және қаржылық қатынастарымызды тиісті түрде қайта қарадық. Алайда, санкцияларға байланысты алюминий бағасының өсуі онымен байланысты барлық қаржылық салдарын жұмсартты.

Осы оқиғалардан соң біз келешекте мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермеуге және төмендегілерді қоса алғанда, санкциялардың сақталмау тәуекелін төмендетуге бағытталған бірқатар шараларды қабылдадық:

- Жаңа санкцияларды талдау мақсатында заңды саладағы және комплаенс саласындағы тұрақты мониторинг;
- ККТ бойынша біздің деректер базасын бар және жаңа санкциялық тізімдермен күнделікті салыстыру;
- Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша біздің саясатымызды пайдалануды қоса алғанда, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша біздің бағдарламамызды (осы салада мамандандырылған сырттай заңды кеңесшілерді жұмылдыра отырып) кешенді талдау;
- Тәуекелдерді басқару қызметімен және Топ басшылығымен серіктестікте отырып, келешектегі қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге арналған балама санкциялық сценарийлер жасау;
- Шарттарды жасау циклінің әр түрлі кезеңдерінде комплаенс саласындағы қосымша шараларды қабылдау мақсатында (сырттай заңды тұлғалардың қатысуымен) үшінші тұлғалардың тәуекелдерін басқару және контрагенттерді кешенді тексеру рәсімдерімізді өзекті ету;
- Тәуекелге бағдарланған бағдарламаны жасау және басшылықтың санкциялық тәуекелдерді анықтау және бағалау нәтижелерінің маңыздылығын тиісті түрде түсінуін қамтамасыз етуге бағытталған ақпарат беру және оның жаңа санкциялар туралы мезгілінде ақпарат алуы.

**Деректерді қорғау**

2018 жылдың мамырында ЕО шеңберінде өзінің қызметін жүргізетін барлық компанияларға қатысты қолданылатын Еуропалық Одақтың (ЕО) деректерін және олардың басқаруында болатын жеке деректерді қорғау (GDPR) бойынша Жалпы регламент күшіне енді. Бұл құжат ЕО-ғы және мұндай деректер ЕО-тан тыс берілсе, басқа елдердегі жеке деректердің өңделуін реттейді.

Біз төмендегілерді қоса алғанда осы жаңа регламенттің талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге арналған бірқатар шараларды қабылдадық:

- Тиісті бақылау саясатын, рәсімдерін және үдерістерін қоса алғанда, Топтың барлық бөлімшелеріндегі GDPR ережелерінің сақталуымен басқаруды ұйымдастыру;
- GDPR-мен қарастырылған жеке деректердің тиісті қағидаларының қосылуымен (сырттай заңды кеңесшімен бекітілген) жеке деректерді қорғау бойынша Топтың Саясатын қайта қарау;
- Топтың комплаенс Бөлімінің басшысына тікелей бағынатын Топтың жеке деректерді қорғау бойынша Саясатының жүзеге асырылуына жауап беретін деректерді қорғау бойынша Комплаенс-офицерді тағайындау;
- Біздің комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде GDPR-мен байланысты тәуекелдерді бағалау;
- Оқыту бағдарламаларын жаңарту және GDPR сақтауын бақылау механизмдерін енгізуді қолдау мақсатында қызметкерлерге ақпарат беру;
- ЕО-ғы біздің кеңселердің барлық қызметкерлері үшін, сонымен қатар, ЕО-тан келіп түсетін жеке деректермен жұмыс істейтін ЕО-тан тыс орналасқан біздің кеңселеріміздің қызметкерлері үшін тиісті тақырыптар бойынша қашықтықтан немесе іштей оқыту.

## Нәтижелік көрсеткіштері

Жыл бойы Африкадағы, Бразилиядағы және Қазақстандағы барлық кәсіпорындарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне баға берілді. Бұл жұмыс өңірлік деңгейде және Топ деңгейінде де тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу шеңберінде жүзеге асырылды (86 бет).

2018 жылы ERG-дің 12 мыңнан астам іскерлік серіктестері, басқару органдарының мүшелері және қызметкерлері (қашықтықтан және іштей оқыту шеңберінде және жұмысқа жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттармен және рәсімдермен танысты.

Біз бқызметкерлеріміз бен іскерлік серіктестеріміздің тарапынан Топтың жедел желісіне келіп түсетін есептер мен үндеулер санының артқанын байқадық. Олардың саны 2017 жылғы 327-ден 2018 жылы 351-ге дейін артты. Біз жүргізген талдау көрсеткендей, үндеулер санының артуы бизнесті жүргізу шарттарының нашарлауының немесе сыбайлас жемқорлық қызметінің күшеюінен емес, ол керісінше, атап айтқанда, біздің оқыту арқылы дамытатын ереже бұзушылықтар туралы мәлімдеу мәдениетінің өскенін көрсетеді.

2018 жылы ERG-ге қатысты қандай да бір:

- Айтарлықтай (оның ішінде Топтың әлеуметтік, экономикалық және/немесе еңбек саласындағы әсерімен байланысты) сот шешімдері немесе реттеушілердің санкциялары;
- Бәсекеге бай емес қылық және/немесе қолданыстағы халықаралық санкциялардың тұрғысынан тергеулер, талап араздар немесе қорытындылар болған жоқ.

## Болашаққа жоспар

Компанияның жауап беру жылдамдығы мен икемділігінің маңызы артқанын ескере отырып, 2019 жылы біздің негізгі міндетіміз біздің барлық бизнес-үдерістерімізге және бақылау үдерістеріне комплаенс саласындағы тиімді басқаруды одан әрі біріктіру. Біз сонымен қатар, басшылыққа кәдімгі уақыт тәртібінде комплаенс бойынша деректерді ұсынып, біздің 2025 Стратегиямыздың жауапты жүзеге асырылуына жәрдемдесу үшін комплаенс саласындағы тиімді мониторингке басты назар аударамыз.

Оған қоса, 2019 жылғы біздің негізгі стратегиялық міндеттерімізге төменде аталғандарды одан әрі дамыту кіреді:

- Комплаенс қызметі қызметкерлерінің құзыреттері:
- Шеңберінде бақылау іс-шараларына және мониторингке негізгі назар аударылатын біздің комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі жүйеміз. Атап айтқанда, біз комплаенс саласындағы және оларды халықаралық озық практикаларға сәйкестікке келтіру саясатымызды өзекті ету жұмыстарын жалғастырамыз, сонымен қатар, (мысалы, КӘЖ саласындағы сатып алумен, жобалармен, сыйлықтармен және мәдени, ойын-сауық іс-шараларымен және т.б. байланысты) тәуекел деңгейі жоғары барлық келісімдер мен үдерістерге арналған «комплаенс саласындағы өзін-өзі бағалауын» өткізуді ұйымдастырамыз;
- (ERG академиясымен серіктесе отырып), халықаралық озық практикаларды ескере отырып, біздің оқыту және ақпарат беру бағдарламамыз.



# Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестік және заңнама

**Стратегиялық мәнмәтін:**

» Біз қызмет жүргізетін елдердің үкіметтері – ең маңызды стейкхолдерлердің бірі. Бұл мемлекеттік саясат, заңнама, жаңа лицензияларды реттеу және беру жолымен біздің қызметімізге олардың әсерімен шартталған. Қазақстан Республикасы Үкіметіне ERG –ді басқару үлесінің тиесілі екенін ескере отырып, ол біздің барлық қызметіміздің тәсілдемесі тұрғысынан аса маңызды стейкхолдер болып табылады.



**БҰҰ тұрақты дамуының релевантты мақсаттары**

| БҰҰ ОДМ | БҰҰ айқындаған тиісті міндеттер | |
|---|---|---|
| 16 | 16.5 | Сыбайлас жемқорлық пен парақорлық ауқымын оның барлық нысанында айтарлықтай қысқарту |
| 17 | 17.16 | Барлық елдердегі, әсіресе дамушы елдердегі тұрақты даму саласындағы мақсаттарға жетуді қолдайтындай білімді, тәжірибені, технологияларды және қаржылық ресурстарды жұмылдыратын және тарататын көптеген стейкхолдерлердің серіктестігімен толықтырылатын орнықты даму мүдделеріндегі ғаламдық серіктестікті нығайту |
| | 17.17 | Серіктестердің ресурстарын пайдалану тәжірибесі мен стратегиясына сүйене отырып, мемлекеттік ұйымдардың, мемлекеттік және жеке меншік сектордың және азаматтық қоғам ұйымдарының арасындағы тиімді серіктестікке ынталандыру және мадақтау. |

Қазақстанның мемлекеттік органдармен өзара байланыс кезінде ERG Корпоративтік әдеп кодексінде (Кодекс), сонымен қатар, комплаенс саясаттарда белгіленген бизнесті әдепті жүргізудің жоғары қағидаларын сақтайды.

Кодекске сәйкес, ERG Менеджерлер кеңесімен мақұлданғаннан кейінгі ерекше жағдайларды ескермегенде тікелей немесе қосымша саяси мақсаттарға жарна салмайды. Саяси мақсаттарға кез-келген жарналар салу ERG ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне және қолданылатын заңнамаларға сәйкес келісілуі тиіс.

Біз жұмыскерлеріміздің саяси қызметке қатысу құқығын сыйлаймыз. Алайда, мұндай қызметті жұмыскерлер жұмыстан тыс уақытта және ERG ресурстарын пайдаланбай, тек дербес тәртіпте іске асыра алады.

## Негізгі мәселелер және бастамалар

### Қазақстан Республикасы Үкіметімен өзара қарым-қатынас

Біздің Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара қарым-қатынасымыз елдің ERG акцияларының 40% иеленетінімен, сонымен қатар, Үкімет өкілдерінің ERG Менеджерлер кеңесінің мүшелері болып табылатынымен шартталған. Сонымен қатар, ERG Қазақстандағы, әсіресе, тау-кен өндіру және металлургия секторындағы, энергетикадағы және логистикадағы стратегиялық маңызды экономикалық рөл атқарады.

Сондықтан біздің Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара қарым-қатынасымыз біздің бизнес-жоспарлар мен корпоративтік стратегияға қатысты сындарлы өзара әрекеттесуге негізделген.

Біз сонымен қатар, мемлекеттік даму концепциясы мен стратегиясын қолдауда (осы біздің қызметіміздің мақсаттарымен келісілетін жерде) маңызды рөл атқаратымызды мақтан тұтамыз. Осының барлығы біздің:

- Ұйымдастырушылық трансформация, инновацияларды енгізу және операциялық тиімділік саласындағы бастамаларға, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық өсімді ынталандыру және ұлттық әлеуетті дамыту бағытында өткізілетін мәнмәтініндегі қызметкерлердің біліктілігін арттыруға ерекше назар аударатымызда;
- Инновациялық сандық технологияларды пайдаланып, олардың енгізілуіне жәрдемдесетінімізде (31-бет);

» Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшу бойынша мемлекеттік Концепцияның мәнмәтініндегі экология саласындағы нормативтік талаптардан және климаттың өзгеруіне қатысты Париж келісімімен белгіленген міндеттемелермен озуына тырысуымызда (71 бет);
» Жергілікті атқарушы билік органдарымен серіктесе отырып және олар жүргізетін жұмыстарды қолдай отырып, біз кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі әлеуметтік дамуға жәрдемдесуімізде (82 бет);
» Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыруына қатысуымызда көрініс табады. Осы бағдарлама Қазақстан және басқа да елдер үшін сыртқы сауда және инвестициялар тұрғысынан айтарлықтай артықшылықтар жасайды деп күтілуде (26 бет)

2018 жылы біз Қазақстан Республикасының Үкіметімен Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің Еуропалық Одақ елдерін қоса алғанда халықаралық озық практикаларға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатымен бірқатар стейкхолдерлердің қатысуымен жұмыс тобы қызметінің шеңберінде өзара әрекеттестігімізді жалғастырдық. Басқалармен қатар бұл жұмыс компаниялардың ең қолжетімді технологияларды, қалдықтарды қысқарту бойынша бастамаларды енгізуін, «ластаушы төлейді» қағидасын бекітуді және «жасыл» инвестициялардң ынталандыруды қарастырады.

Сонымен қатар, біз төмендегілерді жасау мәселелері бойынша бастамаларға қатыстық:

» Электр қуаты нарығындағы өнеркәсіптік топтардың қатысуына қатысты «Электроэнергетика туралы» заңының түзетулері;
» 2018 жылы күшіне енген және (қайта өңдеу үшін мемлекеттік меншігінде тұрған осындай құрылымдарды жұмыс істеп тұрған жер қойнауын пайдаланушыларға беру мүмкіндігін қоса алғанда) техногенді минералды құрылымдарға қолданылатын «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекс;
» Қазақстанда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы инновациялық кластер құруға инвестицияларды қолдау үшін Салық Кодексіне енгізілген түзетулер (80 бет).

### «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы

ERG Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» атты стратегиялық бағдарламасын (BRI) – Қытайдың ұсынған және Еуразия және Африка елдері арасындағы сауда байланыстарын нығайтуға, сонымен қатар, экономикалық өсімді қолдауға бағытталған стратегиясын жүзеге асыруға қатысуын жалғастырады. Қазақстан осы бағдарламада географиялық орналасу, логистикалық инфрақұрылым, табиғи ресурстар және сауда желілері тұрғысынан маңызды рөл атқарады.

### Африкадағы оқиғалар

#### КДР жер қойнауын пайдалану жөніндегі жаңа Кодекс

2018 жылдың наурызында КДР-да 2002 жылғы редакциядағы Кодекспен қарастырылған салық тәртібінің тұрақтылығы туралы ережені тоқтатқан жер қойнауын пайдалану туралы жаңа кодексі (одан кейін - Кодекс) басылып шықты.

2018 жылдың редакциясында Кодекс ережелерінің қалай пайдаланатындығына байланысты, осының сыни маңызды инвестициялардың қысқаруына алып келу тәуекелі бар. Біз КДР азаматтарының елде бар пайдалы қазбалар қорларын өндіруден пайда табу керек екенін толығымен түсінеміз. Сондықтан біз өзара қолайлы шешімдер табу үшін үкіметпен диалог құруға тырысуды жалғастырамыз.

#### КДР-ғы Gécamines және Boss Mining

Gécamines Конголездік мемлекеттік тау-кен өндіру компаниясы біздің көптеген бәсекелестерімізді қоса алғанда, елдегі бірлескен кәсіпорындар бойынша серіктестікте «өздерінің серіктестіктерін консенсусты қайта қарау стратегиясын» іске асырады.

Осыған байланысты 2018 жылдың қазанында біз Gécamines-пен біздің өзара әрекеттесуіміздің негізгі пункттерін қарастыратын келісім жасадық (бұлардан бөлек, Boss Mining меншігін иелену құрылымы, қайта капиталдандыру, «кіру» (pas-de-porte) төлемдері және қайта құру жоспары). Бұл келісім бізге Gécamines-пен жаңа, аса тұрақты қарым-қатынас жасауымызға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол бізге – Gécamines-пен серіктестікте және үкіметтің толық қолдауымен - Boss Mining әлеуетін толық ашуға септеседі. 2019 жылдың ақпанында біз Boss Mining кәсіпорнын консервацияға шығаратынымызды жарияладық. Қазір қызметті жаңартудың және келешекте Boss Mining тиімділігін арттырудың экономикалық мақсатты мүмкіндіктерін қарастырудамыз.

#### КДР-ғы сайлау

2018 жылы бізде КДР-ғы президент сайлауын ұйымдастырудағы кідірулермен байланысты болуы мүмкін саяси қарбаластықтың біздің қызметіміздегі маңызды іркілістерге алып келетіндігі бойынша кәдімгідей қорқыныш болды. Атап айтқанда, біз қауіпсіздіктің, жаппай дүрбелең болмауымен және материалдық-техникалық қамаудағы іркілістермен байланысты болды. Біз осындай іркілістердің алдын алу және/немесе олардың әлеуетті салдарын азайту үшін күтпеген жағдайларға тиісті іс-әрекет жоспарларын дайындадық, алайда, сайлау өткізу біздің қызметімізге айтарлықтай әсер етпеді.

#### Замбияда салық тәртібінің өзгеруі

2018 жылдың қыркүйегінде Замбия Үкіметі пайдалы қазбаларды өндіруге жаңа салықтардың енгізілетінін және роялти мөлшерлемесінің артатынын жариялады. Бұл өзгерістер 2019 жылдың қаңтарында күшіне енді.

### Нәтижелік көрсеткіштері

2018 жылы ERG саяси партияларға қаржылық немесе материалдық қолдау көрсетпеді.

Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдау мақсатында Қазақстанда өңірлік атқарушы билік органдарымен жұмысымызды жалғастырудамыз. Оған төмендегілер кіреді:

» Өңірлік атқарушы билік органдарымен серіктестікте жүзеге асырылатын әлеуметтік жобалар (өзара серіктестік туралы меморандумдар). Оған біздің жұмыскерлеріміздің, олардың отбасыларының және жергілікті қоғамдастықтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жобалар, сонымен қатар, өңірлерді дамытуға қатысты ұлттық мақсаттарға жәрдемдесу кіреді (56 бет);
» Өңірлік және ұлттық саясатпен қарастырылған тиісті жобаларды жүзеге асыратын тікелей өңірлік атқарушы билік органдарымен іске асырылатын төлемдерді қоспағанда, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына сәйкес өңірлердің әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына салынатын міндетті инвестициялар.

### Болашаққа жоспар

2019 жылы біз төмендегілерді жоспарлап отырмыз:

» Boss Mining-ң коммерциялық тұрақтылығын ұзартуға арналған мүмкіндіктерді қарастыру кезінде Gécamines-пен серіктес болу;
» Қазақстанның мемлекеттік органдарымен өзара әрекеттесу кезінде Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексін құрастыру кезіндегі мүдделерімізді қорғауды жалғастыру.



# Корпоративтік басқарудың нақты құрылымы

## Корпоративтік басқару

ERG құрамына үш құрылтайшы акционер және Қазақстан Республикасы Үкіметінің екі өкілі кіретін Менеджерлер кеңесімен басқарылады.

Менеджерлер кеңесі Топтың бизнесті әдепті жүргізудің ең жоғарғы стандарттарына сәйкестігін, сонымен қатар, оның ERG өз қызметін іске асыратын барлық жерде жергілікті және халықаралық заңнаманы сақтауын бақылайды. Менеджерлер кеңесі ERG-дің корпоративтік әдеп кодексін қоса алғанда, топтың саясатын бекітеді.

Менеджерлер кеңесі оның қызметтерінің басқарудың негізгі салаларында іске асырылуын қолдауға арналған төрт комитетін құрды. Менеджерлер кеңесінің жанындағы барлық комитеттер ішінде олардың міндеттері мен уәкілеттік саласы толық сипатталып жазылатын нақты белгіленген ережелердің негізінде қызмет етеді.

- Аудит жөніндегі комитет: ERG қаржы есептілігінің, ішкі бақылау жүйесінің тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралардың дұрыстығын, ішкі аудит қызметтерінің тиімділігін бақылауға және сыртқы аудиторларды жұмылдыруға жауапты.
- Комплаенс жөніндегі комитет: Топтың комплаенс жүйелерінің, саясаттарының және контролдерінің қарастырылуына, қадағалануына және бекітілуіне, сонымен қатар, Топтың комплаенс қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізуге жауапты;
- Сыйақы беру жөніндегі комитет: ERG жоғарғы буын басшылары сыйақыларының мониторингіне және Топқа сыйақы беру жүйесінің мониторингіне жауапты;
- Орнықты даму, біріктіру және жұтылу жөніндегі комитет (M&A): контрагенттердің кешенді тексерісін, тәуекелдердің бағалануын және төмендеуін, жобалардың құрылуын және жүзеге асырылуын, сатып алғаннан кейінгі біріктірілуін, сонымен қатар, (Орнықты даму кеңесі арқылы) Орнықты даму қағидаларын біріктіруді қоса алғанда M&A саласындағы қызмет мониторингіне жауапты.

### Бизнесті орнықты дамыту саласындағы басқару

Орнықты даму жөніндегі кеңес (одан кейін – ОДК) Менеджерлер кеңесінің жанындағы Тұрақты даму комитетінің және M&A–ң жұмыс органы ретінде қызмет етеді. Орнықты дамуға деген аса біріккен тәсілдемені көрсете отырып, ОДК әрқайсысы біздің бизнесіміздің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған келесі салалардағы негізгі мәселелерімізге және бастамаларымызға жауапты:

- Стратегияны жасау және стратегиялық жоспарлау;
- Архитектураны және инновацияларды жетілдіру;
- Көшбасшылық бағдарламалары;
- Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (қаржылық және қаржылық емес);
- Бизнестің транформациясы.

## Корпоративтік басқару құрылымы



## Өндірістік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу саласындағы сұрақтарды өңірлік басқару

### Қазақстан

ERG-де құрамына өңірлер деңгейіндегі басшылық және біздің кәсіпорындарымыздың бірінші басшылары кіретін келесі комитеттер құрылған:

- Қоршаған ортаны қорғау комитеті;
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау комитеті.

Бұл комитеттер:

- Біздің өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиямызды анықтайды;
- Тиісті саясаттарды, регламенттерді және бастамаларды қарастырады;
- Бақылау механизмдерін енгізу және жетілдіру барысы туралы күнделікті есеп алады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі комитет сонымен қатар ERG-дегі қауіпсіздік мәдениетін құруға жауапты. Бұдан бөлек, Қазақстанда Қоғамдастықтарға салынатын әлеуметтік инвестицияларды (ҚӘИ) бақылайтын екі жұмыс органы қызмет етеді:

- Өңірлік атқарушы билік органдарымен (оларға біздің ҚӘИ айтарлықтай бөлігі келеді) өзара серіктестік туралы меморандумдарды басқару мәселесімен айналысатын жұмыс тобы (59 бет);
- Шешімдерді қабылдаудағы ашықтықты және қайырымдылық пен демеушілік қолдауға кететін шығындардың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін демеушілік және қайырымдылық көмектер жөніндегі комиссия.

### ERG –ДІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ПАЙДАЛАНАТЫН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ СТАНДАРТТАРЫ

| | |
|---|---|
| OHSAS 18001 | Өнеркәсіптік қауіпсіздік менеджменті мен еңбекті қорғау жүйесінің стандарты |
| ISO 50001/ EN 16001 | Энергия менеджменті жүйесінің стандарты[1] |
| ISO 14001 | Экологиялық менеджмент жүйесінің стандарты |
| ISO 9001 | Сапа менеджменті жүйесінің стандарты |

### ӨҢІРЛЕР ЖӘНЕ ТОП ДЕҢГЕЙІНДЕ КӨПЖАҚТЫ ҚАТЫСУМЕН ҰЙЫМДАРДА ҚАТЫСУДЫҢ НЕГІЗГІ МЫСАЛДАРЫ

| Қатысу деңгейі | Ұйымдастыру |
|---|---|
| Топ | » Төмендегілерді қоса алғанда, дүниежүзілік экономикалық форум (стратегиялық қауымдастырылған серіктес):<br>• Аккумуляторлық батареялар секторына арналған халықаралық альянс<br>• Сыбайлас жемқорлыққа қарсы серіктестік;<br>• Инклюзивті экономиканың және қоғамдастықтың құрылуын қолдауға арналған ғаламдық алаң;<br>» Халықаралық хром өндірушілерінің қоғамдастығы;<br>» БҰҰ ғаламдық шарты (2019 жылдың наурызынан). |
| Қазақстан | » Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық;<br>» Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургиялық кәсіпорындарының қоғамдастығы;<br>» Қазақстанның «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ;<br>» Қазақстанның салық төлеушілерінің қоғамдастығы;<br>» «Қазақстанның шет елдік инвесторлар Кеңесі» қоғамдастығы;<br>» Орнықты дамуға арналған Қазақстандық табиғатты пайдаланушылар қоғамдастығы. |
| КДР және Замбия | » Кобальт институты (Ұлыбритания – директорлар Кеңесіндегі өкілдік);<br>» КДР тау-кен палатасы;<br>» Замбияның тау-кен палатасы;<br>» Замбияның кадрлық ресурстарды басқару институты. |
| Бразилия | » Бразилиялық тау-кен өнеркәсібі институты;<br>» Баия штатының порттарын пайдаланушылар қоғамдастығы;<br>» Баия штатының өнеркәсіп федерациясы;<br>» Бразилиялық тау-кен өнеркәсібін технологиялық дамыту агенттігі. |



### Африка

Африкада өнеркәсіптік қауіпсіздік пен орнықты даму (SHS) саласындағы қызмет нәтижелері туралы есептіктер ай сайын ERG Africa-ның бас атқарушы директорын, кәсіпорындардың бас директорларын, SHS бойынша менеджерлерді, сонымен қатар, жоғарғы буында кейбір басшыларды қоса алғанда өңірлік Атқару комитетінің мүшелеріне ұсынылады. Бұл үдеріске қатысушылар өту барысында маңызды оқиғалардың себептері, сонымен қатар, олардың алдын алу бойынша шаралар қарастырылатын кеңестер өткізеді.

Осы іс-шараларды жүзеге асыруды тиісті мәселелер толық шешілгенге дейін тоқсан сайынғы негізде басшылық бақылауы керек.

Келесі сұрақтарды қарастыруға ерекше назар аударылады:

- Оқиға себептері;
- Табиғатты қорғау заңнамасын сақтау;
- Ішкі/сыртқы аудиттер нәтижелерінің негізінде жақсартулар енгізу;
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік;
- Артельдік және шағын ауқымды өндіру;
- Адам құқығы.

Сонымен қатар, КДР-ғы кәсіпорындарда біз жергілікті заңнама талаптарына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік пен гигиена бойынша ресми комитеттердің қызметін қамтамасыз етуді жалғастырдық.

1 Энергетикалық активтер қана (ЯГНИ, Казхром, ССКӨБ, ЕЭК және Қазақстан Алюминийі)

# ҚОСЫМША
## Басқаруға қатысты тәсілдемелер

## Біздің құндылықтар

**2018 жылы біз ERG-дің корпоративтік құндылықтарының бірыңғай жиынтығын қалыптастыру бойынша ауқымды жұмыс жүргіздік. Олар біздің қызметімізді қалай жүргізуге ниетті екеніміздің көрінісі және біздің жұмысымызда бизнесіміздің тұрақтылығын қамтамасыз етуге септесер бағдар болады. Біз компанияның барлық деңгейлерінде әрбір шешімді қабылдау кезінде өзіміздің Құндылықтарымызға сүйенеміз.**

» Қауіпсіздік;
» Бірлік;
» Тиімділік;
» Даму;
» Жауапкершілік.

### Қызметкерлерді басқару

**Біздің міндеттемелеріміз**

Біз өзіміздің барлық жұмыскерлеріміз бен мердігерлеріміз үшін қауіпсіз, жағымды, өнімді және тұрақты жұмыс ортасын қамтамасыз етуге тырысамыз. Біздің осы саладағы міндеттемелеріміз Корпоративтік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясаттың (Қ жәнеЕҚ, ҚОҚ), Адам құқықтарын сақтау саясатының және корпоративтік жосық кодексінің талаптарымен бекітіледі.

Қ және ЕҚ, ҚОҚ жөніндегі саясат бізді төмендегілерді орындауға міндеттейді:

» Біздің нәтижелілігімізді тұрақты жақсарту;
» Тәуекелдерді бағалау және оларды басқару;
» Оқыту, коммуникация жүргізу және есеп ұсыну;
» Аудит және талдау рәсімдерін енгізу.

Адамның құқықтарын сақтау саясатына сәйкес біз жалпыға бірдей Адам құқығы мен еңбек нормаларын сақтауға міндеттенеміз. Осы саясат шеңберіндегі біздің міндеттемелерге мыналар кіреді:

» Қауіпсіз және саламатты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;
» Жұмыскерлердің бірлестіктерге қатысу еркіндігіне және ұжымдық шарт жасау туралы келіссөздер жүргізу құқықтарын сақтау;
» Жұмыс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
» Мәжбүрлі және балалар еңбегінің қолданылуының алдын-алу;
» Теңдікті, алуан түрлілікті қамтамасыз ету және кемсітушілікті ескермеу. Бұл міндеттемелер Корпоративтік әдеп кодексінің шарттарымен бекітіледі.

**Біздің міндеттемелерімізді орындау**

Қазақстанда біздің қызметкерлерді басқарудағы тәсілдемеміз кәсіпорын деңгейіндегі саясат пен жүйелер көмегімен іске асырылады. Отырыстары ай сайын өткізілетін Қазақстандағы кадрлар мен сыйақылар жөніндегі кеңес мысалы, ұйымдастырушылық жоспарлауды, қызметкерлердің жалдануын, қызметкерлерді ынталандыруды, сыйақы алуын, таланттарды басқаруды және әлеуметтік жеңілдіктерді қосқанда, өңірлік деңгейде бірқатар салаларағы мәселелердің үйлесуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Қазақстандағы біздің барлық өндірістік кәсіпорындар OHSAS 18001 – Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы басқару жүйесі стандартына сәйкес сертификатталған.

2018 жылы біз Қазақстандағы өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқарудың біріккен және тәуекелге бағдарланған жүйесін жасауды бастадық (35 бет).

Африкадағы кәсіпорындарымызда біз OHSAS 18001 стандартын ескере отырып құрастырылған өндірістік қауіпсіздік және орнықты даму (SHS) саласындағы басқару жүйесін пайдаланамыз.

Бразилиядағы біздің BAMIN темір кені жобасы шеңберінде өзіміздің қызметкерлерге де, мердігерлерге де қолданылатын өндірістік қауіпсіздік рәсімдерін белгіледік.

Біз өзіміздің жұмыскерлеріміздің кәсіподақтар мен ұжымдық шарттарға қатысу құқықтарын сыйлаймыз. Топтың жұмыскерлерінің 90%-ы кәсіподақ мүшесі.

**Төтенше жағдайларға дайындық**

Біздің Қазақстандағы кәсіпорындарда төтенше жағдайларға дайындықты қамтамасыз ету жоспарлары жасалды. Осы жоспарларға сәйкес төтенше жағдайларды жою жөніндегі оқытулар, сонымен қатар, тәуекелдерді мерзімдік бағалау жүргізіледі. Бұл біздің командаларымыздың төтенше жағдайларға жауап беру командамыздың құзыретінің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге, қосымша дайындықтағы қажеттіліктерін анықтауға және төтенше жағдайларға жауап беру үшін біздің қондырғымызды сол күйінде ұстауға мүмкіндік береді.

Африкада өндірістік қауіпсіздікті басқарудың кешенді жүйесінің бір бөлігі болып табылатын төтенше жағдайларды және орнықты дамуды басқару рәсімі (SHS) қолданылады.

Бразилиядағы BAMIN темір кені жобасын жасауда біз төтенше жағдайларға және оларға дайындықты қамтамасыз ету шараларын іске асырамыз.

### Жергілікті қоғамдастықпен өзара әрекеттестік

**Біздің міндеттемелеріміз**

Бізге оң әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге жәрдемдесуге көмектесетін әлеуметтік инвестицияларды қолдауға толығымен берілгенбіз. Топтың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) пен демеушілік қолдау саласындағы саясатына сәйкес келесі бағыттарға негізгі назар аударылады:

» Инфрақұрылым және әлеуметтік әл-ауқат;
» Білім және жастар бастамаларын қолдау;
» Спорт және саламатты өмір салтын қалыптастыру;
» Білімге және дамуға бағытталған жергілікті қоғамдастықтарға арналған бағдарламалар.

Бұл жергілікті қоғамдастықтармен тығыз және тұрақты өзара әрекеттестікпен бекітіледі, бұл біздің бағдарламаларымыздың олардың мәселелерімен, қажеттіліктерімен және жоспарларымен үлкен келісімге жетуіне көмектеседі (51 бет).

Бірдей дәрежеде біз жергілікті қоғамдастықтарға келетін кері әсерді төмендетуге тырысамыз. Топта қабылданған Адамдардың құқықтарын сақтау саясатына сәйкес, біз:

» Адам құқығын сақтаймыз, мәдени мұра мен жергілікті қоғамдастықтардың дәстүрлерін сыйлаймыз;
» Тәуекелдерге, әсеріне, олардың төмендеуіне және мониторингіне ерекше назар аударылуын қоса алғанда, біздің қызметіміздің әлеуетті әсерін бағалау мақсаттарында жергілікті қоғамдастықтармен серіктестік етеміз;
» Жобалық жоспарлау және әлеуметтік инвестициялар үдерісінде алынған пікірлерді ескереміз;
» Мәжбүрлі көшіруден бас тартуға, ал егер мүмкін болса, қолданыстағы заңамалар мен халықаралық стандарттарға сәйкес қоғамдастықтардың өкілдерімен сындарлы диалог жасауға тырысамыз

ҚДР-ғы пайдалы қазбалардың артельдік және шағын ауқымды өндірілуін басқару төмендегі аталғандарды қамтитын Өндірістік қауіпсіздік пен орнықты дамуды (SHS) басқарудың біріккен жүйесінің шеңберінде жүзеге асырылады:

- Пайдалы қазбалардың артельдік және шағын ауқымды өндірілуіне қатысты саясат;
- Төмендегілерге қатысты рәсімдерді қоса алғанда артельдік және шағын ауқымды өндіруді басқарудың тиісті рәсімдері:
  - Алтынгерлік қауымдармен және уәкілетті мемлекеттік ведомстволармен өзара байланыс;
  - Біздің іске асырылатын концессиялық участоктарымыздағы артельдік және шағын ауқымды өндіруді басқаруға жауапты қарау. Оған біздің кәсіпорындарымыздың осындай амалмен кеннен көрген табысты сатып алмайтынына немесе алмайтынына кепілдеме беретін рәсімдер кіреді.

### Біздің міндеттемелерді орындау

Қазақстанда Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жобаларын және демеушілікті іске асыру саласындағы саясат жүйелендірілген рәсімдердің көмегімен орындалады. Бұл жобаларды анықтаудың, олардың іске асырудың, әлеуметтік инвестициялар мониторингінің және оларды талдаудың кешенді және мақсатт тәсілдемесін қамтамасыз етеді.

Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде Әлеуметтік инвестициялар екі амалмен іске асырылады:

- **Тікелей әлеуметтік инвестициялар:** жергілікті қоғамдастықтарға оң әсерін максималды арттыруға және кері әсерін төмендетуге бағытталған;
- **Әлеуметтік серіктестік шеңберіндегі инвестициялар:** өңірлік атқарушы билік органдарымен жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған стратегиялық серіктестіктер (өзара серіктестік туралы меморандумдар), (кейбір жобалар жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша міндеттемелерді орындаудың бір бөлігі болып табылады).

Африкада өндірістік қауіпсіздік және орнықты даму (SHS) саласындағы басқару жүйесі енгізілген. SHS жүйесі өзгелерінен басқа төмендегі аталғандардың негізін қамтамасыз етеді:

- Қоғамдастықтарға кері әсер ететін факторларды анықтау, бағалау және басқару;
- Қоғамдастықтардың шағымдары мен күрделі мәселелерді басқару, мониторинг жасау және бақылау;
- Жергілікті қоғамдастықтардың өкілдерімен ашық және ұзақ мерзімді өзара қарым-қатынас жасау;
- Жобаның өмір циклінің бүкіл сатыларында қоғамдастықтарды белсенді жұмылдыру және өзара әрекеттесу;
- Мәдени мұра мен мәдени әр алуандық құндылықтарын мойындау, сонымен қатар, мәдени мұра объектілерін қорғау;
- Білім, денсаулық сақтау салаларындағы орнықты әлеуметтік даму жобаларын, баламалы табыс көздерін іске асыруда қолдау іздеу және қолдау көрсету және балалар еңбегіне жол бермеу.

## Қоршаған ортаға әсерді басқару

### Біздің міндеттемелеріміз

Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде практикаларды, тиісті тұрақты дамуды пайдалану жолымен саламатты, табиғи қоршаған ортаны сақтауға және қолдау көрсетуге талпынамыз. Біздің бейілділігіміз Топтың қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау (Қ және ЕҚ, ҚОҚ) жөніндегі талаптармен қолдау табады. Осы саясатқа сәйкес, біз төмендегілерді де орындауға міндеттіміз:

- Озық халықаралық практикаларға сәйкес келетін Қ жәнеЕҚ, ҚОҚ саласындағы мәселелерді басқару жүйесін және бағдарламасын жасау, енгізу және жақсарту;
- ERG барлық кәсіпорындарында жоғарғы буын басшыларының тәуекелдерді бағалауын ескере отырып, Қ және ЕҚ, ҚОҚ саласындағы нәтижелілікті жақсарту үшін жауапкершілікті қамтамасыз ету;
- Барлық қызметкерлердің Қ және ЕҚ, ҚОҚ саласындағы міндеттерін түсінуін қамтамасыз ету;
- Қ және ЕҚ, ҚОҚ мәселелеріне қатысты қызметті жоспарлау және шешімдер қабылдау үдерістерінде ескеру.

Сонымен қатар, Африкада орындау шеңберінде біз төмендегілерді орындауға тырысатын өнеркәсіптік қауіпсіздік пен орнықты даму (SHS) саласындағы саясат қолданылады:

- Қоршаған ортаға кері әсерді жүйелі анықтау, бағалау және басқару;
- Тұрақты негізде жоспарлау, іске асыру, тексеру және жақсартулар енгізу жолымен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет тиімділігін арттыруға тырысу;
- Экожүйенің ластану, бұзылу және/немесе құлдырау деңгейінің төмендеуін қамтамасыз ету;
- Біз кәсіпорындарымыз бар елдердегі қолданыстағы заңнамаға және нормаларға сәйкестікті, сонымен қатар, мүмкін және мақсатты болатын жерде талаптардың күшеюін қамтамасыз ету. Оған біздің қолданылатын халықаралық практикаға, мысалы, ХҚК қызметінің стандарттарына және SHS саласындағы көп ұлтты кәсіпорындарға арналған ЭЫДҰ тиісті басқарушы қағидаларына сәйкестікті қамтамасыз ету жұмысымыз кіреді.

### Біздің міндеттемелеріміздің орындалуы

Біздің Қазақстандағы өндірістік кәсіпорындарымыздың көпшілігі ISO 14001 экологиялық менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттарына сәйкес сертификатталған. Африкада біз экология саласындағы біздің нәтижелілігімізді тұрақты жақсартуға ниеттіміз, сонымен қатар, қолданылатын халықаралық стандарттардың сақталуын қамтамасыз ете жұмыс істейміз. Қолданылатын (SHS басқару бойынша нұсқаулықта және тиісті рәсімдерде регламенттелген) SHS басқару жүйесі ISO 14001 халықаралық басқару стандартын ескере отырып жасалған.

### Жергілікті қоғамдастықтармен өзара байланыс

Біз қоршаған ортаны қорғау қызметіміз бен қызметті жүргізудің әлеуметтік лицензиясы арасындағы тікелей байланысты ұғынамыз, сондықтан жергілікті қоғамдастықтардан шыққан стейкхолдерлермен және азаматтық сектор ұйымдарымен ашық және сындарлы өзара байланыс маңызды болып табылады. Мысалы, Павлодарда (біздің Қазақстандағы негізгі өндірістік өңірлеріміздің бірінде) біз жергілікті қоғамдастықтар мен бірқатар ҮЕҰ өкілдерімен қоршаған ортаны қорғау ісінде бойынша тығыз серіктесеміз. Бұл өзара байланысқа қоғамдастықтарды жұмылдыру бойынша әр алуан іс-шаралар, оның ішінде, биоалуантүрлілікті сақтаумен және табиғатты тиімді пайдаланумен байланысты әр түрлі іс-шаралар, ағаш отырғызу және қоршаған ортаны қорғауды басқару бойынша біздің бағдарламаларымызбен танысу кіреді.

2016 жылдан біз қоршаған ортаға жасалған мониторинг нәтижелерін Қазақстанның ластаушыларының шығарындылары мен тасымалдануының Мемлекеттік тізілімінде басылымға шығару үшін ұсынамыз. Бұл тіркеліп ашықтықты қамтамасыз ететін және қоғам тарапынан бақылауды арттыруға жәрдемдесетін құрылымдалған деректер базасы.

Қазақстан мен Африкада біз сонымен қатар, біздің қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша қызметіміз шеңберінде жергілікті қоғамдастықтармен ақылдасамыз.

Экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау шеңберіндегі (мысалы, жобалардағы айтарлықтай өзгерістер туралы) біздің қызметіміз туралы толымды ақпарат 52 бетте ұсынылған.

## Қоғаммен өзара байланысты басқару

Тиісті ақпарат ERG-дің орнықты даму жөніндегі 2018 жылғы есебінде 76 бетте ұсынылған.

# ҚОСЫМША

## ERG үшін қандай мәселелер аса маңызды және неліктен?

| ТАҚЫРЫП | СҰРАҚ | ERG ҮШІН ӨЗЕКТІЛІГІ |
|---|---|---|
| **Біздің бизнесті болашаққа дайындау** 1  | » **Трансформация** | » Бизнестің орнықты дамуын қамта-масыз ету, оның ішінде, қызметтің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыру және шешімдерді қабыл-дау жолымен |
| | » **Операциялық тиімділік және ин-новациялар** | » Бизнестің орнықтылығын қамтама-сыз ету, оның ішінде шығындарды қысқарту, бәсекелестік пен өнімділікті арттыру жолымен |
| **Адамдарымыздың өркендеуіне жәрдемдесе отырып** 2  | » **Өндірістік қауіпсіздік** | » Бұл жай ғана дұрыс болып қоймай, сонымен қатар, операциялық қызметтің үздіксіздігіне, біздің жұмыскерлердің тиімділігіне және ынтасына септеседі. |
| | » **Қызметкерлерді дамыту** | » Біздің құндылықтарды қалыпта-стыру қабілетімізді қолдау және жоғары білікті қызметкерлерді жұмылдыру, дамыту, ынталандыру және ұстау арқылы бизнесімізді трансформациялау |
| | » **Еңбек қатынастары** | » Топтың өнімділігін, тиімділігін және рентабельділігін қамтамасыз етуге тікелей үлес қосатын оң және өнімді жұмыс мәдениетін қалыпта-стыру |
| **Жергілікті қоғамдастықтардың дамуы және олардың әл-ауқаты** 3  | » **Жергілікті қауымдастықтарға әсері** | » ERG әсерін жауапты басқару және<br>» стейкхолдерлермен сындарлы өзара қарым-қатынасты сақтау |
| | » **Әлеуметтік инвести-циялар** | » Қызметті жүргізуге әлеуметтік лицензияны сақтау және кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жұмыскерлеріміздің жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету. Бұл шаралар біздің қызметті жүргізуге лицензияларымыздың шарттарымен қарастырылған әлеуметтік-экономикалық дамуды сақтауға кететін міндетті шығындарға қатысты біздің міндеттемелерді орындау бойынша жұмысымызды толықтырады. |
| | » **Пайдалы қазбалар-ды артельдік және шағын ауқымды өндіру** | » Біздің клиенттерімізге кобальт пен мыстың пайда болуы мен оларды өндіру шарттарын ұсыну. Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі пайдалы қазбаларды заңсыз және/немесе қауіпті артельді және ұсақ ауқымды өндірудің кері әсерін азайту қажеттілігі |
| **Экология саласындағы тиімді басқару** 4  | » **Қоршаған орта ластануының алдын алу** | » Біздің қызметіміздің қоршаған ортаға кері әсерінің алдын алу/азайту жолымен қызмет жүргізуге заңнамалық талаптарын және әлеуметтік лицензиясын сақтау |
| | » **Энергия және климаттың өзгеруі** | » Парниктік газ шығарындыларына қатысты ағымдағы және/немесе келешек заңнамаға сәйкестік; келешекте көміртегінің шығарылуына байланысты салық жүктемесін азайту; (энергияны пайдаланумен байланысты) шығындарды төмендету және қызметті жүргізуге кететін әлеуметтік лицензияны сақтау |
| | » **Қалдықтарды басқару** | » Физикалық және экологиялық көзқарас тұрғысынан (бос жыныстың, шламдарды және өнеркәсіптік қалдықтарды қосқанда) көлемді қалдықтарды басқарумен байланысты қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету талаптары мен |
| **Қоғаммен өзара әрекеттестігіміз** 5  | » **Құндылықтарды қалыптастыру және бөлу (жергілікті құрамды қосқанда)** | » ERG-дің қызметін жалғастыру қабілетін сақтап, келешектегі өсуін қамтамасыз ету үшін ақшалай түсім және пайда көру қажеттілігі |
| | » **Комплаенс** | » ERG-дің қызметін жалғастыру қабілетін сақтап, келешектегі өсуін қамтамасыз ету үшін ақшалай түсім және пайда көру қажеттілігі |
| | » **Мемлекеттік орган-дармен өзара әре-кеттестік және заңнама** | » ERG мемлекеттік саясат, салық салу, заңнама және реттеу, сонымен қатар, жаңа лицензияларды беру жолымен ақшалай түсім және пайда алу қабілетіне мемлекеттік әлеуетті әсері. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы 40%-қ иелену үлесі бар ERG акционері болып табылады |

| СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР ҮШІН ӨЗЕКТІЛІГІ | 2025 СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ТИІСТІ МАҚСАТЫ | БҰҰ ОДМ СӘЙКЕСТІК |
|---|---|---|
| » Табыстылық деңгейіне әсер ету, акционерлер мен кредиторлар үшін құндылықтардың құрылуын қамтамасыз ету және экономикалық құндылықты бөлу тұрақтылығы (төменнен қараңыз) | **Барлық істегі тиімділік** | 8 |
| » Табыстылық деңгейіне әсер ету, акционерлер мен кредиторлар үшін құндылықтардың құрылуын қамтамасыз ету және экономикалық құндылықты бөлу тұрақтылығы (төменнен қараңыз) | **Барлық істегі тиімділік** | 8, 9 |
| » Табыстылық деңгейіне әсер ету, акционерлер мен кредиторлар үшін құндылықтардың құрылуын қамтамасыз ету және экономикалық құндылықты бөлу тұрақтылығы (төменнен қараңыз) | **Бақытты және кәсіби ұжым** | 3, 8 |
| » Табыстылық деңгейіне әсер ету, акционерлер мен кредиторлар үшін құндылықтардың құрылуын қамтамасыз ету және экономикалық құндылықты бөлу тұрақтылығы (төменнен қараңыз) | **Бақытты және кәсіби ұжым** | 4, 8 |
| » Қолайлы еңбек жағдайларын жасау, әділ еңбек төлемақысы және жеңілдіктерді ұсыну, басшылықтың туындайтын қиындықтарға орай жылдам әрекет етуі, соны-мен қатар, әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру және біздің моно-қалалардағы біздің жұмыскерлеріміз бен олардың отбасыларының өмір сүру деңгейін арттыру. | **Бақытты және кәсіби ұжым** | 5, 8, 11 |
| » ERG қызметінен болатын оң әсер және жергілікті қоғамдастықтардың мүдделеріне кері әсер ету ықтималдығы | **Кәсіпорындарымыз орналасқанөңірлерді орнықты дамыту** | 5, 8, 11 |
| » Қазақстандағы (жұмысқа тұру және әлеуметтік қызметтер тұрғысынан ERG-ге тәуелді әртараптандырылмаған экономикалы, шалғай өңірлерде тұратын) және Африкадағы (ресми жұмысқа тұру мүмкіндігі жоқ және кедейлік деңгейі жоғары болатын) жергілікті қоғамдастықтардың кездестіретін әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу | **Кәсіпорындарымыз орналасқанөңірлерді орнықты дамыту** | 1, 2, 4, 6, 8, 9, 10, 11 |
| » Пайдалы қазбаларды заңсыз және/немесе қауіпті артельдік және шағын ауқымды өндірудің өз бетімен іздеушілерге, жергілікті қоғамдастарға және қоршаған ортаға кері әлеуметтік және экологиялық әсерін азайту. Біздің клиенттерімізге тиісті қауіптің жоғары деңгейін көрсету | **Кәсіпорындарымыз орналасқанөңірлерді орнықты дамыту** | 8, 15, 16, 17 |
| » ERG қызметі жел соғатын жағынан/ өзен ағысы бойынша төменірек орналасқан аудандардағы адамдардың денсаулығына және қоршаған ортаға зардабын тигізуі мүмкін ластаушы заттардың шығарылуына алып келуі мүмкін | **Кәсіпорындарымыз орналасқанөңірлерді орнықты дамыту** | 3, 6, 8, 9, 12, 15 |
| » ERG-дің (ұзақ мерзімді келешекте) климаттың өзгеруіне, кері экологиялық және әлеуметтік-экономикалық әсеріне орай әрекет ету әлеуеті | **Теңгерімді өсуші портфель**<br>**Кәсіпорындарымыз орналасқанөңірлерді орнықты дамыту** | 7, 8, 9, 12, 13 |
| » Теріс жағдайда топырақтың, су объектілерінің немесе атмосфералық ауаны ластану көзі және/немесе адам денсаулығы және/немесе қоршаған орта үшін катастрофалық салдары бар оқиғаның себебі болатын қалдықтарды жауапты пайдалану қажеттілігі | **Кәсіпорындарымыз орналасқанөңірлерді орнықты дамыту** | 9, 12 |
| » Тікелей емес және жанама экономикалық әсерді қоса алғанда жеткізушілерге, қызметкерлерге, акционерлерге және кредиторларға, мемлекетке және Жергілікті қоғамдастықтарға оң экономикалық әсер ету | **Кәсіпорындарымыз орналасқанөңірлерді орнықты дамыту** | 1, 8, 9, 10 |
| » Топтың қызметіне жұмылдырылған тараптардың (экономикалық, әлеуметтік, саяси, коммерциялық) негізгі мүдделерінің бұзылу, сонымен қатар, олардың осымен байланысты абыройлы шығындарының туындау мүмкіндіктері | **Ескертпе:**<br>**Бұл мәселе 2025 Стратегиясының барлық бағыттары үшін релевантты болып табылады** | 10, 16 |
| » Басқа стейкхолдерлердің заңды мүдделері үшін зардаптың алдын алу үшін бизнес пен мемлекет арасындағы ашық және сындарлы өзара байланыс, сонымен қатар, ойластырылған және теңдестірілген мемлекеттік саясаттың құрылуына жәрдемдесу қажеттілігі | **Ескертпе:**<br>**Бұл мәселе 2025 Стратегиясының барлық бағыттары үшін релевантты** | 16, 17 |

# ҚОСЫМША
## Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестікке шолу

### Стейкхолдерлермен өзара байланыс

Өзара байланысу үшін стейкхолдердерді келесі факторлар негізінде таңдайды:

» Стейкхолдерлердің ERG-дің бизнес мақсаттарына жетуіне нақты және әлеуетті әсері;
» Стейкхолдерлерге ERG-дің (оң немесе теріс) нақты және әлеуетті әсері.

Артықшылықтарын анықтау, белгілеу және стейкхолдерлермен өзара байланыс бізге төмендегілерді орындауға мүмкіндік береді:

» Стейкхолдерлерге көрсететін әсерімізді түсіну;
» Кері әсерді азайтып, оң әсерді күшейту;
» Біздің қызметімізге мониторинг жүргізу;
» Осы стейкхолдердердің біздің бизнесімізге тәуекелдері мен мүмкіндіктерін, сонымен қатар, біздің қызметіміздің осы тәуекелдер мен мүмкіндіктерге қалай әсер ететінін түсіну;
» Серіктестіктерді анықтау және құру.

Өзара байланыс келесі деңгейлерде жүзеге асады:

» Корпоративтік деңгей (стратегиялық сұрақтар);
» Өңір деңгейі (стратегиялық/операциялық сұрақтар);
» Кәсіпорын деңгейі (операциялық сұрақтар).

| КАТЕГОРИЯСЫ | СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР ТОБЫ |
|---|---|
| Коммерциялық қызмет  | Клиенттер |
| | Жеткізушілер, бизнес-серіктестер және мердігерлер |
| Қаржы  | Акционерлер |
| | Кредиторлар |
| Мемлекеттің органдар  | Ұлттық үкіметтер |
| | Өңірлік билік органдары |
| | Реттеуші органдар |
| Қоғам  | Жергілікті қоғамдастықтар |
| | ҮЕҰ, Азаматтық қоғам ұйымдары және БАҚ |
| | Қоғам |
| Жұмыскерлер  | Жұмыскерлер және олардың өкілдері |
| | Жоғарғы буынды басшылар |

| ӨЗАРА БАЙЛАНЫС АМАЛЫ/ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСУ ЖИІЛІГІ | СҰРАҚТАР | ЕСЕПТІҢ ТИІСТІ БӨЛІМІ |
|---|---|---|
| » Өнімді жасау кезіндегі өзара байланыс;<br>» Клиенттердің сұрауына кері байланыс ұсыну. | » Жеткізілімнің тұрақтылығы/ болжамдығы;<br>» Өнім сапасы / бағасы;<br>» Кобальттың жауапты өндірісі. | 1, 3 |
| » Бизнес-қауымдастықтар мен бастамалар арқылы өзара байланыс;<br>» Өндірістік қауіпсіздік , оқыту және аудитке қатысты үздіксіз диалог. | » Келісімшарттардың тұрақтылығы;<br>» Төлемақылардың болжамдығы. | 1 |
| » Веб-сайттағы жаңартулар, жаңалықтарды, мәлімдемелерді, операциялық есептерді шығару;<br>» Кездесулер және сыртқы презентациялар;<br>» Қаржы қызметтері, олардың құрылымы, көлемдері және құну сұрақтары бойынша өзара байланыс. | » Бизнестің орнықты дамуы;<br>» Дивиденттердің төленуі;<br>» Корпоративтік абырой;<br>» Шығындар тиімділігі. | 1 |
| | » Бизнестің тиімділігі;<br>» Жобаларды табысты жүзеге асыру;<br>» Қарызбен байланысты тәуекелдер;<br>» Пайыздары мен негізгі қарызды төлеу. | 1 |
| » Рұқсаттарды беру бойынша өзара байланыс, заңнама талаптарына сәйкестігі және қызметін қадағалау;<br>» Заңнама мен мемлекеттік саясатты жасау;<br>» Мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктер (мысалы, Қазақстандағы өзара серіктестік туралы меморандумдар)<br>» Әлеуметтік-экономикалық даму жобаларын жүзеге асыру | » Жергілікті халықтың дағдылары мен әлеуетін дамыту;<br>» Өндіріске деген инновациялық көзқарастар;<br>» КДР-ғы құқықтық/қаржылық реттеу жүйесі | 1, 2, 5 |
| | » Өңірлік әлеуметтік-экономикалық даму | 2, 3 |
| | » Атмосфералық ауаға шығарындыларды қоса алғанда қоршаған ортаға әсері;<br>» Жұмыскерлердің өлім жағдайына және жарақаттануына алып келетін жазатайым жағдайлар | 2, 3, 4, 5 |
| » Қоғамдық тыңдаулар және кездесулер;<br>» Әлеуметтік-экономикалық зерттеулер;<br>» Әлеуметтік жобалар;<br>» Жергілікті БАҚ-ғы ақпарат;<br>» Жергілікті халықтың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау. | » Өмір сүру сапасы;<br>» Жұмыс орындарын құру;<br>» Атмосфералық ауаға шығарындылар;<br>» Судың қолжетімді болуы;<br>» Қауіпсіздік, КДР-ғы артельдік және шағын ауқымды өндіру. | 1, 3, 4, 5 |
| » Салалық бастамаларға қатысу;<br>» Жан-жақты бастамалар және серіктестіктер;<br>» Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру;<br>» Пресс-релиздер және әлеуметтік жобалар туралы басқа да басылымдар, қаржылық ақпарат, жобаларды жүзеге асыру туралы ақпарат. | » Ақпараттың қолжетімдігі және ашықтығы;<br>» Бизнесті жүргізудің әдеби қағидалары;<br>» ENRC-ден мұраға қалған КДР-ғы сұрақтар. | 3, 5 |
| | » Қоршаған ортаға әсері;<br>» Жұмыс орындарын құру. | 1, 4 |
| » Басшылық пен жұмыскерлер арасындағы үздіксіз диалог;<br>» Ішкі коммуникация каналдары (Интранет,<br>» Корпоративтік басылымдар, ішкі іс-шаралар және т.б.);<br>» Өнімділікті арттыру бойынша ұсыныстар мен идеялар;<br>» Кездесулер мен сауалнамалар;<br>» Еңбек қатынастарының орнатылған каналдары арқылы жұмыскерлермен үздіксіз диалог ;<br>» Ұжымдық шарттар;<br>» Оқиғаларды тергеу. | » Еңбек жағдайлары;<br>» Оқыту және дамыту;<br>» Өндірістік қауіпсіздік;<br>» Жұмыскерлер мен олардың отбасыларының сыртқы өмір жағдайлары | 2 |
| | » Біліктілікті арттыру;<br>» Кәсіби дамыту. | 2 |

# ҚОСЫМША
## GRI көрсеткіштерінің кестесі

**Кестеде GRI стандарттарына және GRI G4 толықтыруларына сәйкес, 2018 жылғы ERG орнықты даму жөніндегі есептің мазмұнын құрау барысында пайдаланылған тау-кен және металлургия салаларына қатысты ақпараттың ашылуы ұсынылған.**

### GRI 102 стандарттары: жалпы ашып көрсету

| Индекс | Көрсеткіш | Бет | Түсіндірме |
|---|---|---|---|
| **Профиль организации** | | | |
| **102-1** | Ұйымның атауы | | Мұқабаның алдыңғы және артқы жағы; бүкіл есеп бойынша |
| **102-2** | Негізгі сауда белгілері, өнімдері мен қызметтері | 2-3, 6-11 | |
| **102-3** | Ұйымның штаб-пәтерінің орналасқан жері | | ERG штаб-пәтері Люксембургте орналасқан |
| **102-4** | Өндірістік қуат орналасқан жер | 2-3 | |
| **102-5** | Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны | 77 | |
| **102-6** | Ұйым жұмыс істейтін нарық | 2-3, 6-7 | |
| **102-7** | Ұйымның ауқымы | Ішкі мұқаба, 2-3, 6-7, 10-11, 25-28, 34 | |
| **102-8** | Штаттағы жұмыскерлер мен басқа да жұмыспен қамтылғандар туралы ақпарат | Ішкі мұқаба, 34 | |
| **102-9** | Жеткізілімдер тізбегі | 6-9, 12-13, 22-31, 62-65 | |
| **102-10** | Ұйымның құрылымы мен жеткізілім тізбек-теріндегі елеулі өзгерістер | 6-9, 12-13, 22-31, 62-65 | |
| **102-12** | Сыртқы бастамалар | 3, 5, 14-15, 62-65, 90-91 | |
| **102-13** | Қауымдастықтарға мүшелік | 93 | |
| **Стратегия** | | | |
| **102-14** | Шешімдер қабылдайтын жоғарғы басшының мәлімдемесі | 4-5 | |
| **102-15** | Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер | 6-7, 12-17, 51-53 | |
| **Этика және адал ниеттілік** | | | |
| **102-16** | Құндылықтар, қағидаттар, стандарттар және әдеп нормалары | 5, 84-85, 94-95 | |
| **Басқару** | | | |
| **102-18** | Корпоративтік басқару құрылымы | 92-93 | |
| **102-21** | Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тақырыптар бойынша мүдделі тараптармен кеңесулер | 18, 44-47, 90-91, 93-95, 98-99 | |
| **102-22** | Жоғарғы корпоративтік басқару органының және оның комитеттерінің құрамы | 92 | |
| **102-29** | Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарды анықтау және басқару | 25-28, 45-47, 51-53, 71, 79, 94-97 | |
| **102-30** | Тәуекелдерді басқару үдерістерінің тиімділігі | 16-17, 86-87 | |
| **102-31** | Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарға шолу | 18-19 | |

| Индекс | Көрсеткіш | Бет | Түсіндірме |
|---|---|---|---|
| **Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік** | | | |
| **102-40** | Стейкхолдерлердің тізімі | 98-99 | |
| **102-41** | Ұжымдық шарттар | 44, 47 | |
| **102-42** | Стейкхолдерлерді сәйкестендіру және анықтау | 18, 98-99 | |
| **102-43** | Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесуге қатысты тәсілдеме | 18-19, 99 | |
| **102-44** | Стейкхолдерлермен қозғалған негізгі тақырыптар мен алаңдаушылықтар | 19, 99 | |
| **Есептілік рәсімі** | | | |
| **102-46** | Есептің мазмұнын және елеулі тақырыптардың шегін анықтау | Ішкі мұқаба | |
| **102-47** | Елеулі мәселелер тізбесі | 19, 96-97 | |
| **102-48** | Деректерді қайта құру | | Жоқ |
| **102-49** | Есептіліктегі өзгертулер | | Жоқ |
| **102-50** | Есепті кезең | | 2018 жылғы 1 қаңтар – 2018 жылғы 31 қаңтар |
| **102-51** | Уақыты бойынша соңғы есептің жарияланған күні | | Тамыз 2018 |
| **102-52** | Есепті цикл | | Жыл сайын |
| **102-53** | Есептілік мәселелері бойынша байланысу ақпараты | | sdreport@erg.net |
| **102-54** | GRI стандарттарына сәйкестік туралы мәлімдеме | | Осы есеп тау-кен және металлургия салалары бойынша GRI Стандарттары мен GRI G4 қосышаларының ескерілуімен әзірленген. Есеп GRI стандарттары бойынша сәйкестік туралы мәлімдеме ұсынбайды. |
| **102-55** | GRI стандарттары мен көрсеткіштерінің кестесі | | Осы GRI стандарттары мен көрсеткіштерінің кестесі |
| **102-56** | Сыртқы куәландыру | Ішкі мұқаба | Есеп үшінші тараптармен куәландырылған жоқ |

## GRI 200 стандарттары: экономикалық ашып беру

| Индекс | Көрсеткіш | Бет | Түсіндірме |
|---|---|---|---|
| **Менеджмент саласындағы тәсілдеме** | | | |
| **103-1** | Тақырыптың маңыздылығы мен оның шектерінің түсіндірмесі | 18-19, 96-97 | |
| **103-2** | Менеджмент саласындағы тәсілдеме және оның компоненттері | 78-79, 82-83, 94-95 | |
| **103-3** | Басқаруға қатысты тәсілдемені бағалау | 78-79, 82-83, 94-95 | |
| **Экономикалық нәтижелілік** | | | |
| **201-1** | Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құндылық | 79-81 | |
| **Тікелей емес экономикалық әсер** | | | |
| **203-1** | Инфрақұрылымға инвестициялар және қоғамдық маңызы бар қызметтер | 54-59, 82-83 | |
| **203-2** | Елеулі тікелей емес экономикалық әсер | 54-59, 82-83 | |
| **Сатып алу тәжірибелері** | | | |
| **204-1** | Жергілікті жеткізушілерге шығындардың үлесі | 79, 81 | |

# ҚОСЫМША

## GRI көрсеткіштерінің кестесі жалғасы

### GRI 200 стандарттары: экономикалық ашып беру
продолжение

| Индекс | Көрсеткіш | Бет | Түсіндірме |
|---|---|---|---|
| **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** | | | |
| **205-1** | Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдерге қатысты бағаланатын өндірістік бөлімшелер | 89 | |
| **205-2** | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістері мен саясатта-рына үйрету және ақпараттандыру | 86-89 | |
| **205-3** | Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайларының жалпы саны және қолға алынған шаралар | 89 | Жоқ |
| **Жосықсыз іскерлік әдеп** | | | |
| **206-1** | Бәсекеге кедергі келтірумен және монополиялық жағдаймен байланысты ұйымға қатысты құқықтық әрекеттер | 89 | Жоқ |

### GRI 200 стандарттары: экономикалық ашып беру

| Индекс | Көрсеткіш | Бет | Түсіндірме |
|---|---|---|---|
| **Менеджмент саласындағы тәсілдеме** | | | |
| **103-1** | Елеулі тақырыптар мен шектердің түсіндірмесі | 18-19, 96-97 | |
| **103-2** | Басқаруға қатысты тәсілдеме және оның компоненттері | 68-75 | |
| **103-3** | Басқару тәсілдемесін бағалау | 68-75 | |
| **Энергия** | | | |
| **302-1** | Ұйымның ішіндегі энергия тұтыну | 7, 71-72 | |
| **302-2** | Ұйымнан тыс жердегі энергия тұтыну | 7, 71-72 | |
| **302-4** | Энергия тұтынуды қысқарту | 30, 66, 71-72 | |
| **Су** | | | |
| **303-1** | Жалпы ресурс болып табылатын су ресурстарын пайдалану | 53, 56-59 | |
| **303-2** | Суды ағызумен байланысты әсерді басқару | 68-69 | |
| **303-3** | Алынатын судың жалпы мөлшері | 7 | |
| **Шығарындылар** | | | |
| **305-1** | Тікелей парниктік газ шығарындылары (1-қамту) | 72 | |
| **305-2** | Энергияны жанама тұтынудан парниктік газ шығарындылары (2-қамту) | 72 | |
| **305-5** | Парниктік газ шығарындыларын қысқарту | 72 | |

## GRI 200 стандарттары: экономикалық ашып беру

| Индекс | Көрсеткіш | Бет | Түсіндірме |
|---|---|---|---|
| **Тастаулар мен қалдықтар** | | | |
| **306-4** | Қауіпті (зиянды) қалдықтарды тасымалдау | 73-75 | |
| **Менеджмент саласындағы тәсілдеме** | | | |
| **103-1** | Бар тақырыптар мен шекараларын түсіндіру | 18-19, 96-97 | |
| **103-2** | Менеджмент саласындағы тәсілдеме және оның компоненттері | 34-43, 44-47, 50-65, 94-95 | |
| **103-3** | Басқаруға қатысты тәсілдемені бағалау | 34-43, 44-47, 50-65, 94-95 | |
| **Жұмыспен қамту** | | | |
| **401-2** | Уақытша немесе толық емес шарттармен жұмыс істейтін қызметкерлерге ұсынылмайтын, толық жұмыс істейтін қызметкерлерге ұсынылатын жеңілдіктер | 45 | |
| **Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық** | | | |
| **403-1** | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін басқару жүйесі | 4, 35, 37, 40, 94 | |
| **403-2** | Қауіптерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және оқиғала-рды тергеу | 35-39 | |
| **403-3** | Кәсіби денсаулықты сақтау мақсатында ұсынылатын қызметтер | 35-39 | |
| **403-4** | Жұмыскерлердің еңбекті қорғау жүйесін жақсартуға қатысуы үшін мүмкіндіктер, еңбекті қорғау мәселелері бойынша жұмыскерлермен кеңесулер мен коммуникациялар | 35-40 | |
| **403-5** | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту | 36-40 | |
| **403-6** | Жұмыскерлердің денсаулығын сақтау | 38 | |
| **403-7** | Кәсіби қызметімен байланысты жұмыскерлердің денсаулығы мен еңбек қауіпсіздігіне төнетін әсердің алдын алу және жұмсарту | 39-40 | |
| **403-9** | Өндірістік жарақат алу | 39 | |
| **403-10** | Өндіріспен байланысты денсаулық жағдайының нашарлауы | 38 | |
| **Даярлық және білім алу** | | | |
| **404-2** | Өмір бойына білім алу мен машықтарды дамыту бағдарламалары | 42-43 | |
| **404-3** | Мансапты дамыту мен нәтижелілікті кезеңділікпен бағалау жүргізіліп отыратын қызметкерлердің үлесі | 43 | |
| **Кемсітуге жол бермеу** | | | |
| **406-1** | Анықталған кемсіту жағдайларының саны және қолға алынған шаралар | 47 | Жоқ |

## Стандарты GRI 400: Социальные Раскрытия продолжение

| Индекс | Көрсеткіш | Бет | Түсіндірме |
|---|---|---|---|
| **Қауымдасу және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі** | | | |
| **407-1** | Қауымдасу және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігін пайдалану құқығы елеулі тәуекелге ұшырауы мүмкін бөлімшелер мен жеткізушілер | 47 | Жоқ |
| **Балалар еңбегі** | | | |
| **408-1** | Балалар еңбегін пайдаланудың  елеулі тәуекелі бар бөлімшелер мен жеткізушілер | 61, 85, 94 | |
| **Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек** | | | |
| **409-1** | Мәжбүрлі немесе міндетті еңбекті пайдаланудың елеулі тәуекелі бар бөлімшелер мен жеткізушілер | 85 | |
| **Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибелері** | | | |
| **410-1** | Адам құқығының аспектілеріне қатысты саясаттар мен рәсімдерді үйренуден өткен қауіпсіздік қызметі жұмыскерлерінің саны | 53 | |
| **Адам құқығын бағалау** | | | |
| **412-1** | Адам құқығына қатысты қарастырылған немесе әсер ету тұрғысынан талдау жасалған бөлімшелер | 64, 85 | |
| **412-2** | Қызметкерлерді адам құқығы аспектілерімен байланысты са-ясаттарға немесе рәсімдерге оқыту | 85 | |
| **412-3** | Адам құқығының мәселелеріне қатысты қағидаларды қамтитын немесе адам құқығы тұрғысынан бағалаудан өткен қолданы-стағы инвестициялық келісімдер мен келісімшарттар | 64 | |
| **Жергілікті қоғамдастықтар** | | | |
| **413-1** | Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу бағдарлама-лары, жергілікті қоғамдастықтардың қызметіне әсерін бағалау бағдарламалары және жергілікті қоғамдастықтарды дамыту бағдарламалары іске асырылған бөлімшелер | 52-53, 94-95 | |
| **413-2** | Жергілікті қоғамдастықтарға іс жүзіндегі немесе әлеуетті кері әсері бар бөлімшелер | 52-53, 94-95 | |
| **Мемлекеттік саясат** | | | |
| **415-1** | Саяса партияға көрсетілген қолдау | 91 | Жоқ |
| **Әлеуметтік-экономикалық сәйкестік** | | | |
| **419-1** | Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңнама мен нормативтік талаптардың сақталмауы | 89 | Жоқ |

## GRI G4 Тау-кен және металлургия өнеркәсібі бойынша қосымша

| Индекс | Көрсеткіш | Бет | Түсіндірме |
|---|---|---|---|
| **Еңбектік / басқарушылық қатынастар** | | | |
| **MM4** | Ұзақтығы бір айдан асатын ереуілдер мен кәсіпорынның жұмысын тоқтатулар саны | 47 | Жоқ |
| **Жергілікті қоғамдастықтар** | | | |
| **MM6** | Жергілікті қауымдар мен байырғы халықтардың құқықтарымен, жер пайдалануымен байланысты елеулі даулардың саны және пайызы | 53 | |
| **MM7** | Жергілікті қауымдар мен байырғы халықтардың құқықтарымен, жер пайдалануымен және нәтижелерімен байланысты елеулі дауларды шешу үшін дауларды қарау механизмдерінің пайдаланылу деңгейі | 52-53, 61, 64 | |
| **Төтенше жағдайға дайындық**[1] | | | |
| **DMA** | Төтенше жағдайларда әрекет ету жоспарларының болуы туралы, олардың дайындалуы және олардың мазмұны туралы есеп (кеңесулер, жаттығулар, жүйелі тексерулер және түрлендірулер), (дағдарыстар туындаған жағдайда оларды басқару жөніндегі шаралар) | 39, 94 | |
| **Артельдік және шағын ауқымды өндіру**[1] | | | |
| **MM8** | Өзінде / немесе жанында пайдалы қазбаларды майдагерлік немесе шағын ауқымды өндіру жүргізілетін компаниялардың операциялық нысандарының саны және пайызы (ASM); осындай тәуекелдерді басқару және төмендету үшін қолға алынған байланысты тәуекелдер мен әрекеттер | 26, 60-61 | |
| **Көшіру**[1] | | | |
| **MM9** | Тұрғындарды көшіру жүргізілген орындар, көшірілген отбасылардың саны, көшіру үдерісінің күнелтуге керек қаржыға әсері | 52, 59 | |
| **Жабуды жоспарлау**[1] | | | |
| **DMA** | Жабуды жоспарлаудың ауқымдары туралы есеп; онымен байланысты қаржылық қамтамасыз ету және денсаулық сақтау, қауіпсіздік, әлеуметтік, экологиялық, құқықтық, басқарушылық және адам ресурстары аспектілерін қамту | 52 | |
| **Материалдарды тиімді басқару**[1] | | | |
| **DMA** | Материалдарды тиімді басқарумен байланысты бағдарламалар мен ілгерілеу туралы есеп | 4, 26-27, 62-63 | |

DMA: Басқаруға қатысты тәсілдеме туралы ақпаратты ашу
1 Көрсеткіштері болуы немесе болмауы мүмкін салалық аспектілер ұсынылған

# ЖАЗБАЛАР

Дизайн және өндіріс Instinctif Partners
**www.creative.instinctif.com**

FSC
www.fsc.org
MIX
Paper from responsible sources
FSC® C022913

Осы есеп FSC® (Forest Stewardship Council®) бойынша сертификатталған, қайта өңделетін, қышқылдарды қамтымайтын қағазға басылған. Pureprint Ltd компаниясы сапа белгісі болып табылатын FSC және ISO 14001 сертификаттарына ие. Экологиялық көрсеткіштерді жақсарту компания стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады. Pureprint Ltd өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін азайтуға және кез келген заңнамалық немесе салалық стандарттарды қадағалауға тырысады. Pureprint Ltd - бұл Carbon/Neutral® Printing компаниясы.

**Eurasian Resources Group S.à r.l.**
9, rue Sainte Zithe L-2763 Luxembourg
Люксембург

eurasianresources.lu

T: +352 24 84 53 1
Ф: +352 26 84 58 99
E: info@erg.net

ERG